Мұхтар Мағауин

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ӘЛІППЕСІ

Деректі толғам

1993

ОҚЫРМАНҒА ДҰҒАЙ СӘЛЕМ!

Бабаларымыз шаңырағын көтеріп, төрт ғасыр бойы ұстап тұрған, Қазақ Ордасы аталатын ұлан-ғайыр ұлыстың толық әрі шынайы тарихын таңбалау – ғылымға, әдебиетке алғаш қадам басқан кезден бері көкіректе сыздаған арман еді. Жас кездегі "Қобыз сарыны" мен "Алдаспан", жасамыс шақтағы "Аласапыран", жазу кезегінде тұрған, әлі жүзеге аспай жатқан қаншама тарихи туындылар – сол үлкен мұраттың жекелеген көріністері ғана. Халқымыз аталарының өткенін танып, өз бойындағы қадір-қасиетін бағамдау үшін толық мағыналы тарих оқулығы қажет. Қара түнек сейіліп, баспасөзге ерік тигеннен соң, бәрін жиып қойып "Қазақ Ордасы" атты тарихи зерделі кітап жазу қажет-ау деген ойға тоқтап едім. Бірақ қалам машыққан көркем прозадан шыға алмай жүргем. Мұндай еңбекке кірісу үшін бар білгеніңді жаңғыртып, жаңадан қаншама әдебиет қарастырып, үлкен дайындық кезеңін өткеру керек еді. Алайда, уақыт, заман талабы мені қалыпты даңғылдан басқа бір сорапқа жетеледі. 1992 жылы күзде "Азаттық" радиосының қазақ әуезі ұлтымыздың байырғы тарихы туралы сабақтас әңгімелер өткізіп беруге ұсыныс жасады. Дәл осы кезең үшін аса зәру іс болған соң, ең бастысы, уақыт жемейтін оңай шаруаға балап, ойланбай келістім. Анау бір жылдары Абай институтының студенттеріне дәріс оқыған әдетіммен екі-үш күнде жеті-сегіз сағат қатарынан сөйлеп, таспаға жаздыра салмақ болғам. Соңғы жылдарда ұлтымыздың оянуы жолында үлкен қызмет атқарып келе жатқан еркін әуез өзінің ыңғайына қарай қиып, бөлшектеп, жұртшылық құлағына жеткізе жатар деп шамаладым. Өте жабайы шешім екен. Жаңа жылдың басында, арадағы келісім нақты іске көшер қарсаңда ауырмасам да ауырлаңқырап жүрген едім, әдебиетші балам өткізілмек тарихи дәрістің бір деңгейде шығуы үшін әуелі бес-он күн отырып, қағазға түсірген жөн, содан соң оқып беру ыңғайлы деген кеңес берді. Мақұл көріп, жазуға отырдым. Алғашқы әңгіме Абылайдан басталды, одан кейін ескі заманға кеттік. Мәшіңкенің тықылы текіректеген ат тұяғындай, тізгін тартпадық, ежелгі қазақ тарихының ең елеулі оқиғаларын түгел таңбалап шықтық. Белгілі күндерде, шектеулі мезгілде сабақтаса жалғасқан тарихи дәріс тәуелсіз Қазақстаннан бастап, әлемнің барлық тарабындағы қаншама

мемлекетте күн кешіп жатқан алаш ұлының құлағына түгел жетті. Негізгі мақсат та осы болатын. Енді тасқа басылып, көз көрсін деп, жұртшылық назарына тұтас қалпында ұсынып отырмын.

"Қазақ тарихының әліппесі" – зерттеу емес, байыптау. Көпшілік қауымға арналған Сауат ашу сабағы. Қара таныған, қағаз ақтарған кезден бастап зердеге түйген мағлұмат, көңілде тұнған тұжырымдар негізінде жазылды. Күрделі мәселені түбегейлі тексеруге, жаңа деректер қарастырып, түркология, моңғолтану саласындағы соңғы, әлемдік зерттеулерге үңілуге уақыт та, мүмкіндік те болмады. Кеше ақыл-есі түзу қазақ зиялысының бәрі ат-тонын ала қашқан, енді түсімі мол, абыройы зор салаға айналған, дүмшелер тұрыпты ғой, бейуақ лайсаңда батпақтан көтерілген шарлатандар мен аферистердің көзін тартқан "Қазақ тарихы" дейтін пән сабағын дәл осы дүркінде шұғыл өткізуге тура келді.

Шын сауат әліптің таяқ екенін айқындаумен шектелмейді. Тағылымы мол оқулық, тереңнен тартқан зерттеулер керек. Бір адам емес, бүкіл қауым болып атқарар игі іс. Өз кезегімізде біз де айбыны асқан алаш жұртының төрт ғасырлық шежіресімен ғана іркілмек емеспіз. Көңілде кейіптеген, мойында парыз болып тұрған, арғы-бергі қазақ тарихына қатысты тағы қаншама толғам бар...

Әзірше қолда барға жүгіне тұрамыз.

Автор.

2.X.1993.

ӘУЕЛГІ СӨЗ

Қазақ халқының тарихи құжаттарда нақты таңбаланған азаматтық тарихы соңғы мың жарым жылды қамтиды. Егер арғы тамырымыз, Орталық Азияны мекендеген көне тайпалар шежіресінен сөз қозғасақ, төрт мың, бес мың жыл тереңге кетер едік. Ежелгі түрік дәуірінен бері тартып, Алтын Орда заманына ұласқан ұлыстар шежіресіне келсек, бұл да сала-сала, қат-қабат әңгіме. Азды-көпті мөлшерде соның бәрін байыптамақ болсақ, межелі жерге жуық арада жете алмаймыз. Таза қазақ атымен аталған ұлттық мемлекет шаңырақ көтерген дәуірдің өзі ұзақ та күрделі хикаят. Сондықтан біз бұл жолғы кеңесімізде Қазақ Ордасы тарихындағы елеулі кезеңдерге ғана тоқталып, белгілі тұлғалар төңірегінде сөз қозғап, ежелгі заманның айшықты сәттеріне назар аударатын боламыз. Түптеп келгенде, көпшілік жұртқа көмескі жағдаяттарға, советтік отаршылдық тұсында жаңсақ баяндалған, теріс түсіндірілген мәселелерге көңіл бөлеміз.

Жетпіс жыл бойғы коммунистік билік заманында жекелеген ұлттардың тарихын жазудағы ең басты мақсат – сол халықтардың тарихы болмағанын дәлелдеу еді. Бұл реттегі ең озық мысал – 1943 жылдан бастап, 1980 жылға дейін жазылған қазақ тарихтарының ресми нұсқалары. Қайткенде де кітабымыз “Пәленбай тарих“ аталған соң, сол халықтың өткен-кеткені туралы бірдеңе айтуға тура келеді. Пәлен жерді мекендеді, пәлен заманда хандық, феодалдық немесе басқадай жүйедегі мемлекет құрды дейсіз, мекені, тұрағы болған соң, амал жоқ, сол жерлерді қорғау үшін сырт жаулармен күреседі, бірде жеңілсе, бірде жеңеді, ал бұдан соңғы кезеңде, марксистік-лениндік теорияға орай, ұлт азаттығы жолында, немесе әлдебір езушілікке қарсы күреседі, бұл халықтың өзіне сай заттық және рухани мәдениеті болады, т.т., т.с.с.

Әуелгі тарих, мәселен, 1943 жылғы “Қазақ ССР тарихы“ осы үлгімен, күлді-көмеш болса да, жазылып қалды. Бірақ соғыс біткеннен соң, үкімет пен партия ес жиып, өз халқына қарсы күресті жаңа жігермен, қайта бастаған кезде бұл шалағай тарихтың өзі көп болып көрінді. Сөйтіп, Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің тікелей нұсқауымен жаңартылып, өңделіп, яғни, бұрынғыдан әрмен бүлініп, 1949 жылы екінші қайтара басылды. Ізінше, бұл, марксистік идеология, советтік отаршылдық көзқарас тұрғысынан жазылған жарымжан тарихтың өзі керемет зиянды кітап деп жарияланды. “Қазақстан тарихын марксистік-

лениндік тұрғыдан баяндау" туралы қанды қылыш қаулы шықты. Көкірегінде сана, көңілінде саңылау бар тарихшы, әдебиетші атаулы түгел айдалды, осыдан соң шын мәнінде, Қазақстандағы тарих ғылымы өзінің өмір сүруін тоқтатты.

Әлбетте, өткенді зерттеу ісі жалғаса берді, жандана түсті. Керек десеңіз, 1978 жылы әрқайсысы бір қадақтан тартатын бес томдық "Қазақ ССР тарихы" жарыққа шықты. Бірақ бұл зерттеулердің, бұл тарихтың барлығы да қазақтың өткенін тануға емес, ұмыттыруға қызмет еткен еді. Таң қаларлық ештеңе де жоқ. Тәртіп бойынша, қазақ тарихына қатысты кітаптардың барлығы да қияметтің қыл көпірінен өтетін[1].

Әдетте, ресми тарихтың жалпы редакциясын басқарушы – Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің идеология жөніндегі секретары болады, ал редакция алқасына ғалымдығымен емес, жандайшап белсенділігімен аты шыққан, өзінің барлық еңбегін партия тарихына, колхоздасу, советтендіру кезеңіне арнаған, соған орай профессор, академик, тағы басқа мүмкін болған атақтардың бәрін алған, сыннан өткен балшабектер сайланады.

Бұл – қауіпсіздік шарасы ғана. Әйтпесе, әуелден-ақ марксистік-лениндік көзқарас тұрғысынан негізделіп, жасқаншақтап, жалтақтап жазылған тарих жарым жолға жетпей қажетті ыңғайға түседі, ал қаншама бөлімдерде қарап, сенімді кісілер оқып, Орталық комитеттің сүзгісінен өткен соң, арыда ойластырылған табиғи қалпына келеді, яғни, тұрлаусыз, тиянақсыз, жып-жылмағай, тарихқа қатыссыз тарих болып шығады; ұлттың мың жылдық өмірін мансұқ еткен, жүздеген ұрпақтың мақсат-мұратын теріске сайған, болашағыңызды кесіп, сізді мәңгілік құлдық қамытына лайықтаған, тарихқа қарсы тарих, халыққа қарсы қылмыс кітабы осылай дүниеге келген.

"Қазақ ССР тарихы" аталған қалың томдар – партияның сара жолы, мызғымас уставы сияқты. Ендігі жерде тарихқа қатысты жазылған және жазылмақ барлық зерттеулер осы киелі кітапқа негізделуі қажет. Қазақ атаулы, оның ішінде, ғылым және мәдениет қайраткерлері, ақын-жазушылар, әсіресе болашақ коммунизм құрылысшылары – жастар, осы оқулықты басшылыққа алуға тиіс.

Ғылымға жат, халыққа қарсы бұл шалағай тарихты итере салса құлайтын боркемік, әлжуаз құрылым деп қарау – мүлде қате. Керісінше, бұл – тереңнен ойластырылып жасалған, төрт құбыласы бірдей тас қамал, еңсені көтертпейтін, мойынды бұрғызбайтын темір өзек пұт құдай сияқты ғаламат құрал. Әрі оқулық, әрі нұсқау, бағдарлама. Ішінара толығып, жаңғырып, өзгерістерге түсіп отыруы мүмкін, бірақ негізгі ұстын-тіректері, айнымас қағидалары берік сақталады. Өйткені, бұл тірек,

[1] Кезінде Қазақстанның бес томдық үлкен тарихын құрауға мен де қатысқан едім: II, III томдарға тиесілі, Қазақ хандығы дәуіріндегі сөз өнері және фольклор туралы тарауларды жаңғыртып жаздым. Алайда, қаншама тексеру, екшеу, "өңдеуден" кейін оң бітік теріске бұрылыпты, басылып шыққанда өзім әрең таныдым. Орта ғасырларға қатысты, Б.Көмеков, В.Басин, Т.Сұлтанов, т.б. білгір тарихшылар жазған тарулар да осындай кепке түсіпті.

қағидалар коммунистік-отаршылдық жүйенің ғылымға айналдырылған көрінісі болып табылады.

Жетпіс жыл бойы жүргізілген саясаттың, соған сәйкес жазылған том-том тарихтың, жекелеген кезеңдерге арналған ресми жинақ, зерттеулердің ең басты тұрғысы, өзекті арқауы – қазақта тарих болмады деген қағида. Қазақ – тарихсыз халық, бұл халық еуропалық жұрттар сияқты таңбалауға жарайтын, шежіреге, хатқа түсіруге татитын тарих жасамаған.

Ашық айтылмаған бұл тұжырым қалай негізделді десеңіз, ең алдымен қазақта бұрын-соңды ұлттық мемлекет болмады деп жарияланады. Мемлекет болмаған, мемлекеттік құрылыстың кейбір элементтері ғана ұшырасқан. Оның өзінде бұл – біртұтас құрылым емес; әрбір ру, әрбір аймақ өз басына би болған; бұл қазақ басы біріккен хандық құрып көрген жоқ дейді. Басы бірікпеген себепті үнемі өзара жауласып жатқан, жел аударған қаңбақтай қалай болса солай көше берген, егіншілікті білмеген, мал бағудың өзі артта қалған жабайы кепте. Қайыршы болды, сорлы болды. Хош. Санасы қараңғы, тірлігі дүмбілез екен, күш-қауқары қандай? Әлсіз болды, нашар болды дейді, біздің советтік тарих. Оқып отырсаң, ойлап тұрсаң, бұл халықты жеңбеген жұрт жоқ, бұл халықтың жанын айдап, малын олжаламаған көршісі жоқ. Барлық соғыстарда жеңілген, барлық қақтығыстарда ығысып отырған. Бүгінгі күнге қалай жеткеніне қайран қаласыз.

Қазақтың мемлекеті болмады, бірлігі болмады, көрінгеннен теперіш көрді, әлемдегі ең қайыршы жұрт болды дейтін, қисынсыздығын айтпағанда, тұрпайы әрі жабайы ұғым, өкінішке қарай, басқа жұртты былай қойғанда, біздің зиялы азаматтарымыздың өзінің санасына берік орныққан, тарихты білем дейтін, тарихи тақырыпқа қалам тартып жүрген пілдей жазушыларымыздың өзінің буынына түскен, елімді сүйем, ұлт намысын жоқтаймын дейтін белгілі ақындарымыздың өзінің қаншама өлең-жырына арқау болған.

Біз бір-ақ ауыз сөзбен қайырайық. Арыдағы даңқты тарихымызды айтпағанда, бергі, қазақ атымен аталатын дәуірдің өзі біздің ұлы халық екендігімізге айғақ. Біз XV ғасырдың орта шенінде қазіргі ұлттық республикамыздың шегінде Қазақ Ордасы аталатын айбынды мемлекет құрдық. Бұл қуатты ұлыс төрт жүз жыл бойы кең даланы еркін жайлап, өзгеше тұрпатты озық мәдениет жасады. Бай болды, бағлан болды. Елімізді, жерімізді еркін сақтап тұрды, ешкімге кеудесін бастырған жоқ. Нәтижесінде осыншама бай, ұлан-байтақ жерді иеленді, өзіне лайық ұрпақ өсірді. Большевиктік геноцид басталған 1932 жылғы қызыл қырғын қарсаңында қазақ халқы өзінің саны жағынан әлемдегі ең үлкен отыз халықтың бірі болып тұрған. Біздің қор болуымыз, ата-бабамыз кешпеген мүшкіл халге түсуіміз – соңғы алпыс жылда, советтік, коммунистік отаршылдық заманында ғана.

Сол заманда жасалған тарихқа қарсы тарихтың ең негізгі ұстыны – қазақтың өткенін біржола мансұқ ету дедік. Осыған орай, қазақ жұрты Россияға қосылғаннан соңғы жерде ғана қатарға ілініп, ел бола бастады деген қағида қалыптасты. Ұлы орыс халқының тікелей қамқорлығы

арқасында, қазақтардың көкірегіне там-тұмдап жарық сәуле құйылыпты, ұлы халық – орыс халқының жебеуімен тағылықтан, надандықтан арылып, біз де бірте-бірте адам кейпіне түсе бастаппыз.

Сонда, өктем елдердің отаршылдығы туралы марксистік тұжырым қайда қалады? Ол – испандар мен ағылшындарға, француздар мен немістерге ғана қатысты кеп екен. Орыс отаршылдығы – отаршылдық емес, бауырмалдық, қамқорлық деп жарияланады. Қазақ халқының өткен-кеткені, бүкіл болмыс-тіршілігі, өнері мен мәдениеті тек орыс көзімен, коммунистік шовинизм тұрғысынан ғана бағаланады. Басқаша ойлауға тыйым салынады, сызылған жолдан аз-маз ауытқыған адам ұлтшыл деп жарияланады, қатаң жазаға тартылады.

Советтік тарих оқулығының ең үлкен, темір-бетон ұстыны – әрине, адамзаттың сәулетті болашағы – коммунизм туралы қияли сандырақ. Коммунистік утопия тек бір-ақ мақсатқа – орысшыл қызыл империализмнің жер жиһанда тежеусіз билік жүргізу мұратына қызмет етті десек, тарих кітабына көшірілген коммунизм сол ұлттың бар тынысын тұншықтырған еді. Қазіргі құлдық өміріңізге ризашылық айту керек екен, болашақта көреріңіз бұдан да ғажап, яғни, ұлы орыс халқының, коммунистік партияның басшылығымен жер бетінде жаппай теңдік орнаған кезде тіліңіз де ұмытылады, өзіңіз де ұлт ретінде біржола жойыласыз.

Тәуба, коммунистік программа жүзеге аспады, қызыл империализм келмеске кетті; тәуелсіздік алдық, дербес ел болдық деп отырмыз. Бірақ еңсемізді қайта көтеру үшін, рухани жаңғырып, санадағы жарақат жазылу үшін әлі де бірталай еңбектенуге тура келеді.

Біз осы орайда жүргізетін, қазақ тарихына қатысты сұхбаттар халқымыздың рухани сауығуы жолында зәредей қызмет атқарса, үлкен бір мақсатымыз орындалды деп білер едік.

ҚАЗАҚ ОРДАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

XIII ғасырдың 40-жылдарында ту көтерген, ежелгі түрік жұртының қыпшақ тектес руларын біріктірген ұлы мемлекетіміз Алтын Орданың саяси және әкімшілік құрылымы қарауындағы халықтың шаруашылық жағдайына, жер ыңғайына орай қалыптасқан болатын. Алтайдың сауырынан Дунайдың етегіне дейінгі кең-байтақ жерді – жарым дүниені алып жатқан алып мемлекеттің еуропалық бөлігі – оң қанат, ал азиялық бөлігі сол қанат деп есептеледі. Оң қанат Ақ Орда деп аталады, сол қанат Көк Орда деп аталады. Бұл арада көне түрік тілінде ақ сөзі – батыс, көк сөзі – шығыс дейтін мағына беретінін айта кету керек. Сондықтан совет тұсындағы кейбір тарихи еңбектердегідей бұл екі орданың орнын шатыстыруға болмайды.

Алтын Орданың Шығыс бөлігі, яғни Көк Орда негізінен қазіргі Қазақстан республикасының территориясын қамтыды. Бұл – үлкен

мемлекет ішіндегі құрылым, қазіргі тілмен айтсақ, автономиялық белгілері, яғни өзіндік әкімшілік, басқару жүйесі бар біршама дербес ұлыс еді. Астанасы – Сыр бойындағы Сығнақ шаһары болды. Көк Ордада билік жүргізген хандар да Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының әулетінен тараған еді, бірақ Ақ Ордада, Еділдегі Сарай қаласында хүкім құрған ұлы ханның дәргейіне бас ұратын. Көк Орда жұртшылығы өздерін Алтын Орданың бір бөлшегі санайтын. Соғыс күндерінде қай тараптағы жорық пен ұрыста болмасын, Алтын Орданың мың сан әскерінің сол қанатын құрайды, бейбіт күндерде үлкен ұлыстың тіршілік-мерейінен бөтен мүддесі болмайды. Бірақ жер жағдайы, көші-қон ыңғайы, шаруашылық кебі Көк Орданың өзіндік сипатын қалыптастырады. Бір жағы Тарбағатай мен Жетісу, бір жағы Маңғыстау мен Нарын құмы, түстікте ұзын аққан Сыр-Дария, терістікте Түменге, Сібір тайғасына дейінгі ұлан-ғайыр қоныста шалқып-толқып отырған айбарлы жұрт сол кездің өзінде-ақ саяси бірлікпен қоса этникалық тұтастыққа да ие болғаны байқалады.

1357 жылы Алтын Орданың ұлы ханы Жәнібек өлгеннен соң, елдің саяси жағдайы қиындайды, аумалы-төкпелі, бұлғақ кезеңі туады. Қазақта ескіден қалған: "Нар мойыны кесіліп, Бердібектің өлген жер" деген мақал бар. Бұл Бердібек – Жәнібек ханның туған ұлы. Аталарына тартпаған қорқау залым, таққа таласар деген қауіппен кіндіктес, немере-шөбере туыстарының түгел көзін жояды, ел-жұртына қарабет болып, арада екі жыл өтер-өтпесте өзі де кісі қолынан өледі. Бердібектен соң шынында да нар мойыны кесіледі, яғни Алтын Орданың негізін салған Бату ханның тұқымы құриды, Жошыдан тараған басқа әулеттер ішінде таққа талас басталады.

Тарихшылардың есебі бойынша, үлкен бұлғақ дәуірінде айналасы жиырма жыл ішінде Алтын Орда тағында он төрт хан ауысыпты. Ешқайсысы еркімен түспеген, бәрі де өзара қырқыс нәтижесінде қазаға ұшыраған.

Міне, осы кезеңде Көк Орда хандарының әулеті де Алтын Орда тағына ұмтылады. Бұлардың ішінде ұлы хан дәрежесіне жетіп, Сарай қаласында азды-көпті билік құрған – Орыс хан, Тоқтамыс хан және Барақ хандар.

Бірақ Алтын Орданың күні батқан еді. Береке-бірлік азайған, күш-қуаты да кемуге бет алған.

Астана байтақта орныға алмаған Орыс ханның өмірінің соңғы кезеңі – Орта Азиядан шыққан жыртқыш жиһангер Ақсақ Темірмен күрес үстінде өтеді.

Тоқтамыс хан сол күресте басын жояды.

Алтын Ордадағы үлкен таққа жеткенімен, ол да баянды билік орната алмаған Барақ хан бар қажыр-қайратын Көк Орданың мерейін көтеруге жұмсайды.

Ақсақ Темір мен Тоқтамыстың арасындағы жойқын соғыстар кезінде біз Сыр-Дария өңірінен айрылған едік. Барақ хан Ақсақ Темір ұрпақтарымен, оның ішінде атақты Ұлықбекпен тынымсыз шайқасып, бет қаратпай жеңеді, бүкіл Сыр бойын, ондағы Сығнақ, Отырар, Сауран,

Түркстан қалаларын қайтарып алады; көп әскермен қарымта соғысқа шыққан Ұлықбек пен оның інісі Мұхамед-Жәукені Самарқанның түбіне дейін қуып, Ақсақ Темір әулетінің ата жұрты Мәуреннахрдың біраз жерін ойрандайды, мол олжамен қонысына оралады.

Бұл заманда Көк Орда мүлде дербес құрылым ретінде көрінеді.

Егер Көк Орда деген сөзді белгілі бір тарихи кезеңге тән шартты атау деп есептесек, территориясы жөнінен алғанда да, халқының тайпалық құрамы жөнінен алғанда да бұл қуатты ұлыс – ортақ емес, бөлшек емес, біздің өзімізге ғана тиесілі мемлекет болатын.

Сол бетінде ордаланып кетуіміз де мүмкін еді, бірақ ойламаған жерде ұлыстың берекесі қашады. Өз заманының тарихшылары ақылды, қайсар, жаужүрек әмірші деп бағалаған Барақ хан кезекті соғыстарының бірінде, ұрыс үстінде, жағаласқан жау қолынан емес, өз әскерінің қатарындағы опасыздан – осының алдында ғана бағынып, қызметіне кірген ноғай мырзаларының арам жебесінен жазым табады. Бұл – 1428 жыл.

Нәтижесінде, біржола ыдырау дәуіріне көшкен Алтын Орданың шығыс бөлігінде де елдің қаймағы бұзылады, жұрттың берекесі кетеді. Билікке ұмтылған сұлтандардың әрқайсысы өзінше шағын хандық құруға тырысады. Ақыры, солардың ішінде Жошының тағы бір ұлы Шәйбан әулетінен шыққан Әбілқайыр ханның бағы көтеріледі.

Әбілқайыр азғана уақытта бұрынғы Көк Орданы қалпына келтіргендей болады, бірақ толық бірлікке жете алмайды. Ежелден ел билеген әулеттер қару көтеріп қырқысқа бастамаса да, Әбілқайырды тақтан тайдыру жолындағы саяси күресін тоқтатпайды.

Бұл арада бар кілтипан тақ таласында ғана емес еді. Әрбір сұлтанның артында қаншама жұрт бар, ең үлкен қайшылық – елдің тірлік-тынысынан, даму бағдарынан туындаған. Әбілқайыр Орта Азияның отырықшы аймақтарына бейімдік танытады, соған орай елдің тұрмыс жайына да, әдет-салтына да басқа тұрғыдан қараса керек. Ал Әбілқайырға қарсы топ – Орда-Ежен, Тоқай-Темір әулеті ежелгі дәстүрді берік ұстанып, ата салтын бәрінен де жоғары қойған сияқты.

Уақыт оза келе саяси күрес ашық жаулыққа ұласады. Кеше ғана Көк Ордада тежеусіз билік құрған Орыс ханның ұрпақтары Керей және Жәнібек сұлтандар Әбілқайыр билігінен бас тартады да, соңына ерген барлық жұртымен түп көтеріле көшіп, Қозы-Басы дейтін байтақ қоныс пен Шу өзенінің бойында дербес хандықтың туын көтереді, бұл жаңа ұлыс Қазақ Ордасы деп аталады. Ортағасырлық атақты тарихшы Мұхамед-Хайдар Дулаттың куәландыруы бойынша, бұл оқиға 1456 жылы болған.

Осы 1456 жыл, еркіндік аңсаған Керей мен Жәнібек жаңа бір ұлыстың дербестігін жариялаған шешуші оқиға – халқымыздың тарихындағы кезеңдік құбылыс, мемлекеттік құрылым бастау алған, қазақ деп аталатын, жаңғырған этностың дүниеге келген мезгілі деп есептелуге тиіс.

Кейінгі зерттеушілер 1465 жылды, 1470 жылды, тіпті, бұдан соңғы кезеңдерді атап жатады. Бұл тарихшылардың пайымдауынша, Қазақ

Ордасының ту көтеріп, ірге бекітуі тек Әбілқайыр кенеттен қайтыс болған соң ғана жүзеге асқан сияқты. Осыған дейінгі ұзақ он екі жыл тепе-тең күрес үстінде өткені есепке алынбайды. 1465-1470 жылдар – хандықтың құрылған емес, нығайған уақыты, халықтың өз тәуелсіздігін жариялаған емес, көрші жұрттарға біржола танылған мезгілі. Түптеп келгенде, мұның бәрі қазақ тарихының бастауын мүмкін болғанынша кейіндету талабының бір көрінісі ғана.

Керей мен Жәнібектің соңына ерген, қазақ болып бөлінген жұрттың әуелгі саны – екі жүз мыңдай кісі екен. Сол заман үшін көп халық. Бірақ байтақ ұлыста қалған туыстардың саны бұдан алты-жеті есе артық болатын.

Шу бойына, Алатау етегіне орныққан жұрт біраз күш жинап, өзінің саяси жағдайын нығайтқан соң, бұрынғы Көк Орда жерін түгел қайтарып алу жолындағы күресін бастайды. Көршілерімен жүргізген сәтті соғыстар нәтижесінде және қолайлы тарихи жағдай арқасында айналасы он жылға толар-толмаста үлкен қуатқа ие болады.

Қазақ болып бөлінген қауымды қолда бар күшпен таптап, жаныштауға шамасы жетпеген Әбілқайыр бүкіл ұлысына сауын айтып, әскер жинайды. Еділ дарияның жағасында қалың қол түзіп, 1468 жылы Қазақ Ордасына қарай аттанады.

Сол замандағы, Әбілқайырға, бүкіл Шәйбан әулетіне бүйрегі бұрыс тарихшылардың айтуына қарағанда, ауыр әскер қазақ қоныстарының шегіне тақап, Алатаудың сілемдері көрінген кезде, мезгілсіз уақытта, күтпеген жерден суық соғады, жорықшылар бөгелуге, күннің жылынуын күтуге мәжбүр болады. Салқын ызғары азайып, әскер алға жылжымақ болғанда, тағы да суық ұрады. Қалың қол амалсыз іркіледі, бірақ жорықтың сәті түспейді, ақыры осы арада ауыр сырқатқа ұшырап, Әбілқайыр қайтыс болады.

Біздің бүкіл тарихымыз жаулас елдердің, жау болмаған күннің өзінде жат жұрт өкілдерінің қолымен жазылған. Аңдап қарасақ, Әбілқайыр ханның жорық жолында бөгелуін күннің суытуымен ғана түсіндіру қисынға келмейді. Ол заманда қара суық түгілі, қақаған қыстың өзі қанды жорыққа, қырғын соғыстарға бөгесін бола алмаған.

Әбілқайырдың межелі жер шегіне жетер-жетпестен еріксіз аялдауының жалғыз-ақ себебі болды дер едік, ол – қарауындағы әскердің қазақ болып бөлінген жұртты шабуға үзілді-кесілді қарсылығы. Керей мен Жәнібектің туы астындағы жұрт пен Әбілқайыр туының астындағы жұрт – бір-ақ халық еді, бәрі де алаш ұлы, кейінгі үш арыстың баласы.

Шынында да солай болады. Әбілқайыр өлісімен, соңындағы әскер тарап кетеді; бұрынғы әміршісіне адал шонжарлардың бір тобы Әбілқайырдың ұлы Шейх-Хайдарды хан көтереді, бірақ ол көп ұзамай, қазақтармен қақтығыста қаза табады. Сөйтіп, алғаш ту көтергеннен соң арада бір мүшел өтер-өтпесте Керей мен Жәнібек ата жұртына толық ие болады.

Қазақ Ордасы бұрынғы Алтын Орданың шығыс бөлігі Көк Орда жерінде біржола орнығады, ежелден ата мекенінде отырған түрік-қыпшақ

рулары енді қазақ деген ұлттық есімге атығады. Қазақ Ордасындағы халықтың ұзын саны бір миллионнан асады. Ол заманда жұрты миллионнан асқан ел әлемде некен-саяқ болатын.

Қазақ Ордасының құрылуы, осының нәтижесінде қазақ аталатын халықтың тарих сахнасына шығуы – бір жұрттың екінші жұртты жаулауының, белгілі бір тайпалардың жаңа қонысқа келіп, жаңа патшалық орнатуының нәтижесінде жүзеге асқан іс емес. Бұл – тілі бір, түрі, діні бір, салт-санасы ортақ туысқан рулардың, яғни, этникалық тұрғыдан алғанда, біршама қалыптасқан қауымның жаңғырған орда құрамында қайтадан топтасуы болатын.

Көне Түрік қағандығы – біздің түп тамыр, әуелгі ұлы мемлекетіміз, Алтын Орда – одан соңғы бабаларымыз орнатқан даңқты ұлысымыз, Көк Орда – қазақ жұртының этникалық бірлігіне жол ашып, мемлекеттік жүйесін қалыптастырған, туған әкеміз десек, Қазақ Ордасы біздің өз есімімізбен көрінген, халқымызды этнос ретінде біржола орнықтырған құрылым болды.

Қазақ Ордасы ежелгі түрік тайпаларының бір бөлігін ата мекенге ұлыс етіп ұйыстырумен қатар, олардың жұрт ретінде сақталуына мүмкіндік жасады, кешегі Алтын Орда қонысының басқа тарабындағы бауырларымыз қырылып-жойылып, жаныштапып, тапталып жатқанда, қазақ туын көтерген қауым өзінің елдігін сақтады, ұлан-байтақ жерін ұрпағына мирас етіп қалдырды.

Біз үшін қай замандағы тарихымыз болмасын қымбат, айтулы кезеңдерде ту ұстаған бабаларымыздың барлығы да құрметті, бірақ сол, бұрынғы-соңғы тарихта орны бөлек екі адам бар десек, бұлар – Қазақ Ордасының негізін салған әуелгі екі ханымыз – Керей мен Жәнібек. Бұлардың қайсысы басшы, қайсысы қосшы деуге болмайды. Екеуі де дана, екеуі де ер. Алаштың асып туған ұлдары. Ата жөнімен таратсақ, ежелгі түріктің қият руынан бастау алатын, қазақтың үш жүзіне ортақ төре деген рудан. Арғы бабалары – Шыңғыс хан, одан Жошы хан, одан Тоқай-Темір, одан Өз-Темір, одан Қожа, одан Бәдіғұл, оның ұлы атақты Орыс хан. Орыс ханның жеті ұлының үлкені Тоқтақия хан, ортаншысы – Құйұршық хан; Тоқтақия ханнан Болат туады, Болаттан қазақтың Керей ханы. Құйұршық ханнан атақты Барақ хан туады, Барақтың ұлы – қазақтың Жәнібек ханы. Яғни, Қазақ Ордасының негізін салушы Керей хан мен Жәнібек хандар үшінші атадан табысады. Көк Орданы көркейткен Орыс ханның шөберелері.

Қазақ Ордасы құрылғанда алдымен жасы үлкен Керей ақ киізге хан көтеріліпті. Керейдің нақты қай жылы қайтыс болғаны белгісіз. Одан соң Жәнібек хан әмір жүргізеді. Сірә, қазақ жұртының Әбілқайырды жеңіп, біржола іргеленуі Жәнібек тұсында болса керек, жаңа хандықтың өзіндік құрылымы мен заң жүйесі де осы Жәнібек заманында жөнге түскен сияқты.

Жәнібектің қазақ тарихындағы айрықша тұлға екендігінің бір белгісі – ол халық санасында әулиеге пара-пар, ақылды әрі әділетті әмірші ретінде таңбаланған, ұлттық тарихымызда жай ғана Жәнібек хан деп аталмайды,

Әз-Жәнібек хан деп аталады. Әз-Жәнібек – қазақ жұртының іргесін бекітіп, ордасын орнықтырған ұлы хан ғана емес, сол халықтың бар игілігіне ұйытқы болған асыл ұрық, ұлы әулеттің де негізін салушы. Қазақ Ордасының құдыретті әміршілері, қазақ халқының ұлы перзенттері: Қасым хан, Хақ-Назар хан, Тәуекел хан, Еңсегей бойлы Ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан, Әз-Тәуке хан, Абылай хан, ең соңы Кенесары хан, ұлы ғалымымыз Шоқан, Алаш-Орда көсемі Әлихан Бөкейхан – барлығы да осы әулие Әз-Жәнібек ханның тікелей ұрпақтары.

Түрік жұртының бұған дейінгі мың жылдық тарихында сыннан өткен жол-жора, қалыптасқан жүйе негізінде ілкіде, екі жарым ғасыр орайында ер халықтың, мәрт халықтың жиын ортасынан жарып шыққан, бар тілегі туған елінің мұратымен берік астасқан асыл тұқым – Шыңғыс хан – Жошы хан – Орыс хан – Әз-Жәнібек хан әулеті өз жұртын тарихтың барлық қиын өткелінен аман-есен алып өтті, Қазақ Ордасы деп аталатын байтақ та қуатты ұлыстың тұғырлы туын берік ұстады.

Біртұтас қазақ халқының ұлттық ұраны – "Алаш", мемлекеттік гербі – "Төре таңба" (яғни бас таңба) аталатын, көне түрік заманынан тартылған, Алтын Орда тұсында қалыптасқан діңі бір үшем бітік – ПТ. Бас байрағы – төре таңбалы қызыл ту.

Қазақ Ордасының астанасы бүкіл түрік жұртының зиярат орталығы Әзірет-Сұлтан дүрбесі тұрған қасиетті Түркстан қаласы болды.

ОРДА ІРГЕЛЕНДІ

Қазақ салтында хан көтерілу, тақ алмасудың сонау Түрік қағандығы заманында қалыптасқан, өзіндік, ұлттық ерекшелігі бар.

VIII ғасырдан жеткен атақты Білге-Қаған ескерткішінде: "Әуелі әкелері қаған болды, одан соң інілері қаған болды, содан кейін балалары қаған болды", – деп жазылған. Мұндағы бала деп отырғаны – ағаның баласы, одан соң келесіініге, келесі ағаның әулетіне жол ашылмақ. Бүгінгі тілмен айтсақ, тақ билігі әкеден балаға көшпейді, ағадан ініге көшеді. Мұрагер інінің кешегі әміршімен бірге туған, емшектес болуы шарт емес, ағасының баласы ма, немере-шөбере туыс па, әйтеуір сол әулеттен болуы ғана шарт. Әрине, сол көп туыстың кез келгені емес, тобынан озған ақылгөй, батыры ғана хан көтерілмек.

Бұл туыстық салты, айнымас ата дәстүрі бұзылған жағдайда, билеуші топ арасында алауыздық, жұрт ішінде бүлік шығатын болған. Қазақ Ордасының төрт жүз жылға жуық ұзақ тарихында бұл дәстүр бірер рет қана бұзылған. Кейбір хандардың есімі біздің заманға жеткен тарихи құжаттарда таңбаланбай қалуы да мүмкін еді десек, ежелгі салт төрт ғасыр бойы берік сақталды деп айтуымызға болады. Қазақ тарихында ешқашан да хан көтеру жолында қан төгілмеуі, тақ үшін қырқыс тумауы – ең алдымен осы көне дәстүрдің, ұлыс ішінде қалыпты саяси жағдайға негіз болған ата салтының арқасы.

Қазақ Ордасының әуелгі әміршісі – Керей хан болды дедік. Керейден соң оның шөбере інісі Әз-Жәнібек хан билік құрды. Жәнібек өлгеннен соң аға баласы ретінде Керейдің ұлы Бұрындық хан көтерілді. Бұрындықтан соң аз ғана уақыт хандық дәреже Әз-Жәнібектің ұлы Әдікке көшеді. Әдіктен кейін оның туған інісі Қасым Қазақ Ордасының ханы болып сайланады.

Әдік пен Қасым тоғыз ағайынды еді. Тоғызы да ел билеген сұлтан, қол бастаған батыр. Бұлардың ішінде аты аталған Қасым мен Әдіктен соң, әрқайсысы елу мыңнан әскер шығара алатын, кіші-гірім хандық дәрежесіндегі ұлысқа билік жүргізіп отырған Жаныш сұлтан мен Таныш сұлтан ерекше күш-қуатқа жетеді. Ағайынды тоғыз сұлтан бүкіл Қазақ елінің айбарын асырып, абыройын көтереді. Бірақ ата салтымен хан көтерілген, бүкіл ұлыстың туын ұстаған Бұрындықтың алдынан кесе көлденең өтпейді. XVI ғасырдың бас кезінде тақсыз хан деп танылған құдыретті Қасымның өзі Бұрындыққа қайшы келмейді. Бұл турасында сол заманның тарихшылары: "Бір кезде өз әкесі Жәнібек Керей ханның билігіне бас ұрғаны сияқты, Қасым да Бұрындық ханды ұлық тұтты", – деп жазады. Ел мұратын, жұрт мерейін бәрінен де жоғары қойған жерде әмәнда осылай болмақ.

Бұл Бұрындық та құдайдың тегін жаратқан пендесі емес еді. Ширек ғасырдан астам уақыт бойы хандық құрды, оның әуелгі он бес жылында билігі зор болды. Өз заманындағы тарихшылар тарапынан да, кейінгі заман зерттеушілері тарапынан да лайықты бағасын алмаған Бұрындық Қазақ Ордасының тарихындағы ең ұлы хандардың бірі болып табылады.

Бұрындық хан тұсында қазақтар Сыр-Дарияның ұзына бойына жайыла қоныстанады. Көк Орданың ежелгі астанасы Сығнақ қаласымен бірге сол заманның тарихшылары қамалының үстінен құс ұшып өте алмайды деп мадақтайтын, халқы мол, берік бекініс Сауранды, Әзірет-Сұлтан дүрбесі тұрған қасиетті Түркстанды, ежелгі Отырарды, атақты Сайрам қамалын, Дарияның сол жағалауындағы Үзкент, Ақ-Қорған, Арқұқ сияқты маңызды шаһарларды иеленеді.

Көк Орданың осындай ежелгі мәдени орталықтарын қайтарып алу жолындағы аумалы-төкпелі, өте ауыр майданда бүкіл қазақ қауымы үлкен қайрат көрсетеді, қолбасылар шешуші жеңістерге жол ашса, елбасылар тиімді саясат ұстанады. Бұрындық ханның өзі әскер бастап, талай ұрысқа кіреді. Ата мекеннің ордалы ұйығына біржола орнығу мақсатындағы күресте Әз-Жәнібек хан ұлдары Еренші сұлтан, Махмұт сұлтан, Жаныш сұлтан, Таныш сұлтандар айрықша көзге түседі. Бірақ сол арыстан жүрек ерлердің ішінде батырлығымен де, білігімен де дара шыққан – Қазақ Ордасының болашақ ұлы ханы Қасым сұлтан болады.

Бұл кездегі қазақтардың ең үлкен қарсыласы – Әбілқайыр ханның немересі Мұхамед Шәйбани хан болды. Қазақ Ордасы құрылып, ежелгі Көк Орда қонысы қазақтардың қолына өте бастаған кезде Шәйбани жаңа ғана ат жалын тартып мінген жас жауынгер еді. Әбілқайыр ұрпақтары жеңіліске ұшырап, Қазақ Ордасының шегінен ығысқан кездің өзінде жігерлі де парасатты Шәйбани қасарысқан күресін тоқтатпайды. Қазақ

Ордасының бір пұшпағын, жекелеген қалаларын иеленіп, атасының тағына мінбесе де, кіші-гірім тәуелсіз хандық құру үшін күреседі. Ақыры, әлденеше жеңілістерден соң, бұл тараптан біржола үміт үзіп, Орта Азияға, Ақсақ Темір әулеті билік құрып отырған Мәуреннахрға бет бұрады. Әміршілері ауысқан, Қазақ Ордасы деп аталатын жаңа ұлыстың құрамына енгісі келмеген түрік руларының үлкен бір легі Шәйбани ханның басшылығымен Орта Азияны қаратып алу үшін жорық ашады.

Қазіргі заман тарихшыларының есебі бойынша, Шәйбани ханның соңынан ерген халықтың ұзын саны үш жүз мың шамасында болады. Шәйбани ханның екпінінің күштілігі сондай, айналасы бес-алты жыл ішінде бүкіл Орта Азияны, Ауғанстан мен Хорасанды – кешегі Ақсақ Темір дәулэтінің жерін тұтасымен жаулап алады, Шәйбани дәулэті деп аталатын жаңа ұлыс құрып, Орта Азияның жаңа әміршілерінің жаңа нәсілін негіздейді. Қазақ жұртының тепкінімен Ордадан ығысқан Шәйбани осыншама күш танытса, сол замандағы біздің бабаларымыздың қандай қуатты болғанын ойша елестету қиынға түспесе керек.

Қазақтардан жеңілсе де, басқа көршілерден басым шыққан жауынгер жасағының арқасында азғана уақытта ұлы мемлекет орнатқан Шәйбани ата қонысы – Дәшті-Қыпшақтан үмітін үзбейді. Тежеусіз әміршіге айналған, жаңа жұртында байлығы артып, әскері молайған Шәйбани енді Қазақ Ордасын құлатуды, біржола жаулап ала алмаған күннің өзінде қырып-жойып, тоздыруды ғана ойлайды. Күш-қуаты өз алдына, қазақтардың қоныс жайын, тіршілік тынысын, әскери әдістерін жақсы білетін Шәйбани аса қатерлі дұшпанға айналады.

Шәйбани хан ең алдымен Қазақ Ордасын экономикалық қыспаққа түсірмек болады. Қазақ керуендерінің Орта Азияға келуіне, онымен жапсарлас елдерге өтуіне тыйым салынады, қазақтармен арадағы барыс-келіс, сауда ісі мүлде тоқтатылады. Мәуреннахр мен Хорасанның атақты діни орталықтарында қазақтар мұсылман емес, кәпір, оларға қандай қысас жасалса да сауап болады деген бәтуа-үкім жарияланады. Осыдан соң Шәйбани қазақ даласына жойқын жорықтар ұйымдастыруды өзінің ең басты мақсатына айналдырады.

Жаз күндері, ел жайлауда отырған, жол ашық кезде Қазақ Ордасының шегінен аттап басу қиын еді. Ұлыс жайын жақсы білетін Шәйбани өзінің барлық жорығын қыс мезгіліне лайықтайды. Бұл кезде ел қыстауда, жұрт арасындағы қатынас қиын, бір шеттен жау шапса, екінші шеттегі халық естіп, атқа қонғанша талай уақыт өтеді. Қыстаудағы қамсыз елді, жау жарағын сайлап отырса да, саны аз, бөлшек елді шауып алу да оңай, жұртты қырып, мал-мүлкін тонап, кері шегініп кету де оңай.

Шәйбани хан осы есеппен Қазақ Ордасына бір, екі емес, төрт мәрте ауыр жорық ұйымдастырады. Әсіресе, үшінші жорық қазақтарға өте көп шығынға түседі. Бұл жолы, 1509 жылдың қақаған қысында жайқын Сыр-Дарияның көкше мұзынан өткен жүз мың әскер әуелі Жаныш сұлтанның ұлысына жетеді. Жау күтпесе де жарағын тастамаған жұрт қолма-қол атқа мінеді.

Шәйбанидің әскерімен бірге жүрген, кейін "Михман-нама-и-Бұхара" дейтін атақты тарихи кітап жазған ғұлама Фазлаллах ибн Рузбехан осы қысқы жорыққа байланысты, қазақ жұртының тұрмыс-тіршілігіне қатысты аса құнды деректер береді. "Бұл қазақтар – өздерінің қайтпас ерлігімен де, қуат-күшімен де бүкіл әлемге танылған халық", – деп жазады. Жаудың саны басым болған жағдайда, дейді Рузбехан, қазақтар бала-шағасын, дүние-мүлкін ортаға алып, қару ұстайтындары дөңгелене шеп құрады. Содан соң бар жарағын жұмсап, өткір қылыштарын сілтеп, екпінмен, ерлікпен қайтпай соғысады. Егер қазақтар рулы елімен бас құрап, ту көтеріп, уақытында шеп түзей алса, олар ешбір жауға дес бермейді, деп жазады Рузбехан.

Шәйбани өзінің әскерін төккен Жаныш сұлтанның ұлысындағы халықтың саны жүз мың, ал қару ұстауға жарайтын кісі – отыз мыңдай екен. Дабыл қағып, ту көтеріп, шеп құрып үлгерген қазақтар өзінен үш-төрт есе көп жаумен қайтпай соғысады. Тепе-тең арпалыстан соң қарсы шабуылға шығып, Шәйбани қосындарының орта тұсын ойып түседі. Саны басым жау енді әскердің жаңа легін ұрысқа қосады.

Екі жақ үшін де аяусыз қантөгіс басталады. Ақыры Жаныш сұлтанның бар жасағы қазаға ұшырайды. Осыдан соң көп ұзамай Шәйбани хан Таныш сұлтанның жұртын да талқандайды. Қазақтардың мыңдаған бала-шағасы, қыз-келіншегі мен кәрі-құртаңы тұтқынға түсіп, құлдыққа жегіледі, олжаға кеткен мал-мүлікте қисап болмайды. Рузбеханның айтуынша, қазақтардың қолға түскен, көк күйме аталатын, арба үстіне тігілген ақшаңқан киіз үйлердің өзінің саны он мыңнан асыпты.

Үлкен жеңіске жеткен Шәйбани Қазақ Ордасын біржола талқандау үшін келер қыста өзінің ең соңғы, төртінші жорығына шығады. Бұл жолы да Сыр-Дарияны көктей өтеді. Қазақ жұртының біраз жерін ойрандайды. Өзі артта қалып, әскерінің негізгі бөлігін Сары-Арқаға, Ұлытауға аттандырады.

Бірақ бұл жолы қазақтардың әзірлігі күшті еді. Жау шапқанын ести салысымен шар тараптан асығыс аттанған. Ұлытауда жатқан Қасым сұлтан әскерлерінің Мойынсыз Хасан бастаған алғы легі Кішітау маңында Темір сұлтан, Үбайдолла сұлтандар бастаған Шәйбани қосындарының тас-талқанын шығарады. Басым көпшілігі қырылған, бар көлігінен, бар қаруынан айрылған басқыншы дүркірей қашады.

Сыр бойындағы Көк Кесене түбінде жатқан Шәйбани хан қираған жасағының қалдығымен табысып, қол құрап үлгермейді, соңдарынан түре қуып Қасым сұлтан жетеді. Атақты батырларынан айрылған, бар әскері қырғын тапқан Шәйбани бас сауғалап әрең құтылады.

Сол замандағы қазаққа жат тарихшылардың өзі осы ауыр жеңіліс нәтижесінде Шәйбани ханның күні батты деп мойындайды. Шынында да, жаңа мемлекет, жаңа әулеттің негізін қалаған, бұрынғы-соңғы барлық тарихшылар лайықты бағалап, көреген саясатшы, ұлы қолбасы деп таныған Шәйбани хан қайтып оңала алмайды. Арада алты ай өтер-өтпесте Шәйбанидің азғана әскері Хорасан тарабынан шыққан қызылбас шахы Исмайылмен қақтығыста қоршауға түсіп, түгелімен қаза табады.

Қазақ Ордасы Сыр бойына, оның екі жағасындағы ежелгі кенттерге берік орнығады.

1510 жылғы қысқы жорықта бүкіл Орта Азияның әміршісі Мұхамед Шәйбани ханды біржола талқандағаннан соңғы жерде Қазақ Ордасының күш құдыреті шартарапқа тегіс мағлұм болады. Ал бас қолбасы Қасым сұлтанның даңқы бір жақта Мәскеу княздігіне, бір жақта Иран мен Үндістанға жетеді. Соңғы жылдарда бұрынғы беделі кемімесе де, ұлыс билігінен шеттей бастаған, парасаты мол Бұрындық хан өз еркімен ата тағынан бас тартып, құдай жолын қуып, азғана нөкерімен әулиелі аймақ – Мәуреннахр шегіне қоныс аударады.

Қасым ежелгі түрік дәстүрі бойынша, ақ киізге отырғызылып, хан көтеріледі.

Ортағасырлық атақты тарихшы Абдаллах бен Мұхамед бен Әли Насруллах өзінің "Зубадат әл-Асар" атты кітабында: "Қасым хан бүкіл Дәшті-Қыпшақтың падишахы болды. Ол ұлы істер жасау үшін туған адам еді. Қасым ханның қисапсыз әскері қазақтар мен ноғайлардан құралған еді", – деп жазады.

Ақсақ Темірдің ұрпағы, Үндістандағы Ұлы Моғол империясының негізін салған ұлы жазушы Бабыр өзінің атақты "Бабырнама" кітабында: "Қазақ халқының бұрынғы-соңғы хан, сұлтандарының ішінде Қасым хандай құдыретті әмірші болған емес. Оның үш жүз мың әскері бар еді", – деп атап көрсетеді.

Ал Дулат руынан шыққан, еңбектерін сол замандағы тарихи дәстүр бойынша парсы тілінде жазған тарихшы Мұхамед-Хайдар: "Қасым хан бүкіл Дәшті-Қыпшаққа билік жүргізді. Оның қарулы халқының саны миллионнан асатын. Шыңғыстың ұлы Жошы ханнан соңғы жерде бұл жұртта Қасымнан асқан құдыретті хан болған жоқ", – деген куәлік береді.

Қасым хан Қазақ Ордасының негізін салушы екі арыстың бірі – Әз-Жәнібек ханның бел баласы. Анасының есімі – Жаған-бегім. Болашақ ұлы хан 1445 жыл шамасында дүниеге келеді. Бұл кезде аруақты Барақ ханның өлгеніне әлі жиырма жыл да толмаған, өткен ұлы күндер, Алтын Орда елесі әлі көңілде тұрған. Ес білген шағында Қазақ Ордасының шаңырағы көтерілуі, ат жалын тартып мінген кезінде сол жаңа ұлыстың біржола орнығуы жолындағы күресті көзімен көруі арыстан туған Қасым сұлтанның өзгеше тұрпатты қайраткер ретінде қалыптасуына себеп болды.

Қол бастауда да, ел басқаруда да ежелгі ата-дәстүрін берік игерген Қасым сұлтан өзінің бар ғұмырын туған халқының тиянақты болашағын негіздеуге бағыштайды. Ел мұратынан бөтен тілегі, жұрт бақытынан бөтен мүддесі болмайды.

Қазақ Ордасын ата қонысқа орнықтыру жолындағы қанды ұрыстарда жеке ерлігімен танылған Қасым сол кездегі тарихи әдебиетте Қыпшақ жұртының "белгілі сұлтаны, даңқты бахадұры" деп аталады. Бұрындық хан кезінде жеңімпаз қолбасы ретінде кеңінен танылады, жорықта жау бетінде, шабуылда найзаның ұшында болады. Ұрыс күндерінде әскери қабілетімен дараланған Қасым сұлтан бейбіт кезде әділ де білгір елбасы

ретінде жұрт құрметіне жетеді. Күн озған сайын беделі де, билігі де арта түседі.

Қырықтың қырқасына шыққан кемеңгер Қасым 1500 жылдар шамасында қазақ даласының тақсыз ханы, тежеусіз әміршісіне айналады. Белгілі тарихшы Махмұд бен Уәли өзінің "Бахр әл-асрар" атты кітабында, 1504 жылдың оқиғаларын баяндай келе: "Қазір бүкіл Дәшті-Қыпшақтың билігі Қасым ханға көшкен", – деп жазады, Қасымның күш-қуаты артқаны сондай, ол бүкіл Мәуреннахр өңірі үшін үлкен қатер болып отыр деп байыптайды.

Бірақ Қасым хан жаңа жер жаулау жайын емес, қарауындағы халқын берік ұйыстыру жайын әуелгі кезекке қояды. Ұлыстың тыныштығын, Қазақ Ордасының ежелгі Көк Орда қонысында біржола іргеленуін өмірлік мұраты деп біледі. Шәйбани ханды талқандап, бүкіл түстік өңірдің қауіпсіздігін қамтамасыз еткеннен соңғы жерде, 1513 жылы Ташкентке жасалған, қаланы алмағанымен, қуатты көршіні біржола бұқтырып қайтқан келте жорықты есептемесек, Қасым хан Қазақ Ордасын төңірегімен тегіс бітімде, бейбіт ұстайды. Бұл – елу жыл бойы үнемі ат үстінде, жорық жолында болған қазақ халқына тыныс берген, өте ұтымды саясат еді.

Қасым тұсында Хан Ордасы бірде Жетісуда, Қаратал өңірінде, бірде Шу бойында, енді бірде Арқада, Ұлытау етегінде, кейде батыста, Жайық жағасында болады. Бұл да халқының жиын ортасында жүрген Қасымның өзіндік саясатының бір көрінісі деп білуіміз керек. Жұртшылық хан билігінің күшін сезініп қана қоймайды, ұлыстың құдырет-қуатын да анық пайымдайды, ешкімнің де шетте, қараусыз, қорғансыз қалмайтынын ұғады, елдің тұтастығын айқын таниды.

Ел басқару жүйесінде ата жолын ұстаған Қасым хан заман ерекшелігіне орай, жаңа ортаға сәйкес жаңа низам жүйесін енгізеді. "Қасым ханның Қасқа жолы" аталатын бұл көне жарғы сол кездегі қазақ қауымының қоғамдық және хұқықтық заңдарын қалыптастырады, әдеп-ғұрып, тұрмыс-салт ережелерін байыптайды, жеке адамдар арасындағы, ру, тайпалар мен қоғамдық топтар арасындағы қатынас жүйесін тағайындайды. Қазақ Ордасының мемлекеттік негіздері де осы "Қасқа жолда" көрініс тапқан тәрізді. Бір сөзбен айтқанда, "Қасым ханның Қасқа жолы" – қазақ жұртының елдік санасын негіздеуде шешуші қызмет атқарған өзгеше құжат болды.

Қасым хан өз халқының барлық қадір-қазынасын бойына жинақтаған, ақыл-парасатымен ғана емес, жайсаң мінезімен, адамгершілік қасиеттерімен де өзгеше тұрпатын танытқан ғажайып тұлға болды. Өз заманында Қасымның жүзін көрген, онымен кездесіп, аз уақыт болса да әңгімелескен кісі ғұмыр бойы оның нұрлы жүзін ұмыта алмас еді. Қазақ ханының даналығын ғана емес, жомарттығын, кеңдігін, өр мінез тәкаппарлығымен қоса, биязылығы мен әдептілігін де көңілге түйетін. Мұндай замандастардың барлығы да – ел билеген әмірші болсын, ғылым түгескен оқымысты, ғұлама болсын, Қасым ханды ордалы жұртының бақытына туған ерекше тұлға деп бағалайды.

Қасым хан 1520 жыл шамасында Қазақстанның қиыр батысында, Жайық бойындағы сәнді, салтанатты қала Сарайшықта дүние салады. Сүйегі Алтын Орда хандарының ежелгі зиратына, жеке күмбезге жерленеді. Қазір бұл жерде тау-тау болып үйілген топырақ қана жатыр.

ҚИҒЫЛЫҚ ЖЫЛДАР

XVI ғасырдың бас кезінде – кеше ғана жарты әлемге билік жүргізген Алтын Орданың толық ыдырағанына жүз жылдан астам уақыт озған, содан бері төрт ұрпақ алмасқан жаңа заманда түрік-қыпшақ жұртының өр кеудесі әлі басылмаған, өткен даңқты күндер мерейі көңілде тұрған. Болашақ сұлбасы белгісіз, бірақ славян әулетімен арадағы тепе-теңдік бұзыла қоймаған.

1520 жыл шамасында Алтын Орданың шығыс бөлігі – әуелгі Көк Орда қонысын толығымен иеленген Қазақ Ордасы үлкен күш-қуатқа жетсе, батыс аймақта Ұлұғ ұлыс шегінде құрылған мемлекеттер ішінде Қырым хандығы айрықша көтеріледі.

Бұл кезде ежелгі бірлік ұраны да ұмытылмаған. Қасым хан тұтастығынан айрылған, дербес билердің өкіміне көшкен Ноғай ұлысының, немесе маңғыттардың үлкен бір бөлігін Қазақ Ордасының құрамына қосып алып, Жайықтан ары аттаса, Қырым хандығы Еділдің ұзына бойындағы аталас жұртын қайта біріктіруге тырысады, бұл ретте түрік дүниесіндегі ең ұлы мемлекетке айналған Осман империясына арқа сүйейді.

Алайда, берекеден айрылған, бар ісі кері кеткен түрік қауымы тарихтың тайғақ жолына түсті, елдік сананы аяққа басып, іргедегі қатер қаупін ұмытты, жауға есесін жіберіп, жақынын қарақтаудан басқаны білмеді.

Ноғай ұлысының әміршілері Мұса ұлы Мамай би мен Жаңбыршы ұлы Ағыс батыр 1523 жылы қаңтарда, Хажы-Тархан түбінде, осының алдында ғана өздерімен одақтаса отырып, ежелгі Алтын Орданың батыс бөлігін біртұтас ұлысқа айналдыру туралы келісімге келген, ант ішісіп, жорық жолына бірге аттанған қандас бауырларын – Махмет-Герей хан бастаған отыз мыңдық қырым әскерін қапыда басып, түгел қырып тастайды.

Ежелгі Алтын Орданың батыс бөлігін қайтадан көтеру ниеті біржола көрге көміледі, Еуропа шегіндегі түрік-қыпшақ қауымы ажал соқпағын таңдайды; арада отыз жыл өтер-өтпесте біздің арналы анамыз Еділ дария – “Волга – русская река“ – “орыс өзені Волга“ деп атала бастайды, орыстың аяғы жетер жердегі түрік халықтары, бірі ерте, бірі кеш – барлығы да қырғынға ұшырайды, құлдық қамытына жегіледі, кейбірі мүлде құрып кетсе, кейбірі сан ғасырлық отар кебіне түседі.

Сөйтіп, ант атқан Мамайдың 1523 жылғы опасыз қанды ісі және бұдан соңғы жаппай алауыздық Орыс мемлекетінің бүкіл Еуразияны еркін жаулауына жол ашты.

Әлбетте, қазақ жұрты отарлық кепке түсу үшін әлі де үш жүз жыл уақыт бар еді. Алайда, Еділ бойындағы ойранның шарпуы сол кездің өзінде Шығыс Дәшті-Қыпшаққа еркін жетеді. Дәл осы шамада Қасым хан дүние салған еді. Қазақ Ордасының құрамындағы ноғай ұлыстары тізгінді теріске бұрады. Бөлініп кетумен, Ұлы Ноғай Ордасын қайта құру ниетіндегі Мамайға қосылумен ғана шектелмейді, қазақ елімен ат құйрығын кесіседі.

Ноғайлармен арадағы қайшылық жекелеген қақтығыстарға ұласқанымен, үлкен соғысқа айналмайды. Бірақ әскери емес, саяси жеңіліске ұшыраған Қазақ Ордасы ұрыс-соғыссыз, бір-ақ күнде бүкіл Батыс Қазақстаннан айрылып шыға береді.

Бұл кезде Қазақ Ордасының күшеюін өздері үшін үлкен қатер санаған Моғолстан мен Өзбек хандығы әскери одақ туралы келісімге жеткен еді. Ал солтүстік-шығыс беттен қалмақтар жортуыл жасай бастайды.

Төрт тараптан бірдей жау қысқан Қазақ Ордасының халқы да көп, қуаты да мол еді. Бірақ қырсық шалғанда, таққа отырғанына әлі бір жыл да толмаған Момыш хан қаза табады. Сол заман тарихшылары Қасым ханның ұлы Момыш хан кезекті ұрыстардың бірінде бастығырылып өлді деп жазады. Сірә, жаппай жағаласта тұлпары жығылып, нөпір астында қалса керек. Қайткенде де шәйіт.

Момыштан соң Қасым ханның ағасы Әдіктің ұлы Тайыр ақ киізге көтеріледі.

Момыш қазақ тарихындағы ең талайсыз хан болса, Тайыр ең бақытсыз хан болды. Бақытсыздығы – жасаған заманында емес, істеген ісінде, ақылының келтесі, мінезінің нойыстығында жатқан. Жеке басы ер, табиғатында қайсар кісі болса керек. Бірақ ел билеушіге ең керегі – парасат пен саясат. Саясаты шамалы, өрісі тар Тайыр онсыз да жауығып отырған көрші жұрттардың ашық соғыс өртін таңдауына, бәрінің басы бірігіп, жалғыз қазаққа жабылуына жол ашады. Парасатының кемдігінен, рақымсыз тасырлығынан қарауындағы халқын және ығыр қылады. Сыртқы жаудың бетін қайтармақ болып қайтпай соғысады, бірақ үлкен жеңілістерге ұшырайды; байтақ қоныстардан ғана емес, бар абыройдан да айрылады; халқын ұйыстырмақ болып қатал шараларға барады, бірақ бар жұртты хан ордасынан бездіріп, айдалада қалады.

Ақыры, қарауындағы халқы түгел көшіп кеткен, қасында азғана әскері қалған Тайыр хан Қасым заманынан бері қазақтармен бір ұлыс құрған қырғыз арасына барып паналайды. Сол заманның тарихшылары: "Тайырдың билігінде қырғыздар ғана қалды, олар өз ханына адалдықтан айнымады" деп жазады. Ортағасырлық атақты қазақ тарихшысы Қадырғали Жалайырдың айтуынша Тайыр осы қырғыз арасында 1532 жыл шамасында кембағал, күйікті халде дүние салады.

Тайыр өлгеннен соң Қазақ Ордасының ұлы ханы болып Әз-Жәнібектің тағы бір немересі, Жәдік сұлтан ұлы Тоғым хан сайланады.

Тоғым хан тозғындамаса да, бытырап кеткен, береке-бірліктен айрыла бастаған қазақ ұлыстары мен қырғыз жұртының басын қосып, қайтадан ұйыстырады. Бір жақта қалмаққа, бір жақта моғолға, бір жақта өзбекке

қарсы қорғаныс соғыстарын жүргізе отырып, елдің саяси бірлігін қалпына келтірумен ғана шектелмей, оның әскери қуатын да бұрынғы дәрежесіне жеткізуге тырысады.

Тағдырдың Тоғым ханның еншісіне бөлген уақыты тым аз болды. Тоғым хан дарынсыз Тайыр ханның кезінде қазаны ортайған аталы жұртын бұрынғы кенересіне келтіріп үлгермеді. Өзара берік одақ жасасқан, Қазақ Ордасын біржола құртуға ниеттенген өзбек ханы Үбайдолла мен моғол ханы Әбдірәшид, бірі Мәуреннахр жақтан, бірі Шығыс Түркстаннан шеру тартып аттанады.

Моғол мен өзбектің қалың қолы Ыстық көлдің шығыс бетіндегі Сан-Таш деген жерде қосылады. Қазақ пен қырғыздың біріккен жасағы соғысқа әзір еді. Бірақ бұлардың саны өзбек-моғол әскерінен әлденеше есе аз болатын. Тоғым хан өзінің тас-түйін қолын жер жағдайына қарай, терең құзды сағалап, қия жартасқа иық тірей орналастырады.

Тарихтың 944 жылы, 18 сафар, қазіргі есеп бойынша, 1537 жылы, 27 шілде, жұма күні, төрт халықтың таң азаннан түн қараңғылығына дейін созылған табандасқан, қиян-кескі соғысында қазақ-қырғыз әскері түгелімен қырғынға ұшырайды. Қанды ұрыста қазақ халқының Керей хан мен Әз-Жәнібек хан әулетінен тараған барлық жауынгер басшылары – Тоғым хан бастаған отыз жеті сұлтан қаза табады. Бұлардың ішінде Тоғым ханның Тоғыз сары деген атқа жеткен ержүрек тоғыз ұлы түгелімен кетіпті. Ал шәйіт болған әскер саны белгісіз, ондаған мың болса керек.

Сан-Таштағы ұрыс – Қазақ Ордасының әскери тарихындағы ең қаралы оқиғалардың бірі, бірақ ерлік пен елдік сынға түскен, ата жұрт мерейі, ордалы ұлыс мұраты жолындағы күрес құрбандарының рухы бүгінгі ұрпағын желеп-жебейтін, аруақты, таңбалы күн. Ал ұлт бостандығы жолында бүкіл әулетімен қазаға ұшыраған Тоғым хан мың жарым жылдық қазақ тарихындағы ең айтулы ерлердің бірі, ең ұлы шәйіттердің қатарындағы қасиетті бабамыз.

Біз совет кезеңінде ғана ұмытып, естен шығардық, өткен замандарда Тоғым ханның ерлік тұлғасы елдің көкейінде тұрған, жұртын ұлы істерге бастаған. Осы Тоғым ханның туған інісі Шығай ханның ұлы Еңсегей бойлы Ер Есім хан алаштың қаншама мың арысы қазаға ұшыраған Сан-Таш аңғарында ұлан-асыр ас беріп, биік қорым үйгізеді. Сол Есім ханның ағасы Ұзын оқты Ондан сұлтанның ұрпағы, кешегі Алаш-Орда көсемі Әлихан Бөкейханның бабасы атақты Барақ сұлтан, кәдімгі Әбілқайыр ханды өз қолымен жаһаннамға аттандырған Көкжал Барақ өзінің бір сөзінде: “Мен – шынжырбалақ-шұбартөс Тоғым-Шығай әулетімін“, – дейді кеудесін керіп. Бұл әулеттің қашанда елге қорған, жұртқа тұлға болғанын, қазақ халқының бақыты үшін қан жалдап, от кешкенін еске салып, елдің тәуелсіздігіне сына түсірген, жұрт ішіне әреке кіргізген Әбілқайыр сияқты адамдарды жазаға тарту – өзінің аруақ, құдай алдындағы борышы де білетіндігін атап көрсетеді. Бұл арада ту ұстаған тоғыз ұлы да өзімен бірге өліп, ұрпақсыз кеткен Тоғым ханның есімі жай

ғана баба емес, әулеттің түп әкесі ретінде аталуы – кездейсоқ болмаса керек.

Сан-Таштағы соғыс арты бейбіт елді қырып-жойған, сол заман тарихшыларының тілімен айтқанда, “қазақтардың бас көтерер жаны түгел қырғын тапқан, тұтқынға түскен, аяғымен оттаған малы тегіс олжаға кеткен“ ауыр апатқа ұласады, алыс елдерде қазақ халқы мүлде жойылыпты деген лақап тарайды. Бірақ Қазақ Ордасының жері шалқар байтақ еді, халқы қисапсыз көп еді. Орда өзінің тәуелсіздігінен айрылмады, қансыраса да тізесі бүгілмеген алаш ұлы мойымады, күш жиып, қайрат тауып, өткеннің орнын толтыруға бет қойды.

Төрт тарапта бірдей жүргізілген күрес үлкен қиындыққа түседі. Тоғымнан соң билік құрған Ахмет-Өзбек хан ноғайлармен соғыста шәйіт болады. Қаншама заман бойы жауынгер жасақтың басында болып келе жатқан, сірә, Сан-Таштағы соғысқа да қатысқан Бұйдаш хандыққа жеткен кезде қазақтар қарсы шабуылға көшеді.

Бұйдаш 1559 жыл шамасында, Мәуреннахрға аттанған жорық кезінде тосқауылға ұшырап, өзінің бүкіл әулетімен бірге қаза табады. Бірақ бұл – уақытша ғана жеңіліс еді. Арпалысқан қиғаш шабыс үстінде қазақ елі бірте-бірте оңала бастайды. Сол замандағы Ресей дипломаттары жинақтаған деректерде қазақтардың аса қуатты халық екені атап көрсетіледі, олардың өзбек хандығын тықсырып отырғаны, екі үлкен ұрыста қатарынан жеңіске жеткені айтылады.

Қазақ Ордасының қайтадан нығаюы, Қасым хан заманындағы деңгейін тауып, іргелі, қуатты ұлысқа айналуы – Хақ-Назар ханның есімімен байланысты.

Хақ-Назар – қасқа жолды Қасым ханның ұлы. Анасының есімі – Қаныкей-сұлтан-ханым. Хақ-Назардың туған жылы белгісіз, сірә, әкеден жас қалса керек. 1580 жылы жорық үстінде қапыда қаза тапқан шағында әлі қайраты қайтпаған, соған орай Хақ-Назар 1510-1520 жылдар аралығында туды деп шамалауға болады. 20-30-жылдардағы бұлғақ пен ауыр соғыстар кезінде әлі қатарға кірмеген Хақ-Назар Тоғым хан өлгеннен соңғы кезеңде, Бұйдаш хан тұсында-ақ үлкен беделге жеткені байқалады. Аумалы-төкпелі заманда ақылгөй көсем, айбарлы әскербасы ретінде танылғанын көреміз.

1560 жылы тізгін алған Хақ-Назар хан осының алдындағы қилы оқиғалардан соң қайта көтеріліп келе жатқан Қазақ Ордасын біржола ұйыстырады. Еділ бойындағы орыс басқыншылығы нәтижесінде Қазан қираған, Хажы-Тархан құлаған, Ноғай Ордасы шылпара ыдыраған ауыр кезеңде жұрттың іргесін бекітіп, күш-қуатын кемеліне келтіреді.

Хақ-Назар батыста Ноғай Ордасының Қасым хан заманында қазақ құрамында болған үлкен бір бөлігін қайта қосып алады, онымен ғана шектелмей, Ресей басқыншылығынан ығысқан қаншама жұртты қабылдайды, қажетті кезінде ноғай әміршілерімен ашық соғыстан да тартынбай, Қазақ Ордасының батыс шекарасын Еділ мен Жайық аралығына жеткізеді. Ендігі жерде көршілес, шектес болып қалған туысқан башқұрт халқының Ресейге мойнын ұсынбаған бір бөлігі Қазақ

Ордасының құрамына енеді. Хақ-Назардың қаншалық құдыретті әмірші екендігі сол замандағы орыс патшасы Иван Грозныйға әбден мәлім болады.

Хақ-Назар-бахадұр хан Сібірде Көшім ханды талқандап, терістік-шығыста Тайыр хан заманынан бері қазақ жеріне оқтын-оқтын тұтқиыл жорықтар ұйымдастыруды әдетке айналдырған қалмақтардың бетін қайтарып, шығыс тарапта әскери қуаты зор Моғолстанға қарсы табандасқан соғыс ашады. Күні кеше ғана қазақ пен қырғыздың жарым жерін ойрандаған Әбдірәшид ханды әлденеше рет ойсырата жеңеді. Осындай ұрыстардың бірінде Әбдірәшид ханның ұлы Әбділәтип сұлтан ондаған мың әскерден тұратын қалың қолымен қоса қаза табады.

Хақ-Назар ханның жеңісті жорықтарының нәтижесінде бүкіл Шығыс Түркстанды иеленіп отырған, кеше ғана Жетісуға көз алартқан Моғолстан мемлекеті қазақ үшін қатер болудан қалады, моғол қонысы Тәңірі тауының арғы бетіне ысырылады.

Сол замандағы тарихи деректерде Хақ-Назар қазақ-қырғыз ханы деп аталады. XVI ғасырдың бас кезінде Қазақ Ордасына қосылған қырғыздар екі жүз жылдан астам уақыт бойы, Ақтабан-шұбырынды кезеңіне дейін осы хандық құрамында болды, ұлыстағы тең қақылы алты алаштың бірі саналды. Дерек үшін ескерте кетейік, қалған бес алашымыз: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз, қарақалпақ және құрама тайпасы. (Хақ-Назар заманында және одан кейініректе алаш жетеу еді, бәлкім, сегіз аталуы да. Тағдыр талқысымен ақырғы есептен түскен – екі ұлыс қатаған).

Қазақ Ордасының саяси ахуалын түзеп, халықаралық жағдайын қалпына келтіргеннен соң Хақ-Назар хан елдің болашағы үшін ең басты қатер болып отырған Өзбек-Бұқар хандығына қарсы жүйелі күресін бастайды.

Бұл кезде Бұқар мемлекетін Орта Азияның бұрынғы-соңғы тарихында Ақсақ Темірден соңғы ең ұлы әмірші саналатын Абдолла хан билеп отырған. Хақ-Назар өз қарауындағы алты алаштың әскери қуатын жұмылдырумен қатар, саяси-дипломатиялық күрес тәсілдерін де кеңінен қолданады. Сөйтіп, бұлғақ жылдарында қолдан шыққан Сыр бойындағы қалалардың біразын, оның ішінде Түркістан мен Сауранды қайтарып алады. Бұдан соң Абдолла ханға қарсы шешуші соғыс қимылдарын бастайды.

Бірақ ұлы мұрат кездейсоқ болмаса да, оқыс іс, күтпеген қастандық нәтижесінде жүзеге аспай қалады. Қазақ Ордасының одақтасы, Ташкент уәлаятының әміршісі Баба-сұлтан бірге аттанған жорық үстінде хан шатырына тұтқиылдан шауып, Хақ-Назарды опасыздықпен өлтіреді. Қазақ Ордасының қол бастаған көптеген бахадұрлары, оның ішінде Хақ-Назардың өзінің екі ұлы, інісі Жалым сұлтан және оның екі баласы қапыда қазаға ұшырайды.

Хақ-Назар хан бастаған ұлт қаһармандары шәйіт болған аза күні – 1580 жыл, 23-көкек. Орайы келген соң айта кетейік, Қазақ елі мәңгі шықпастай отарлық бұғау астында жатқан 1980 жылы сол қаралы оқиғаға төрт жүз жыл толған еді. Тура 23-көкек күні, өзін бар болмысымен

бұрынғы өткен бабаларына қарыздар деп есептейтін мына мен, тарихшы, жазушы Мұхтар Мағауин, ас қамдатып, шелпек пісіртіп, аруақты ерлердің рухына бағыштап құран оқытып едім. Халқымыз өткен бар тарихты ойша елестетіп, дұға жасап, кешті таңға жалғадым. Араға жеті күн толғанда, 30-көкек, сәрсенбінің сәтінде "Аласапыран" деп аталатын үлкен тарихи романымды бастадым. Аруақ қолдады, рухым көтеріліп, он-он бес жыл жазылуға тиіс қос кітапты екі жыл, үш ай, жиырма күнде тәмамдадым. Қиындықсыз жарияланды, халқымның көңілінен шықты. Ұлы аруақтардың ұрпағын жебейтінін, ел-жұртын ешқашан ұмытпайтынын өз көзіммен көргендей болдым.

Шынында да, қазақ ұлы қаншама ғасыр бойы ата мекен жерінде өсіп-өнсе, таяу төңірегіндегі, өзімен атысып-шабысып жүрген айбынды жұрттар – батыстағы Ноғай Ордасы, солтүстіктегі Сібір хандығы, терістік-шығыстағы Ойрат-Жоңғар ұлысы, Шығыстағы Моғолстан – барлығы да құлап, қирап, ел-жұртымен қоса тарихтан өшіпті. Ешқайсысының қуаты да, қасиеті де қазақтан кем емес еді. Бірақ олар кетті, біз қалдық. Әрине, халқымыздың қажыр-қайратының, елдік сана, ерлік дәстүрінің арқасы. Бірақ сол қайратты шыңдаған кім, сол сананы арттырып, сол дәстүрді сақтаған кім? Ең алдымен ел бастаған ардагерлер. Бар тілегін, бар ғұмырын туған жұртының болашағына бағыштаған ұлы бабаларымыздың үлгісі – Керей хан мен Әз-Жәнібек ханның тартқан сызығы, Тоғым хан мен Хақ-Назар ханның төгілген қаны, Қасым хан салған қасқа жолдың Абылай ханға дейін үзілмей жеткен өнегесі. Сол аруақты бабалар бізді биік мәртебеге көтеріпті, тарихтың барлық кешуінен аман-есен өткізіпті. Солардың жолын танысақ, аманатын ұғып, мұратын байыптасақ, біз ешқашан да елдігімізден айрылмаймыз, мәңгі жасаймыз!

ТӘУЕКЕЛ–БАХАДҰР ХАННЫҢ ҰЛЫ ЖЕҢІСІ

Ұлыстың құты, Орданың мерейі, жауынгер, әрі саясаткер Хақ-Назар ханның күтпеген қазаға ұшырауы туған жұртын, жорық үстіндегі қалың әскерді үлкен дағдарысқа түсіреді. Алдымен ес жиған – Шығай сұлтан болады. Дабыл қағып, қол астындағы жанкешті жасағын атқа қондырып, Баба-сұлтанға қарсы ұрыс ашады. Бірақ дүрбелең үстіндегі шабуыл ойдағыдай нәтиже бермейді.

Енді төтенше күш тапқан Баба-сұлтан Сыр бойындағы қазақтарға тиесілі біраз қонысты, Түркстан мен Сауран қалаларын басып алады. Бірақ Қазақ Ордасында бүліншілік, бұлғақ шықпайды. Беті қайтса да жүрегі шайлықпаған қарт жауынгер Шығай ұлысқа оралысымен ақ киізге салынып, хан көтеріледі.

Шығай хан – Әз-Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы Жәдік сұлтанның перзенті. Анасының есімі – Абайқан-бегім, қалмақ. Алпыс жыл бойы ат жалында болған тәжірибелі аламан, кәнігі саясаткер Шығай Қазақ Ордасы

үшін дәл осы кезеңде екі майданда бірдей күресу – өте ауыр болатынын анық пайымдайды. Хақ-Назар ханның, Жалым сұлтанның, тағы қаншама бахадұрдың қанын арқалаған, алаш жұртына еншілі қаншама қонысты жырып алған Баба-сұлтан жер басып жүрмеуге тиіс. Ендеше, қатерлі болса да кектен тысқары Абдолла ханмен бітім жасаспай болмайды.

Шығай сол кездегі қазақтардың тілімен айтқанда, Жағат (Шағатай) яғни Бұқар-Өзбек мемлекетінің ханы Абдолламен бітімге келеді, бітім ғана емес, одақтастық шартын жасайды. Сөйтіп, Абдолламен тізе қоса отырып, Баба-сұлтанға қарсы аяусыз соғыс қимылдарын бастайды. Осы уақытқа дейін құдыретті Абдолла ханның өзімен теке-тірес болып келген Баба-сұлтан соғысқа қазақтар араласқан сәттен бастап, жеңіліс үстіне жеңіліс табады.

Бұл ұрыстарда қазақ әскерін Шығай ханның сүйікті ұлы Тәуекел сұлтан бастайды. Ант бұзып, аруақ аттаған қас дұшпанды биліктен айырып, ел-жұрттан аластаумен ғана шектелмей, оның басын найзаға шанышуды, тұқым-жұрағатымен тегіс құртуды ойлаған Тәуекел-бахадұр жорық жолында, тынымсыз шайқаста Шәйбан әулетінен тараған қаншама сұлтанның басын шабады. Ақыры, 1582 жылы шілдеде, Түркстан түбінде Баба-сұлтанның қалың қолын тас-талқан етіп жеңеді.

Биліктен біржола күдер үзген Баба-сұлтан қырғыннан қалған шерігімен Сары-Суды өрлеп, Арқаға қарай қашады. Теуекел сұлтан жеңімпаз жасағының ішінен мың қаралы ғана жауынгер таңдап алып, қосар-қосар атпен Баба-сұлтанның соңынан қуып шығады. Күні-түні сүргіннен соң, Ұлытауға жеткізбей, Кеңгір өзенінің бойында, Жошы ханның мазары түбінде қуып жетеді.

Тәуекелдің әскері Баба-сұлтанның қасындағы әскерден әлдеқайда аз еді деп жазады сол заманның тарихшылары. Бірақ ыза мен кек буған қазақтар жауға аш бөріше ұмтылады. Қазақ аламандарының бірі алыстан тартқан өткір жебе ат үстінде жұрт қатарлы айқасқа ыңғайланған Баба-сұлтанға тура тиеді, болат сауытын талқан қылып, қара жүрегін қақ айырады. Қызу жүргізілген келте ұрыста қалған жасақ та қирап жеңіледі. Орта Азияның атақты ғұламасы Хафиз Таныштың айтуынша, тарихтың 982 жылы, рәджаб айының 17-сі күні, қазіргі есеп бойынша 1582 жылдың 7-тамызында Тәуекел-бахадұр қараниет Баба-сұлтанның кеселді, кердең басын Абдолла ханның аяғының астына әкеп тастайды.

Жұлдызды жеңіске жеткен, даңққа бөленген Тәуекел сұлтан айрықша құрмет, сый-сияпат көрді деп жазады Хафиз Таныш. Баба-сұлтанның басы кесілгеннен соң өзінің бар парызы өтелді деп есептеген, сексен жасқа келіп отырған Шығай хан биліктен бой тартып, пір жолын таңдайды, әулиелі Бұхара-шәріф шегіне қоныс аударып, өзінің жеке иелігіне берілген Ходжент қаласында құдайға құлшылық етумен күн өткізеді. Көп ұзамай-ақ сонда көз жұмады. Шығай ханның сүйегі Бұхара түбіндегі Күміскент деген шағын шаһарда, Ғали-Ата әулиенің саясында жеке күмбезге жерленеді.

Шығай ханның қатындары мен құмалары көп болды, бірақ бас бәйбішесі үшеу еді деп жазады Қадырғали Жалайыр. Әуелгісі – Байым-

бикем, одан Сейітқұл сұлтан, Ондан сұлтан, Алтын ханым туады. Бұл Ондан – орыс және батыс тарихында кеңінен танымал Ораз-Мұхаммед Касимовскийдің әкесі, кейінгі Көкжал Барақ сұлтанның, алаш көсемі Әлихан Бөкейханның бабасы. Шығайдың екінші бәйбішесі, Жағат әулетінен шыққан Яхшым-бикемнен Тәуекел хан, Есім хан және Сұлтан-Сабырбек ханым туған. Мұндағы Есім (Ес-Мұхамед)– қазақтың ұлы ханы, Салқам Жәңгірдің әкесі, содан бастап, Кенесарыға дейінгі аралықтағы барлық қазақ хандарының бабасы. Шығай ханның үшінші бәйбішесі – Бұрындық ханның немересі Дадым ханымнан Әли сұлтан, Сұлым сұлтан, Ибрайым сұлтан, Шағым сұлтан туады. Өз тұсында бұлардың ішіндегі ең атақтысы – елбасы әрі қолбасы Шағым (Шах-Мұхамед) сұлтан болды. Бірақ сол заманның өзінде осы, жұртқа тұлға, жауға айбар сегіз ұлдың ішінде Тәуекел сұлтанның орны бөлек еді.

Тәуекел жас кезінен-ақ әскердің алдыңғы сапында – маңдайда болады. Әкесі Шығайдың тірі кезінде қол бастайды. Атақты тарихшы Хафиз Таныш жас Тәуекелдің мінезін, көркін, ақыл-парасатын тамашалай келіп, оның жүзіктің көзінен жебесін өткізген мергендігін атап айтады. “Бүкіл Дәшті-Қыпшаққа даңқы шыққан Тәуекел сұлтан ерлігі жөнінен де, мәрттігі жөнінен де, қажыр-қайраты жөнінен де әлемде теңдесі жоқ, дара туған жан“, – деп сыпаттайды.

Міне осындай, заманынан асып туған жас Тәуекелдің атақты тарихшы толық аңдамаған, аңдаса да жете бағамдамаған ең ұлы қасиеті – оның Отанын сүйген ұлы жүрегінде, ел-жұртының болашағын накты пайымдаған көреген көңілінде болатын.

Мың жылдық мұрат жолына басын байлаған Тәуекелдің көкейінде жалғыз-ақ нәрсе тұрған. Ол – ұлттың мерейі, халқының баянды болашағы еді.

Туған халқының бар жақсы қасиетін бойына сіңірген Тәуекел іргелес көршілерін де жете біліп өседі. Ата-бабаларының әскер өнерін, ел басқару ісін игерумен қатар, болашақ дұшпаны – Бұқар хандығының да соғыс өнері мен жұрт ұстау жүйесін танып-меңгереді. Абдолла хандығының ішкі саяси жағдайын, күш-қуатымен қатар, осал бунақтарын да зерделеп тоқығаны күмәнсіз. Яғни, 1583 жылы хан көтерілген шағында Тәуекел жастығына қарамай, тәжірибелі әскербасы әрі білгір саясатшы, кемел тұлға болатын. Тәуекел таққа мінген күннен бастап-ақ Қазақ Ордасы өзінің ежелгі күш-қуатын қайта табады.

Теуекел хан ең алдымен Ресей басқыншылығына ұшыраған Сібір хандығындағы ежелгі түрік қоныстарына қарай қанат жаяды. Сібірдің құлауы – Қазақ Ордасындағы бұлғақ кезеңіне тұстас болуы, ал қарақшы Ермактың қазасы – Тәуекел хан ел билігіне жеткен алғашқы жылға сәйкес келуі кездейсоқ емес. Қазақ Ордасы жауығып жүрсе де аталас Сібір жұртын жауға бермес еді, көмек жасар еді, тізе қоса соғысар еді. Бірақ Ермак Орал тауынан асып түскен кезде өздері де кешегі ойран-топаннан әлі оңалмаған, қару көтерер ер-азамат түгелімен Баба-сұлтанға қарсы соғыста жүрген. Енді, Орданың саяси жағдайы оңалар-оңалмастан-ақ қазақтар Сібір тарабына назар аударады. Сол замандағы орыс

шежірелерінде Сібір хандығына Қазақ Ордасы көмектесе бастады деп жазылған.

Ермактың көзі құрыды, бірақ Тәуекел кеше ғана Абдолланың одақтасы болған Көшім ханмен келісімге ұмтылмайды. Көшіммен таққа таласушы – баяғы керей Оң ханның әулеті Сейдақ бекті қолдайды, соның билікке жетуіне мүдделі болады.

Қазақтардың көмегімен Көшімді ығыстырған Сейдақ бек Сібірдің астанасы Ескер қаласына келіп орнығады. Ал шайқалған шаңырақтан ірге бөліскен біраз ру барлық мекен-қонысымен Қазақ Ордасының құрамына енеді.

Тәуекел хандығының алғашқы кезеңінде, 1585 жылы қалмақтармен арада үлкен соғыс болғандығы аңғарылады. Бұл соғыста Тәуекелдің ағасы Ұзын оқты Ондан сұлтан шәйіт болады, бірақ Қазақ Ордасы үлкен жеңіске жетеді. Жауынгер қалмақтар таяудағы жиырма жыл бойы тыныштық сақтайды, тіпті, бұлардың үлкен бір бөлігі Тәуекелдің дәргейіне бас ұрып, өздерін Қазақ Ордасының құрамындағы бір ұлыс деп санауға мәжбүр болады.

Тәуекел хан айналасы төрт-бес жыл ішінде қазақ жұртын бұрынғы күш-қуатына жеткізеді, беймаза көршілер батыста да, шығыста да, терістікте де тыныштанады. Бірақ Қазақ Ордасының өрісі тарылған еді. Хақ-Назар ханның кездейсоқ қазасынан соңғы шапқын нәтижесінде, алмағайып күрес күндерінде Оңтүстік өңірдегі мәуелі аймақ жауланып кеткен. Баба-сұлтанның басы жойылды, бірақ Бұқар-Өзбек хандығы бұрынғыдан әрмен күшейген; қазақ жұртына тиесілі Түркстан, Сауран, Отырар, Сайрам, Ташкент сияқты ежелгі шаһарларды, бүкіл атырап-аймағымен өзіне қаратқан Абдолла хан бұл қалалардың барлығына өзінің даруға-бектерін отырғызады, жұрт мойнына ауыр салық салады.

Қазақ халқының үлкен бір бөлігі кіріптарлыққа түссе, еркін ұлыс – ордалы жұрт қандас бауырларымен қатынаса алмайды, тіпті, қазақ саудагерлерінің керуен тартып, Сыр бойына аттап басуына тыйым салынады. Бұдан бұрын Қазақ Ордасын біржола құрту ниетімен қанды жорықтар ұйымдастырған, бірақ елді тәуелсіздігінен айыра алмаған Абдолла хан бейбіт күндердің өзінде қатал тәртіп орнатады, кіріптар алаш ұлын саяси және рухани қысымда ұстаса, сырттағы қазақтарға экономикалық блокада жасайды.

Сөйтіп, Қазақ Ордасы сол замандағы ең үлкен, ең қуатты империялардың бірімен жекпе-жек соғыс ашуға мәжбүр болады.

Шынында да, Абдолланың билігіндегі Бұқар-Өзбек хандығы, қазіргі шекаралық бөлініс жүйесімен айтсақ, Иранның терістік шығыс бөлігі мен Ауғанстанды түгелге жуық, Пәкстанның біраз жерін және Өзбекстан, Түркменстан, Тәжікстанды тұтасымен қамтып отырған. Бұл – бұдан екі ғасыр бұрынғы жырткыш Ақсақ Темір империясының қайта қалпына келген көрінісі болатын. Сол заманның тарихшылары Абдолла ханды шебер саясатшы, құдыретті әмірші, жеңімпаз қолбасы деп мадақтай келе, оның сарайындағы сән-салтанатты тамашалайды, осыншама бай, әлуетті

падишах көңілі қаласа, арада апта өтпей, бес жүз мың әскер шығара алар еді деп жазады. Бұл – ақиқат сөз болатын.

Тәуекел хан Бұқар империясының ішкі-сыртқы саяси ахуалын да, әскери жағдайын да жете танып білді. Күрестің ауыр болатынын, өлшеусіз шығынға түсерін де анық байыптады. Бірақ Қазақ Ордасы іргелі ел болуы үшін, қазақ жұрты мәңгі жасауы үшін топырағы май, суы бал, күні шуақ Оңтүстік өңірді қалайда қайтарып алу қажет еді.

Тәуекел хан қатерлі күреске бел буады. Халқының қажыр-қайратына ғана емес, өзінің ақыл-парасатына да нық сенгенін көреміз.

Алтын Орда заманындағы ерлік дәстүрінен айрылмаған Қазақ Ордасы Тәуекел хан күрес жолын таңдаған алғашқы күндерден бастап-ақ бар тіршілігін әскер ісіне бағыттайды. Соңғы жылдардағы қорғаныс тәсілін өзгертіп, белсенді ұрыс қимылдарына көшеді.

1586 жылы Тәуекел ханның өзі бастаған қазақ аламандары Орта Азияға қарсы алғашқы жорыққа аттанады. Сол заман тарихшыларының жазбаларынан аңғарылатындай, алдарынан шыққан Бұқар әскерін оп-оңай таптап өтеді де, Сайрам түбіне келіп аялдайды.

Ташкент пен Түркстан, Сауранды қайтарып алуға жағдай туғандай көрінеді. Бірақ Тәуекел оқыс іске бармайды. Ұзақ майданға түспей, Абдолла ханның жекелеген жасақтарын қиратып, мол олжамен Сары-Арқаға оралады. Бұл – ауыр жорық емес, шұғыл шапқын еді. Жауына сес көрсеткен Тәуекел Абдолланың бұғауына түскен бауырларына күш беріп, ой тастап қайтқан.

Шынында да, арада бір ғана жаз өткенде, 1588 жылы ежелден-ақ қазақтар мекендеп отырған және қазақ қонысы болып саналатын Ташкент, Шахруийа және Ходжент өңіріндегі жұрт Абдолла ханның жасауыл әскерлерін талқандап, әкімдерін қуады, Жан-Әлі деген қазақ сұлтанын өздеріне басшы етіп тағайындайды.

Көтерілісшілерге көмекке көп әскермен Хақ-Назар ханның ұлдары Маңғытай мен Дін-Мұхамед сұлтандар аттанады. Сірә, жердің шалғайлығынан Арқадағы қалың қол жетіп үлгермесе керек. Жау табанында қалған қазақ рулары бастаған көтеріліс қанға бояп жанышталады. Бірақ бұл оқиға алаш жұртына рух беріп, Тәуекелге күш құйғаны күмәнсіз. Сонымен қатар, саны мол, қаруы қапысыз дұшпанмен күреске тыңғылықты дайындық қажеті де белгілі болады.

Тәуекел хан бүкіл Орталық Азияға қарсы күресте әскери ғана емес, дипломатиялық тәсілдерді де кеңінен қолданады. Сібірдің қалай жауланғаны туралы толық мағлұмат ала отырып, орыстарды, бүкіл батыс жұртын қуатқа жеткізген от қаруды қолға түсіру жолдарын қарастырады. 1594-1595 жылдары Мәскеуге екі мәрте арнайы елшілік жолдап, отпен атылатын, қандай сауытты болмасын бұзып өтіп, қандай қамалды болмасын талқандайтын мылтық, зеңбірек алу жөнінде келіссөз жүргізеді, сонымен қатар, орыстарды Хажы-Тархан тарабына қол соза бастаған Абдолламен соғысқа киліктіруге тырысады. Ортақ жау – Бұқар хандығына қарсы әскери одақ жасау ниетімен Иран шахы Аббасқа елші жібереді. Бұл екі елшіліктің алғашқысынан нәтиже шықпайды, соңғысы

яғни, Иранмен арадағы келіссөздер туралы нақты дерек шахиншахтар архивінде сақталған, әзірше біздің қолымызға түспей отыр.

Тәуекелдің зор майдан алдындағы дипломатиялық шараларының ішіндегі ең жемісті іс – Бұқар хандығының боданында қалған қазақ руларымен байланыс, баяғыда, бұдан жүз жыл бұрын Шәйбани ханмен бірге Мәуреннахр шегіне қоныс аударған, жергілікті, отырық жұртпен толық сіңісіп кете алмаған, жаңа өлкедегі отандастары өзбек-қазақ, тіпті, ешқандай анықтамасыз кәдімгіше қазақ деп атайтын, сірә, өздерін қазақ деп сезінетін қарындастарды бауырға тартқаны болса керек. Жанама деректерге сүйене отырып топшыласақ, бір кезде Шәйбани ханға еріп кеткен, бірақ өздерін қазақтардан бөтен санамайтын алаш ұлдары – керей, найман, қоңырат, қыпшақтар – Шахруийа, Ходжент, Әндижан, Ахсы өңірлеріне жиын орналасқан сияқты. Бұқар хандығы мен Қазақ Ордасы арасындағы күресте дәл осы өлкелердегі жұрттың қазақтармен тізе қоса қимылдауы кездейсоқ емес.

Сонымен қатар Тәуекел хан Шәйбан әулетінің бірмойын, қатал әмірші Абдолла ханға наразы жекелеген сұлтандарының да тілін тауып, аузын алады. Бұқар хандығындағы саяси жағдайды жіті қадағалап отырады. Қазақ әскерін шыңдап, қайрап, үнемі жортуылға әзір жағдайда ұстайды.

Ақыры, үлкен дайындық, қиғаш шапқын, аңдысқан арпалыс үстінде арада он бес жыл өткенде, 1598 жылы, ақпан айының аяқ кезінде жеңісті жорықтың сәтті сағаты соғады. Атадан асып туған Тәуекел-бахадүр хан тоқсан мың әскермен Бұқар хандығының шегіне басып кіреді.

Бар ісіне сенімді Абдолла хан қазақтарға қарсы таңдаулы жүз мың әскерін аттандырады.

Шешуші шайқас наурыз айының бас кезінде, Ташкент пен Самарқан аралығында болады. Екі жақ та өршелене ұрысқан қанды майданда аруақ көтерген қазақ аламандары Абдолланың өзбек, түрікпен, тәжік, пұштұн сарбаздарынан құралған даңқты әскерінің ту-талақайын шығарады. Қырық жыл бойы жеңіліс дегеннің не екенін білмеген, бір жақта Хорасанды, бір жақта Қашқарды ойрандаған, Иранды талқандап, Ауғанды тізе бүктірген Абдолланың өркеуде он түмені түгелге жуық қырғын табады. Қуанышты хабар күтіп, Самарқанда отырған Абдолла ханның алдына азып-тозып, құты қашып, қансыраған он мыңдай ғана сарбаз жетіпті.

Замандастары да, кейінгі тарихшылар да екінші Ақсақ Темір атандырған құдіретті Абдолла хан қаралы хабарды, ауыр жеңілісті көтере алмайды. Мұрттай жығылады. Сол заманның шежірешілері: “Сайыпқыран Абдолла хан күйіктен өлді“ деп жазады. Қазіргі дәрігердің тілімен айтсақ инфаркт миокарда, қан тасып, жүрек жыртылу нәтижесінде келген хақ өлім.

*   *   *

Тәуекел-бахадүр хан ұлы майданда қаһарлы Абдолла ханның ең негізгі күштерін талқандағаннан соң Сыр-Дарияның екі жағасы бүкіл

атырабымен, ондағы Түркстан, Сауран, Арқұқ, Отырар, Сайрам сияқты қалалармен қоса, Қазақ Ордасының құрамына енеді. Осымен де тоқтауға болар еді. Бірақ бұл өңір бұрын да талай рет қолдан-қолға өткен. Мұрат орнына келіп, түйін біржола шешілуі үшін түпкілікті, баянды жеңіс қажет еді, Мәуреннахрды біржола тізе бүктіру қажет еді.

Сондықтан да Тәуекел хан қолдағыны қанағат тұтпайды, жорық жолынан ат басын бұрмайды. Тоқсан мың әскерден құралған қалың қол уақыт оздырмай, Орта Азияға бойлап енеді. Ферғана жазирасына көктей өтіп, Ахсы, Әндижан қалаларын алады.

Көп ұзамай, бүкіл Орталық Азиядағы ең сәулетті шаһар, бір кездегі Хорезмшахтардың, одан соңғы Ақсақ Темірдің астанасы Самарқан қаласының қақпасы ашылады.

Осының бәрі айналасы төрт-бес айдың ішінде болған іс, Қазақ тарихындағы ең ұлы жорық, бүкіл Орталық Азия тарихындағы аса ірі оқиға. Сол замандағы, Абдолла ханның төңірегінен нәр алған, иә сол әулетке тілектес, парсы немесе шағатай тілінде жазған тарихшылардың өзі де бұл деректерді аттап кете алмайды. Бірақ осыншама жер, қаншама шаһар қалай алынды – бұл туралы ешқандай мағлұмат жоқ. Қорғандар өзінен-өзі құлап, қақпалар өзінен-өзі ашылып жатқан сияқты. Әрине, олай болған жоқ. Бір, екі емес, әлденеше ұрыс өткерілгені анық. Соның бәрінде де жеңімпаз қолбасы Тәуекел-бахадұр хан басым шықты.

Бірақ бұл да соғыстың соңы емес еді. Тәуекел хан жиырма мың әскермен туған інісі Есім сұлтанды Самарқанда қалдырып, өзі ұлы жорықты біржола тәмамдау үшін жетпіс мың қолмен Бұхара қаласына аттанады. Алдан шыққан әскер атаулыны жеңіп, ығыстырып, астана шаһардың өзін қоршауға алады.

Қаруы қапысыз Бұхара-шәріф түбінде Тәуекел хан, кейбір деректер бойынша он екі күн, енді бір деректер бойынша жиырма күн тұрады. Сол заман тарихшылары қаланы қорғаушылардың саны қазақ қосынымен салыстырғанда әлдеқайда аз еді деп атап көрсетеді. Бірақ өліспей беріспеуге бел буғаны күмәнсіз. Ең бастысы – Бұхараның қамалы әрі берік, әрі биік еді. Құдіретті Шыңғыс ханнан соңғы жерде тура шауып ешкім ала алмаған. Қазақтар да қамал түбінде бөгелуге мәжбүр болады.

Қорғанды шеңгелдеген ауыр ұрыс таңнан кешке озады. Бірақ қала берілмейді. Ақыры, қоршаудың әлде он бірінші, әлде он тоғызыншы күні түнгі ұрыста ұрпағының жолына басын байлаған аруақты Тәуекел-бахадұр хан тура тиген жау жебесінен ауыр жараланады.

Ажал оғына ілінгенін аңдасымен шұғыл жарлық береді, қоршауын алған жетпіс мың әскер қараңғы түнде мың сан от жағып, кең далаға шығады. Ескі дәстүр бойынша, жорық үстінде көсемнің ауыр жарадар, немесе айықпас сырқат халі құпия ұсталады.

Бұхара алынбады, қазақтар кері шегінді деген әуелгі дақпырт жеткенде қатты кейіген Есім сұлтан анық хабарды ести салысымен шұғыл аттанып, жиырма мың аламанымен негізгі шерікке келіп қосылады. Және сол сәтінде-ақ бас қолбасының міндетін арқалайды.

Бұл кезде жауға көмекке Ауғанстан тарабынан қалың әскер келіп жеткен еді.

Кең далада кезек шабыс, тынымсыз ұрыс басталады. Орта Азия тарихшылары соғыс қимылдары тепе-тең жағдайда жүріп жатты деп жазады, бірақ бұдан соңғы оқиғалар ыңғайына қарағанда басымдық қазақтар жағында болғаны байқалады.

Күн озған сайын Бұқар-Өзбек хандығының жағдайы қиындай түседі. Енді оңтүстік-батыс тараптан Иранның Аббас шахы жойқын шабуылға шыққан еді. Тәуекел ханмен одақтастық келісім өз алдына, осыдан бұрынғы сәтсіз соғыстарда Иран бүкіл Хорасан уәлаятынан айрылған, Мешхед сияқты қасиетті қаласын тастап шыққан болатын. Енді Қазақ майданында ауыр жеңілістерге ұшыраған Бұқар мемлекетін біржола талқандау, Иранға тиесілі ежелгі мекендерді қайтарып алудың сәті туған. Осы дүрбелең үстінде, кешегі Абдолла ханның орнын басқан, әкесіне тартпай туған Әбдімомын хан қазаға ұшырайды. Бұқар мемлекетінің билігіне қазақ әміршілері сияқты, олар да Жошы ханның он үшінші ұлы Тоқай-Темірден тарайтын, тарихта Хажы-Тархан нәсілі аталатын жаңа әулет келеді. Бұл әулеттің басы Пір-Мұхамед хан мен Баки-Мұхамед сұлтан қазақтарға бітім туралы сөз салады, араға елшілікке Орта Азия түріктеріне ортақ пір Бахауиддин Нақшыбенді әулиенің жолын қуған дін өкілдері жүреді.

Осы мезгілде ажалмен арпалысып, Ташкентте жатқан, ақыры, ауыр жарадан оңала алмаған Тәуекел-бахадүр хан мәңгілік сапарға, өзінің ұжмақ төріндегі құт мекеніне аттанған еді. Ұлы жеңістің түп мұраты туралы өсиетін айтып, тағдырына ризашылықпен көз жұмғаны күмәнсіз.

Тәуекел ханның орнын басқан Есім хан 1598 жылы күзде Бұқар мемлекетімен бітім шартын жасасады. Бұл шарт бойынша, арыдан тартсақ Мәуреннахр мен Дәшті-Қыпшақ арасындағы мың жылдық талас, беріде, жүз елу жыл бойы тынымсыз жүргізілген алмағайып күрес біржола және бүтіндей көшпенділердің пайдасына шешіледі.

Алаш ұлы Сыр-Дарияның ұзына бойын түгелге жуық иеленетін болады, бұл өңірдегі Түркістан, Отырар, Сауран бастаған отызға жуық шаһармен қоса, Ташкент қаласы бүкіл уәлаятымен Қазақ Ордасының құрамына енеді, сонымен қатар, қазақтар Әндижан қаласымен бірге Ферғана жазирасының солтүстік бөлігін алады, Қызылқұмнан аса төгіліп, егіз дарияның орта аралығына дейін қанат жаяды.

Міне, осындай ұлы жеңіс бұрынғы-соңғы тарихи әдебиетте қалай бағаланыпты?

Арғы замандағы, парсы немесе шағатай тілінде жазған мұсылман тарихшылары өздері куә болған елеулі, нақты деректерді жасыра алмайды, бірақ оннан теріс қорытынды шығарады, Абдолла хандығының жеңілісін кездейсоқ себептердің нәтижесі деп есептейді.

Ал бұрнағы, өз тілдерімен айтқанда, “отырықшы мәдениетке“ бас ұрған, керісінше, көшпенді жұртты, оның ішінде түрік қауымын тағы, жабайы деп есептейтін Еуропа оқымыстылары толып жатқан сылтау, ілгішек табады. Бірде Абдолла көшпенділердің күшін жете бағаламай,

қапыда қалды дейді, бірде оның өз баласымен арадағы алауыздығын алға тартады, кейде, тіпті, әуелі Тәуекелдің шапқаны, Иранның Аббас шахы одан көп кейін, жаз ортасында аттанғаны туралы нақты деректі көпе-көрнеу бұрмалап, Бұқарды алдымен ирандықтар талқандады, қазақтар осы жағдайды пайдаланды деп жазады.

Кейінгі, советтік шовинизм санасындағы орыс тарихшылары одан да асып түседі, астана шаһар Бұхараның құламағанын, Тәуекел ханның қаза тапқанын тілге тиек ете отырып, жорық сәтсіз аяқталды деп жазады.

Өйткені, ең алдымен Қазақстанды жалмап жұтуды ойлаған коммунистік отаршылдық қағида бойынша, қазақта тарих болмауы керек, қазақтар қашанда сәтсіздікке ұшырауы шарт. Ноғайдан жеңіліп, бүкіл Жайық бойын алады, моғолдан жеңіліп, Жетісуға орнығады, қалмақтан жеңіліп, Алтай-Тарбағатай асады, ылғи жеңіле берген себепті, төңірегіндегі дұшпанын тегіс ығыстырып, осыншама ұлан-байтақ жерге ие болады. Ғажап емес пе! Осы жүйемен совет тарихшылары елеусіз қалдыратын, тіпті сәтсіз деп бағалайтын ұлы жорық нәтижесінде Қазақ Ордасы сол замандағы аса қуатты империя Бұқар хандығын талқандап, жер көлемі Еуропадағы Франция және Швейцария, Бельгия сияқты тағы бірнеше мемлекет сыйып кететін кең-байтақ жерді, ата-бабаға тиесілі тарихи мекенді қайтарып алды.

Бұл арада іс мәнісі – территорияның ұлғаюында ғана емес, қазақтардың құт мекен, құйқалы қонысты бауырға басуында. Ежелгі түрік жұртының Алтай тауынан соңғы ұлы анасы – Сыр-Дария алқабы болатын. Суы мол, топырағы құнарлы, байсын өңір. Дарияның екі жағасы – қалың тоғай, ну қамыс. Бүкіл Қазақ Ордасының жазғы жайлауы – Арқа бетте болса, Сыр бойы, оның пішені мол, ықтасын ұйықтары қысқы қыстау болатын. Қазақты қазақ қылған мыңғырған мал басы осы Сыр бойында еселеніп өсетін. Әзірет Сұлтанның дүрбесі тұрған ежелгі Түркістан, қамалы берік Сауран мен Отырар, тағы қаншама гүлденген шаһар жауға қарсы бекініс-тірек қызметін атқарады, сонымен қатар, елдің экономикасы, шаруашылығы, сауда-саттығы мен мәдениеті тұрғысынан алғанда өмірлік мән-маңызы айрықша. Сыр-Дарияның екі жағасына берік орналасқан ел бар мұратын табар еді. Қазақ халқында басқа мекен-қоныс болмаса, тек Сыр-Дария бойында ғана отырып орда тігуіне, іргелі ел болуына мүмкіндігі жетер еді. Ал осыншама құтты Сыр бойы – Тәуекел ханның ұлы жеңісі арқасында қазақ халқының мәңгілік мекеніне айналған байтақ өңірдің бір бөлігі ғана болатын.

Есім хан мен Пір-Мұхамед хан арасындағы бітім шарты бойынша, 1598 жылғы ұлы жорық нәтижесінде Тәуекелдің дәргейіне бас ұрған шаһарлар мен уәлаяттар ішінде Бұқар-Өзбек хандығына тек Самарқан қаласы ғана қайтарылады. (Кейін, арада ондаған жылдар өткенде мәуелі Ферғананы да тастап шығыппыз). Орта Азиядағы, тіпті, Қазақстанның сыртындағы, күні бүгінге дейін қазақтар қоныстанып отырған жерлердің барлығы да сол Тәуекел хан заманында еншімізге тиген болатын. Сол кездегі алаш ұлының қажыр-қайратының жемісі, ел бастаған, қол бастаған Тәуекел-бахадүр ханның кемеңгерлігінің арқасы.

Көреген саясатшы, ұлы қолбасы Тәуекел-бахадұрдың басшылығымен жүргізілген он бес жыл бойғы ауыр күрес, даңқты жеңіс нәтижесінде Қазақ Ордасы құтты қонысқа біржола бауыр басты, ұлтымыздың өрісі кеңейіп, өмірі өркендеді, тіршілігі жаңа арнаға түсті.

Жаны жанатта болсын ұлы бабамыз Тәуекел-бахадұр ханның!

ЕСІМ ХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНЫ

Бұрынғы-соңғы қазақ тарихындағы ең ұлы тұлға, көреген саясатшы, дана қолбасы Тәуекел-бахадұр ханның сол замандағы құдыретті империя – өзбек пен түрікпенді, ауған мен тәжікті, Орталық Азияның тағы қаншама ірілі-уақты халқын бір ту астына топтап отырған Бұқар хандығымен он бес жыл бойы жүргізген табанды күресі, шешуші жеңісі нәтижесінде XVI ғасырдың ақырында Қазақ Ордасы күші кемел, халқы мол, қонысы байтақ, жұлдызы жоғары, аса қуатты мемлекетке айналды. Алаш ұлы Көк Орда заманындағы межеден де асып, Сыр-Дарияның сол жағалауын еркін қоныстанды. Қос өзен аралығында біржола орнығып, мәуесі мол Ферғана жазирасына бойлай енді. Шығыста Моғолстанның зәрі сынған, батыста Ноғай Ордасы тозғындауға айналған, терістікте Ресей-Сібір өкіметімен бітім шекарасы қалыптасқан. Қазақ Ордасының құрамына ежелгі үш алаш, яғни үш жүзбен қоса, Қасым хан заманынан бері бір байрақ астында келе жатқан қырғыздар, сірә, Хақ-Назар заманында, Ноғай Ордасы ыдыраған кезде келіп жеткен қарақалпақтар, бүкіл Оңтүстік өңірді жайлаған, саны мол, қуаты зор екі сан қатаған қауымы және Мәуреннахр шегіндегі, отырықшы, егінші, бірақ қазаққа бейім құрама руы енген болатын.

Сонымен, XVI ғасырдың ақыры, XVII ғасырдың бас кезіндегі Қазақ Ордасының туын көтерген ұлыс-тайпалар: ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз, қатаған, құрама, қырғыз, қарақалпақ. Бұлардың ішінде қырғыздан басқасының бәрі өздерін қазақ атаса керек. Осыншама қауым! Жошы хан заманынан соң төрт жүз жыл өткенде, ежелгі Дәшті-Қыпшақ жерінде жаңа бір көшпенді империяның елесі бой көтеріп келе жатты.

Туған ағасы Тәуекел-бахадұр-ханның ақ өлімінен соң ел билігін қолына алған Еңсегей бойлы Ер Есім хан ата тағына да, асқаралы жұртына да лайықты тұлға болатын. Тәжірибелі қолбасы ғана емес, білікті саясатшы. 1598 жылы күзде Бұқар әміршілерімен арада жасалған тиімді бітім шартынан соң Есім хан Қазақ Ордасының сыртқы шекарасын бекітумен қатар, оның ішкі жағдайын да әбден орнықтырады. “Есім ханның Ескі жолы“ атталатын атақты заң желісі осы кезеңде қабылданған сияқты.

Бізге “Ескі жолдың“ нақты тұрпаты беймәлім, бірақ жалпы сұлбасы XIX ғасырдың аяғына дейін жеткені байқалады. Абай өзінің бір сөзінде “Есім ханның Ескі жолымен“ жақсы таныстығын білдіреді. Қасым ханның мемлекеттік заң жүйесі – “Қасқа жолдан“ көп кейін шыққанына

қарамастан, "Ескі жол" аталуына қарағанда, Есім ханның заңдары ежелгі Алтын Орда тұсындағы низам-жарғыларға, одан бұрынғы Шыңғыс ханның "Жасақ" үлгісіне жақынырақ болған сияқты. Есім, әсіресе, ұлыстың әскери ұжымына қатысты мәселелерге ерекше мән берген деп шамалаймыз. Жеке тармақтары қандай болғанда да, негізгі ұстыны Қазақ Ордасының мемлекеттік жүйесі, өзіндік құрылымы, ел билеу жорасына арналған, азаматтық және хұқықтық ережелер жинақталған "Ескі жол" – бір ғасырдан астам ұзақ уақыт бойы Қазақ халқының ең негізгі заңы болып келді.

Есім хан Тәуекел-бахадұр хан заманындағы, өзі де белсене атсалысқан ұлы жеңістің бар игілігін жүзеге асыруға тырысады. Қазақ Ордасының әскери қуатын арттыруға айрықша көңіл бөліп, әлуетті төрелерге үлкен билік береді. Бұл кезде Ташкентте қазақтың Келді-Мұхамед сұлтаны отырған. Әндижанда қаншама әскермен, қарашы жұртымен ол да қазақ Абылай сұлтан отырған. Мәуреннахрдағы Шахруийа, Біскент сияқты қамалдарға да қазақ төрелері бекінген. Алаш жұрты үшін Орталық Азияның базары ашық қақпаға айналған.

Бірақ Бұқар хандығында ежелгі Шәйбан әулетінің орнын басқан жаңа әміршілер – Хажы-Тархан әулеті бұл жағдайға көнгісі келмейді. Бұрынғы бітім шартын бұзып, жаңа жорықтар ұйымдастырады. Алаш ұлының аруағы асқанын содан біліңіз, неше лек әскер шығара алатын Қазақ Ордасы көбіне жарым күшін ғана жұмсайды, іргедегі ұлыстардың өзі-ақ бүкіл Бұқардың бетін қайтарады, бетпе-бет шайқаста қирата жеңіп, түріп айдап тастап отырады.

Әуелгіден де қанды Екінші қазақ-бұқар соғысы Мәуреннахрдағы ұлы жеңістен соң арада бес жыл өтер-өтпесте басталыпты.

1603 жылы Бұқар ханы Бақи-Мұхамед ауыр әскермен Самарқаннан шығып, қазақ жеріне қарай шеру тартады. Ташкент уәлаятындағы қазақ әміршісі Келді-Мұхамед сұлтан арттағы қалың елден көмек шақырып үлгермейді, мүмкін, қажет таппаған да болар, өзіне тиесілі ұлыс шегіндегі алаштан, қырғыздан, құрама мен қатағаннан қалың әскер түзіп, қарсы аттанады. Екі жақ Айғыр-Жар деген жерде кездеседі. Сол заман тарихшыларының айтуынша, таң бозынан басталған қызыл қырғында қазақтардың қылышы өткірірек болып шығыпты, ауыр соққыдан ойсыраған Бақи-Мұхамедтің әскері тым-тырақай қашады. Қашқан жауды өкшелей қуған Келді-Мұхамед сұлтан Самарқанның түбіне жетіп әрең тоқтайды. Енді сығымдай тамақтап, шаһардың өзін алуды ойлайды. Бірақ қоршауға түскен Самарқанның қамалы берік еді. Қазақтар бірнеше күн бойы таяу төңіректі түгел ойрандап, жаудың сағын сындырып, мол олжамен Ташкентке қайтып оралады.

Айғыр-Жардағы ауыр ұрыс – Қазақ Ордасы мен Бұқар хандығы арасындағы бітіспес қайшылықтың – жиырма жылға созылған жаңа соғыстың беташары ғана екен. Абдолла хан тұсындағы қуатынан айрылса да, бүкіл Мәуреннахрға – бүгінгі есеппен алсақ, қазіргі төрт мемлекет жерінде өзбек, түрікпен, ауған, тәжікке хүкім жүргізіп отырған Бұқар хандарының жаңа әулеті кешегі Тәуекел ханмен сәтсіз соғыста қолдан

шыққан Ташкент, Сайрам, Әндижан уәлаяттарын қайтарып алуды армандайды, мұнымен ғана шектелмей, қазақтарды Сыр-Дарияның арғы бетіне асырып тастауды ниет етеді.

1603 жылы басталып, 1624 жылы аяқталған Екінші қазақ-бұқар соғысының барлық кезеңінде де айқын басымдық қазақ жағында болады. Және бір атап айтарлық жағдай, шабуылды әмәнда бұқарлықтар бастайды, қазақтар көбіне қарсы шайқаспен ғана шектеліп отырады. Күштің аздығы емес, қолда барды берік ұстау, ата қоныста біржола орнығу жолындағы аса ұтымды, әрі оң саясат. Ол кездегі қазақ ақылмандары күні кеше ғана бүкіл Орта Азияны жаулап алған Мұхамед Шәйбани ханның соңынан ерген қаншама халық – тығыз қоныстанған жергілікті, отырық жұртты әкімшілік жағынан бағындыра тұра, басымдылыққа жете алмағанын, уақыт оза келе барлық биліктен айрылып, тәуелді кепке көшкенін анық байыптаған.

Тынымсыз жүргізілген жиырма жылдық қазақ-бұқар соғысында екі жақтан бірдей қаншама әскер қатысқан, ерекше қантөгісті жеті үлкен шайқас болыпты. Соның жетеуінде де қазақ қаруы үстем шыққан. Ғаламат ұрыстар, даңқты жеңістер.

Мұның біріншісі – 1603 жылғы, Ташкент пен Самарқан аралығындағы Айғыр-Жар деген жерде өткен ұрыс туралы жаңа айттық. Қазақ Ордасының қалың қолын жеңіске бастаған – Келді-Мұхамед сұлтан.

Екінші үлкен ұрыс 1607 жылы Ташкент түбінде болады. Осының алдында ғана тұтқиыл шабуыл нәтижесінде Ташкент қаласы Хажы-Тархан әулетінен шыққан екінші хан Уәли-Мұхамедтің дәргейіне түсірілген болатын. Есім хан қазақ әскерін өзі бастап келіп, Бұқар ханының Мұхамед-Бақы би Қалмақ деген қолбасысын талқандайды, жаңа келісім бойынша, бүкіл уәлаят қайтадан қазақтардың иелігіне көшеді; Есім хан Ташкентке әскербасы етіп Алшын Жалаңтөс биді отырғызады.

Бұқардың Имамқұлы ханы кезінде соғыс өрті бұрынғыдан әрмен өрби түседі. Қазақ сұлтандарының әскери және саяси көмегі арқасында билікке жеткен Имамқұлы хан арада бір жыл өтер-өтпесте қазақ жеріне – Аспара, Қаратау өңіріне жорық жасайды, жау күтпеген бейбіт ауыл, қалаларды үлкен шығынға ұшыратады. Әсіресе, Ташкент халқы қатты қырылады. Соның қарымтасына Еңсегей бойлы Ер Есім хан 1613 жылы ауыр әскермен Самарқан уәлаятына басып кіреді. Шешуі ұрыста Имамқұлы хан мен оның інісі, Балх қаласын билеп отырған Нәдір-Мұхамед сұлтанның өзбек, тәжік, ауған қосындарынан құралған қалың қолын қирата жеңеді. Бұл – жиырма жылдық соғыстағы үшінші ірі шайқас еді.

1621 жылы Самарқан уәлаятының шегінде, Шахрхане өзенінің жағасында өткен төртінші ұрыс туралы деректерден сол замандағы қазақ қолбасыларының әскери өнерінің биік деңгейі туралы нақты мағлұмат аламыз. Жауының бар қимылын бағып отырған қазақтар Имамқұлы хан шеру түзіп, Бұхара қаласынан бері қарай шықты деген хабар алысымен, үдере аттанады. Қарсыласын Шахрхане өзенінің кең өткелінің аузында күтеді. Имамқұлының қосындары кешуден жарым-жартылай өткен кезде жойқын шабуылын бастайды. Сол заман тарихшыларының айтуына

қарағанда, Бұқардың өзеннен өтіп үлгерген әскері қарбалас, әрі тар жерде үлкен шығынға ұшырайды, кері қашқандарының көбі суға батып өледі; қызу жүргізілген қысқа ұрыста жиырма мың адамынан айрылған Имамқұлы хан әрең бас сауғалапты.

Хан Бұхараға жетісімен бүкіл жұртына шұғыл сауын айтады. Мәуреннахр өңірінен жиналған жаңа қосындар үстіне Ауғанстаннан тағы қаншама әскер келеді. Имамқұлы бар жасақты өзі бастап, ауған-тәжік сарбаздарына қолбасы етіп, бұл жолы Бұқар жағына шыққан Жалаңтөс биді тағайындап, Қазақ Ордасына қарай жүреді. Тағы да ауыр жеңіліске ұшырайды. Бұл, бесінші ұрыста қазақ аламандарын бастаған – Тұрсын сұлтан екен.

Алтыншы ұрыс 1623 жылы болады. Орта Азия тарихшысы Мұхамед бен Уәлидің айтуынша, Имамқұлы хан жүз алпыс мың әскермен аттаныпты. Тұрсын сұлтан жүз мың әскермен қарсы шығады. Шешуші шайқас Шахрухийа қамалының түбінде өтеді. Қазақтар толық жеңіске жетіпті.

Жиырма жылдық қазақ-бұқар соғысының жетінші, ең соңғы үлкен ұрысы 1624 жылы Ферғана жазирасында, Ахсы қамалының түбінде болады. Қазақ Ордасының қалың қолын бастаған – Еңсегей бойлы Ер Есім ханның өзі. Бұл жолы да алаш ұраны өктем шығады.

Бұқармен арадағы тынымсыз соғыстың жаңа бір кезеңі осымен тәмамдалады. Тәуекел ханның соңғы жылында қазақтар жағына ауған әскери басымдық бұрынғыдан да арта түскенін көреміз. Нәтижесінде, Тәуекел хан өтіп, Есім хан ел билігіне келген кездегі оңтүстік шекара берік бекиді. Ауыр күрес, ұлы жеңіс.

Десе де Бұқар хандығымен арадағы өктем соғыс және епті саясат – қуатты Қазақ Ордасының бір ғана тарабындағы іс-жағдаят болатын.

* * *

Қазақ Ордасы Орта Азияның шулы базарына – сол арқылы бір жағы Ұлы Моғол империясы – Үндістанға, бір жағы Иран мен Орта шығыс елдеріне жол ашты. Енді Есім хан ежелгі жібек жолының түйінді бір бөлігі – Шығыс Түркстан үшін күрес бастайды.

Бұл кезде бір замандағы қуатты Моғолстан мемлекеті сыртқы соққы, ішкі қайшылықтар нәтижесінде әлсіреген, шын мәнісінде біржола ыдырауға бет алған еді. Есім хан Чалыш және Тұрфан уәлаяттарының әміршісі Әбдірахим ханды жақтайды. Оның Яркенд пен Қашқарды билеп отырған Абақ ханға қарсы күресіне араласады. Есімнің өзі бастаған, інісі Көшек сұлтан бастаған қазақ жасақтары Шығыс Түркстандағы соғыс қимылдарына белсене кіріседі.

Бұл – бағзыда тайталас болған, жау болған көрші жұрт ісіне жай ғана араласу емес еді. Қазақ Ордасы көне түріктердің ата қонысына Қасым хан заманынан бастап аяқ салған, ал Тәуекел хан билігінің соңғы кезеңінде Ілені өрлеп, Күнес пен Текес бойын жайлаған, Ерен Қабырғаны жағалап, Тұрфанға иек артқан. XVI ғасырдың аяқ шенінен беріде қатаған

Сұлтанғазы төре және оның төрт ұлы, әсіресе, ерлігімен, мәрттігімен танылған Ескендір сұлтан бастаған қазақ қауымы Моғолстанның ішкі-сыртқы істерінде үлкен ықпалға жеткен. Яғни, Қазақ Ордасының Шығысқа қарай қол созуы – Қасым хан заманынан бері дәйекті жүргізіліп келе жатқан ұлттық саясаттың заңды жалғасы болатын.

1613 жылы Самарқан түбінде біріккен бұқар-ауған әскерін талқандағаннан соңғы жерде Еңсегей бойлы Ер Есім хан Моғолстан тарабындағы істерге айрықша көңіл бөледі. Шын мәнісінде Тұрфан мен Чалыш уәлаяттарының әміршісіне айналған қазақ ханы 1619-1624 жылдарда осы өңірге біржола ірге тепкендей болады. Бірақ қолы байлаулы еді. Еркінен тыс іске аяқ баса алмайды. Өйткені, Шығыс Түркстанға етек жая бастаған қазақ қауымының өзі екіге жарылған еді. Бұл кезде Ташкентте зор билікке жеткен қазақтың Тұрсын ханы Есім ханның қарсыласы – Моғолстанның үлкен ханы Әбділәтиф-Абақты жақтайды. Қомақты бір бөлігі Шығыс Түркстанға қоныс аударған қазақтың қатаған руы әлденеше соғыста қалған алашқа қарсы беттесіп қалады.

Бар қазақты өз жұртым деп есептеген Есім хан Шығыс Түркстанға ауыр әскер түсіріп, үлкен майдан аша алмайды. Бұл кезде Қазақ-бұқар соғысы бұрынғыдан да өршіп, жаңа бір кезеңге көшкен. Есім хан ашық жаулық жолына түспесе де, өзінен іргесін аулақ салған Тұрсын ханға көмекке ұмтылады, 1624 жылы Ферғанаға бойлай еніп, шешуші ұрыста Имамқұлы ханды қирата жеңіп, әлденеше қамалды шауып алып, тиімді бітім шартымен Қазақ Ордасының астанасы Түркстан қаласына қайтып оралады. Өзінің шөбере туысы Тұрсын ханмен де қылыш үстінде серттесіп, біржола бітіскендей болады.

Тұрсын сұлтан – Әз-Жәнібек әулеті, Хақ-Назар ханның тірегі болған Жалым сұлтанның ұлы. Тәуекел хан заманындағы Бірінші қазақ-бұқар соғысы кезінде көзге түссе керек. Есім ханнан аз-маз жас үлкендігі бар, бірақ XVI ғасырдың соңғы кезеңіндегі тарихи құжаттарда аты ұшыраспайды. Бұл кездегі Қазақ Ордасындағы билігі зор, ең беделді сұлтандар – Шах-Мұхамед пен Көшек. 1598 жылғы хан сайлауда, сірә, Шах-Мұхамед жоқ, ал Көшектен Есімнің жолы үлкен. Яғни, Тұрсын сұлтанның таққа таласатын қисыны болмаған.

Тұрсынның айрықша көтерілуі – Екінші қазақ-бұқар соғысы кезеңінде. 1614 жылы Ташкентке берік бекіген Тұрсын сұлтан Бұқардың Имамқұлы ханымен уақытша келісім-шарт жасасады да, бүкіл уәлаятқа билік жүргізе бастайды.

Бірақ Бұқармен арадағы соғыс тыйылмайды, бүкіл Оңтүстік атыраптағы қазақ әскерін бастаған Тұрсын сұлтан әлденеше ұрыста үлкен жеңістерге жетеді, беделі, билігі артады. Көп ұзамай өзін хан деп жариялап, Ташкентте төл таңбасымен ақша шығара бастайды.

Қазақ арасында мәтелге айналған: "Қатағанның хан Тұрсын, – Хан Тұрсынды ант ұрсын!" деген ескі сөз бар. Тұрсын бір емес, әлденеше рет ант бұзған сияқты. Өзін хан жариялап, дербестік белгісі ретінде ақша

шығару – әуелгі анттың бұзылуы ғана. Бұдан соң Есім ханмен кем дегенде екі рет бітісіп, екі рет серттен таяды.

Тұрсын өзінің берік билігіне де, қарауындағы ұлыстың күш-қуатына да нық сенгені көрінеді. Басбұзар ханның ең үлкен тірегі – саны мол, айбыны зор қатаған руы болатын. Осының алдында ғана дүниеден өткен атақты тарихшы Қадырғали Жалайыр: "Орыс хан ұлысында оң қол – қатаған қауымы, сол қол – алаш мыңы болды: алаш үш сан еді, қатаған екі сан еді" – деп жазған. Сол екі сан жұртқа тағы қаншама халық қосылса керек.

Сөйтіп үлкен Орда ішінен оңаша отау тігіледі. Есім ханның Шығыс Түркстан тарабындағы әскери және саяси әрекеттерінің негізінен нәтижесіз аяқталуы да осы оқиғамен тікелей байланысты болатын.

Қазақ Ордасының бұған дейінгі ұзақ тарихында алаш баласы біріне-бірі қару көтермеген. Енді, туыстас, қанаттас түрік тайпалары мен жұрттарының басын қосып, ежелгі Дәшті-Қыпшақ жерін еркін иеленген шақта, бір жарым ғасырдан астам ұзақ уақытқа созылған тынымсыз күрес нәтижесінде қуатты мемлекет құрған кезеңде, біртұтас елдің екіге жарылуы – кешегі Алтын Орданың ыдырау дәуірін еске түсірген, бұлғақ пен қырқысқа жол ашылған. Бірақ ұлыстың ұлы ханы Еңсегей бойлы Ер Есім айрықша төзімділік танытады, ұтымды саясат ұстанады, қазақ арасындағы қантөгіске жол бермеу үшін, дербес ту көтерген Тұрсын ханды тең дәрежелі әмірші деп мойындайды, соған орай сый-сияпат, құрмет көрсетуге мәжбүр болады.

Бірінің астанасы – Ташкент, бірінің астанасы – Түркстан, өзара шектес екі қазақ мемлекеті құрылғанымен, оларда атаулы меже, айқын жік болмайды, еркін қатынасып, үздіксіз араласып жатады, бірі оңтүстік шекараны, бірі солтүстік пен шығыс шекараны берік ұстайды, қысылтаяң шақтарда шешуші майданда ортақ жауға бірге аттанады.

Бірақ хан екеу – хандық мүдде бір болуы мүмкін емес. Оның үстіне, күн озған сайын баққұмар Тұрсынның араны ашыла түседі, дәргейіндегі шағын уәлаятпен ғана шектелмейтінін байқатады. Мәуреннахр шегіндегі, қазақтарға тиесілі қамалдарға өз адамдарын отырғыза бастайды. Күн озған сайын ықпал аймағын кеңейте береді.

Осы ретте Тұрсын ханға қарсы қылыш көтерген алғашқы қазақ – Әндижан әміршісі Абылай сұлтан болды. Абылай сұлтан 1623 жылы Бұқардың Имамқұлы ханымен одақтасып, Тұрсын ханға қарсы аттанады. Бірақ екі әскер Шахруийа қамалының түбінде беттескен шақта, Абылай туының астындағы қазақ қосыны өздерінің бауырларымен соғысудан бас тартып, майдан даласын тастап шығады.

Тұрсын хан бастаған қазақтардан ауыр жеңіліске ұшыраған Имамқұлы өз кезегінде Абылай сұлтанды Әндижаннан ығыстырып шығарады; міне, осы кезде Ташкент пен Ферғана қазақтарына көмекке Есім ханның өзі жетеді, Абылай сұлтанды Әндижанға қайта отырғызады, Тұрсын ханмен де бітіседі.

Өз жұртынан қуғындалып, қазақ елінде, Есім ханның сарайында құрметті мейман болған Әбілғазы-бахадүр хан атақты "Шежіре-и-түрік"

кітабында 1625 жылы Түркстанға арнайы сапармен Тұрсын ханның келгені туралы баяндайды. Есім хан Тұрсын ханды үлкен құрметпен қарсы алғанын, өзара әңгіме сыйластық жағдайда өткенін, көпе-көрнеу алалық байқалмағанын білдіреді. Есім хан Тұрсын ханға қарата айтқан кеңесінде оны іш тартып, "біз, біздің әулет" деген сөздерді қолданады. Құрметті мейманы Әбілғазыны Тұрсын ханның қолына табыстайды.

Арада екі жыл өтер-өтпесте Қазақ Ордасының ішкі тарихындағы ең ауыр оқиғаға жол ашылады, ағайынды ұлыстар арасындағы, ақыр түбі бірінің басын бірі жойған қанды қырғын басталады.

Сол заман тарихшысы Махмұд бен Уәлидің айтуынша, Есім хан 1627 жылы жорық туын көтеріп, бүкіл алаш әскерін жинап, қатағаннан, ұлыстың басқа да руларынан құралған қосындарын топтап, Моғолстан тарабына – қалмақтарға қарсы соғысқа аттанады. Мазасыз көршіге айналған, күн озған сайын күшейіп бара жатқан қалмақтарды ойсырата жеңеді.

Міне, дәл осы кезде Тұрсын хан да бар әскерімен аттанады, алыстағы жауды емес, жақындағы бауырын тапап, Түркстанды шабады. Қарусыз қаншама жұртты қырғынға бөктіріп, ат тұяғы тиген жердің бәрін ойрандайды. Есім ханның үй-ішін, әйелдері мен жас балаларын тұтқындап, Ташкентке әкетеді. Енді Есім ханның өзін құртпақ болып, жеңіске жетсе де ауыр шығынға ұшыраған, жорықтан қайтып келе жатқан қазақ қосындарының жолын тосады. Тұтқиылдан тимек болады. Бірақ Есім хан уақтылы хабарланады.

Кейінгі қазақ ғұламасы Мәшһүр-Жүсіп жинастырған әңгімелердің бірінде Есім хан жұртының ойрандалғанын естігенде жын буғандай құтырды, ашу-ызадан неше күн бойы есін жия алмады деп жазылған.

Бірі қорқаулақтан, бірі кектен көздерін қан басқан екі әмірші Сайрам қамалының түбінде беттеседі. Бір жақта – екі арыс қатаған және оған ерген қаншама қауым, екінші жақта үш арыс алаш және оған қосылған қаншама жұрт. Бәрі де қазақ. Жан түршігерлік мейірімсіз ұрыс, сол заман тарихшысының сөзімен айтқанда, өрттей қаулайды. Есім ханның тепкініне шыдай алмаған Тұрсын хан жеңіліске ұшырап, Ташкентке шегінеді.

Осы кезде Әндижандағы Абылай сұлтан көтеріледі, Тұрсын ханның Біскент, Шахруийа қалаларына отырғызған әміршілерін талқандайды. Жизақтан алшын Бекоғлы би аттанады.

Жері тарылған Тұрсын хан Есім ханды Ташкент түбінде қарсылайды, аяусыз шайқаста тағы да қирай жеңіліп, бар әскерінен айрылып, ішкі қамалға паналайды. Бірақ дәмі біткен, бағы тайған ханның нөкерлері ашулы әскердің қалаға кіруін күтпейді. Тұрсын ханды тұтқындап, жауының қолына береді.

Есім хан Тұрсын ханның басын алып, найзаға шаншып, "маған қарсы шыққан дұшпанның көрер күні осы!" деген ишаратпен, өзінің бітіспес жауы – Бұқар ханы Имамқұлыға сәлемдемеге жібереді.

Есім хан мұнымен де тоқтай алмайды. Бүлікшіге тірек болған, мейманасы тасып, қалған қазаққа қарсы қылыш көтерген қатаған руын

өлім жазасына кеседі. Құдіретті қатаған қауымының арбаның күпшегінен бойы асқан еркек кіндіктісі түгел найзаға ілінеді, әйел заты түгел үлес-олжаға беріледі, әр түрлі себеппен кешірім жасалған жеке топтары басқа руларға таратылады; өзімен бірге қалмаққа аттанған қатағанның бір бөлгіне ғана тимесе керек. Бұрынғы қазақ тарихшылары Оңтүстік өңірдегі шанышқылы руы сол қатағанның сарқыты деп есептейді. (Шындығында шанышқылы – ежелден қалыптасқан дербес ру, ыдырап, тозған қатағанның қалдығы осы шанышқылының құрамына қосылған.) Біз мана XVI ғасырдың аяқ кезінде Шығыс Түркстанға Сұлтанғазы төре бастап барған қазақтар туралы айтқан едік. Бұлар да қатаған болатын. Арттағы жұрттан қайыр кеткен соң, заманнан заман оза келе олардың ізі жоғалады. Еуропа этнографтары Шығыс Түркстандағы, қазіргі ұйғыр халқының құрамындағы, әдет-ғұрпы да, ән өнері мен сөз өнері де өзгеше долан деген қауымды бір кезде қазақ болған жұрт деп есептейді. Үйіріне қайта қосылуға мүмкіндік таппаған бейбақ қатағанның тағы бір жұрнағы осы болар.

Қатаған қырғыны – Есім ханның жеңісі емес, бүкіл Қазақ Ордасының үлкен жеңілісі болды. Іргелі елдің туын көтеріп отырған сегіз ұлыстың екі бөлшегі түнекке батыпты. Содан былай қазақ мемлекетін құраған қауым алты алаш аталады. Келесі бір сілкіністе қырғыз және қарақалпақ пен құрама іргесін бөледі. Қазақ халқы деген атауды ұстап үш алаш – үш жүз ғана қалады. Екі сан қатаған аман болса, бес алаш – бес жүз болар едіңіз.

Кім кінәлі? Адам ба, тағдыр ма? Адам десек, бас күнәкар – ұлт мерейінен жеке бастың бағын артық көрген, бәсекелес ханға емес, баурындағы жұртына қарсы қылыш ұрған Тұрсын хан. Бірақ соншама жұрт неге ерді Тұрсын ханға? Неге ақырына дейін қолдады?

Сірә, Қазақ Ордасы қаншама жерді иеленіп, қаншама жұртты бір ту астына келтіріп, енді жаңа бір сапаға – империялық деңгейге шығу кезеңіне жеткен шақта, әскери қуат пен экономикалық, шаруашылық жағдайлары өзара үндестік таппаса керек. Игерілмек кеңістік тым байтақ еді. Елдің тіршілік-тынысындағы алалық біршама. Жер мәуесіне қараған Түстік пен мал сүмесіне қараған Терістік жарасымды бірлікке жете алмады. Егер тыныштық заман болса, енді бір жиырма-отыз жылда, асса елу жылда бәрі ортақтасар еді. Бірақ қазақтың сорына ерлігінен өрлігі басым, адамдығынан аярлығы асқан Тұрсын хан ел билігіне жетті...

Тарихта әйтпесе былай болар еді деген болжал жүрмейді. Ғылым – болған іске ғана төреші. Алайда, ықтимал іс туралы толғам – өткенді тануға ғана емес, келешекті айқындауға да қызмет етсе керек. Ежелгі Қазақ Ордасы қайта жаңғырып, Қазақстан республикасы атанып, өзгеше бір өріске бет қойған шақта ұлттық тарихтың көлеңке көріністерін байыптаудың өзі игі жолға бастамақ.

ЕКІ ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ СОҒЫС
(Алғашқы жартысы)

Еңсегей бойлы Ер Есім хан тұсында, Қазақ Ордасы кемеліне келіп тұрған заманда, ойрат, яғни қалмақ жұрты мен алаш жұртының арасындағы ежелгі қайшылық біржола ушығады, бұдан жетпіс-сексен жыл бұрын басталған тынымсыз майдан енді бітіспес кекке ұласады.

Орталық Азиядағы үстемдік үшін күрескен екі халық арасындағы кенеусіз ұрыстар 1520 жылдары басталып, ара-тұра азғана үзілістермен 1758 жылға дейін (батыстағы қалмақтың соңғы көшіне сілтесек, 1771 жылға дейін), яғни екі ғасырдан астам уақытқа созылады. Бұрынғы-соңғы заманда ешбір халық тарихында болмаған, жауласқан екі жұрт бірін-бірі қырып түгесуді ғана мұрат тұтқан ғаламат майдан, жүйелі түрде жүргізілген тынымсыз да тыйымсыз кезек шабыс атадан – балаға, немереден – шөбереге, одан шөпшек, туажатқа ауысады.

Екі елдің де барлық күш-қуатын жалмаған, экономикалық және рухани дамуын тежеп, тікелей ұрыстарда жүз мыңдаған адамның қанын төгіп, халықтардың табиғи өсімін біржола шектеген екі жүз жылдық соғыс нәтижесінде ойрат жұрты ажал қақпасынан аттап, жер бетінен мүлде жоғалады, қазақ жұрты құлдық қақпасынан аттап, отарлық кепке түседі.

Түрік қауымы қалмақ деп атаған, қытайлар өлүт деп атаған моңғол нәсілді бұл халықтың өзіндік есімі – ойрат. Жауынгер ойрат қауымы Шыңғыс хан тұсындағы тарихтан белгілі. XV ғасырдың алғашқы жартысында, алас-күлес заманда ойраттар Алтайдың түстігі мен Қара Ертіс өңіріне – ежелгі керей, найман қоныстарына берік орнығады, Шыңғыс ханның кенже ұлы Төле хан ұрпақтарының билігіндегі моңғол ұлысының сол қанатын құрайды; жоңғар (зұңғар, жұңғар), яғни сол қар, сол қол атауының шығуы осыдан. Ойраттар Бату ханның Шығыс Еуропа жорығына қатыспайды, тақау көршілері – бүкіл Орталық Азия мен Шығыс Түркстан халықтары исламға біржола бет бұрғанда өздерінің ата мұрағаты – шаман дінінде қалады, сонымен қатар, ежелгі ерлік дәстүрін де берік сақтайды; біртұтас моңғол-қытай мемлекеті – Юань империясы құлағаннан соң дербестік туын көтереді.

Ойраттар қоныстанған өлке табиғаты бай болғанымен, базарлы жұрттан, кентті аймақтардан шалғай жатқан. Сондықтан өз ордасын тіккен алғашқы күндерден бастап-ақ Ойрат ұлысы шығыста Қытайдың, батыста Мәуреннахрдың дулы базарларына жол ашу үшін күресуге мәжбүр болды.

1420 жылдарда бүкіл ойрат жұртын бір байрақ астына келтірген Тоған хан көп ұзамай Халханы да жаулап, ежелгі моңғол мемлекетін қайта көтереді. Қытайға қарсы шешуші соғысқа дайындалады. Әкесінің ісін жалғастырған Есен хан үлкен жорық ұйымдастырып, 1449 жылы Қытайдың қалың қолын талқандайды, боғдұханның өзін тұтқынға түсіреді; әскери және саяси үлкен жеңіс нәтижесінде Шынмашынның байтақ базарына жол ашып, тиімді экономикалық келісімдер жасайды. Ойраттар ұйтқы болып отырған жаңа моңғол мемлекетінің қуат-күші осыдан-ақ аңғарылса керек.

Ойраттардың түрік қауымымен арадағы, тарихтан белгілі алғашқы этникалық соғысы 1457 жылы болған. Тоған ханның немересі, Есен ханның ұлы Өз-Темір тайшы бүкіл ұлысымен жылжи-қонып Шуға жетеді де, бала-шаға, қатын-қалашын, үй-жайымен сол араға қалдырып, мол әскермен шеру тартып, Сыр-Дарияның жағасынан бір-ақ шығады.

Әбілқайыр ханның тарихын жазған Масғұд Кухистанидың айтуынша, шешуші шайқас Сығнақ қаласына тақау жерде, Көк Кесене күмбезінің маңында болады. Ұрыс алдында Өз-Темір тайшының елшісі Әбілқайыр ханға: "Көбеден қан шықпасын, көйлектен тер шықпасын!" – депті. Бұл – бұрынғы-соңғы тарихшылар байыптағандай, "Ұрыспай бітісейік" деген сөз емес, "Ұрыспай беріліңдер!" деген сөз.

Өркеуде Дәшті-Қыпшақ әскері соғысқа құлшына кіріседі. Екі қосын айқаса беттесті, шым-шытырық араласып кетті деп жазады тарихшы. Көк аспанды шаң басты, қара жерді қан басты. Ұрыс дабылы ертеден кешке озды, бірақ ақыр түбінде жеңіс самалы қалмақтар жағына шықты дейді.

Әбілқайыр хан Сығнақтың берік қамалына шегініп, әрең жан сақтайды. Өз-Темір тайшы бүкіл Сыр бойын, Ташкент пен Шахрухийа уәлаятын ойрандап, Әбілқайыр ханды кіріптар бітімге тізе бүктіріп, қаншама жәсір, мол олжамен Жоңғарға қайтады.

Егер Қазақ Ордасы 1456 жылы ту көтерді десек, бұл – Керей мен Жәнібек ірге аударғаннан соңғы жыл. Жеңіліске ұшыраған – Шәйбан әулеті. Әбілқайыр қосындарын бастап соғысқа кірген әскербасылар қатарында Орыс хан әулетінен ешкім аталмайды. Бірақ жайпалған халық – ертеңгі қазақ қауымы, ойрандалған жұрт – ежелгі қазақ қонысы деуге тиіспіз.

Берекесі қашып, бұлғақ жайлаған Дәшті-Қыпшақ жұртының үстінен қара құйындай ұйытқып өткен ойрат шапқыны – болашақ қанды қырғындардың хабаршысы іспеттес еді.

* * *

Қазақ Ордасының алғашқы жетпіс жылында ойраттармен арада тыныштық болғаны байқалады.

Қазақтар түстікте Шәйбан әулетінің билігіндегі Мәуреннахрмен, батыста Ноғай Ордасымен, шығыста Моғолстанмен күрес үстінде өзінің ұлысын ұйыстырып, ата қонысын иеленіп, хандығын нығайтты.

Есен ханнан соң ұжымы кеміп, қуаты қайтқан ойраттар арғы тарапта аталас туысы халха-моңғолмен, бергі тарапта Шығыс Түркстандағы түрік қауымын беріктіріп отырған Моғолстанмен тынымсыз соғыс үстінде өзінің мекен кеңістігін ұлғайтуға, базарлы өлкелерге жол ашуға тырысты.

Осы орайда, қазақтармен жаулық жолын тұтқан Моғолстанның өз ырқынан тыс, ұзақ уақыт бойы қалмақтармен арадағы қалқан болғанын көреміз.

Бұл кезеңде ойраттар Моғолстанды әлденеше рет қиратып шабады. Бірақ қуаты зор моғолдар да ойраттарды үлкен қырғынға ұшыратып отырады.

Екі ұлыстың күші шамалас еді. Алайда Моғолстан Қазақ Ордасымен арадағы бақас жаулық, Өзбек мемлекетімен арадағы дипломатиялық ұтылыс және өзіндік ішкі қайшылықтар нәтижесінде, XVI ғасырдың орта тұсында бұрынғы қуатынан айрылады, жері тарылып, жеке иеліктерге бөлінуге бет алады.

Міне, осы кезде Қазақ Ордасы мен Ойрат Одағы бірме-бір, бетпе-бет келеді. 1520 жылдарда, Тайыр хан заманында басталған жекелеген қақтығыстар зор майданға ұласады.

Соғыстың әуелгі кезеңі қазақтарға жайлы тимесе керек. Осының алдында ғана біріккен өзбек-моғол шапқынында ауыр шығынға ұшыраған, бұлғақ жайлап, ұжымы азайған Қазақ Ордасы қарбалас күйге түседі.

Сол заманнан жеткен үзік-үзік деректерге қарағанда, 1550 жылдардың бас кезінде – Бұйдаш ханның тұсында үлкен бір соғыста қазақтар жеңіске жетеді, бірақ қайтадан күш топтаған қалмақтар қуа шығып, қазақ шерігін талқандайды. Жарым әскерінен айрылған, жұртын алдырған қазақ ханы Ташкент уәлаятын билеп отырған Наурыз-Ахмет ханнан көмек сұрапты. Түрік тарихшысы Сейфидің айтуынша, Наурыз-Ахмет: "Жалғанды жалмайтын йәжүж деген жұртыңыз – осы; сен екеуіміз сияқты он хан бірігіп аттанса да, бұларды тоқтата алмайды" – депті. Сейфи қалмақтардың жаужүректігіне ғана емес, санының көптігіне де назар аударады.

Қасым хан заманындағы қуатынан айрылғанымен, кеудесі басылмаған қазақ қандас, діндес көршілерінен күдер үзіп, тәуекелге бел буғаны, қалған үш тарапта бейбіт келісімдер жасасып, дәл осы кезеңдегі ең қатерлі жау – Ойрат Одағына қарсы соғысқа бар күшін жұмылдырғаны байқалады.

XVI ғасырдың орта шеніндегі ойрат-қазақ соғысының кеңінен етек алған сұрапылдығы сондай, Европаны аралап келіп, бүкіл Азияны көктей өтпек болған, ежелгі Жібек жол сорабымен Қытайға беттеген ағылшын көпесі әрі саяхатшы Антони Дженкинсон 1557 жылы Қазақстан шегінен аса алмай, ат басын бұрады.

Бұл соғыс толығымен қазақтардың пайдасына шешілгенін көреміз. "Қазақ хандары ойрат тайшыларынан басым шықты", – деп жазады Орталық Азия тарихын зерттеген орыс оқымыстылары. Қазақтардың қалмақтарды біршама орнығып қалған қоныстарының өзінен бостырып, шығысқа, Көкүнор алабына дейін ығыстырғанын айтады.

1570 жыл шамасында Ноғай Ордасында болған орыс елшісі Д.Губин өзінің Иван Грозный патшаға әкелген ақпарында былай депті: "Шихмамай мырзаға Үргеніштен келген хабарға қарағанда, қазақтар түп көтеріліп, ноғайға қарсы аттанбақ көрінеді. Тақсыр ием, бұл қазақтар өте күшті деседі, қалмақтарды өзіне қаратыпты. Шихмамай, Жүсіп және басқа да мырзалар Қазақ Ордасынан қатер күтіп отыр". Яғни, Ойрат Одағын ойсырата жеңіп, шығыс және солтүстік-шығыс тарапты тыныштандырған Қазақ ұлысы енді Қасым хан заманынан бергі саясатты

– Ноғай Ордасын бөлшектей отырып, өздеріне біржола қосып алу әрекетін одан ары жалғастырғаны көрінеді.

Қалмақ пен қазақ арасындағы қақтығыс туралы бұдан соңғы белгілі дерек – 1585 жылға сәйкеседі. Бұл реткі қанды соғыста қазақ шерігінің маңдай қосынын бастаған Ұзын оқты Ондан сұлтан шәйіт болыпты. Бірақ ұрыс қазақтардың пайдасына шешілгенін көреміз.

Күш-қуаты қабынданған Тәуекел хан келер жазда және бұдан соңғы жылдарда Бұқар хандығына қарсы соғысты жаңа арнаға түсіреді, оқтын-оқтын Мәуреннахр шегіне басып кіріп, ықпал аймағын кеңейте береді.

Бұл заманда қалмақ-қазақ арасы тыныш болғанға ұқсайды. Ал тыныштық себебі туралы нақты мағлұмат бар. Бізге белгілі соғыстан соң, арада он жыл өткенде, 1595 жылы Мәскеуге келген қазақ елшісі Құл-Мұхамед Ресейде мейман-тоқтауға түскен Ораз-Мұхамед сұлтанға: "Қазіргі кезде ағаң Тәуекел хан Қазақ Ордасын қолына алды, інісі Шах-Мұхамед сұлтанды Қалмақ жұртына отырғызды", – дейді.

Елшілік құжаттарында Тәуекел қазақ-қалмақ ханы деп аталады. Ресей патшасы Федор Ивановичтің өз кезегінде Тәуекел ханға жолдаған құжат-хатында: "Бұдан бұрын ұлысыңыз бытырап кеткен еді, енді, құдайдың рақымымен екі Орда – Қазақ пен Қалмаққа қатарынан билік жүргізіп отырсыз", – деген сөздер бар. Яғни, Ресей өкіметі Тәуекел ханның Қалмақ Ордасын өзіне қаратып отырғанына күмән келтірмейді. Сонымен қатар, өз елшісіне тапсырған құпия нұсқауында: Қазақ Ордасына қалмақ жұрты түгелімен тәуелді болып отыр ма, әлде белгілі бір бөлігі ғана кіріптарлыққа түсті ме – осыны нақты анықтауды тапсырады.

Тиісті құжаттар толық сақталмаған себепті, орыс елшілігінің бұл тарапта қандай мәлімет жинап қайтқаны белгісіз. Осы кезеңдегі Ойрат Одағына қатысты басқадай да мағлұматтарды, қалмақ руларының көші-қоны, тұрақ-мекені туралы деректерді байыптасақ, қазаққа қараған – торғауыт пен дүрбіт деп шамалауға болады.

1587 жылы, шығыс моңғолдар мен батыс моңғолдар, яғни, Халха мен Ойрат арасында соғыс басталғанда, Ойрат Одағын құраған бес ру елу мың әскер жасақтайды, соның ішінде хошауыттан отыз мың шықса, торғауыт екі мың, дүрбіт сегіз мың шерік береді; бұл кезде жалғыз торғауыттың өзі қырық мың түтін еді, қырық мың әскер шығара алатын; дүрбіттің де қуаты зор еді. Яғни, аталмыш халха-ойрат соғысы кезеңінде торғауыттар мен дүрбіттердің негізгі бөлігі ойрат бірлігінен тысқары қалғаны, Қазақ Ордасы құрамында болғандықтан, шығыстағы соғысқа араласа алмағаны көрінеді. Жоңғар тарихын зерттеген орыс оқымыстысы Илья Златкин бұл екі рудың шынында да қазаққа бағынғанын терістемейді. Қазақтың Тәуекел ханы Ертісті құлдап, Солтүстік-батыс Сібірге қарай жылжыған ойрат тайшыларын талқандады дейді.

Міне, осы деректердің өзі-ақ Қазақ Ордасы мен Ойрат Одағының ара салмағын айқын аңғартады. Бұл жағдайдың қаншаға созылғанын білмейміз.

Қазақтардың 1595 жылғы Мәскеу елшілігінен соң, арада үш жыл өтер-өтпесте Тәуекел хан тоқсан мың аламанмен Орта Азияға қарсы ұлы

жорығын бастайды. Бұл әскердің құрамында қалмақтар болды ма, болмады ма – ол туралы нақты дерек жоқ. Бірақ Қалмақ ұлысы Тәуекел ханға шерік бермеген күннің өзінде, дәл осы жылдарда Қазақ Ордасымен береке-бірлікте тұрғаны күмәнсіз.

Алайда, көп ұзамай, Есім хан тұсында, XVI ғасырдың бас кезінде, ежелгі қайшылық, ескі кек қайта тұтанады, екі жүз жылдық ойрат-қазақ соғысының жаңа кезеңі басталады.

Ежелгі қоныстарынан тықсырылған, өрісі тарылған ойрат рулары бас қосып, аз уақыт бірлікке жетеді де, 1604 жылы тамызда түп көтеріліп, Қазақ Ордасына қарсы жорыққа аттанады. Бұл соғыс қалмақтар үшін үлкен жеңіліспен аяқталады. Сол замандағы Ресей құжаттары: "Қазақ Ордасы қалмақтарды күйретіп жеңді, ұлысын ойрандап, қатын-баласын олжалады, өздерін қырып-жойып, жұртынан бостырды" – деген мағлұмат береді.

Тобынан жырылған торғауыттар және дүрбіттердің бір бөлігі Батыс Сібірге бойлай енеді. 1607 жылы орыс шекара өкіметіне елші салып, өздерін Қазақ Ордасынан және халха-моңғолдан қорғауды өтінеді. Осы өңірде көшіп-қонуға рұқсат берсе, Ресей бодандығын қабылдайтынын мәлімдейді.

Тарихи деректерге қарағанда, Есім хан халха-моңғолдың Алтын-ханымен тізе қоса отырып, Ойрат ұлысын екі жақты қыспаққа алғаны көрінеді.

Дәл осы тұста жиырма жылдық Қазақ-бұқар соғысы басталған еді. Қазақ Ордасының негізгі күш-қуаты Мәуреннахр тарабына бағытталады. Оның үстіне, 1614 жыл шамасында Қатаған Тұрсын хан Оңтүстік өңірде дербес саясатқа бет бұрады. Жағдайды ұққан қалмақ тайшылары тізе қосып отырып, Қазақ Ордасына қарсы соғыс қимылдарын күшейте түскені байқалады. Сібір өкіметімен арада қатынаған елшілердің сөзі мен мінезіне қарағанда, ойраттар біршама табысқа жеткен тәрізді деп шамалайды кейінгі орыс тарихшылары.

Бұл кезде қалмақ руларының алғы легі Ертісті құлдап, Есілден өтеді, Жемге жетіп, Жайыққа дейін шабуылдап, Ноғай Ордасын ауыр жеңілістерге ұшыратады.

1616 жылы көктемде Қалмақ еліне барған орыс елшілері қазақтың Ұлы жүзі және Енисей қырғыздары ойрат билігін таныпты деген хабар әкеледі. Анық болған күннің өзінде, өткінші ғана жағдай. Келесі, 1617 жылы дүрбіттің Далай-тайшысына барған орыс елшісі И.Савельев қазақ пен қалмақ тепе-тең қалыпта, бейбіт отырғанын көреді. Бірақ бұл – соғыс арасындағы уақытша ғана тыныс болатын.

Дербестікке ұмтылғанымен, Бас Ордадан мүлде тізгін үзіп кетпеген Тұрсын хан Оңтүстікте – Бұқар майданында жағаласып жатқанда, Есім хан халха-моңғолдың Алтын-ханы Шолай-Үбашымен берік одақ жасаса отырып, Ойрат ұлыстарына қарсы тегеурінді жорық ашады.

1619 жылы жазда батыста қазақтан, шығыста халхадан жеңілген ойраттар ірге теуіп қалған қоныстарынан ығысады, бей-берекет араласып, бас билігінен жаңылады.

Алайда, Хара-Хұла, Байбағыс сияқты жауынгер тайшылар қалмақтың төрт ұлысын қайта жұмылдырады. 1620 жылғы жазда бітім туралы келіссөздермен алдаусырата отырып, Қазақ Ордасына тұтқиыл шабуыл бастайды.

Шеткі ауылдары топан астында қалған Есім хан шұғыл аттанып, қалмақтарды қирата жеңеді; сол замандағы орыс деректері: "Қазақ Ордасының Есім ханы қалмақтарды қатты қырғынға ұшыратады, қалмақ тайшылары өте қиын халге түсті", – деп көрсетеді.

Келер жылы тағы да ауыр жеңіліс тапқан ойраттар Сібірдегі орыс қалаларының төңірегіне дейін қаша шегініп, жан сақтауға мәжбүр болады. Бұл кездегі орыс құжаттарында Ойрат Одағының ең үлкен әміршісіне айналған Хара-Хұланың ауыр жағдайда қалғаны, бүкіл қалмақ жұртының қазақ шапқынын күтіп, қалтырап отырғаны туралы нақты баяндалған.

Қалмақтардың маңдай ұлыстарын Есіл мен Тобылдың сағасына дейін қудалаған, Ертістен асырып, Обьқа құлатқан Есім хан енді бар назарын түстікке аударады. Екінші бұқар-қазақ соғысын жеңіспен аяқтап, бұл тараптағы қазақ иелігінің шегін берік бекітеді. Содан соң Қазақ Ордасының құрамындағы барлық ұлыстың таңдаулы қосындарын бастап, қалмаққа қарсы қайтадан бет бұрады.

1627 жылғы ұлы жорық нәтижесінде Еңсегей бойлы Ер Есім хан Ойрат Одағын екі жүз жылдық соғыс тарихындағы ең ауыр жеңіліске ұшыратады. Есім ханның соққысының ауырлығы сондай, бір байрақ астына ұйысып, үлкен күшке айналған Ойрат ұлысы шылпара ыдырайды.

Ұзын саны екі жүз мыңнан астам жауынгер торғауыттар Ойрат Одағынан біржола ажырап, батысқа қарай ығысады.

Әскери қуаты да, жекелей алғандағы сандары да торғауыттан асып түсетін шорас пен дүрбіт әуелгі қоныс – Жоңғарға қарай қайта шегінеді.

Бүкіл ойраттың бас билігіне таласқан, енді ауыр шығыннан қансырап, саялы қоныс таппаған хошауыттар Тибетке өтіп кетеді.

1627-1628 жылдары әуелгі Ойрат Одағының ыдырауын қалмақтың ақтабан-шұбырындысы деп атауға болар еді.

Қазақ Ордасының ұлы жеңісі бүкіл Жетісу, Ертіс пен Жоңғар өңіріндегі түбегейлі үстемдікке жол ашқан еді, осы уақытқа дейін тура жүз жылға созылған ойрат соғысы біржола тәмамдалуға тиіс еді. Бірақ дәл осы кезде Қатаған Тұрсын ханның дербес саясаты нәтижесінде Қазақ Ордасында сұрапыл азамат соғысы басталады. Қуат-күші бойына сыймаған алаш ұлының өзара қырқысы кезінде жарақ асынған аламанның үштен бірі болмаса да, анық төрттен бірі жер жастанады. Қазақ Ордасының қарымы қысқарады, жауынгер жұрттың серпімі азаяды, алаш рухы еріксіз тұншығады. Нәтижесінде Ойрат рулары уақыт ұтып, еркін тыныс алады, ес жиып, ежелгі ерлік дәстүрін табады, жаңа ұрпақ өсіріп, ұлыс болашағы жолындағы күрестің жаңа тәсілдерін қарастыра бастайды.

1627 жылғы жеңілістен соң босқынға ұшыраған торғауыттар ендігі несібесін батыс тараптан іздейді. Етек-жеңін жиып, берісі Жайық, арысы Еділде көшіп-қонған ноғайларға қарсы соғыс бастайды. Береке-бірліктен

айрылған, қауқары қайтқан Ноғай Ордасын әлденеше мәрте ойсырата жеңіп, айналасы он бес-жиырма жылда екі өзеннің бойын да еркін қоныстанады. Сөйтіп, ежелгі Алтын Орда жерінің қақ жүрегінде жаңа бір қалмақ хандығы орнайды. Ноғайларды біржола талқандап, жұртынан бостырып, елдіктен айырған қалмақ жүз елу жыл бойы қазақтардың қақ желкесінде отырған қатерлі дұшпанға айналады.

Ал Есім ханнан жеңілген соң халха-моңғолдың Алтын-ханын ығыстырып, ата қонысқа, шығыс өңірге оралған жоңғар рулары арада он жыл өтпей қайта ұйысады. Шорас, хошауыт, дүрбіт және жаңадан көтерілген хойыт – жауынгер төрт тайпа өзара мәмлеге келеді.

Әуелгі Ойрат Одағынан әлдеқайда қуатты жаңа қалмақ мемлекеті – Дүрбін-Ойрат, немесе Жоңғар хандығының туы көтеріледі.

Осының алдында ғана әрқайсысы өз бетіне тартқан ойрат ұлыстарының басы қосылып жаңа орда құруы – табиғи іс, тарихи заңдылық болатын. Бір жақтан қазақ, бір жақтан халха-моңғол қысқан жоңғар жұрты мүлде құрып кету қаупіне ұшыраған. Ауыр жеңілістер бірлік қажетін айқындаған. Оның үстіне, 1616 жылы ойрат халқының ресми діні болып жарияланған ламаизм дәл осы шамада елдің сүйегіне сіңе бастаған. Діни сана мен ұлттық сана бір арнадан табылады. Нәтижесінде, ойрат жұрты бір ел, біртұтас халық ретінде ұйысады.

Тұтастығын сезінген, күш-қуатын бағамдаған қалмақ өзінің өрісінің тарлығын аңдайды, сөйтіп, жер шегін кеңейтуге, базарлы өлкелерге жол ашуға ұмтылады. Орталық Азиядағы ең шұрайлы жайылымдарды иеленіп отырған, Мәуреннахрдың дулы базарларымен аралықта тұрған Қазақ Ордасына қарсы аяусыз соғысқа шығу – Дүрбін-Ойраттың өмірлік қажетінен туындаған.

Соғыстың біржола өршіп, бітіспес кепке көшуіне тағы бір себеп – бұл кезде шығыстағы Халха-моңғол хандығы әлсіреген, оңтүстіктегі Моғолстан ыдыраған; қазақтың терістігінде еміне ұмтылып Ресей тұр, түстігінде сыбана күтіп Бұқар отыр, ал қалмақтың төрт аяғы бос, қазақтан басқа жауы қалмаған.

САЛҚАМ ЖӘҢГІР

Қаһармандар замана талабымен, халық қалауымен туады дейді. XVII ғасырдың алғашқы үшегінде қазақ елінің аруағын арқалаған – Еңсегей бойлы Ер Есім хан болса, ойрат жұртының ең әлуетті әміршілері – хошауыт Байбағыс пен шорас Хара-Хұла тайшылар болды. Бұл екеуі өзара бақас болса да, тізе қосып қимылдайды. Бірақ уақыт озған сайын шорас руының бағы аса береді, ақыры, 20-жылдардағы ауыр күрес кезінде ел тізгіні Хара-Хұлаға көшкені байқалады. 1634 жылы Хара-Хұла өлгеннен соң, оның орнын басқан үлкен ұлы Хото-Хоцин-Батұр, Тибеттегі Далай-ламаның алқауымен және Жоңғардағы қалмақ

жұртының қалауы бойынша Ердене-Батұр қоңтажы деген атпен, бүкіл Ойрат елінің әміршісі болып танылады.

Ердене-Батұр қоңтажы хүкім жүргізе бастаған 1635 жыл – Жоңғар мемлекетінің құрылған жылы деп есептеледі.

Әуелде атағына сай әмірі болмаған Батұр қоңтажы алғашқы қадамынан бастап-ақ бытырап кеткен ойрат ру-тайпаларын қайта топтауға тырысады, бірін айламен, бірін күшпен дәргейіне келтіреді. Айналасы төрт-бес жыл ішінде зор билікке жетеді. Ең басты мақсат – Қазақ Ордасын талқандау деп біледі.

Ойрат ұлысы қайта көтеріліп, Жоңғар хандығы құрылған кезде Қазақ Ордасы осының алдында ғана қара дауылдай ұйпап өткен азамат соғысының ауыр жарасынан әлі толық оңалмаған. Бірақ кеше ғана талқандалған Дүрбін-Ойраттан қуаты артық болатын.

Бұл кезде елдің ішкі-сыртқы жағдайына қатысты оқиғаларға байланысты Жәңгір сұлтанның ғана аты аталады. Осыған орай кейбір деректерде Есім хан Тұрсын ханды жеңгеннен соң көп ұзамай, сол 1628 жылы дүние салды деп көрсетіледі. Кейінгі тарихшылар да осыған тоқтайды. Сонда, іргесі бүтін ел он бес-жиырма жыл бойы хансыз тұруы мүмкін бе? Ел басында отырған, жауға қарсы қол бастаған, жат жұртқа елші аттандырған, сыңайына қарағанда, билігіне ешкім таласпаған Жәңгірдің хан емес, сұлтан аталуы қалай? Басқаша болуы мүмкін емес екен. Нақты тарихи құжаттарға қарағанда, бұл кезде Есім хан әлі тірі. 1635 жылғы орыс деректерінде: "Қазақ Ордасының әміршісі – Есім хан, ал оның ұлы Жәңгір ханзада қара қалмақты билеп отыр" деп көрсетілген. 1643 жылға қатысты ойрат деректерінде, атап айтқанда, "Зая-Пандитаның ғұмырбаянында": "Батұр қоңтажы Есім ханға қарсы жорыққа аттанды", – деп жазылған. Бірақ өмірде бар Есім хан ешбір іске араласпайды. Қартайып тұғырдан таймаса керек. Қатаған қырғынынан соң ауыр сырқатқа ұшырады деп қана шамалауға болады. Көзі бар, өзі жоқ Есімнің тірі бола тұра ешбір іске араласпауына, Жәңгірдің бар билікті алып отырып хан атанбауына басқаша себеп таппадық. Есім ханның Қатаған соғысы кезінде ауыр дертке шалдыққанын Мәшһүр-Жүсіп жинақтаған тарихи әңгімелер де растайды.

Хүкімі зор, әмірі қатты Жәңгір сұлтан іргеден қабындап келе жатқан қара дауыл қаупін айқын сезінеді. Барлық күш-қуатын, ақылы мен саясатын бір-ақ мақсатқа – туған жұртының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне жұмсағанын көреміз.

Ойрат ұлысының жаңа бірлігі – Жоңғар хандығы ту көтерген 1635 жылы Жәңгір сұлтан Қазақ Ордасына жартылай тәуелді дүрбіт Далай тайшымен тізе қоса отырып торғауыттың Хо-Өрлік тайшысына қарсы үлкен жорық ұйымдастырады. Бұл соғысқа Құнделен тайшы бастаған хошауыттардың бір бөлігі де қатысса керек. Қазақ-дүрбіт-хошауыт қосындары осының алдында ғана ноғайларды талқандаған, башқұрттарды шапқан, нәтижесінде Жем мен Жайық бойын еркін иеленген торғауыт жұртын ауыр шығынға ұшыратып, батысқа қарай ықтырады. Бұл – жаз айларында болған оқиға.

Арада жарым жыл өтпей Қазақ Ордасының өзі тұтқиыл шабуылға ұшырайды. Қоңтажы Ердене-Батұр бастап ұйымдастырған бұл қысқы жорықта қазаққа қарсы бір мезгілде екі тараптан әскер шыққаны көрінеді. Батұр қоңтажының өзі шығыс жақтан келіп тисе, терістік-батыстан ант бұзған дүрбіт Далай мен Түрген және шорас Күйші тайшылар шабады.

“Қара қалмақтар түп көтеріліп, Қазақ Ордасына аттанды, Қазақ Ордасының кісілері қарсы шықты, соғысты, қатты қырғын болды. Ақыры қара қалмақтар жеңіп, Есімнің ұлы Жәңгір ханзаданы тұтқындап әкетті“, – деп көрсетеді сол замандағы орыс құжаттары.

Жәңгір сұлтан қалмақ тұтқынында қанша уақыт болды, одан қашан және қалай құтылды – бұл жағы бізге белгісіз. Нақты сақталған дерек – әлі де сұлтан дәрежесіндегі Жәңгір 1640 жылы күзде Батұр қоңтажыға арнайы елші жібереді. Алайда, бұдан соңғы оқиғаларға қарағанда, ортақ тіл табылмағаны, қазақ пен қалмақ екі жақты бірдей қанағаттандыратын қандай да бір келісімге тоқтамағаны көрінеді.

Сол 1640 жылы Батұр қоңтажы Тарбағатайда Бүкіл моңғол құрылтайын шақырады. Құрылтайға төрт ойратпен қоса жеті қосын халха, Еділге өткен торғауыттар да қатысады. Сөйтіп, бүкіл моңғол ұлысы бірлікке келеді, ойрат-халха жұртының болашағы үшін аса мәнді “Цааджин бичиг“ – “Ұлы заң“ қабылданады.

Құрылтайдан соң қарымы ұзарған, беделі артып, билігі күшейген, бүкіл Жоңғар жұртын қыл шашақты қызыл ту астына топтаған Батұр қоңтажы 1643 жылдың соңында, қақаған қыста Қазақ Ордасына қарсы ұлы жорық ашады.

Бұл жорыққа Жоңғардағы төрт ұлыс Дүрбін-Ойрат түгелімен қатысады, жеті қосын халха-моңғолдың Алтын-ханының ұлы Омбо-Ердене тайшы мол әскермен келеді, тіпті, бұл кезде Еділге өтіп кеткен торғауыт Хо-Өрлік тайшының өзі арнайы жасақ береді. Сөйтіп, арыдағы халха, берідегі ойрат – бүкіл моңғол жұртының он екі ұлысы түп көтеріле аттанады.

Тарихи әдебиетте Батұр қоңтажының бұл жолғы әскерінің ұзын саны елу мың деп көрсетіледі. Қоңтажының дәргейіндегі Абылай тайшы мен Өшірті тайшылардың әрқайсысы жиырма мыңдап әскер шығара алатын еді. Бүкіл моңғол жұртының оңы мен солы түгел аттанғанда құралған қалың қол елу мыңнан әлдеқайда артық болғаны күмәнсіз.

Орыс деректерінің айтуынша, Батұр қоңтажы Алатаудағы қырғызға басып кіреді, жұртын ойрандап, жерін алып, Тоқмаққа дейін жетеді. Бұл заманда қырғыз халқы Қазақ Ордасының бір ұлысы болатын. Ел шетіне жау тигенін естіген Жәңгір сұлтан қарсы аттанады. Кейінірек, соғыстың соңғы кезеңінде жиырма мың шерікпен Бұқар хандығынан Самарқан әміршісі Жалаңтөс аталық жетеді. Яғни, ойрат-қазақ соғысы екі хандық шеңберінен шығып, моңғол-түрік соғысына айналады.

Қазақ Ордасын қолында ұстап отырған Жәңгір сұлтан қанша әскер жасақтады – бұл туралы нақты дерек жоқ. Ұлы майданға бүкіл алаш жұрты түп көтеріле аттанғаны анық. Мүмкін елу мың, мүмкін жетпіс-сексен, жүз-жүз елу мың. Қайткенде де, сан жағынан ойрат-моңғол

шерігінен кем емес. Оның үстіне, бұл кезде сайыпқыран қолбасы, көреген саясатшы Жәңгір сұлтан Еуропа жұртының от қаруын игере бастаған еді.

"Жәңгір сұлтанның алты жүз әскері бар екен", – деп жазады 1644 жылы жазда Жоңғарға барып қайтқан орыс елшісі Г.Ильин. Кейінгі тарихшылардың Жәңгір сұлтан Батұр қоңтажыға қарсы алты-ақ жүз адаммен аттанады деген долбары осы деректен туындаған. Ел шетіне жау кіргенде алты-ақ жүз әскер шыққан халықта қанша қуат бар?! Осының алдында ғана төрт тараптағы тынымсыз соғысқа түмен-түмен шерік жасақтап, жақын көршілерінің бәрін ойсырата жеңген айбарлы ұлыстан небәрі алты жүз жігіт тапқан әміршіде не қасиет бар?! Қисынға келмейді. Бірақ орыс елшісі атап көрсеткен алты жүз әскер – ақиқат дерек екен. Тек Жәңгір сұлтанның барлық әскерінің саны емес, оның бір бөлшегі ғана. Өз заманында-ақ Салқам Жәңгір, яғни Айбынды Жәңгір атанған Ұлы Қазақ бастаған қалың қолдың Еуропалық от қарумен жарақтанған екпінді тобы. Салқам Жәңгір жасағында мылтықпен қаруланған алты жүз атарман бар екен!

Кешегі Тәуекел-бахадұр хан іргедегі Сібір жұрты құлаған кезден бастап-ақ жаңа замандағы жаңа тұрпатты соғыс жарақтарына – отпен атылатын, қандай сауыт, қалқанды болмасын тесіп өтетін мылтық пен күндей күркіреп, жұғысқан жерін ойран қылатын топ-туфандарға қызыға қараған, қайткенде де жаңа қаруды қолға түсіруді армандаған. 1594-1595 жылдарда Мәскеумен арада жүрген елшіліктің негізгі мұраты да осы болатын. Тәуекелден соңғы кезеңде жиырма жылдық Екінші қазақ-бұқар соғысында, ғасырдың алғашқы ширегіндегі қалмақпен арадағы ұрыстарда қазақтардың от қару қолданғаны туралы ешқандай дерек жоқ. Ал 1643-1644 жылдардағы ойрат-қазақ майданында Салқам Жәңгірдің от қарулы арнайы жасағы болуы – Қазақ Ордасының ғана емес, бүкіл Орталық Азияның әскери өміріндегі өзгеше оқиға.

Қаруы бекем Жәңгір сұлтан ұрыс майданында да жаңа тәсіл қолданады. Орыс елшісі Г.Ильиннің айтуынша және сол замандағы басқа да орыс құжаттарының көрсетуінше, Жәңгір сұлтан жау жолына – екі тау аралығындағы тар қысаңға ор қаздырып, оған "от қарулы үш жүз кісісін" отырғызады да, қалған үш жүз кісіні тосқауылға қояды. "Қоңтажы жақындап келгенде орда отырғандар оның көп адамын қырғынға ұшыратты", – деп нақтылап айтады бұл тарихи құжаттар. Қысаң сайда бекінген әскерлер оқ бората бастағанда, бір бүйірде, белес астын тасалаған атармандар да түтінге-түтін қосса керек. Қылыш айқастырмай жатып қырғынға ұшыраған, абыржып, қатары бұзылған қалың қолға Жәңгір ту сыртынан келіп тиеді.

Ресейдің Сібір дуанының сол заманда қағазға түскен шежірелерінде: "Жәңгір екі шайқаста қоңтажының он мыңнан астам адамын қырды", – деп жазылған. Міне, осы, жеке-жеке сыпатталмаса да, айырып аталған екі ұрыстан соң қазақтарға көмекке жиырма мың тың әскермен Жалаңтөс би жетеді. Үшінші мәрте майданға шыдамаған Батұр қоңтажы ұрыс даласын тастай қашады.

Орыс деректерінің айтуынша, қоңтажы өз ордасына Илья күнінен, яғни 20 шілдеден соң, сірә тамыз айының бас кезінде оралады. Бұл – Жәңгір сұлтан мен Батұр қоңтажы арасындағы шешуші шайқас – жаз ортасында болды деген сөз. Біріккен ойрат-халха жорығы 1643 жылдың соңғы айларында басталғанын ескерсек, кең көлемдегі ұрыс қимылдары ұзақ қыстан озып, көктемге жеткенін, жаз шыға табандасқан, теке-тірес майданға ұласқанын аңдаймыз.

Жоғарыда айтылған жағдаяттарға орай, күні бүгінге дейінгі тарихи әдебиетте орын алып келген жаңсақ ұғым, қате қорытындыларды да нақты деректер негізінде жаңаша байыптауға тура келеді.

Біріншіден, Жәңгір сұлтан бастаған Қазақ Ордасы мен біріккен ойрат-халха арасындағы атақты соғыс – біздің тарихшыларымыз бен жазушыларымыз айтып жүргендей, Батұр қоңтажы ұйымдастырған тұтқиыл, келте жорық емес, мұқият ойластырылған, жауласушы екі жақ та өздерінің барлық қуатын жұмсаған, нәтижесінде әлденеше айға созылған кең көлемді қан майдан болды.

Екіншіден, Жәңгір сұлтан қалмақтың елу мың қолын небәрі алты-ақ жүз адаммен жеңді деген түсінік – баланың мақтаны, қисынсыз ертегі. Тарихи құжаттарда нақты аталатын, Салқам Жәңгірді шынында да ұлы жеңіске жеткізген алты жүз адам – қазақ әскерінің сауытбұзар, екпінді тобы, сол замандағы құдыретті қару – күркірей атылатын қорғасын оқты мылтықпен қаруланған бір ғана бөлігі.

Үшіншіден, Батұр қоңтажы он мыңнан астам таңдаулы шерігінен айрылып қансыраған, бұрын көрмеген от қарудың дүмпуінен есеңгіреген шақта Жәңгірге көмекке жиырма мың әскермен Жалаңтөс бидің келіп жетуі – бұған дейін жарты жылдан астам уақытқа созылған жойқын сығыстағы шешуші оқиға емес, түйіндеуші оқиға. “Сол әскерді көрген соң қоңтажы кері шегініпті“ – деп атап көрсетеді соғыс жайын қалмақтардың өз аузынан естіген орыс елшісі Г. Ильин.

Одақтастық шартын берік сақтаған, қанына тартқан, Бұқар әскерін бастап қарындас қауымға көмекке ұмтылған алшын Жалаңтөс бидің еңбегі зор; Тиес би бастаған, майданның алғашқы күннен-ақ ауыр жағдайға түскен қырғыз жұртының ерлігіне де шәк жоқ; бірақ 1643-1644 жылдарғы ойрат-халха басқыншылығына қарсы соғыстың бар ауыртпалығын үш алаштың баласы – соңғы он, жиырма, отыз жыл бойы тынымсыз ұрыстарда әбден шыныққан қазақ аламандары көтерді, ал даңқты жеңіске ұйытқы болған – арғы тарихымызда Тәуекел-бахадұр-ханмен, Еңсегей бойлы Ер Есім ханмен, бергі тарихымызда Абылай ханмен ғана теңдесер сайыпқыран қолбасы Салқам Жәңгір.

Айтарлықтай мәнді болмаса да, ескерілуі қажет ендігі бір күңгірт мәселе – шешуші ұрыстың қай жерде болғандығы. Біздің бұрнағы тарихшыларымыз соғыс – ежелгі заманнан бергі халықтар керуені өткен қанды ауыз – Жоңғар қақпасында болды деп шамалайтын. Соңғы жылдары Көкжотадағы Орбұлақ деген жер аталып жүр. Сол замандағы қазақ пен қалмақ арасын жалғайтын, қайткенде де жол түсер, айналмасыз, бұрмасыз тар шатқал іздесек, Сайрам-нордан Ілеге өтетін Талқы асуына

сілтер едік. Бірақ аңыз бен қиялға емес, нақты деректерге жүгінсек, соғыс қырғыз жерінде өткерілгенін көреміз. Әуелгі шабылған – қазақ ауылдары емес, қырғыз айылдары. “Қоңтажы қырғыздың екі жұртын шапты, он мың кісісін тұтқындады“ делінеді. Жәңгір сұлтан әскер жиып, өз дәргейіндегі алты алаштың бірі – қырғызға көмекке ұмтылады. Алатауда басталған соғыс басқа тарапқа ауысты деген дерек жоқ. Бұқар әскерлерінің қажетті мезетінде келіп жетуі де соғыс қимылдарының Қазақстанның қиыр шығысында емес, Мәуреннахрға тақауда, қазіргі Қырғыз республикасының шегінде болғандығына айғақ. Бұл кезде бүткіл Жетісу Ойрат өкімінде.

Әлбетте, қазақ тарихын тереңдей зерттеу – болашақ үлесінде. Алдағы уақытта белгілі-белгісіз шежірешілердің Орталық Азияның өткеніне қатысты беймәлім еңбектері жарияға шығары, соған орай, біздің танымымызды молайтатын, тың өріске жетелейтін қаншама жаңа деректердің айналымға түсері күмәнсіз. Анық ақиқат – 1643-1644 жылғы ұлы майданда Салқам Жәңгір ханның шешуші жеңіске жетуі.

Біріккен ойрат-халха әскерін талқандау және ел шетінен асыра қуып тастау – Қазақ Ордасының тарихындағы ең даңқты оқиғалардың бірі болды. Тәуелсіздік алған, елдік туын көтергеніне бір жарым жыл ғана толған Қазақстан Республикасы 1993 жылы осы ұлы жеңістің 350 жылдық межесін ұлан асыр той жасап, кең көлемде атап өтті. Аталар аруағы қайта тірілді, ұлтымыздың мерейі көтерілді. Елдігіміздің белгісі, ерлік дәстүрді, ежелгі тегімізді танып, бой көтеруге бет алғанымыздың айғағы болды.

* * *

1643-1644 жылдары ұлы майданда жау табанында қалған Қырғыз ұлысы Тиес бидің басшылығымен қайтпай күресті; жеті-сегіз айға созылған тынымсыз сүргін – қанды ұрыстарға ұласып, жеңіс самалы Қазақ Ордасы жаққа ауған шақта, арттан Жалаңтөс би бастаған өзбек-бұқар әскері келіп жетті, сөйтіп, ойрат-халха басқыншылығына қарсы күресте қазақ-қырғыз-өзбек одағы үстем шықты. Бұл оқиға түрік бірлігінің күш-қуатын, өміршең болашағын әйгіледі.

Іргедегі жаудың бетін қайырған Салқам Жәңгір сол 1644 жылдың күзінде Бұқар хандығы мен Ұлы Моғол империясының арасындағы жойқын соғысқа белсене кіріседі. Бұл – бүкіл Үндістан түбегін біріктіріп отырған Шах-Жахан падишахтың тұсы, Ұлы Моғол империясының ең күшейген дәуірі болатын. Салқам Жәңгір Бұқардың Нәдір-Мұхамед ханына жүз мың әскер береді.

“Хан бүкіл өзбек жұртының бектері мен әскербасыларын жинап, ұлы құрылтай өткізді, – деп жазады сол заманның белгілі тарихшысы Қожамқұлы-бек Балхи. – Бұлар қаншама кеңесіп, болжал жасасып, ақыры қазақтардың жәрдемінсіз қара дауылға қарсы тұрар амал жоқ деген шешімге тоқтады. Қазақтар өзара ақылдаса келе, көмектесуге бел буды“, – дейді тарихшы.

Сөйтіп, Нәдір-Мұхамед хан ирандық сарбаздарын жасақтап Балх уәлаятына енгенде, оның үлкен ұлы Әбділ-Әзиз қазақ әміршілері және Жалаңтөс аталық пен алшын Бекоғлы би бастаған қаншама әскермен Ауғанстанға басып кіреді. “Өзбек пен қазақтың екі жүз мың қанішер атты әскері Жайхұн дариясын кесіп өтіп, Ғиратқа қарай беттеді“, – деп жазады тарихшы.

Шах-Жаханның қалың қолы Балх қаласына ту тігеді. Ұлы Моғол әскерін бастаған – болашақ тақ иесі Ауренгзаб екен. Патшазада жауды қаладан жеті құрұқ, яғни он төрт шақырым жерде тосады.

Беттесуге үш құрұқ қалғанда одақтас өзбек-қазақ-иран қосындары да аял қылады. “Түн қараңғысында екі жақ та барлау жасады“, – дейді тарихшы.

Ертеңіне таң бозында басталған ұрыс кеш қараңғылығына дейін толастамайды. “Табандасқан соғыс елу күнге созылды. Тынымсыз шайқаста екі жақ та қайтпас ерлік көрсетті. Үйілген өлік кезең-кезең болды. Ақырзаман туғандай көрінді“, – дейді осы оқиғаларға куә болған адамдармен ауызба-ауыз сөйлесіп, қағазға түсірген көне тарихшы.

“Шағатай әскері күн озған сайын тегеурінін күшейте түсті. Қысқы суық жақындап келе жатты. Осы жағдайдың бәрінен хабарланған соң, Шах-Жахан падишах бұл өлкені бұдан ары қорғап тұруға мүмкіндік таппады. Елді Нәдір-Мұхамед ханның дәргейіне табыстап, кері қайтуға бұйырды“, – дейді.

Моғол әулетіне бүйрегі бұрыс тарихшының бипаз сөздерін тура тілге көшірсек, шағатай, яғни одақтас өзбек-қазақ әскерінен жеңіліс тапқан құдіретті Шах-Жахан падишах Балх уәлаятын тастап шығады.

Азиядағы екі үлкен империя арасындағы соғыс шежіресін бажайлап қарасақ, түйінді кезеңде қазақтардың көмекші емес, шешуші қызмет атқарғанын көреміз. “Қазақтардың шапқыны нәтижесінде Мәуреннахр мен Балх елдері мүлде құрып кетуге айналды“, – дейді біздің авторымыз, Балхта туған, бар өмірін Ұлы Моғол империясының шегінде, Пәнджабта өткерген тарихшы Қожамқұлы-бек.

* * *

Орталық Азияда ғана емес, онымен шектес өлкелерде, алып құрылықтағы айбынды патшалықтардың ішкі-сыртқы өмірінде елеулі ықпалға жеткен Қазақ Ордасы осының алдында ғана өзінің беймаза көршісі Ойрат Одағын ауыр жеңіліске ұшыратқанымен, шығыс шекара ең үлкен қатер аймағы болып қала берген.

Қисапсыз қазаға ұшыраған, ыза мен намыс буған Батұр қоңтажы Жоңғарға оралысымен, жаңа соғысқа әзірлене бастайды. Енисейдегі қырғыздан жорық аттарын жинатады, орыс иелігіндегі Кузнецк оязынан сауыт-сайман, темір текті қару-жарақ сатып алу ісін ұйымдастырады, бүкіл ойрат жұртына сауын айтып, 1645 жылы көктемде қазаққа қарсы жаңа жорық ашуға үндейді.

Межелі уақытта аттаныс болмаған тәрізді. Ойрат жұрты айналасы он ай ішінде оңалып үлгермеген еді. Әрине, соғысқа дайындық толастамайды. Бірақ кезекті соғыс қазақпен арада емес, қалмақтың өз ортасында тұтанады.

Қазақстан шегінде қоныстанған, Жем, Ырғыз бойын жайлаған дүрбіт Құнделен тайшы өз кезінде Батұр қонтажының ұлы жорығына қатыспаған еді. Сол замандағы орыс құжаттары "Кунделен тайша стоит за Янгира и называет его названым сыном" деп жазыпты: "Құнделен тайшы Жәңгірді жақтайды және оны өзінің туған баласындай көреді". Мұндағы "названый сын" деген көне орыс сөзін "өкіл бала", "кіндік бала" деп те аударуға болар еді. Жәңгір сұлтан дүрбіт қалмақ Құнделен тайшының өкіл баласы, кіндік баласы ғана емес, жақын қарындасынан немесе апасынан туған қандас туысы болып шығуы да мүмкін. Қазақтың бұрынғы тарихтағы талай ардагер ұлы қалмақ қызының құрсағында жаралған болатын.

Қайткенде де тәжірибелі, қарт жауынгер Құнделен тайшы қазақтармен одақтаса отырып, Жоңғардағы Батұр, Еділдегі Хо-Өрлік сияқты, дербес хандық құруға ниет еткені байқалады. Осы орайда Батұр қонтажымен арада бітіспес қайшылық туады. Соғыс қимылдарын бұрын бастаған Құнделен тайшы Ырғыз, Жем, Ойыл бойындағы хошауыт пен дүрбіттің қару ұстар шерігін түп көтеріп, Жоңғарға қарсы аттанады.

Қалмақтың өзара жауыққан екі ұлысының арасындағы қырғын шайқас 1646 жылы көктемде, Қараталдың басы, Көксу өзенінің бойында болыпты. Құнделен тайшы жеңіліске ұшырап, кейін шегінеді.

Майданда қазақтар бейтарап қалмай, өздерінің одақтасы Құнделенге белгілі мөлшерде күш қосқан сияқты. Бірақ қалмақтың өзін-өзіне соғу саясаты ойлағандай нәтиже бермегенін көреміз.

1644 жылдың жазындағы қазақ соққысынан, келер қыстағы ауыр жұттан, одан соңғы ішкі соғыстан оңалған, қайтадан күш жинаған Батұр қонтажы 1652 жылы Қазақ Ордасына қарсы жаңа жорыққа шығады.

Бұл жолғы майдан барысы, оның нәтижелері туралы ешқандай нақты мағлұмат сақталмаған. Орыс деректері үнсіз, қалмақ деректерінде соғыстың болғандығы туралы ғана хабарланады.

Орта ғасырлардағы тарихымызға қарасақ, көршілеріміздің архив қорында сақталған, қазаққа қатысты әңгімелер көбіне елшілік алмас, сауда қатынас кезінде жинақталған, құлақ шалған деректерге негізделгенін көреміз. Бұл көршілер тікелей өздеріне қатысты оқиғаларға келгенде, көңіл ауанына беріледі, тиімділік жағын қарастырады. Мәселен, қалмақтың 1690 жылы қағазға түскен белгілі тарихи ескерткіші – "Зая-пандитаның ғұмырбаянында" Батұр қонтажы қирап жеңілген 1643-1644 жылдардағы ауыр соғыс туралы: ойраттар қазақтың Есім ханына қарсы жорық жасады деп, немқұрайды ғана айтыла салған. Бары сол-ақ.

1652 жылғы соғыс туралы да осыған ұқсас дүмбілез хабар беріледі. Ғалым, ағартушы әрі идеолог, моңғол халықтарының тарихындағы ұлтшылдық туын көтерген Зая-пандитаның "Ғұмырбаяны" сияқты кітап бұл үлкен соғыста Батұр қонтажының жеңіске жеткенін атап көрсетсе керек еді. Олай емес.

Соған қарағанда, ойраттар бұл жолы да сәтсіздікке ұшыраған. Бірақ қазақтың шалағай тарихшылары бас ауыртып ойланбайды, маркстік теория бойынша, міндетті түрде қазақ жеңілуі керек сияқты. Қалмақ тарихын жазған орыстар бұл жағына куәлік бермесе де, біздің жандайшаптар бір ауыздан: “қазақтар жеңілді, қазақтар жеңілді!“ деп мәз-майрам болады.

Айттық, қалмақ деректерінде қазақты қираттық деген сөз жоқ “Зая-пандитаның ғұмырбаянында“: “Сол жылы қыста Шешен-хан бұрұттарды бағындырды“ деп қана жазылған. Мұндағы нақты дерек – 1652 жылдың қысында хошауыт Өшірті-Шешен-хан қырғыздарды шапқан. Уақытша билігі, асса бірер рудың көлемімен шектелген. Дәл осы кезеңде қырғыздың қалмаққа бодан болғаны туралы басқадай куәлік жоқ.

Кезекті ойрат-қазақ соғысының ең үлкен нәтижесі – сол 1652 жылғы қанды майданда сайыпқыран Салқам Жәңгірдің қазаға ұшырауы. Бұл тұрғыдан алсақ, Қазақ Ордасының жарым әскері қырғын тауып, жалғыз Жәңгірдің аман шыққаны біз үшін әлдеқайда тиімді болатын еді.

Қазақ Ордасының тарихында Салқам Жәңгірден бұрын он үш хан өтіпті. Соның алтауы ат үстінде, жорық жолында қаза тауыпты. Салқам Жәңгір он төртінші хан екен. Жетінші шәйіт екен. Ұлыстың мерейі үшін, ұлтының болашағы жолында жан қиған ерде арман жоқ. Бірақ сайыпқыран Салқам Жәңгір ханның қазасы – төрт жүз жылдық Қазақ Ордасының тарихындағы ең ауыр қаза.

Салқам Жәңгірдің қасиетті қаны ат жалынан асып, қара жерге төгілген күннен бастап алаш ұлының бағы қайтты. Қазақ Ордасы тайғақ тарихтың бетбұрыс кезеңінде көреген көсемнен, ұлы қолбасыдан айрылды. Жер ортасына да жетпеген Салқам Жәңгір енді бір он жыл жасаса, Қазақ Ордасының әскери құрылымы ғана емес, шаруашылық, экономикалық тыныс-тіршілігі де басқа бір арнаға түсетін еді. Туған әкесі Есім ханның жолын берік ұстаған, әкесінің ағасы Тәуекел ханның мұрат-мақсатын кәміл ұққан, сол замандағы орыс деректерінде айтылғандай, қазақ әскерін “вогненный бой“ – от қарумен жарақтай бастаған Салқам Жәңгір жасы озық бастасы, Иранның арыстаны Аббас шах сияқты, өз жұртының қауіпсіздігін ғана емес, жағырапиялық ортасына сай болмыс-бітімін де айқындап кететін еді.

Салқам Жәңгірдің аруағы алдындағы ендігі бір парыз – оның қазасына қатысты жаңсақ мағлұматты теріске шығару.

”Зая-пандитаның ғұмырбаянында“: “Осы жорықта он жеті жасар Ғалдама Жәңгір ханды өлтірді”, – деп жазылған. Кейінгі орыс тарихшылары бұл деректі қаз-қалпы, тура мағнасында қабылдайды. Ханға, қолбасыға қатысты айтылатын “өлтірді” – тура өз қолымен деген сөз емес. Бірақ қазақ тарихшылары да ешқандай күмән келтірмейді, “жекпе-жекте” деседі. Кейбірі Ғалдаманы Қалданға айналдырып жібереді. Болмаған оқиғаны одан ары өңдеп, жетілдіріп, “Қалдан мен Жәңгірдің жекпе-жегін” жарым күнге созып сыпаттаған жазармандарымыз да бар. Қайткенде де, бұрынғы-соңғы тарихи әдебиетте Жәңгір хан жекпе-жекте өлген болып шығады.

Қай заманда да, жекпе-жекте басым түсу – үлкен абырой. Сонымен қатар, жекпе-жекте өлу намыс емес. Ердің бағы, істің сәті шешеді деген мұндайда. Мыңнан озып, сайысқа дауалаған қайратты ердің қазасы ақ өлімге, абыройлы өлімге баланған. Алайда, Салқам Жәңгірдің жан тәсілімі мүлде басқаша жағдайда болғаны күмәнсіз.

"Ғұмырбаянда" қандай да бір жекпе-жек туралы сөз атымен жоқ. (Қараңыз: ежелгі жәдігердің түпнұсқа мәтіні мен орыс тіліндегі академиялық, толық аудармасының кейінгі басылымы – Раднабхадра. Лунный свет. История рабджам Зая-пандиты. СПб., 1999, 71-бет. – М.М., 2009.) Рас-ау. Қай тарихта, қай соғыста ел ұстаған хан жекпе-жекке шығыпты! Тым құрыса, ертегі-аңыздардағыдай, өзі дәрежелес ханмен емес, қарашы бекзадамен қалай түседі? Ежелгі салт бойынша, ұрыс алдында жеке сайыс тілеген жанкешті ерлер ат ойнатып шықты дейік. Ер болса да, жат түгілі, өз жұртына танылып үлгермеген қалмақтың жас баласына қарсы шабар, соның қолынан өлер қаймана бір қазақ табылмап па! Жат жұрт таңбалаған сөздің мән-мағнасын байыптамай, сайыпқыран Салқам Жәңгір ханды екінші мәрте, жүзінші мәрте қайта өлтірдік.

Десе де, қалмақ дерегінде аталған есімге назар аударайық. Ғалдама – сол замандағы Дүрбін-Ойраттағы қонтажыдан соңғы екінші мәртебедегі хошауыт Өшірті-Шешен-ханның баласы, осыдан жиырма-отыз жыл бұрын бүкіл қалмақ ұлысының билігіне таласқан Байбағыс ханның немересі, бүкіл ойрат-халха жұртының рухани көсемі болған Зая-пандитаның бауыры. Байбағыс әулеті Дүрбін-Ойрат билігінен әлі күдер үзбеген, дәреже жағынан бір саты төмен болғанымен, күш-қуат жағынан қонтажыға парапар. Осы әулеттің басы жас, сүйікті ұлы Ғалдаманы жақын туыстары болашақ тақ иесі ретінде елестеткені байқалады, оның ақылы, мінезі, ерлігі, әсіресе, бүкіл ойрат жұртының бірлігін ойлаған айрықша парасаты туралы көптеген әңгімелер таратады; әлбетте, ағайынға сүйкімді Ғалдама – қаражаяу пенде емес, бірақ әкесі Өшірті-Шешен-ханның қосшысы ретінде аталғаны болмаса, өз тұсындағы қалмақ тарихында ешқандай із қалдырмаған. Әкесінің жұрты ойрандалған, қалмақты қалмақ басқан өзара қырқыста, 1677 жылы ажал тапқан. Жаудан емес, жақыннан, өзінің қалмағының қолынан өлген. Елеусізде, ит жемеде. Артық марапат құт болып дарымапты.

Қыдыр қонған сайыпқыран Салқам Жәңгір халқының болашағы жолында ғана қару ұстады. Ақыры, қым-қиғаш ұрыс үстінде, жаппай жағалас кезінде қаза тапты. Сауытты садақ бұзған шығар, көбені найза тескен шығар, дулығаны қылыш шапқан шығар... Бірнеше найза, бірнеше қылыш қатарынан тиюі де мүмкін. Қиян-кескі ұрыс кезінде пәленді пәлен өлтірді деп айту қиын. Батыр жаудан өледі деген қазақ. Жаудан өлу – ер мұраты. Жәңгір жаудан өлді. Қалмақтан өлді деп нақтылап айтады халық аңыздары. Бұл сөзде мақтан мен құрмет қана бар.

Салқам Жәңгір қаза болған 1652 жылғы зор майдан оның халқы үшін абыроймен аяқталған. Қаһарман ханның сүйегі жау қолына түспейді. Қазақ Ордасының астанасы Түркстанға әкелініп, арулап, әспеттеп, Әзірет Сұлтанның саясына қойылады. Басына тұрғызылған күмбез уақыт оза

келе жермен жексен болыпты. Бар ғұмырын туған ұлтының мерейін көтеруге арнаған, сол жолда жан қиған сайыпқыран Салқам Жәңгірдің асыл сүйегі нақты қай шаршыда жатқанын қазір ешкім де білмейді.

ҚОЖЫРАУ КЕЗЕҢ

Салқам Жәңгір ханның қасиетті қазасынан соңғы отыз жыл, дәлірек айтсақ, 1652 жыл мен 1681 жылдың аралығы – біртұтас Қазақ Ордасының үш жарым ғасырлық ұзақ тарихындағы ең күңгірт кезең. Бұл заманда Бахадұр хан билік құрған. Бұл да емескі дерек. 1676-1680 жылдарда қазақтар Хажы-Тархан әулетінен шыққан, ағайынды Әбділ-Әзиз хан мен Сұбханқұлы ханның Бұқар тағына таласқан өзара соғысына араласады. Басқа тараптағы оқиғалар туралы артық мағлұмат ұшыратпадық. Сірә, тыныштықта өткен. Байлықта, берекеде өткен. Бірақ дәл осы отыз жылдықта Қазақ Ордасы өзінің болашақ ауыр тағдырына қарай нық қадам басқаны күмәнсіз.

Шындығында, бәрі де керісінше болуға тиіс-тін. Тарихи жағдай өте қолайлы еді.

1653 жылы Жоңғар мемлекетінің негізін салған, бүкіл моңғол жұртына "Ұлы бішік" заңын қабылдатып, бірлікке, күшті, қуатты жаңа заманға жол ашқан Батұр қоңтажы дүниеден көшеді. Ойрат-халха жұрты өзінің ұлы перзентін арулап жөнелтеді.

Жоңғар хандығының тізгінін Батұрдың ортаншы ұлдарының бірі Сеңге алады. Сеңгенің билігі берік болмады. Ол, тіпті, қоңтажы атағына жеткен жоқ және бүкіл ойрат ұлысына әмір жүргізбеді деп есептейді кейінгі тарихшылар. Әйткенмен, Дүрбін-Ойрат Сеңгенің тұсында да іргеленіп, күш жинап, толыса түскені көрінеді.

Бұл кезде қара қалмақ пен құба қалмақ, яғни, ойраттар мен оларға тәуелді алтайлық түрік тайпалары арасында ұзақ әрі қантөгіс соғыстар болады, ақыры, 1658 жыл шамасында қара қалмақтар басым түседі. Алтай түріктері Ойрат мемлекетінің құрамына енеді, бұрынғыдай алым-салық төлеумен ғана шектелмейді, қосын-қосын әскер беріп тұруға міндеттенеді.

1666-1667 жылдары Сеңге халха-моңғолға қарсы үлкен жорық ашып, Алтын-хандар иелігін біржола талқандайды. Бұл жолғы ойрат-халха соғысы нәтижесінде бұрын шығыс моңғолдың Лаузан ханына бодан болып келген Енисей қырғыздары да Ойрат Одағына қосылады.

Мұсылман дінінен тысқары қалған, сол себепті өздерін батыстағы түрік жұртынан, оның ішінде, қазақтан жат сезінетін алтайлық және енисейлік түрік қауымының бұдан соңғы бар тағдыры Дүрбін-Ойрат істерімен тығыз астасады. Ендігі жерде құба қалмақ (алтайлық пен енисейлік) Қазақ Ордасына қарсы соғыста қара қалмақпен бірге шабады.

Батұр қоңтажы өлгеннен соңғы жерде бойына күші сыймаған ойраттың өз ішіндегі алауыздық ашық жаулыққа ұласқан жағдайы да бар.

Ең үлкен қайшылық хошауыт тайшылары, ағайынды Абылай мен Өшірті арасында туындайды. Әрқайсына ойраттың басқа рулары мен жекелеген тайшылары келіп қосылып, бүкіл Жоңғар қақ жарылады. 1661 жылы Еміл өзенінің бойында болған қантөгіс ұрыста екі жақтан отыз мыңдап әскер қатысады. Өзара қырқыстан запы болған, алмағайып заман қажытқан кейбір тайпалар Жоңғардан іргесін аулақтайды, мәселен, 1663 жылы хошауыттар мен дүрбіттердің бір үлкен тобы, жиырма мыңдай түтін Ойрат Одағынан шығып, Еділдегі торғауытқа бет түзейді. Алдағы жылдарда Еділ қалмақтары мен Жоңғар қалмақтары арасында жолдың ұзақтығына қарамастан, қосын-қосын шерік аттандырған – кек қуған, олжа іздеген ұрыс-соғыстар тыйылмайды.

Бір сөзбен айтқанда, Батұр қоңтажы кезінде бір ту астына ұйысқан, тіпті, бүкіл моңғол бірлігіне аяқ басқан Жоңғар хандығы бұлғақ заманды бастан кешіріп жатқан.

Дәл осы тұста Қазақ Ордасы Дүрбін-Ойратты біржола талқандап, өзінің шығыс шекарасының тыныштығын тым құрыса таяудағы елу-алпыс жылға қамтамасыз етуге толық мүмкіндігі болды. Алайда ұлыстың болашағын ойлаған қайраткерлер бой көтермеді. Есім хан тұсында басталып, Салқам Жәңгір заманында өріс алған озық та өміршең үлгі – әскерді еуропалық от қарумен жарақтау ісі мүлде тоқырайды.

Ұрпақ ауысады, ер қазақтың ежелгі жаугер дәстүрлері көмескілене бастайды. Тыныштық кезеңде, баршылық заманда бұрынғыдай қол бастаған жалаулы сұлтан, жарақ асынған білекті батыр емес, сөз ұстап, әкімшілік құрған би мен мыңғырған мал біткен бай жұрт тұлғасы болып шығады.

Ойсыз өткен отыз жылда сырттай қарағанда толқып, шалқып отырған, шеніне жау келмеген Қазақ Ордасы боркемік те босаң құрамаға айналады.

Бұл кезде Орал тауынан Тынық мұхитқа дейінгі алып аймақтың еркін қожасына айналған Ресей, Қазақ Ордасымен шекаралас өңірдің ұзына бойына шынжырдай тізіп, бекініс қалаларын орнатып жатқан. 1619 жылы Қиыр шығыста, Мәнжу жұртында басталған дүлей толқын енді бүкіл Қытайды қамтыған. Ал Қазақ Ордасының бітіспес дұшпаны Дүрбін-Ойрат енді тың қуат тауып, өз тарихындағы ерлік дәуірдің есігін ашады.

Даңқ қақпасынан, ажал босағасынан алғаш аттаған – Ғалдан-Бошұқты-хан болды. 1670 жылдың соңында қоңтажы Сеңгені өзімен бір атадан туған, билікке таласқан ағалары өлтіреді. Бірақ бұлардың да ғұмыры қысқа болады. Сеңгенің емшектес інісі Ғалдан қазақтардан шұғыл көмек шақырып, баққұмар туыстарын талқандайды да, Ғалдан-Бошұқты деген атпен Ойрат тағына отырады.

1645 жылы туған, Тибетте тәрбие алып, жиырма бес жасына дейін діни қызмет атқарған Ғалдан-Бошұқты билікке жеткен алғашқы күндерінен бастап-ақ бүкіл ойрат-халха жұртын ұйыстыру, ұлы моңғол мемлекетін қалпына келтіру жолында күрес ашады. Әуелі Жоңғардың өз ішін тыныштандырады. Жақын-жегжатын бас игізіп, әкесінің інісі Шоқыр-Үбашыны биліктен тайдырады, соңғы қырық жыл бойы Ойрат ұлысындағы бар бүліктің мұрындығы болған Өшірті-Шешен-ханның

ұлысын шабады, өзін өлтіріп, тұқымын қырып-жойып, ел-жұртын басып алады, сөйтіп, бүкіл Жоңғарды дәргейіне келтіреді. Қытаймен елші алмасады, Ресеймен арада тыныштық орнатып, алыс-беріс, сауда ісін ұйымдастырады. Әкесі Батұр қоңтажы қалыптастырған “Дала заңын“ жаңғыртып, толықтырады. Ойрат әскерін от қарумен жарақтау ісін жүйелі түрде жолға қояды.

Бүкіл Жоңғар жұртын уысына түсірген Ғалдан-Бошұқты-хан 1678-1679 жылдары Шығыс Түркстанды бағындырады. Мұндағы жеке-жеке ұлысқа бөлінген түрік қауымы – өзара бақастық жолына түскен әміршілер мен елдік мұратын ұмытқан бұқара жұрт басқыншыларға айтарлықтай қарсылық көрсете алмайды.

Ойрат тарихын зерттеушілер Ғалдан-Бошұқтының сыртқы барлау ісіне айрықша көңіл бөлгенін атап көрсетеді. Қоңтажының тыңшылары мен хабаргерлері Қазақ Ордасындағы ахуал турасында да нақты мағлұматтар келтірсе керек.

1681, тауық жылы қазақ пен қалмақ арасындағы екі жүз жылдық соғыстың жаңа кезеңі басталады. Атап айтайық, осыдан соң тура жетпіс жыл бойы қазақтар жеңілістен көз ашпады, елінен, жұртынан айрылып, халық ретінде біржола құрып кетуге шақ қалды.

Қалмақтардың 1681 жылғы әуелгі жорығының өзі-ақ Ойрат ұлысының айрықша қуатқа жеткенін, Қазақ Ордасы үлкен қатер алдында тұрғанын әйгіледі. Бұл жорықта Ғалдан-Бошұқты-ханның өзі бастаған қалмақтар жолындағының бәрін жапырып, бүкіл Жетісуды көктей өтіп, Шудан, Таластан асып, Арысқа жетеді, қазақтың қалың ортасындағы Сайрам қамалын қоршайды. Әрине, бұған дейін әлденеше ұрыс болды, соның бәрінде де қазақтыңаруағы қашты.

Тас құрсауға түссе де қамалы берік Сайрам құламайды. Ғалдан-Бошұқты қысқа қарай кері шегініп, жазды Іленің жағасында тосады, күш жинап, шешуші ұрысқа әзірленеді.

Келесі, ит жылы тағы да тынымсыз, тепе-тең күрес үстінде өтеді. 1683, доңыз жылғы соғыстар да Сайрамның түбінде болады.

Ақыры, 1684 жылы жазда Ғалданның інісі, Батұр қоңтажының немересі Сыбан-Раптан Сайрамды басып алады. Қаланы қиратып, халқын қырып-жойып, Қазақ Ордасының ұйықты жұртын ойрандап, мың сан тұтқын, қисапсыз олжамен Жоңғарға оралды. Бүкіл Жетісу қалмақ билігіне көшеді. Соғыстың алғашқы кезеңінде болмаса, келер жылдары ойраттың он сан шерігінің бір бөлігі ғана майданға түссе керек. Соңғы, түйінді жорыққа қоңтажының өзі шықпай, әскерді ағадан туған іні бастауы кездейсоқ емес.

Қазақ Ордасының боркемік ахуалын аңдаған Ғалдан-Бошұқты арғы-бергі тарихта ешқашан да түрік қауымының қолынан шықпаған, Қазақ Ордасының құт мекеніне айналған Жетісуды табанына түсірумен шектеледі. Егер бар қуатын жинап, түп көтеріле аттанса, енді бір үш-төрт жыл ішінде бүкіл Оңтүстік өңірді басып алатын еді, арада қырық жыл өткен соң кележек ақтабан-шұбырынды сол 1680 жылдардың өзінде орнайтын еді.

Кейін Ғалдан-Бошұқтының түбіне жеткен қытай еженханы Сюань Е (Канси) өзінің жазбаларында: “Біз жиырма жыл бойы Ғалдан турасында құпия деректер жинастырдық, – деп атап көрсетеді. – Қолбасы Чан Юннің байыптауынша, оның мінезі қызба, бірақ шешімтал емес; араққұмар әрі әйелқұмар; өркөкірек, кекірт, аяр; артын ойламайтын үстірттігі бар“, – дейді. Біз Ғалданға қарсы соғыста осының бәрін ескердік дейді. Қазақ Ордасын екінші, тіпті, үшінші қатардағы жұрт, қалаған уақытында шауып алатын оңай олжа санаған Ғалдан-Бошұқты-хан ендігі жерде бар назарын шығысқа бұрады.

Бұл заманда Қытайда, ескіше айтсақ Шынмашын елі, көне түрікше Табғаш, кейінгі қазақша Шүршіт жұртында ұлы өзгерістер болып жатқан.

1644 жылы жауынгер Мәнжу-Цин әулеті билікке жеткеннен соңғы жерде Қытай империясы ежелгі, мың жылдық саясатын қайта табады, Көк перзенті саналатын еженхан жарым дүниеге билік жүргізуі тиіс деген мемлекеттік, ұлттық идеология нақты әрекетке ұласады. Аспан асты империясы ашық жиһангерлік жолына түседі. Қытайдың халқы мол, қазынасы кемел ұлы мемлекет екенін білгенмен де, оның жаңа замандағы әскери қуатын анық бағамдамаған, бүкіл моңғол жұртының болашақ тағдыры дәл осы кезеңде шешіледі деп түйген, ұлы моңғол мемлекетін қайта көтеруді өзінің өмірлік мұраты санаған Ғалдан-Бошұқты-хан қатерге қарсы қадам басады. 1686 жылы кезекті жорықта қазақтарды тағы да жайпап, біржола ықтырып қайтқан соң, Тибеттегі далай-ламаның алқауымен, 1687 жылы өзінің бас ордасын Халхаға көшіреді.

Міне, осы кезде Қазақ Ордасы күш топтап, қарсы шабуылға шыққаны көрінеді. Қаншама заман бойы желі оңынан тұрған Ғалдан-Бошұқты 1689 жылы ауыр жеңіліс табады. Шығыс Сібір тарихына қатысты орыс деректеріне қарағанда, қалмақ әскері көп шығынға ұшырапты. Алайда, Халха тарабына ынтасы ауған бірбеткей Ғалдан қазақ шабуылын тойтарумен ғана шектеледі, шығынға кеткен шерігінің қатарын енисей қырғыздарының есебінен толтырып, Алтын-хандар әулетінің ежелгі иелігін жаулауға кіріседі.

Халхадағы өзара соғыс Ғалданның пайдасына шешілгенімен, саяси жағдай қалыпқа түспейді, көптеген тайшылар оны бүкіл моңғол әміршісі деп танымайды. Осы кезде, 1689 жылы Нерчинск қаласында жасалған келісім шарт бойынша, Ресей мен Қытай ықпал аймақтарын, болашақ отар жұрттарын бөліседі. Алайда, оңайлықпен олжаға түспейтін екі үлкен көшпенді-феодалдық мемлекет бар еді – Қазақ Ордасы мен Дүрбін Ойрат. Қазақ Ордасы әзірше Қытайдан алыс, Ресейге тиесілі, ал Қалмақ жұрты солтүстік тарабында Ресеймен шектессе де, Қытай үлесіне берілгендей болады. Қатер лебін сезінген Ғалданның орыс өкіметіне әскери көмек, одақтастық туралы жасаған ұсыныстары жауапсыз қалады.

Халхадағы іс жағдайын аңдаған соң еженхан Сюань Е мәнжуден, қытайдан және ішкі моңғолдан қалың әскер жасақтап, жорық жолына түседі. Ғалдан-Бошұқты-хан қарсы аттанады. Қытай мен Ойрат әскерлерінің арасындағы алғашқы үлкен ұрыс 1690 жылы 21-шілдеде

шығыс моңғол жерінде, Үлхун өзені, Олоғой деген көлдің төңірегінде болады.

Осыдан бір-ақ күн бұрын Ғалданның ордасына келген орыс елшісі Г.Кибирев бұл ұрыс туралы нақты деректер қалдырған. "Қалмақтың Бошұқты ханы боғдұның бұл әскерін түк қалдырмай қиратты", – деп жазды Г.Кибирев.

Жеңіліске ұшыраған қытай әскерінің қолбасысы мәнжу Арани өзінің боғдұханға жасаған мағлұмдамасында шындықты жасырмайды. Сонымен қатар, Аранидің жазбаларында ойрат әскерлерінің қуат-күші, ұрыс тәсілі және қару-жарағы туралы да аса құнды деректер келтірілген.

Жорық жолындағы қытай әскері ойрат қосынын таң бозында көреді және күтпеген жерден тұтқиыл шабуыл бастайды. Алайда, қытайлардың дамылдағы шерікке үрей туғызуға тиіс алғашқы легі қарсы тепкіден кейін қашуға мәжбүр болады. Ұрысқа кірісіп үлгермеген артқы лек, енді қашқандарды тоқтату, қайта түзіліп, тегеурінді шабуыл ұйымдастыру үшін амалсыз кері шегінеді. "Бұл екі ортада, – деп жазады Арани, – өлүттер екі қатар түзем құрып, бар әскерді жаңа туған ай сияқты шеп жасап орналастырды. Сөйтіп, біздің әскердің екінші легі шабуылға шыққанда оларды ұсақ мылтықтардан атылған түтеген оқ астында қалдырды, содан соң, әлгі екінші легіміз де кері шегінді. Бұдан кейін әскеріміздің алғашқы легі, халхалармен тізе қоса отырып, екінші мәрте шабуылын бастады. Бірақ мылтық оғы бет қаратпады, алдымен халха қашты, содан соң сүйеніш таппаған қалған әскер қашты. Бұл екі ортада өлүт әскері көбейе түсті. Олар таудан түсіп, бізді қос қанаттан бірдей қыспаққа ала бастады. Бұдан әрі қарсыласуға мүмкіндік таппағандықтан, амалсыз кері шегіндік", – депті Арани.

Бұл құжаттан ұрыс суреті қолмен сызғандай айқын көрініп тұр. Шабуылдың таң сәріде, тұтқиыл болғанына қарамастан, күзеттегі жасақ, мұндай қарсылық күтпеген жаудың алғы легін тез тойтарып, кері қашырған. Дабыл көтеріліп, қалмақтар түгелдей атқа қонғанда Ғалдан дәл осы жердегі соғыс ыңғайына орайлас әскери тәсіл қолданады. Үйреншікті үлгі, қатаң тәртіп бойынша, сайлауыт аңғарда тұрған қалмақ шерігі қос қанаттағы биік беткейді белдеулей екі қатар шеп құрады, әскердің негізгі бөлігі қолаттың өріне қарай, кейінірек шегініп барып тоқтайды. Сөйтіп, жаңа туған ай немесе аттың тағасы сияқты, ішке қарай иіле біткен берік шеп құрылады. Қытай әскерлері жаппай шабуылға шыққан кезде амалсыз ортаға түсіп, үш тараптан бірдей бораған оқ астында қалады. Арани сыпаттап отырған екі дүркін шабуылда да осылай болады. Соңғы жолы қос бүйірде, биік беткейге орналасқан, жаңа туған айдың немесе тағаның ұшындағы әскерлер берекесі кеткен, жусай қирап жатқан қытайларды біржола қоршап алу үшін, ылдиға түсе бастайды. Шайқас барысын арттан бақылап отырған Арани өз әскеріне кері шегінуге жарлық береді.

Алайда, бұл ұрыстағы бейтарап адам – орыс елшісі Г.Кибиревтің сөзіне қарағанда, қытай әскерлерінің шамалы ғана бөлігі қоршауға түспей, аман құтылған сияқты. Келер жылы Ресей шегінде болған қалмақ

елшілерінің айтуынша, қытай әскері түгелдей қырылған, санаулы ғана кісі бас сауғалап үлгерген.

Нақты құжаттардың көрсетуінше, қалмақ пен қытай арасындағы бұл алғашқы шайқасқа Ғалдан-Бошұқты-ханның жиырма мың әскері қатысыпты. Арани бастаған мәнжу-цин-халха шерігінің саны да жиырма мың екен. Бұл кезде қытай әскерінің ең негізгі жарағы – от қару болатын. Бірме-бірге шаққанда мылтық саны әлдеқайда көп. Таң азаннан бесінге дейін созылған қым-қиғаш, қырғын-топан ұрыста ойраттарды қарудың емес, қарымның артықшылығы жеңіске жеткізеді.

Қытайдың неше мың жылдық тарихында соғыс өнеріне айрықша мән беріледі, әскери тәсіл, әр түрлі жағдайға орай қолданылатын әдістер туралы қаншама еңбек жазылған, қытай қолбасылары, оның ішінде біз сыпаттап отырған кезеңдегі мәнжу қолбасылары әскери стратегия мен тактиканы нақты тәжірибе арқылы ғана емес, қалыптасқан, жүйелі теория бойынша да оқып үйренетін. Бірақ Ғалдан Мәнжу-Цин империясының таңдаулы қолбасысы Араниден қай жағынан да басым шығады.

Бұрынғы-соңғы үлкен ұрыстар сыпатталған көне тарихты ақтарсаңыз, Ғалдан-Бошұқты-ханның Олоғойдағы ұрысты ұйымдастыруын атақты Карфаген қолбасысы Ганнибалдың Канныдағы ұрысымен салыстыруға болар еді. Бұл ұрыста Ганнибал дәл осыған ұқсас тәсіл қолданып (бар айырма – жаңа туған ай түріндегі шептің доғасы сыртқа қараған; ұрыс барысында бұл имек ішке шегінеді, яғни, ай аунап түседі, содан соңғы маневрде жалпы саны екі есе көп Рим әскері дөп-дөңгелек қоршау ішінде қалады) Римнің темір легиондарын қирата жеңген болатын. Және бұл жеңіс бұрынғы-соңғы соғыс тарихындағы үлгілі тәсіл ретінде мысалға келтіріледі. Дала көшпенділерінің көне заманнан бергі әскер ісін жете игерген, ежелгі ерлік дәстүрді берік ұстанған қалмақтардың бір ғана шайқастағы ұрыс тәсілі – Қазақ Ордасымен екі ғасыр қаржысқан Дүрбін-Ойратта соғыс өнері қаншалық биік деңгейде болғандығын көрсетеді.

Олоғойдағы жеңістен соң көп ұзамай, 1-тамызда, Аспан асты империясының шегіне тақау Ұлан-Бұтұн деген жерде Ғалдан-Бошұқты бастаған қалмақ шерігі қытайдың жүз мыңдық қалың қолымен беттеседі.

Ғалданды біржола құртуды ойлаған Қытай қолбасыларының қалмақтар ұрыс бастамай, кері шегініп кетеді-ау деген қауібі теріске шығады. Жүздеген зеңбірегі, мыңдаған мылтығы бар, жалпы саны өзінен үш еседей басым қытай әскерімен арадағы табандас, қантөгіс шайқас ұзақ төрт күнге созылады. Топ жаудырып, оқ боратып үздіксіз шабуылдаған қытайлар айқын басымдыққа жете алмайды, қаншама әскерінен айрылады. Жер жағдайын ұтымды пайдаланған, орайына қарай, бірде атты, бірде жаяу, қайтпай соғысқан қалмақтар да ауыр шығынға ұшырайды. Ақыры, Ғалдан кері шегінуге мәжбүр болады. Қару-жарақ жөнінен де, жалпы саны жөнінен де айрықша басымдылығына қарамастан, қытай қолбасылары жаужүрек ойраттарды толық талқандай алмайды.

Бірақ Ұлан-Бұтұндағы соғыстан соң Ғалдан-Бошұқты-ханның ғана емес, бүкіл моңғол-халха ұлысының тағдыры шешілген еді. Ғалданның

ата жұрты Жоңғардағы билікті өзінің ағадан туған інісі, күні кеше ғана қазақ майданында үлкен даңққа жеткен Сыбан-Раптан басып алады. Дүрбін-Ойраттан айрылған Ғалдан мойымайды, енді бүкіл Халханы көтермек болады, Цин жаулаушылығына қарсы күресін тоқтатпайды.

Ғалданның жеке басын ғана емес, оның ұстанған жолын да кіндік империяның болашағы үшін қатерлі іске балаған еженхан Сюань Е әлі де қуаты мол қоңтажыға қарсы төрт жүз мың әскер шығарады. Жорықты өзі бастайды. Үш тараптан бірдей қыспаққа түскен, бар жасағынан айрылып, дүниеден баз кешкен Ғалдан-Бощұқты-хан 1697 жылы наурыз айында у ішіп өледі.

Халха-моңғол тәуелсіздігінен айрылып, Мәнжу-Цин империясының құрамына енеді. Дүрбін-Ойратта осыдан елу жыл бұрын Салқам Жәңгірмен майдандасқан Батұр қоңтажының немересі Сыбан-Раптан таққа отырады.

Ғалдан-Бощұқты хан Халхаға қырық мың шерікпен – қатын-қалашы, бала-шағасы бар, ұзын саны екі жүз мың жұртпен шыққан еді. Мәнжу-Цин патшалығымен арадағы алты жылдық соғыста қырғын тапқан соншама халықтан туған жеріне санаулы ғана кісі оралады.

Әскери жеңіліске ұшыраумен қатар ұйықты ордасы ойсыраған Жоңғар әлі де болса, сыртқы жаудың ешқайсысына дес бермес асау еді, күшті, қуатты еді. Ең бастысы, соншама ауыр сыннан соң кеудесі басылмаған, жүрегі шайлықпаған. Өлгендерінің орнын толтырып, етек-жеңін тез жияды. Арада жыл өтпей жаңа соғысқа – Қазақ Ордасына қарсы жорыққа әзір болады.

Бұл кезде саялы Жетісудан мүлде күдер үзген қазақтың шығыс шекарасы Шу өзенінде тұрған. Қалмақ тас лақтырса, қазақтың қотанына түседі.

Екі жүз жылдық ойрат-қазақ соғысының қазақтар үшін ең ауыр кезеңі – аруақ қашқан, азып-тозып, қалт-құлт күн кешкен, масқара жеңілістерге ұшыраған елу жылдық қорлық дәуірі басталады.

* * *

Бұл дүрбелең замандағы Қазақ Ордасының ханы Тәуке болатын. Халық берген, тарихқа енген есімі – Әз-Тәуке, яғни, дана Тәуке.

Біртұтас Қазақ Ордасында тура отыз бес жыл билік құрған Әз-Тәуке – Салқам Жәңгір ханның бел баласы. Шешесі – қалмақ қызы. Әкесінің көзі тірісінде Шығыс Түркстан тарабындағы елшілікке қатысуына қарасақ, бері санағанда – 1635-1640 жылдар шамасында туған. 1680 жылы ақ киізге көтерілгенде ақыл тоқтатқан кемел жаста. Есім хан заманының оқиғаларынан нақты хабардар, Жәңгір хан заманындағы ахуалға тікелей куәгер деген сөз. Қайраткер ретінде қалыптасу кезеңі отыз жылдық тыныштық дәуіріне сәйкеседі. Тәукенің жауынгер хан емес, ақылман хан ретінде тарихқа енуінің түп төркіні осында жатқан сияқты. Егер арғы тарихқа бойласақ, Тәукені Қасым ханға ұқсатар едік. Бірақ сол, қасқа жолды Қасымның өзі ең алдымен әскербасы болатын.

Әз-Тәуке билікке бейбіт күнде келді. Жері байтақ, халқы мол, іргелі ұлыстың тізгінін алды. Бірлігі берік, берекесі зор, кеудесі жоғары алаш қауымының ежелгі тағына отырды. Ұлттық дәстүрі, қалыптасқан заң жүйесі бар, айбарлы жұртқа ие болды. Хақ-Назар хан үстінен ауыр шапқын өткен, тозғындаған халықты қайта көтеріп, іргелі ел етіп еді; Тәуекел хан бұлғақ жайлаған, жарым жұртынан айрылған елді қуатты, құдіретті мемлекет дәрежесіне жеткізіп еді; Есім хан төрт тараптан бірдей ентелеген жаудың бәрін жапырып, ұлыстың іргесін бекітсе, Салқам Жәңгір хан біріккен ойрат-халханы талқандап, жаңа заманға батыл қадам басып еді. Арыстан аталардың, алдаспан аталардың білгір саясаты, білікті күресі нәтижесінде қалыптасқан алты алаш ақ киізге көтерген күні бүкіл Қазақ Ордасы Тәуке ханның заманы шуақты болады деп, айдынымыз асып, байлығымыз тасып, шалқып-толқып дәурен сүре береміз деп ойлағаны күмәнсіз. Көргені көп, ақылы кемел Тәуке хан да ежелгі жұртым іргелене түседі, жарым дүниені жайлап отырған алаш ұлы еселі сыбағасынан айрылмайды, бар мұратына жетеді деп сенсе керек.

Арада жыл өтпей бүкіл Қазақ Ордасы өзінің тәубасынан жаңылады. Үлкен дайындықпен жойқын соғыс ашқан Дүрбін-Ойрат үш жарым жыл бойы бүкіл Оңтүстік өңірді еркін ойрандайды, қаншама қаланы қиратып, мың сан халықты тұтқындап, алаштың аруағын қорлап, кеудесін басып, жермен-жексен қылып кетеді. Бұрынғы тарихқа қарасақ, қазақ жұрты қаһарлы Абдолла ханның заманында да мұндай шапқынға ұшырамаған. Кейінгі тарихқа үңілсек, ойраттардың осы, 1681 жылғы тұтқиыл соққысынан соң құты қашқан қазақ жұрты, бес-он емес, жиырма-отыз емес, тура жетпіс жыл бойы ес жия алмапты. Қайткенде де осылай болуға тиіс, тағдыр сызып қойған кесім емес. Әз-Тәуке ханның тұсындағы әуелгі соғыс ауыр жеңіліспен аяқталса, бұл – екі ғасырдан астам ұзақ уақытқа созылған ғаламат майданның бір ғана кезеңі: оңалуға да, күш жинап серпілуіге де мүмкіндік бар еді.

Тәңірі назарынан тастамаған Қазақ Ордасы толық бір мүшел – он екі жыл тыныс алады. Бүкіл алты алаштың сүйегін қорлап, намысын таптаған, көрешек күнін белгілеп, ажал сағатын ескерткен Ғалдан-Бошұқты хан өз халқының тағдыр-талайы шешілер ұлы іске – бүкіл моңғол жұртын қайта ұйыстыру жолындағы күреске бел буды. Халхаға асты, Қытаймен соғысты; Дүрбін-Ойраттың жарым әскері жорыққа кеткен, ұлыс ішіндегі саяси ахуал толқымалы – бірақ Әз-Тәуке қолайлы жағдайды пайдалана алмайды. Ауыр соққыдан ес жиып үлгермеген де шығар, әйткенмен, он екі жыл – өте ұзақ уақыт.

Әлбетте, 1681-1684 жылдардағы, шартты түрде Сайрам соғысы деп аталуға тиіс ауыр майданнан соңғы тыныс кезеңінде Қазақ Ордасы мүлде әрекетсіз қалған жоқ. Әз-Тәуке хан ең алдымен ойрат шапқынында ұйпа-түйпа болған, қанды қырғын мен ойға келмек түгіл, түске кірмеген жәбір-жападан есеңгіреген елдің жалпы ахуалын қалпына келтіруді мұрат тұтыпты. 1698 жылы Дүрбін-Ойратпен арадағы шиеленіс жағдайға қарағанда (Сыбан-Раптан: “Мен қазақтармен соғысуға мәжбүр болып

отырмын“, – дейді еженханға жасаған хабарламасында) ұлыс қайтадан қордаланған, өзінің күш-қуатына сенген сияқты.

Бұл тұста Әз-Тәуке терістіктегі қатерлі әрі құдыретті көрші Ресеймен арадағы қатынас мәселесіне айрықша көңіл бөледі. Осы, аралық кезеңнің өзінде Сібір шегіне бес мәрте елші аттандырыпты. Өз кезегінде орыс өкіметінің елшілерін қабылдайды.

Бірақ жиһангерлік жолындағы өктем саясатқа көшкен Ресей Қазақ Ордасымен бейбіт, достық қатынас орнатуға мүдделі емесін ашық көрсетеді; қазақ дипломаттарын халықаралық жоралғы бойынша қабылдамайды, Сібір өкіметінің орталығы Тобылдан асырмайды, кейбір реттерде, елшілердің өзін тұтқын ретінде ұстап қалады, жәбір-жапа жасап, түрмеде шірітіп өлтіреді; Қазақ Ордасымен аралықтағы бекініс шептерін күшейте түседі, әрбір қолайлы жағдайда ел ішіне бойлай кіріп, жаңа қоныстар қамтып қалу саясатын дәйекті түрде жүргізе береді.

Осыған орай, елін, жерін қорғаған қазақтардың жекелеген әскери топтары, кейде тұтас жасақтар шекара аймаққа тынымсыз жортуыл жасап отырады.

Ресей Сібір шегіне орнаған 1582 жылдан бастап, бұл тарапта келгінші орыс пен жер иесі қазақ арасындағы танымсыз қақтығыстар ешқашан толастамаған еді. Біздің ешбір тарихта зерттелмеген осы жанама соғыстар нәтижесінде Қазақ Ордасы екі жүз жыл бойы өзінің терістік шекарасын берік ұстап тұрды.

Петр Бірінші патша тұсында шығыстағы жаулаушылық саясатын жаңа арнаға түсірген Ресей Әз-Тәуке хан заманында да ауыр жорық жолын емес, бөлшектеп жалмау тәсілін қолданыпты. Бірақ Қазақ Ордасы тұтас тұрғанда мұнысынан нәтиже шықпайды. “Түріктің сұлтаны мен қызылбастың шахынан менің қай жерім кем? Ешбір кемдігім жоқ!“ – депті Әз-Тәуке 1694 жыл Түркстанға келген орыс елшілеріне. Ордалы жұрт ешқандай зорлыққа көнбейтінін, ешкімге бас ұрмайтынын ашып айтқан.

Әз-Тәуке ханның өз заманындағы және бұрынғы-соңғы қазақ тарихындағы ең үлкен еңбегі – “Жеті жарғы“ аталатын заң жүйесі.

Арыда Шыңғыс ханның “Жасақ“ деген үлгілі заң жинағы болды. Алтын Орда заманында, ескі негізде, жаңа жағдайға сай Өзбек ханның, Едіге бидің низам жүйелері қабылданды. Қазақ Ордасында Қасым ханның “Қасқа жол“, Есім ханның “Ескі жол“ деп аталатын, мемлекеттік құрылым жайы, ішкі тәртіп, дәстүр-салт, әдет-ғұрып жөні баяндалған ұлттық заң жинақтары болғаны мәлім.

Әз-Тәуке ханның “Жеті жарғысы“ сол ежелгі жора тұрғысында жасалған, бірақ жаңа заман, жаңа ортаға икемделген айрықша мәнді құжат болды. “Жеті жарғы“ ұлыстың береке-бірлігін сақтауға бағытталған негізгі заң ғана емес, қоғамдық топтар, жеке адамдар арасындағы қатынасты, мінез-құлық ережелерін негіздеген бірден-бір нұсқа, ұлттық сананың, мемлекеттік сананың көрінісі болды.

Әз-Тәуке ханның ішкі саясаты турасында жанама дерек, мәліметтер негізінде ғана белгілі бір түсінік алуға болады. Мемлекетті

орталықтандыру ісін күшейтіп, өзінің жеке өкімін арттыру мақсатында Әз-Тәуке ақсүйек-төре әулетін саясаттан шеттетуге тырысады.

Біздің байыптауымызша, Қазақ Ордасының бұған дейінгі тарихында хан билігі қашанда күшті болған. Ұлыс біртұтас. Төре әулеті – ел ұстаған сұлтандар бодан жұрты қанша мол болса да, бұра тартпаған. Мәселен, Қасым сұлтанның қуаты да, беделі де артық бола тұра Бұрындық ханды ұлық тұтуы, әрқайсысы елу мыңдап әскер ұстаған Жаныш, Таныш сұлтандардың жеке хандық құруға ұмтылмауы, Хақ-Назар заманындағы Жалым сұлтан мен Шығай сұлтанның істері, Тәуекел ханға Шағым, Есім сұлтандардың бас ұруы, Есім хан болғанда, оны Көшек сұлтанның аға тұтуы – мысал көп.

Қазақ сұлтандары бет-бетіне тартты, қазақ ешқашан біртұтас ел болмады деген байлам – ғылыми зерделен ада, иман-ұяты кем, ең бастысы – қазаққа жау пиғылдығы дүмшелер ойлап тапқан өтірік. Әлбетте, қай заманда да өз тұғырын биіктеткісі келген тұлғалар болған, мәселен, Қатаған Тұрсын ханның оқиғасы; бірақ бұл – бас билікке таласу емес, дербес билікке ұмтылу, әрі тарихымыздағы шетін құбылыс. Көне түрік заманынан бері қалыптасқан, билік ағадан інігe көшетін хан сайлау дәстүрі бұзылмаған кезде Қазақ Ордасында таққа талас тумаған. Және хан билігі айрықша құрметтелген.

Осы тұрғыдан алғанда, сұлтандардың шетке қағылуы – тосын жағдай.

Әз-Тәуке хан алты алаштың тізгінін алты биге ұстатады. XVIII ғасырдың бас кезіндегі дерек бойынша, Ұлы жүзде Үйсін Төле би, Орта жүзде Қаз дауысты Қазыбек би, Кіші жүзде Алшын Әйтеке би, Қырғызда Қараш би, Қарақалпақта Сасық би, Құрамада Мұхамед би отырады. Сырттай қарағанда өте қолайлы әрі ұтымды көрінгенімен, ақыр түбінде бұл бөліс Қазақ Ордасының біржола ыдырауына жол ашты. Сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде алты ұлысқа бөлінгеннен соңғы жерде үш жүздің ара жігі айқындалды, қалған үш алаш өздерін дербес ұлыс, федерация құрамындағы жат жұрт деп сезіне бастады. Уақыт оза келе, әкімшілік жөні ежелгі арнаға оралды – үш жүздің әрқайсысының билігін төре әулеті қайтадан жеңіп алды және жаңа жағдайда өздерін хан деп жариялауға тиіс болды.

Әлбетте, Қазақ Ордасында белгілі бір сұлтанның ұлысы рулық қана емес, территориялық белгі бойынша да құралған сияқты. Мұның айқын мысалы – кейінгі тарихшылар Кіші жүз ханы деп есептейтін Әбілқайырдың карауында Орта жүзге тиесілі бірталай рулардың болуы, сондай-ақ Орта жүз ханы Сәмекенің қол астына кейбір Кіші жүз руларының енуі; тіпті берідегі Нұралы хан тұтас Кіші жүзге емес, соның азғана бөлігіне және Орта жүз санатындағы біраз руға билік құрды. Яғни, әуел баста жүз – толық мәніндегі ұлыс емес, бір замандағы рулар бірлестігінің көлеңке-көрінісі ғана болған. Қазақ жүздерінің ұлыс ретінде іргеленуі Тәуке заманынан бастап өріс алса керек. Кейін хан билігі кеткен заманда туыстықты білдіретін тұрақты ұғымға айналған.

Бұрынғы, сұлтандар әміріндегі үлкенді-кішілі көптеген иеліктердің ыдырап, қайта қосылып, ресми түрде үлкен-үлкен алты ұлысқа жіктелуі,

ең бастысы – бұл ұлыстарда сол рулардың өз ортасынан шыққан билердің өкім жүргізуі Әз-Тәукенің әмірін арттырған жоқ. Керісінше, ханның хүкімі азайды.

Бұрын қандай да бір елдің (ұлыстың, рулар бірлігінің) басында жалпы қазаққа ортақ төре тұқымы отыратын. (Бұл жүйенің қаншалық ұтымды, әрі өміршең екендігіне кейін, Жоңғарға қоныс аударған Абақ керейлердің Әбілпейіз әулетінен әмірші шақыртып алуы, Жайықтан Ноғай тарабына қайта өткен Кіші жүз руларының Бөкей сұлтанды хан көтеруі, XIX ғасырдың алғашқы жартысында Ұлы жүзде Абылай ұрпақтарының төрелік құруы айқын мысал). Әділдігі жетпесе, ақылы жетпесе, биліктен айрылады, қорқау, тасыр болса, “Хан талау“ дейтін заңды дәстүр бойынша жазаға тартылады. Көне замандардан қалыптасқан: “Түріктің қағаны халқының қамын ғана ойлайды“ деген ұғым-түсінік қазақтың барлық төресіне қатысты болатын: әрі нұсқау, әрі аманат, міндет.

Әз-Тәуке ежелгі дәстүрді бұзды. Билікті биге берді. Нәтижесінде, ру көлемінен озып, ұлыс көлеміне жеткен, үлкен саяси күшке айналған билер уақыт оза келе өзі ортасынан шыққан рудың, ұлыстың мүддесін көбірек күйттейтін болды, хан жарлығын жүре тыңдайтын болды.

Жауынгер сұлтандар ұлыс тұтқасынан алыстағаннан соңғы жерде Қазақ Ордасының әскери қуаты күрт кемігені байқалады.

Әлбетте Әз-Жәнібек ханның бүкіл Қазақ Ордасын иығымен көтерген арыстан тоғыз ұлы, Тоғым ханның сол Орданың болашағы жолында қаза тапқан қабылан тоғыз ұлы сияқты, ақылына қайраты мен жүрегі сай өзгеше тұлғалар сирек туады. Төренің бәрі тегіне тартпайды. Сондай-ақ қазақтағы “қарадан хан шықты“ деген сөздің де өзіндік мағынасы бар. Бірақ тектінің бәрі, біліктінің бәрі мансапқа жете бермейді.

Теуке хан Қазақ Ордасында соңғы тыныштық жылдарда қалыптасқан әлеуметтік ауқымға ресми түрде рұқсат берген болуы да. Онда бұл – күрессіз, таласссыз жүзеге асқан, әміршінің орталық өкіметті нығайту, сол жолда болашақ үміткерлердің алдын кесу турасындағы жаңсақ ұғымымен орайлас келген, саналы, қалаулы шешім, қапыл іс.

Қайткенде де Тәукенің жүгі ауыр еді. Орданы бұлғақ жайламаса да, ежелгі бірлік азайған, қалыпты билік те кеміген. Рубасы ірі феодалдардың, мал байлығымен, немесе ағайын-туыстың көптігімен үлкен қуатқа жеткен шонжарлардың хан ықтиярына көне қоймайтыны туралы деректер сақталған. Бұл – Тәуке хандығының 15-30-жылдары; сыртқы соғыстағы ауыр жеңілістерден соң, ұлыстағы бас қолбасы болып есептелетін ханның бар беделден айрылуының нәтижесі.

Рас, бұған керісінше, Қазақ Ордасының сырттай болса да тұтастығын жоғалтпауы – Тәукенің беделі мен білігінің арқасы деп пайымдайды көпшілік зерттеушілер. Солай дейік. Бірақ талассыз ақиқат бар: кемеңгер әмірші болмасты болдырып, қисынсызды қиыстыруы керек. Көсемге жүктелер міндет өзгеше. “Ханда қырық кісінің ақылы бар“ деген ежелгі мақал – биік талаптың бір ғана көрінісі. Әмірші барды ұқсатумен ғана бағаланбайды.

Әз-Тәуке хан тұсындағы ең үлкен ұтылыс – Қазақ Ордасының әскери құрылымы мен шаруашылық жайын төтенше ахуал, жаңа жағдайға орай жаңаша ұйымдастыру ісінің мүлде тоқырауы. Бұл жалғыз Тәукенің емес, сол замандағы бүкіл қазақ әміршілерінің бәрінің мойнындағы кінә.

Әрине, Әз-Тәуке де, ұлыста өкім жүргізген басқа шонжарлар да Жоңғар қаупін айқын сезінді, күрес қажетін, жаппай көтерілу керегін білді. Біле тұра Дүрбін-Ойратты тоқтатар ешқандай амал таппағанын көреміз.

Деректерге қарағанда, Тәуке хан сексен мың әскер шығара алады екен. Оның өзі көтеріп айтылған сөз.

Қазіргі заман демографтары ол кездегі қазақтың саны екі жарым миллионға жуықтады деп есептейді. Мүмкін, одан да көп болған шығар. Үлкен ұлыс құрамындағы қырғыз, қарақалпақ, құраманы қоссақ, үш миллионнан еркін аспақ. Көшпенді жұртта бестің бірі, тіпті, төрттің бірі жарақ асынған жауынгер саналады. Ескі тарихты зерттеушілер әскер санынан халық санын, халық санынан әскер санын шығара береді. Қазақтың Қасым ханының үш жүз мың әскері болғаны – нақты дерек. Сол замандағы Қазақ Ордасының халқы бір жарым миллионға жуықтады деген сөз. Салқам Жәңгір хан 1644 жылы күзде Ауғанстанға көмекке жүз мың әскер аттандырған еді. Бұл – он сан қазақ қосындарының бір ғана бөлігі болатын.

XVII ғасырдың соңы, XVIII ғасырдың басында, Қазақ Ордасы үшін ең қатерлі кезеңде үш миллион халықтан тым құрса үш жүз мың әскер жасақтай алмау – Орданың әскери ахуалының мүлде кері кеткенін көрсетеді. Жауынгерлік, ерлік заманында, бәлиғатқа толған, тұғырдан таймаған кез келген еркек жарақшы саналса, енді сол шамадағы бақыр бастының бесеуінің бірі ғана қару көтеруге жарағаны, қалған төртеуі – аяқ босатар, асса, мал қайырар қарауыл ғана.

Бұл кезде Дүрбін-Ойраттағы жағдай мүлде басқаша еді. Барлық жұрты бір миллионға еркін жетпейтін Жоңғардың әскерін ешкім санаған емес. Жарағын тастамай, бел шешпей, үнемі ат үстінде жүрген шерігінің өзі жүз мыңнан астам. Халқы қазақтан үш есе кем, әскері әлдеқайда көп. Бірақ бар мәселе санда тұрмаған. Айырма бір жарым-екі есе. Ең үлкен артықшылық – сапада болатын.

Бірме-бір келсе, қазақ аламаны мен қалмақ шерігі шамалас, тепе-тең түсер еді. Бірақ мыңға мың келгенде қалмақ қазақты түріп шығатын. Күшінің, әдіс-айласының басымдығынан емес, қарымының ұзындығынан. Бұл кезде ойраттардың ең басты қаруы – найза мен садақ емес, мылтық пен зеңбірек болатын. Екі жүз жылдық соғыстың жаңа кезеңінде, Әз-Тәуке ханның тұсында ойрат әскері от қарумен жарақтану ісін біршама жүзеге асырып үлгерген екен.

От қаруға алғаш жеткен – қалмақ емес, қазақ еді. Тәуекел хан мұрат тұтқан іс Есім хан тұсында жүзеге аса бастады. 1644 жылы жазға салым, Батұр қоңтажымен арада болған атақты соғыста Салқам Жәңгірдің от қарумен жарақтанған алты жүз атарманы ұрыс тағдырын шешкені туралы мана айттық. Қазақтардың мылтықты жасағы осы алты жүзбен ғана

шектеледі ме? Кесіп айту қиын. Ол заманда алты жүз мылтықтың өзі ауыр күш, мұншама қаруды қолға түсіру, оны қолдана алатын соншама кісі табу – оңай шаруа емес. Іске қосылған алты жүз мылтық – алпыс мың әскерге татиды. Бірақ қолайы келіп, сәтті басталған және үлкен нәтиже берген озық бағдар Салқам Жәңгір хан дүниеден көшкеннен соңғы жерде мүлде аяқсыз қалғанын көреміз. Бар мылтық жоғалмаған, әрине. Бірақ соның санын көбейту, таза от қарумен жарақтанған әскер құрау ісі мүлде ұмытылады. Тәуке хан заманындағы, одан соңғы кезеңдегі қалмақпен соғыс шежірелеріне қарасаңыз, ескі шиті мылтық жекелеген адамдардың ғана қолында жүргенін көресіз, қазақ аламанының негізгі қаруы – найза мен қылыш, садақ санаулы ғана. Осы ескі жарақтарды қолданудың өзі бұрынғы деңгейде болмады дер едік.

Салқам Жәңгір хан жасын күркіреткен қырғыннан соң Дүрбін-Ойрат жаңа қаруға жаппай құмартады. Және бұл жолда малды да, жанды да аямағанын көреміз. Ресейдің Жоңғармен шекаралас Кузнецк, Краснояр, Минусин өңірлерінен сатып алады, айырбастап алады, тартып алады. Көп ұзамай мылтықты қолдан соғып, оқ-дәріні өздері жасауға жетеді.

Қалмақ шерігі от қарумен қашан, қаншалық мөлшерде жарақтанғаны туралы нақты дерек жоқ. Алайда, бұл тараптағы серпіліс өте шұғыл және айрықша нәтижелі болғаны анық аңғарылады. 1690 жылы ойрат-қытай соғысы басталғанда, Ғалдан-Бошұқты-ханның кем дегенде жарым жасағы мылтықты болған. Олоғойдағы ұрыс қалмақтардың жаңа қаруды еркін әрі молынан игерумен қатар, осыған сай, шайқас тәсілдерін де жаңғыртқанын көрсетті.

Ойрат шерігіндегі от қарудың саны туралы біршама мағлұмат беретін нақты бір дерек – жеңіліске ұшырап, әскер тозған кезде, Қобдадағы ең соңғы ұрыс алдында Ғалдан-Бошұқтының бес мың шерігі болыпты, соның екі мыңында мылтық бар екен; бес адамның екеуі деген сөз. Немесе, онның төрті.

Қайратты, жаужүрек қалмақ қосындыларының Ұлан-Бұтұндағы төрт күндік қырғын майданда сағы сынуының ең басты себебі – Мәнжу-Цин әскерінің үш есе көптігі емес – қалмақтар жауының қара құрым көптігін ұрыс басталмай тұрып-ақ білген; қалмақтың жүрегін шайлықтырмаса да, тобын тоздырған – “үлкен мылтық“ – қытайдың нешеме жүз ауыр зеңбірегі.

Ұлан-Бұтұндағы, Халханың тағдырын шешкен, Ойраттың ажал сағатын жақындатқан зор майданнан соң Жоңғар әскері зеңбірекпен қарулануды армандапты. Уақыты келгенде оған да жетеді.

Бір сөзбен айтқанда, жүз отыз жыл бойы қазақтың қайқы қылышы қидалаған ойрат жұрты әуелі бірлікке келіп, білекті болады, содан соң жаңа өнер тауып, білігі асады, нәтижесінде ежелгі жаумен арадағы шешуші майданда айқын басымдыққа бет қояды.

* * *

Сайрам соғысынан, оның ізін басқан шұғыл жорықтан соң арада толық бір мүшел өткенде, жаңа бір соғыс өрті тұтанады. Тұтанбауы мүмкін емес еді. Екі жақтың да сылтауы көп, себебі біреу-ақ – Орталық Азиядағы өзара бақастық; қазақтар қарымта қайыруды ойлайды, қалмақтар біржола бұқтырғысы келеді.

Бірақ Қазақ Ордасы қолайлы кезеңді өткізіп алған. Тым құрыса, бұдан үш-төрт жыл бұрын, Халхадағы зобалаң бүкіл ойраттың еңсесін жаныштап отырған, Сыбан-Раптан әлі берік бекімеген кезде бастаса, бәлкім әлденедей бір нәтиже шығар еді. Ендігі үміт ақталмайды. Қоңтажы Сыбан-Раптан 1698 жылы жазда қалың қолмен Қазақ Ордасының шегіне басып кіреді. Қазақ қосындарын талқандап, Шу аңғарында, Талас бойында отырған елді ойсырата шауып, қарулы, қарусыз мыңдаған адамның қанын төгіп, он мыңдай тұтқын, қаншама мал-мүлікпен еліне оралады.

Билігі күшейіп, абыройы асқан, халқының қуатына сенген Сыбан-Раптан енді бар назарын шығысқа бұрады, кешегі Ғалдан-Бошұқты ханның тұсында Қытайға кеткен қоныстарды қайтарып алу жайын ойластыра бастайды. Ежелгі моңғол жұртын біржола жуасытуды өмірлік мұраты санаған еженхан Сюань Е 1703 жылы өзінің дәргейіндегі ұлықтармен өткізген бір кеңесінде: "Сыбан-Раптан тым асып кетті; қазақтарды жеңгеннен бері шектен шығып, біздің өзімізге сес көрсете бастады, сабасына түсірмей болмас", – депті. Ойрат-қытай соғысы қайта тұтанады.

Еженхан екі жүз мың әскер шығарыпты. Қалмақтардың негізгі күші шығысқа, қытай майданына төгіледі. Екі елге де үлкен салмақ түсірген жойқын соғыс еженхан Сюань Е (Канси) дүние салған 1722 жылға дейін бір толастамады. Мәнжу-Цин армиясы ауыр жеңілістерге ұшырайды. Тибеттен айрылады, енді, Халха бүлінеді, қалмақтар Көкүнорға түседі деген қауіп туады.

Ақыры, саны мол қытай 1719 жылы Тибетке жүз мыңдық жаңа жасақ аттандырады, келер көктемде ойрат-халха жұртының дін ордасы қайтадан еженханның дәргейіне көшеді; қалмақтар Хами мен Тұрфанды тастап шығады, басқа тараптан да ығыстырыла бастайды.

Алайда, түгелге жуық мылтықпен қаруланған, саны әлденеше есе артық, жүздеген зеңбірегі бар цин әскерлері айқын басымдыққа жете алмайды; кең даладағы ашық соғыста үнемі ұтыс тауып отырған Дүрбін-Ойрат өзінің тәуелсіздігін сақтап қалады.

Негізгі күшін шығысқа бағыттаған Сыбан-Раптан батыста, Қазақ Ордасымен шектесер аймақта отыз мың шерік қалдырған екен. Әуелгі кезеңде бұл тарапта ешқандай ұрыс қимылдары болмайды. Тағы бір мүшел – тұтас он екі жыл тыныштықта өтеді.

Әлбетте, қалмақ қатер күтеді, батыс шекараны берік ұстап тұрудан бөтен мұраты болмайды. Бірақ әлде тауаны шағылған, әлде Дүрбін-Ойраттағы ахуал, Қытаймен арадағы соғыс турасында бейхабар қазақ ереуілдеп шығар сыңай танытпайды. Бұл теке тұрыс қалмаққа сенім береді, жаңа шапқынға жөн сілтегендей болады.

Дүрбін-Ойрат тарабынан қайтадан қатер туғанын аңдаған Тәуке хан 1710 жылы Қарақұмда бүкіл Қазақ Ордасының құрылтайын шақырады. Құрылтай өткізу – бұрынырақ белгіленсе керек, алайда, дәл осы кезде жаңа шапқыншылық басталады.

Алты алашты тағы да үрей буған сияқты. Баз біреулер Жоңғарға бас ұру, қоңтажының бодандығын қабылдау туралы, баз біреулер түп көтеріле көшу, қалмақ құрығынан аулақтау туралы сөз қозғайды. Бірақ көпшілік қауым ойратпен ақырғы тамшы қан қалғанша соғысу керек деген пікірде болады. Осы шешімге тоқтасады.

Бас қолбасы болып Бөкенбай батыр сайланады. Қазақ Ордасының тарихында тұңғыш рет ұлыс тағдыры ханға емес, сұлтанға емес, қара қылыш батырға тапсырылады.

1710-1711 жылдардағы дүрбелең майданда Бөкенбай батыр бастаған қазақ әскері қалмақтарды тойтарады, келесі 1712 жылда ойрат ұлыстарының шегіне басып кіреді, біраз қоныстарын қайтарып, үлкен жеңіске жетеді.

Келер жылы қалмақтар жаңа жорық ұйымдастырады. Қазақтар ел ішіне енгізбей, жауды серпіп тастайды. Енді Дүрбін-Ойрат шығыс майданнан жаңа қосындар түсірсе керек, 1714 жылы Қазақ Ордасы кезекті ауыр жеңіліске ұшырайды. Бұл алмағайып замандағы ойрат-қазақ майданының сыр-сыпатына бажайлай қарасақ, қалмақтардың тереңнен тартқан жүйелі жоспарды тегеурінді соғыс қимылдары арқылы нақты жүзеге асырып отырғанын көреміз. Әрбір жорық, әрбір ұрыс үлкен істің, түпкі мұраттың бір бөлшегі ғана. Ал қазақтардың барлық әрекеті қарбаласта өтеді, күрес стратагиясы табылмаған, серпін бар, дүркіндік жоқ; бұғаудағы бұлқыныс, бауыздау алдындағы жанталас сияқты әсер қалдырады.

Алты алаш төрт ойраттың ішкі қалпы, сыртқы ахуалы турасында мүлде дерлік бейхабар болса, Сыбан-Раптан Қазақ Ордасының әскери тұрпатын ғана емес, ішкі саяси жағдайын да жақсы танып білгені көрінеді. Қасым хан мен Тәуекел хан заманын айтпағанда, кешегі Салқам Жәңгір тұсында тас түйін болып отырған Қазақ Ордасы Тәуке ханның сәтсіз реформалары негізінде әрқайсысының өз иесі бар алты ұлысқа бөлінген; әзірге бөлшектенген жоқ, ыдыраған жоқ, алайда бұрынғы бірліктің көлеңкесі ғана қалған; байырқалы күнде ортақ ту астында отыр, зобалаң туса, әрқайсысы әр жаққа тартпақ. Бұл жағдайды, тіпті, қалмақ пен қазақ арасын алыстан бағып отырған орыс саясатшыларының өзі жақсы түсінген.

1715 жылы Әз-Тәуке хан дүние салды. Ауыр жеңілістерге ұшырап, аруағы қашып отырған жұрт Тәукенің аталас інісі Қайып сұлтанды хан көтереді. Қайып ханның беделі Әз-Тәукедей болмады. Алаш ұлыстарының дербестігі сөзден іске көшуге айналды. Әсіресе, хандық мәртебеден үміткер болған Әбілқайыр сұлтан асаулық танытты. Әбілқайыр ресми құжаттарда өзін сұлтан атап, Қайыптың біртұтас Қазақ Ордасының ханы екенін мойындап, оның әміріне бас ұратынын мәлімдесе

де, шын мәнісінде зор билікке жеткені көрінеді. Ешбір ұлысқа көтерілмесе де, бұл кездегі деректердің біразында хан аталады.

Ел ішіндегі саяси-әлеуметтік жағдай қандай болса да, Жоңғар қаупі жаңа әрекет керегін ұмыттырмаған. 1717 жылы Қайып хан мен Әбілқайыр сұлтан Қазақ Ордасының отыз мың әскерін бастап, Дүрбін-Ойратқа қарсы аттанады.

Әжептәуір дайындалған, үлкен үміт күткен жорық болса керек. Іздеген жауымен Аягөз өзенінде беттеседі. Мылтықпен қаруланған, өзеннің арғы бетінде шеп ұстаған мың қаралы қалмақ ұзақ күн бойы қазақтарды тоқтатып тұрыпты. Кеш бата қалмақтар ағаш жығып, бекінісін нығарлай түседі. Қазақтардың бір бөлігі жоғарырақ тұста өзеннен өтіп, олар да шеп құрады. Қалмақтарға көмекке тағы мың жарым адам келеді. Екінші күн де алыстан атыс үстінде өтеді. Үшінші күні таң бозында арттан ойраттың қалың әскері жетіпті.

Тың күшпен басталған тегеурінді шабуылда өзеннің екі жағасындағы қазақтар да ту-талақай болады. Жаппай дүркіреп қашқан дұшпандарын қалмақтар жарты күн бойы қудалап, қырып-жойыпты.

Дарынсыз Қайып пен өркөкірек Әбілқайыр бар әскерінен айрылып, сопа бастары ғана құтылады, Ордаға келгенде Қайып ханның қасында екі-ақ кісі бар екен дейді.

Келесі, 1718 жылы жоңғарлар кең көлемді майдан ашады, қазақ жасақтарын Арыс, Бөген, Шаян өзендерінің бойында әлденеше мәрте ойсырата жеңіп, бүкіл Оңтүстікті ойрандап кетеді.

Үлкен жеңіске жетіп, мерейі асқан қалмақ қосындары – негізгі күші шығыс майданда шайқасып жатқан Дүрбін-Ойрат әскерінің бестен бір бөлігі ғана болатын. Өзара жау екі ұлыстың қарулы күштерінің ара салмағына айқын мысал. Соңғы қырық жылда, бір күнде емес, бірте-бірте қалыптасқан ахуал.

Өзінің ойсыз ісі, сүреңсіз мінезімен алаш ұлы қорлық күнді, құлдық заманды, бәлкім жер бетінен біржола өшер ажал сағатын бұрынғыдан әрмен жақындата түскенін көреміз.

1718 жылдың аяғында талайсыз Қайып хан шәйіт болған. Алты алаштың осыған дейін жарытып жұрт ұстай алмаған игі жақсылары жау иектеп, халық қалжырап тұрған алмағайып заманда теріс таңдау жасайды – ата даңқына бас ұрды ма, басқаға қимады ма, әлде қауқарсыз ханның сыртынан билік жүргізу оңай деді ме – Әз-Тәукенің дарынсыз да жігерсіз ұлы Болатты ақ киізге көтереді. Қалай десек те, дәл осы сәтте хан тағына ең лайықты адам – соғыс тәжірибесі бар, атақ-абыройы да мол, өктем мінезді, өркөкірек Әбілқайыр сұлтан шетке қағылады. Көкжал Барақ сұлтан турасында әңгіме де болмаған сияқты.

Қазаққа қолбасылық қабылеті зор, қарымы қатты хан керек еді. Билерге иі жұмсақ хан керек болыпты. Қазақ Ордасын қаусатып біткен "игі жақсылар" өздері ғана емес, бүкіл ел көр аузында тұрған сәтте ата таңдайды: кеше ғана, жан қысылған шақта бұрынғы ғұрыпта болмаған әдетпен, қарадан шыққан Бөкенбайды бас қолбасы сайлаған шонжарлар енді, қазақ сұлтандарының кіші бұтағынан тарайды, тегі төмен деген

сылтаумен, Әз-Жәнібек ханның тікелей ұрпағы болып саналатын Әбілқайырды хан тағына жібермейді.

Баққұмар Әбілқайыр бірден-ақ ат басын теріске бұрды, ұлыстың бір бөлігінде жеке билігін жүзеге асырды. Болаттың хан сайлануына басқа сұлтандардың да ризашылығы кем болса керек. Сөйтіп ең қажет кезде ел басшысыз қалады.

1718 жылғы шапқын, 1719 жылғы хан сайлаудан соң Қазақ Ордасын біржола талқандау – Дүрбін-Ойрат үшін қалаған уақытта жүзеге асар, шешімін тапқан, әдепкі мәселеге айналады.

АҚТАБАН-ШҰБЫРЫНДЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ

Ердене-Батұр қоңтажы Дүрбін-Ойраттың басын біріктірді. Ғалдан-Бошұқты-хан елді соғыс жағдайына көшіріпті. Атасы мен ағасының ісін одан ары дәйектеген Сыбан-Раптан Жоңғарды біржола қаруландыруға айрықша мән берді. Қазіргі қазақ арасында қалмақты орыс жарақтады, қытай итермеледі деген тәрізді, қисынсыз, қате түсінік бар. Бұл екі үлкен ел де ойрат жұртын алып жеуге мүдделі болатын. Қуатты империялар кейіннен көршілессе, ежелден жалғыз болған, қазақ, моңғол халқының ортасында отырған ойраттар елдігін сақтау үшін әманда өзінің жеке күш-қуатына ғана сүйенуге мәжбүр болды. Қазақ ордасында Әз-Жәнібек әулеті билікке жеткені сияқты Дүрбін-Ойратта Ердене-Батұр әулетінің алға шығуы қалмақ елінің бақытын ашты. Ел басына жауынгер, көреген әрі кемеңгер әміршілер келді. Халқының болашағы жолында күрескен Ғалдан-Бошұқты батыс жұртының ғаламат от қаруын игеруді бірінші кезекке қойыпты. Сыбан-Раптан бұл істі мүмкін болған жеріне жеткізеді.

Ойраттар мылтықты сатып алу, барымталап, тартып алумен қатар, өз елінде жасау ісін қалыпты әдетке айналдырады. XVIII ғасырдың бас кезінде, қазақпен арадағы соғыс қызып, қытаймен арадағы қатынас ушығып тұрған заманда Жоңғарда Зеленовский деген орыс шебері күн кешіпті. Өз еркімен өтті ме, тұтқындалып келді ме, белгісіз. Осы Зеленовский Дүрбін-Ойраттағы мылтық жасау өндірісін жаңа жолға қояды. Бұдан бұрын да мылтық соғып жүрген қалмақ ұсталары енді от қарудың сол замандағы ең соңғы үлгілерін қалыпқа түсіруге үйренсе керек.

Сыбан-Раптанның мылтық қана емес, басқа да әскери жарақтар жасайтын тұтас бір зауыты болған. Мұнда мың адам жұмыс атқарады екен. Оның бір жүзі орыс. Әлбетте, бұл жүз орыс тек мылтық соғумен ғана айналысты. Баяғы білтелі емес, тез атылатын, жауынға да, боранға да қарамайтын шақпақ тегершікті мылтықтар.

1715 жылы жаз ортасында подполковник Бухгольц бастаған үш мың адамдық орыс жасағы Сібір астанасы Тобыл қаласынан шығып, Ертісті өрлейді. Күз түсе Жәмші көлінің маңына тоқтап, бекініс қамал салады.

Ресейдің әр қадамын бағып отырған Ойрат бұл істі Жоңғар шегіне төнген үлкен қауіп деп есептейді; Серен-Дондоб бастаған он мың қалмақ қыс түсе Жәмші қамалын берік қоршауға алады. Арттан жеткен орыс жасағын тағы талқандап, ақыры, 1717 жылдың көктемінде Бухгольцті бекіністен біржола тықсырып шығады. Орыстың жиыны үш жарым мыңнан астам атарманынан жеті жүздей ғана кісі аман оралыпты.

Бухгольц әскері және оған көмекке ұмтылған жасақпен соғыс кезінде ойраттар қырған-жойғанының үстіне әлденеше жүз адамды тірідей тұтқындайды, қаншама қару олжалайды. Ең үлкен олжа – Солтүстік соғыс кезінде қолға түсіп, орыс қызметіне жегілген швед офицері Ренат болып шығады.

Қалмақтың бағына, қазақтың сорына туған Ренат 1716 жылдан бастап Дүрбін-Ойратта зеңбірек құю ісін жолға қояды. Нақты деректердің айтуынша, Ренат және оның серіктері Жоңғарда болған он төрт жыл ішінде үлкенді-кішілі қырық зеңбірек жасапты. Әрине, ертелі-кеш бұлардың барлығы да қазақ майданында іске қосылды.

Сыбан-Раптанның артиллериясы тек Ренат құйған зеңбіректермен шектелмеген. Қытаймен арадағы соғыста әр кезде бірнеше зеңбірек олжаға түскені туралы мағлұмат бар.

Қару-жарақ жасау ісіндегі басшылық – швед пен орыстың тұтқын офицерлері атқарған ұланғайыр істің бір ғана тармағы. Бұлардың жаңа дәуірдегі Еуропаның соғыс өнері тарабында да үлгілі сабақтар өткізгені, майдан барысында, нақты ұрыстар турасында құнды кеңестер бергені күмәнсіз.

Қазақтың басындағы бұлт қоюлай түсіпті.

Ежелгі қытай мемлекетінің өрісін кеңейтіп, жаңа биікке көтерген жауынгер еженхан Сюань Е 1722 жылдың ақырында қартайып барып дүниеден көшкен соң, оның орнын басқан баласы Инь Чжэнь батыс шекара мәселесін кейінге ірке тұру қажет деп біледі.

Ойрат пен Цин арасында бітім шарты жасалар-жасалмастан, 1723 жылдың ерте көктемінде Сыбан-Раптан ширек ғасыр бойы қазақтарды төпелеген батыс қосындарын, соңғы он бес-жиырма жылда саны басым, қаруы қапысыз Мәнжу-Цин әскерімен тынымсыз шайқаста әбден шыныққан шығыс қосындарын – қыл шашақты қызыл туы желбіреген Дүрбін-Ойраттың жүз мыңнан астам темір шерігін түгелімен Қазақ Ордасына төгеді.

Бұдан бұрынғы соғыстарда әбден қансыраған, берекесі кетіп, құты қашқан, басшысы жоқ жетім ел ойрат шапқынына айтарлықтай қарсылық көрсете алмайды. Жекелеген ұрыстар жанкештінің ісі тәрізді ғана көрінсе керек. Қару ұстар азаматы түгелге жуық қырылған панасыз жұрт адам айтқысыз шығынға ұшырайды, қонысынан безіп, халық тарихында Ақтабан-шұбырынды деп аталатын зобалаң апатқа түседі.

Біздің тарихи және көркем әдебиетте Ақтабан-шұбырынды жоңғарлардың тұтқиыл шабуылы салдарынан болған төтенше бақытсыздық ретінде бейнеленеді. Шын мәнісінде, 1723 жылғы жоңғар шапқыны және соның нәтижесіндегі қазақ босқыны – осыған дейін тура

қырық жыл бойы жүргізілген саясат пен майданның – Қазақ Ордасы мен Дүрбін-Ойрат арасындағы аяусыз күрестің соңғы түйіні, қорытынды зардабы ғана. Қазақ Ордасы 1723 жылы қалай қирады деп емес, осы 1723 жылға қалай жетті деп таңырқасақ ләзім.

Жаңа ғасыр басталғаннан бергі масқара жеңілістерді айтпағанда, Тәуке хан ел билігін енді ғана қолға алған сонау 1681-1684 жылдарғы Сайрам соғысының өзі-ақ алты алашты қаусатып кеткен болатын. Бұдан соңғы жылдарда түтін түтетіп, ел болып отыруы – жауға қарсы күрестің жаңа бір тәсілін тапқаннан емес, Дүрбін-Ойрат пен Мәнжу-Цин империясының арасында тұтанған жойқын соғыстың арқасы. Соншама заман қазақты сақтап тұрған ұлы қытай халқына, оның жауынгер боғдұханы Сюань Е – Кансиге рахмет. Егер еженхан Сюань Е бұдан бес жыл бұрын өлсе, Ақтабан-шұбырынды 1718 жылы, он жыл кейін өлсе, 1733 жылы орнайтын еді. Анық ақиқаты осы!

Кейінгі қазақ тарихшысы, жазушы, әрі ойшыл Шәкерім қажының айтуынша, Ақтабан-шұбырынды кезінде қазақ халқы "үш есенің екеуінен" айрылады. Бүгінгі заман демографтары халықтың үштен бірі қырғын тапты деп есептейді. Орталап айтсақ, жер басып жүрген екі қазақтың біреуі өліп отырды. Қалай ықшамдасақ та екі миллионнан еркін асқан ұлы халықтың тең жарымы қырылды. Мейлі үштен бірі ғана болсын. Жеті жүз-сегіз жүз мың адам. Тұтас бір ұлыс. Сол замандағы Еуропаның іргелі ел болып отырған атаулы бір халқына парапар, қисапсыз шығын. Сұмдық қой!

Өлгендер – шәйіт. Тірілер аруақ кебіне түскен еді. 1725 жылғы жаңа шапқыннан соң жан қиналмай өлудің өзі арман болады. Түркстан, Ташкент, Саураннан, бүкіл Оңтүстік өңірден айрылған қазақ тұяқ тоқтатар бұдыр таппайды, бүкіл Мәуреннахрды көктей өтіп, Арқаға қайырылады, ордалы жұртымен шұбырып, босқындаған беті Жем мен Жайыққа жетіп әрең тоқтайды.

Аттылы, жаяу шұбырған, аштықтан, аурудан әлсіреген қазақты Бұқар да талайды, башқұрт пен Еділ қалмақтары да шабады. Алайда, мол қазақ қанша қырылғанымен, әлі де көп еді, қайратты қазақ қанша қалжырағанмен әлі де қауқарсыз емес еді. Орта Азияның қазақ өткен аймақтары жұтап, тып-тыйпыл болып қалады, башқұрт кері ысырылады, торғауыт жапырылып, құлауға шақ тұрады.

Өкшелеген жаудан қара үзген қазақ артына қарайлап, қайтадан қол түзіпті. Үш алаш болып тізе қоса аттанып, жау басқан аймақта екі үлкен ұрыс беріпті. Бұл – Сыбан-Раптан жаңа ғана өлген, оның ұлы Қалдан-Серен әлі бекімеген, Қазақ Ордасы үшін өте қолайлы кезең еді.

Ел әңгімелеріне, жанама тарихи мәліметтерге қарағанда, жоңғармен арадағы алғашқы үлкен майдан 1728 жыл шамасында Арқада, Сарысудың батыс тарабындағы Бұланты өзенінің бойында өтеді. Келесі үлкен ұрыс 1730 жылдың көктемінде, Балқаштың оңтүстік тұмсығына тақау Итішпес деген көлдің маңында болады. Бұл екі шайқаста да қазақ әскері толық жеңіске жетеді. Кейін Бұлантыда ұрыс болған жер Қалмаққырылған деп

аталады. Итішпесте ұрыс болған жер Аңырақай аталады, халық жадында Ақтабан-шұбырындыдан соңғы алғашқы екі жеңіс осылай таңбаланыпты.

Бұланты шайқасында бас қолбасы – Әбілқайыр еді. Сонымен қатар, бұл ұрысқа жеке қосындар мен жасақтарды бастап Сәмеке, Әбілмәмбет, Көкжал Барақ сұлтандар, Саңырақ, Бөкенбай, Шақшақ Жәнібек, Тайлақ батырлар белсене қатысады. “Жауды жеңген – жасағы, батыр аты Баракта қалды“ дегендей, ұрыстың бар салмағын көтерген, қан жұта қаржысып, Жоңғардың қалың қолын тоздырған – соңғы алты-жеті жылдан бері ат жалында күн кешкен қазақ аламаны болатын.

Бұланты мен Аңырақайдағы ұрыстар ерге қуат, елге дәт берді. Дүрбін-Ойратқа қарсы соғыста табанды күрес қана оң іске бастарына көз жеткізді. Алайда, үлкен жеңіс аяғы ұсақ дау-шарға ұласады. Осы шамада аты бар, заты жоқ Болат хан дүниеден өткен еді. Зерттеушілер бар пәле билікке таластан басталды деп шамалайды. Басы бірігіп келіп, ортақ жеңіске жеткен сұлтандар ат құйрығын кесісіп айрылысады. Қазақ Ордасының Әз-Тәукеден соң онсыз да иен тұрған қасиетті тағы мүлде қараң қалады.

Осы 1730 жылдан бастап кешегі біртұтас Қазақ Ордасы сөз жүзінде де, іс жүзінде де ресми түрде әлденеше билікке бөлінеді: қазіргі тарихшыларымыз айтып жүргендей үш жүздің жігі бойынша емес, далалық демократия негізінде, ұлыстық жүйе бойынша. Бұларды шартты түрде Әбілқайыр хан, Батыр хан, Сәмеке хан, Әбілмәмбет хан, Жолбарыс хан, Барақ сұлтан иеліктері деп атауға болар еді.

Нәтижесінде, Жоңғарға қарсы түбегейлі күрес мәселесі тығырыққа тіреледі. Сол кездегі орыс саясатшыларының бірі: “Бұл қырғыз-қайсақтар басы біріксе қалмақтарды жеңіп шығар еді; алайда, бір хан соғысқа шыққанда, екіншісі қалыс қалады, сөйтіп, қалмақтан ұтылып тұр“, – депті. Ұтылып қана қоймайды, біржола жер болады.

Бұдан былайғы күреске күші сарқылған Жолбарыс хан мен Төле би жау табанында қалған қалың елмен бірге ойрат әмірін мойындауға мәжбүр болады. Қарауындағы ұлысын сақтаудың төтенше амалын іздеген Әбілқайыр Ресей бодандығы туралы әңгіме көтереді. Көп ұзамай, Орта жүздің басым бөлігін ұстап отырған Әбілмәмбет те заман тарлығынан туындаған тайғақ саясатқа ден қояды.

Бодандық туралы ол кездегі қалыпты түсінік, әсіресе көшпенді жұрттардың көзқарасы біздің қазіргі ұғымымыздан мүлде басқаша болатын. Әбілқайыр бастаған, кейінірек Әбілмәмбет пен Жолбарыс қостап, қазақтың басқа да шонжарлары үміт артқан бодандық мәселесі – бостандықтан айрылу емес, әскери одақ, дәл осы кезеңде қауіп-қатері кемірек, күш-қуаты мол, үлкен жұрттың саяси демесін, ұзын арқау қорғанышына сүйене отырып, өзінің елдігін, тәуелсіздігін сақтап қалу тәсілі ғана. (Алайда Ресей өкіметінің бодандық туралы өз пайымы, соған орай ерекше есебі бар еді...)

Әлбетте, қазақты қазақтан басқа ешкім де сақтап қала алмайтын. Егер Бұланты мен Аңырақайдағы жеңістер болмаса, Қазақ Ордасы осыдан жүз жыл бұрын мүлде тозып, құрып біткен Ноғай Ордасының кебін киері

анық-ты. Тоқтау көрмеген Жоңғар қалмағы енді бірер серпіннен соң Еділ қалмағымен тоғысар еді. Сары Арқадан айрылған соң қазақтың барар жері, басар тауы қалмас еді. Хандық садаға, халықтың өзі құрып кетер еді.

Қуатты Жоңғар тұмсығы тасқа тиіп бір мәртеге тоқырады. Бұланты мен Аңырақай шешуші шайқас емес-ті, бірақ алаш ұлының ғұмырын ұзартқан, оған ең қажет кезінде тыныс берген аса елеулі оқиға болды.

Туыстас, көшпенді екі халық арасында үздіксіз жалғасып келе жатқан жойқын соғыстың екі жүзінші жылы Дүрбін-Ойрат айқын басымдылыққа жетті. Қазақ Ордасы қирап жеңілді. Жарым жұртынан айрылып, тоз-тоз болды. Арада ширек ғасыр өткенде дүние теріс айналады. Екі ұлыстың орны ауысады. Қазақ Ордасы ұлы жеңістерге жетеді, тағдыр қатал үкімге кескен ежелгі жауының жер бетінен мүлде өшкенін көреді. Бірақ Ақтабан-шұбырындының есесі ешқашан толмақ емес.

Ақтабан-шұбырынды ең алдымен қазақтың мемлекеттік жүйесі үшін оңалмас соққы болып тиді. Қазақ Ордасы алты алаш аталатын еді. Бері дегенде Тайыр хан заманында тағдырын қосқан, жаужүрек Тоғым хан ара түскен, сайыпқыран Салқам Жәңгір пана болған ақ қалпақты қырғыз Сыбан-Раптан қоңтажымен арадағы әуелгі сәтсіздіктен соң-ақ іргесін аулақ салып, өз дербестігін тапқан сияқты. 1710 жылдан берідегі жанталас шайқастарда тізе қосқан қырғыздың көлеңкесі көрінбейді. Қыдыр кетіп, бақ тайғанда ең алдымен бірге туған қырғыздан айрылыппыз. Бес алаш қалдың. Ата-баба моласына дейін жау табанына тастап, ежелгі қоныстан ауғанда құрама бөлінеді. Төрт алаш болдың. Арада жиырма шақты жыл өтіп, ес жиып, еңсе көтере бастағанда ешқашан артын ойламаған Әбілқайыр ханның қорқаулығы нәтижесінде қарақалпақты сыртқа шығарыппыз. Қазақ байдың баласы – Ақ Арыс, Жан Арыс, Бек Арыс – үш алаштың өзі ғана қалды. Қазақ Ордасы аталатын ұлан-ғайыр ұлыстың қара шаңырағы құламапты әйтеуір.

Сол, қазынасы мол, халқы көп Қазақ Ордасының шегінде көк күмбезді Түркстан, қамалы биік Сауран, топырағы май Ташкент бастаған жиырма бес қала бар екен. Алаш ұлы осы базарлы кенттерінің бәрінен айырылды. Мәуреннахрмен күнделікті алыс-берісі қалыптасқан, Иран өтіп, Ауған асатын сауда ошақтары тұншықты; осы шаһарларда орнығып, қол өнеркәсібін ұстаған, экономиканың өз заманына сай тетіктерін игерген кәсіпкерлік тыйылды. Шаруашылыққа қажет бұйымдар өндіру, кілем тоқу, мата тоқу, соғыс жарақтарын жасау – осының бәрінің негізгі ұйытқысы қалада тұрған. Жоңғардың жойқын басқыншылығы нәтижесінде қазақ қалаларындағы кәсіпкер, ұста мен шебер, маман жұмыскер атаулы түгел қырғынға ұшырады, тірі қалғандары ісмер құл ретінде Жоңғарға тұтқынға кетті, әйтіп-бүйтіп жан сақтағаны, көшпенді жұртпен бірге босқынға ергені машықты мамандығынан жаңылды. Түркстан бастаған жиырма бес қаладан айрылу – Қазақ Ордасының қанатын қырқып, өрісін тарылтып қана қойған жоқ, оның алдағы замандардағы тіршілік кебін біржақты – мал шаруашылығымен ғана айналысатын көшпенді кепке түсірді.

Экономикалық қана емес, рухани да орталық болып отырған, мешіттері, медреселері бар шаһарлардан аулақтанғаннан соңғы жерде қазақ исламнан да қашықтады, белгілі мөлшерде дінсіздену халықтың ұлттық санасына, иманды, өжданды рухына көлеңке түсірді. Тілі бөтен, діні бөтен, әдет-салты, дүние танымы бөтен жат жұртты жатырқау азайды, соған орай ұлттық тұғыр босаңсыды.

Алаш ұлының рухани мәдениеті орны толмас қазаға ұшырады. Түркстандағы Әзірет Сұлтан дүрбесінен бастап, Сауран, Шымкент, Сайрам, Ташкент, Созақ және басқа қалалардағы мешіттер қоймасында сақталған бай кітапхана, ондағы діни-фәлсафалық еңбектер, ескі тауарихтар мен шежірелер, біз бар деп білмеген тағы қаншама мұра өртке, талан-таражға түсті, жойылды. Біз Қазақ Ордасы құрылған кезден бергі барлық жазба мұрамыздан айрылдық. Қалалар қираған кезде жойылған өнер туындылары, сән-салтанат бұйымдары және басқадай заттық қазыналар өз алдында. Қазақ ұлы – сәнді шаһар, дулы базар, сәулетті мешіттер туралы аталарының әңгімесінен ғана естіген жаңа ұрпақ арада отыз жыл өткен соң қайта оралғанда кешегі сансыз қаланың орнында жетім қабырғалар ғана тұр еді.

Ақтабан-шұбырындының ең үлкен кеселі – демографиялық апат алаш жұртының өсімін қайта оралмас екі ғасырға кері шегерді, байтақ алап, кең даланы қоныстанып отырған, алдағы жылдарда еселене көбейіп, ата қонысты біржола кеулеп, лықа толтыруға тиіс айбынды жұрт тарихтың аумалы кезеңінде өзінің қажетті санына жете алмай қалды.

Ең үлкен бақытсыздық – беріден есептегенде екі миллионнан еркін асып, жалпы саны жөнінен сол заманда жер шарын мекендеген ең үлкен халықтардың қатарына жеткен қазақтың айдын көлі ортайғанында ғана емес. Елдің сағы сынды, ердің еңсесі басылды. Өзіне жан теңгермеген кеудесі биік қазақ жан-жағына жалтақтап қарауға үйренді. Буынға түскен қорқыныш немере, шөбереге өтті, басқаның күшінен имену, өнеріне табыну деген кеселді дерттер санаға шапты. Өр тұлғалы алаш ұлының мінез-құлқы, дүние танымы өзгерді. Кемшін сана, қам көкірек ақыр түбінде тәуелсіздіктен айырды, құлдыққа жетеледі, болашақ ұрпақтың жолын кесті.

Біз бұрынғы қазақ емес, басқа бір халық болып шықтық.

АБЫЛАЙ-БАХАДҰР ХАН

Алаш ұлының Ақтабан-шұбырындыдан соң қайта оңалуы, Қазақ Ордасының төре таңбалы қызыл туы қайта көтерілуі, бұрынғы кенере толып, ежелгі қуатына жетпесе де, біртұтас, қуатты мемлекет ретінде қалпына келуі – Абылай хан есімімен байланысты.

Абылай-бахадұр хан 1713 жылы туады. Соңғы кездегі әдебиетте айтылатын, ресми түрде қабылданған 1711 деген сан – білместіктен шыққан, долбармен алына салған. Бұрынғы-соңғы ешбір тарихи құжатта

Абылай 1711 жылы туып, жетпіс жасқа келіпті деген мағлұмат жоқ. Керісінше, барлық дерек 1713 жылға тіреледі. Мәселен, Ресейдің Сібір шебі әскерлерінің әміршісі генерал-майор Огаревтің Сыртқы істер коллегиясына 1781 жылы май айында жазған құпия қатынасында: “Осы жылғы май айының 23-і күні маған хабар жетті: қырғыз-қайсақ ордасының ханы Абылай жасы алпыс тоғызға қараған шағында, жорық үстінде ауырып, дүние салыпты“ деп жазады. Орысшасы: “будучи в походе, от приключившейся ему болезни умер на шестьдесят девятом году...“ Нақпа-нақ аударсақ, “алпыс сегізден асқан шағында“ болып шығады. Осыған жалғас, Абылайдың ұлы Уәли сұлтанның Ресей патшайымы Екатерина Екіншіге жолданған хатында да осы дерек қайталанады. Бұл құжаттардың барлығы да “Россияның сыртқы саясатының архивінде“ сақталған, баспа бетінде де жарияланған, орыс оқымыстылары талай рет пайдаланған. Яғни, жер астында жатқан, құпия дерек емес. Қазақ арасында сақталған тарихи жырларда, ақын-жырау шығармаларында да Абылайдың 68 жасқа келіп өлгені, оның ішінде 48 жыл билік құрғаны, алғаш рет жиырма жасында аты шыққаны туралы нақты айтылады.

Сонымен, талассыз ақиқат – Абылай 1713 жылы туған. Екі жылдың ары-берісінде не тұр деуге болмайды. Өйткені, Абылай өмірі, оның белгілі бір жас кезеңдері елеулі тарихи оқиғалармен тікелей байланысты.

Абылайдың ата тегі белгілі. Арғы бабасы – Шыңғыс хан, Жошы хан, бергі бабасы – Қазақ Ордасының негізін салған Әз-Жәнібек, одан соң Еңсегей бойлы Ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан. Барлық уақытта елге тірек болған, жұрт ұстаған әулет. Қысқа қайырсақ, қазақтың төре деген текті руы.

Абылайдың өз әкесі Уәли сұлтан жаугершілік, шапқын кезінде қазаға ұшырайды да, кейін Абылай хан аталған жас бала Әбілмансұр бүкіл ел абыржыған опалаң-топаланда мүлде панасыз қалады. Бұл, сірә, Ақтабан-шұбырынды кезеңі болса керек. Әбілмансұр бала Ораз дейтін құлының арқасында жан сақтап, бұғанасы бекиді.

Болашақ ұлы ханның дәл осы кезеңдегі өмірі туралы көптеген аңыз әңгімелер тараған. Солардың ұзын сұлбасына қарағанда, намысқор жеткін өзінің ата тегін жасырып, Сабалақ деген есіммен қатардағы көптің бірі ретінде өмір сүреді. Үйсін Төле бидің түйесін бағады, тағы бір әңгімелерде қарауыл Дәулеткелді байдың жылқысын бағады. Бұл екі мағлұмат бірін-бір толықтырса керек. Анық ақиқаты – бала Абылайдың Ақтабан-шұбырындыдан соңғы ауыр кезеңде қарапайым бақташы болғандығы.

Бұл жағдай болашақ әміршінің ел тұрмысын жақсы білуіне, халқының қасиетін де, қасіретін де нақты тануына септесті. Абылайдың көпшілікпен тіл табыса білуі, қалың жұртшылық арасында айрықша өтімді болуының бір себебі сол жас кездегі өмірлік тәжірибесі, жұпыны тіршілікте жатыр.

Абылайдың аруағы көтерілуі – жиырма жасында. Жоңғармен арадағы үлкен соғыстардың бірінде ешкімге мәлімсіз жас жігіт Әбілмансұр жекпе-жекке шығып, қалмақтың бас батыры, қоңтажы Қалден-Сереннің жақын

туысы Шарышты өлтіреді. Қанды сайыс Әбілмәмбет хан бастаған қалың әскердің рухын көтеріп, қазақтардың үлкен жеңісіне жол ашады.

Бұл қай жылғы, қай соғыс? 1728 жылғы Бұлантыдағы, немесе, 1730 жылғы Аңырақайдағы соғыс деп шамалайды біздің тарихшыларымыз бен жазушыларымыз. Қисынға келмейді. Абылайдың 16-17-ақ жаста болуы өз алдына, бұл кезде Орта жүздің ханы Сәмеке әлі тірі, тарихи құжаттарда онымен қатар Әбілмәмбет сұлтанның ғана есімі аталады.

Абылайдың жиырма жасы 1733 жылға сәйкес келсе, дәл сол 1733 жылы қазақ пен қалмақ арасында үлкен майдан болғаны қытай деректерінде атап көрсетілген. Кемеліне келіп, күші тасып тұрған қалмақтың қалың қолы ауыр жеңіліске ұшырайды. Азғана бөлігі азып-тозып, Жоңғарға әрең жетеді. Абылай ерлігі танылған, Абылай жол ашқан даңқты ұрыс – осы екені күмәнсіз.

Бұл – Абылай қатысқан алғашқы соғыс болмаса керек. Шешуші майданда бүкіл қазақтың бас батыры ретінде белсеніп шығу үшін қайрат пен жүрек қана емес, мол тәжірибе де керек еді. Әбілмансұр баланың кіші-гірім соғыстарға, жекелеген шайқастарға қатысып, әскер өнеріне, әсіресе, жекпе-жек жайына әбден машыққаны күмәнсіз. Ел әңгімелері, тарихи жырлар Сабалақ әуелде Қанжығалы Бөгембайдың соңына еріп, тұтқиыл, шағын жортуылдарға қатысқанын айғақтайды.

Әбілмансұрдың жекпе-жектегі өзгеше қайраты, одан соңғы жаппай қырқыстағы батырлығы халық санасына айрықша әсер еткен. Түркстан түбіндегі Қарнақ қаласын билеген, жауға мейірімсіздігі, ержүректігі үшін Қанішер Абылай атанған үлкен әкесінің аруағын шақырып, Абылайлап ат қойған Әбілмансұр жеңісті ұрыстан соң зор абыройға жетеді. Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналады. Бұдан соңғы жерде Әбілмансұр есімі ұмытылып Абылай атанады. Ұлыстағы бар өкім, ол да Салқам Жәңгір әулеті, Әз-Тәуке ханның немересі Әбілмәмбет ханнан өтіп, күні кеше жалаң қылыш, жалғыз атпен жүрген жиырма жасар Абылайдың қолына көшеді. Бұл арада Абылайдың ерлік кейпіне, ақыл-парасатына бас ұрып, бар билікті қолынан берген, бақастық, күндестікті білмеген, алдағы уақытта аруақты інінің ақылшы ағасы, кеңесші хан дәрежесімен шектелген Әбілмәмбетке бас имеске болмайды. Билікке құмар замандағы мұндай мәрт мінез – ел мүддесін қасиет тұтқан өзгеше сананың көрінісі.

Жиырма жасында билікке жеткен Абылай жарты ғасырға жуық ұзақ уақыт бойы – тура қырық сегіз жыл өкім құрады. Әрине, Абылай әмірі барлық уақытта бір деңгейде болған жоқ. Әуелде Орта жүздің ғана сұлтаны деп есептелсе, мезгіл оза келе бүкіл қазақ жұртының ұлы ханы дәрежесіне жетеді. 1740 жылдардан бастап ежелгі Қазақ Ордасының үштен екі бөлігінде билігі жүрген Абылай ғасырдың 60-жылдарында қазақтың үш жүзіне түгел иек артады. Көп ұзамай-ақ Абылай сонау Тәуекел хан, Есім хан заманындағы, Салқам Жәңгір, Әз-Тәуке заманындағы ежелгі Қазақ Ордасын қалпына келтіреді; сол кездегі тарихи құжаттардың айтуынша, 1771 жылы қазақтың үш жүзі – Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүздің хандары мен сұлтандары, билері мен батырлары, барлық

игі жақсысы Түркстан қаласында, мұсылман әулиесі Хожа Ахметтің қасиетті күмбезінде ата жұртының ежелгі дәстүрі бойынша, Абылайды ақ киізге көтеріп, үш алаштың ханы деп жариялайды. Содан, 1781 жылғы мамырда дүние салғанға дейін Абылай Қазақ Ордасының ұлы ханы ретінде хүкім етіп, билік құрады. Өзінің жауынгерлік жолын даңқты жекпе-жектен бастаған Абылай хандық жолын да ат үстінде аяқтайды – қазақтың ежелгі қаласы Ташкентті дәргейіне келтірген жеңісті жорықтан қайтқан сапарында, Арыс өзенінің жағасында қайтыс болады. Артында отыз ұл қалады. Кейін Есенгелді, Саржанды, Кенесары, Наурызбайды, Шоқанды, Сыздықты туғызған әулет. Ата даңқына лайық мұрагерлер. Десе де, Абылай ханның ең үлкен мұрагері, өшпес әулеті – артындағы жұрты екен, сағы сынған, жүрегі жырымдалған екі ғасырлық топалаңнан соң бағы көтеріліп, ес жиған, Қазақ Ордасы аталатын ежелгі мемлекетін Қазақстан республикасы деген есіммен қайтадан құрған, алда қандай қиындықтар тұрса да елдік санасын сақтайтын, ұрпақ өсіріп, ата қонысына берік өркен жаятын қазақ деген халық екен. Сол халықтың арқасында Абылай салған жол, Абылай үлгісі бүгінгі күнге ұласып отыр.

Абылай хан туралы әңгімемізді одан ары жалғамас бұрын советтік отаршылдық заманында қалыптасқан, қазіргі кездің өзінде көп біледі дейтін зиялыларымыздың санасынан өше қоймаған кейбір теріс ұғымдарға тоқтала кеткен жөн. Оның біріншісі – Абылай бар қазаққа хан болған жоқ, елдің бір бөлігін ғана биледі дейтін қияс тұжырым.

Отаршыл патша өкіметі “Бөліп ал да билік құр“ дейтін саясатты берік ұстанғаны мәлім. Империалистік совет өкіметі бұл зымиян әдісті жеріне жеткере дамытты. Егер патшалық Ресей қайткенде де қазақ халқының басын қоспауға, мүмкін болғанынша бөлшектеп, бұтарлай беруге тырысса, советтік Россия біздің бір заманда біртұтас болғанымыздың өзін теріске шығарды. Абылайдың бүкіл қазақ еліне билік жүргізгені, ақ киізге көтеріліп, үш жүздің ханы сайланғаны туралы нақты деректерге қарамастан, ол тек Орта жүздің ғана ханы болған дейтін әңгіме қайдан көйіген?

Қазақ даласын біржола отарлауды мақсат еткен Ресей Қазақстанның кешегі Ер Есім хан, Әз-Тәуке хан заманындағы қалпына келіп, қайта бірігуін, әрине, қаламайтын еді. Бұл жолда әуелде артын ойлап, ашық басқыншылық ауанына түспесе де, доңайбат жасап, қорқытып, ықтырып отыруға тырысты, айла-шарғының неше түрін қолданды. Соның бәріне қарамастан, Қазақ Ордасы қайта күшейіп, біртұтас ел болған шақта, патша өкіметі бұл көпе-көрнеу ақиқатты мойындамайды. Мемлекет бірлігін танымаған соң, Абылайды да бүкіл қазақтың ханы емес, Орта жүздің ғана ханы деп санайтынын мәлімдейді. Сөйтіп, дипломатиялық қатынас қағаздарында, тиісті құжаттарда тегіс “Орта жүздің ханы Абылай“ деп жазылады. Осыған орай, Абылай хан патшайым Екатерина Екіншіге жолдаған мәртебелі мәлімдемесінде өзінің бүкіл қазақ жұртының ханы екенін, хан болып халық еркімен сайланғанын екінші қайтара қадап айтады. Тәуелсіз мемлекеттің өкімі зор тақ иесі ретінде

ескертіп айтады: "Бұдан былайғы жерде мені бүкіл қазақ жұртының әміршісі Абылай хан деп біліңіз" дейді. Ақиқат шындық осындай.

Абылайға қатысты екінші бір жаңсақ ұғым – Россияға немесе Қытайға бодандық туралы әңгіме. Жалпы, өткен замандардағы бодандық – арнайы зерттеу тақырыбы болар, аса күрделі мәселе. Сол кездің өзінде орыс дипломаттары, орыс оқымыстылары атап айтқан: қазақ сияқты жұрттың бодандығы – сөз жүзінде ғана, олар өзін империяға тәуелді деп санамайды және ештеңеге міндеттімін деп ойламайды деп. Қазіргі ұғымға көшірсек, үлкен мемлекет пен кішірек мемлекет арасындағы әскери одақ, саяси қатынастың бір түрі ғана. Тыныштық туралы, алыс-беріс, келім-кетім туралы келісім. Абылай ел билігіне жаңа жеткен, бірақ хан емес, сұлтан кезінде, 27 жасында, Ресей бодандығына қол қояды. Кейінірек, Мәнжу-Цин әскерлері Жоңғарияны біржола талқандап, қазақ жерінің шегіне енгенде, күні кешегі қалмақтар сияқты, бүкіл қазақ халқына да қырылып кету қапі төнген мезетте еженханның ағалығын қабыл көргені тағы бар. Бірақ бұрынғы тарихшылар да, кейінгі тарихшылар да Абылайдың екі үлкен империя арасында отырып, елін, жұртын сақтап қалғанын, шын мәнісінде мүлде тәуелсіз саясат жүргізгенін теріске шығармаған. Ал үш алаштың ханы болып сайланғаннан соңғы жерде сөз жүзіндегі бодандықтың өзі ұмытылады. Абылай, тіпті, Ресейдің іргелес тұрған шекаралық өкіметімен кездесуден бас тартады.

Абылайдың тәуелсіз елдің ханы ретіндегі өзіндік саясаты орыс патшалығына әрине, ұнамайды. Мәселен, Орынбор губернаторы И.Рейнсдорп өзінің Сыртқы істер коллегиясына жолдаған хатында Абылайдың орыс бодандығына ант беруден бас тартқаны, патшайым тарапынан лайықталған сый-тәбәріктерді алмағаны туралы мәлімдей келе, бұл – шектен шыққан басбұзарлық деп жазады.

Әлбетте, қанша ұнатпағанымен, жек көргенімен патша өкіметі Абылаймен санасуға мәжбүр болды. Өйткені Абылай хан – тәуелсіз елдің халық сайлаған толық құқылы бірден-бір әміршісі еді.

Абылайдың қазақ елін қайтадан көтеру жолындағы күресі қырық жылдан астам уақытқа созылды, өте ауыр болды, абыроймен аяқталды.

Жас Абылай жұрт тізгініне жеткен кезде ежелгі, біртұтас қазақ мемлекеті құлап, жеке хандық, жеке биліктерге айналғанына жиырма жылдай болып қалған еді. Ұлттық сана күшті, алаш бірлігі ұмытылмаған, бірақ ойрат шапқыны, Ақтабан-шұбырындыдан соң шылпара ыдыраған мемлекет, қырылып-жойылған халық енді қайтіп бас көтерместей, ешқашан ес жимастай көрінген. Ресей империясының қазақ жерін бөлшектей жүріп, біржола жаулап алу жолындағы зымиян саясаты қазақты елдігінен мүлде айыруға тиіс еді. Ертеңгі күнді ойлауға шама жоқ, бүгінгінің өзі бұлдыр болатын.

Қазақтарды ығыстырып, қырғынға ұшыратып, Жетісуды, бүкіл Оңтүстік өңірді жаулап алған, өздерін Дүрбін-Ойрат атайтын Жоңғар немесе Қалмақ хандығы біздің ата жұртымызға біржола орнығуға ниет еткен. Күші кемеліне келіп тұрған аса қуатты қалмақтар жекелеген

ұрыстарда беті қайтқанымен, үлкен майданда түбегейлі жеңіске жеткен, бұл өктемдік ешқашан бұзылмастай көрінген.

Орыс елшілерінің, орыс саясатшыларының сол кездің өзінде айтқаны бар, қазақ әміршілері тізе қоса қимылдаса, қалмақтың талқанын шығарар еді деген. Бірақ бұл – мәселенің бір ғана жағы. Қазақтар қолайлы кезеңді өткізіп алған. Әз-Тәуке өлгеннен соңғы жерде билікке ұмтылған, алаштың бірлігін бұзып, жеке орда көтерген Әбілқайырмен мәмлеге келу мүмкін емес деп есептеген хан, сұлтандардың әрқайсысы-ақ өз ұлысында берік ірге тебуге ұмтылады, жалпы қазақтың жайын емес, оның шектеулі бір бөлігінің ғана қамын қамдайды.

Орталық Азиядағы ахуалды, әскери іс пен саяси жағдайды анық байыптаған Абылай қалмақ басқыншылығынан құтылу мәселесін бірінші кезекке қояды.

Сырттан ешқандай көмек жоғына көз жеткен. Діні бір, тілі туыс, тілегі де орайлас болуға тиіс Орта Азия хандықтары қазақтарға қол ұшын бермейді, дәл іргесіне келіп, лықып тоқтаған қалмақтарға сес көрсетуге де жарамайды, қайта өз бауырларының шалғайына жармасып, әлсіреген қазақ хандығының құйқалы қонысынан енші алып қалуға тырысады. Ал сырттан иеленіп, қазақтарды өзіне бодан санай бастаған құдіретті Ресей мемлекеті сол халықты қырып-жойып бара жатқан жоңғарға қарсы бес салдат шығармайды, бір дүркін оқ атпайды. Сондықтан Абылай туған халқының қажыр-қайратына ғана сенеді. Жұртты жауға қарсы жұмылдырып, Орданың әскери қуатын арттырады.

Абылайдың бейбіт күндердегі ел ішіндегі билігі, әділдігі мен парасаты оның кемеңгерлігін танытып, даналығын мойындатады, халықтың сенімі мен пейілі әміршінің беделін көтеріп, хүкімін күшейте түседі. Ел билеу ісінде қазақ хандығының ежелгі заң-жарғыларын қалпына келтірген Абылай әскери істе де өткенді қайта тірілтеді. Көшпенділердің Шыңғыс хан заманынан бері сүйекке сіңген соғыс машығын кеңінен қолданумен қатар, жаңа жағдайға сай әдіс-тәсілдер шығарып отырады, жеке қосындардың белсенділігін арттырумен қатар, бір, екі емес, ондаған жылдарға созылуы мүмкін үлкен соғыстың стратегиялық жоспарын жасағаны айқын көрінеді.

Бұл кезде қалмақтар да жаулаушылық тәсілін өзгертеді. Жұрт жиын отырған жазды күні, ашық соғыста, бұрынғыша жеңу мүмкін емесін аңдап, енді қанды жорықтарды қыс айларына көшіреді.

1739 жылы күзде қоңтажы Қалдан-Сереннің таңдаулы әскербасысы Септен отыз мың шерікпен Сары-Арқаға басып кіреді. Бейқам болмаса да, дәл осы мезгілде шабуыл күтпеген қазақтар ығыса соғысқанымен, жаудың бетін қайырады.

Бірақ көп ұзамай, екінші бір тараптан Қалдан-Сереннің тағы бір атақты қолбасысы Сары-Мәнжі бастаған қалың қол шығады. Абылай өкіміндегі қазақтардың көп шығынға ұшыраған қорғаныс соғыстары бүкіл қыс бойына созылады.

Ақыры, түбегейлі жеңіске жете алмаған Септен мен Сары-Мәнжі ат басын өз ұлысына қарай бұрады.

Жаз екі жақтан бірдей дайындық үстінде, тыныш өтеді. 1740 жылы күзде Септен бастаған ойрат әскері қайтадан Сары-Арқаға қарай төгіледі. Бұл жолы жауды күтіп, сақ отырған Абылай қарсы шабуылға көшеді, бірнеше үлкен-кішілі ұрыста қалмақты ойсыраған шығынға ұшыратады, бетін қайырып, ел іргесін бекітеді. Алайда, қыс ортасында, ақпан айында Септен мен Қалдан-Сереннің үлкен ұлы Лама-Доржы бастаған отыз мыңдық ойрат шерігі жолындағының бәрін жайпаған жаңа жорыққа шығады.

Бұл жолғы кезек жығыс қанды шайқастар қыстан озып, жазға ұласады. Қысқы майданда Есілге, Тобылға дейін ығыса ұрысқан қазақтар жазға қарай қайтадан күш алады. Абылай үлкен майдан ашып, шешуші бір ұрыста жоңғар қолын талқандайды; тарихи деректердің айтуынша, бұл ұрыста қалмақ әскерінің оң қанаты түгелге жуық қырылыпты.

Осыдан соң Абылайдың әскербасы батырлары Жоңғарияның өз ішіне қарай жортуылдар ұйымдастырады, осындай сәтті жорықтардың бірінде Септен тайшының ұлысы талқандалады. Алайда Дүрбін-Ойраттың қуаты кемеліне келіп тұрған заман, қалмақты қазақ жерінен біржола ысырып тастауға күш жетпейді.

Бүкіл жаз бойына созылған аумалы-төкпелі күрес үстінде екі жақ та көп шығынға ұшырайды, екі жақ та алға қойған мақсаттарына жете алмайды. Бірақ Жоңғар өктемдігінің заманы өткен, жауласушы екі жұрттың күш қуаты теңескені айқын көрінеді.

Міне, осы кезде, небәрі екі жүз ғана адаммен шолғынға шыққан Абылай, тұтқиылдан қалың әскерге кездесіп, қоршауда қалады, арпалыса соғысқан шағын жасақ түгелге жуық қырғын тауып, сұлтанның өзі тұтқынға алынады.

Абылайдың Жоңғар тұтқынында болуының өзі тұтас бір хикая. Халық аузындағы әңгімелерде де, тарихи деректерде де тұтқынға түскен Абылайдың өр мінезі, өлімнен қорықпаған, еңсесі басылмаған өзгеше бітімі атап айтылады. Қоңтажы Қалдан-Серен сыртынан атына қанық Абылайдың ерлігіне тәнті болады, жиырма сегіз-ақ жасқа келген сұлтанның ақыл-парасатына қайран қалады.

Әрине, Абылайды өлімге кесу қолында тұрған. Бірақ Абылай жалғыз болғанымен, Алашта азамат ер көп, артында жоқтаушысы бар. Қалдан-Серен айықпас жаулықты тежегісі келсе керек. Оның үстіне, майдан даласындағы қаза бір басқа да, бөтен бір елдің, ығысса да, қирамаған, күн озған сайын оңалып, күш жинап келе жатқан көрші елдің әміршісін өлтіре салу бір басқа. Халықаралық хұқық дейтін ол кезде де бар. Сонымен бірге, Қалдан-Серен жауынгер әмірші ғана емес, көреген саясатшы болатын, өз жұртының бүгінімен қатар болашағын да ойлаған қайраткер еді.

Абылайдың қалмақ тұтқынында болуы жөніндегі әңгімелердің бірінде мынадай кеп ұшырасады. Қалдан-Серен Абылайдан сұрапты дейді, әлемдегі ең күшті әмірші кім деп. Масаттық та бар, сын да бар. Қайткенде де өзін айтады деп ойласа керек. Сонда Абылай: “Дүниедегі ең құдіретті әмірші – түріктің қондыгері, одан соң орыстың ақ патшасы, – депті.

Олардың соң сен екеуіміз“, – депті. Қалдан-Серен: “Рас, рас“, – деп мақұлдаған екен дейді. Содан кейін Абылай сөз ретінде: ”Кіші халықты басқарып отырсың, үлкен халыққа лайық әміршісің“ десе керек. Бұл да рас еді.

Қалдан-Серен де Абылайдың өзгеше талайын мойындайды. “Осыдан жүз жыл бұрын тусаң, жарым дүниенің патшасы болар едің“ депті. Тұтқында отырған сұлтанмен қазақ-қалмақ арасындағы бітім туралы келіссөз бастайды. Әрине, Абылайдың ұлылығы, сонымен қатар, арттағы елінің мәртебесі, күш-қуаты.

Ал арттағы ел Абылайдың амандығын естіген соң, оны тұтқыннан босату амалын ойластыра бастайды. Қалмақ Ордасына арнайы елшілік жасақталады. Елшілік құрамында қазақтың үш жүзінің барлық аталы руларының өкілдері – ұзын саны тоқсан адам болады. Уақ Ақшора би бастаған бұл ауыр елшілік Абылайды тұтқыннан босатудан басқа да біртала й міндет арқаласа керек.

Елшілік өзінің негізгі мақсатын орындаған сияқты. Бүкіл Қазақ жұртының атынан келген мәртебелі елшіліктен соң Абылайдың аяқ қолындағы кісен алынады, жеке ордаға шығарылып, жақсы күтімде ұсталады, атқа мініп, сейіл-серуенге шығуына рұқсат етіледі, әрине, үнемі күзет, бақылау астында болады. Көп ұзамай, келісім бойынша, мәртебелі тұтқынға айырбас ретінде Әбілмәмбет ханның бел баласы Әбілпейіз сұлтан аманатқа келген соң, Абылай біржола босатылады. Қалдан-Серен Абылайды қазақ елінің бірден-бір иесі деп танып, Жоңғар хандығы мен Қазақ хандығы арасындағы бітім туралы келісім шарт жасасады, қазақ әміршісіне үлкен құрмет көрсетіп, оған белгілі бектерінің бірінің қызын беріп, тарту-таралғымен аттандырады.

Осы арада бір мәселені нақтылай кетейік. Орыс тарихшылары жазған, кейін қазақ тарихшылары іліп әкеткен, Абылай қалмақ тұтқынынан орыс өкіметінің талабы бойынша босады деген сөз бар. Бұл мүлде қате, қисынсыз дерек. Абылай тұтқында жатқан кезде Қалмақ еліне Ресейден елші аттанғаны рас, бірақ Қалдан-Серен орыс елшісі Миллерді өз ордасында қабылдаудан бас тартқан. Орыс елшілігі қоңтажымен кездесе алмай, ешқандай әңгіме, келіссөз жүргізбеген қалпы, кейін қайтуға мәжбүр болған. Яғни, өз шаруаларын да бітірмеген, тұтқын тағдырына да зәредей ықпал ете алмаған.

Абылайды қапастан алып шыққан – ең әуелі артындағы аталы жұрты, содан соң, әрине, өзінің ақыл-парасаты, ерекше тағдыр-талайы.

Қоңтажы Қалдан-Серен шеңгеліне түсіп тұрған Абылайды неге босата қойды десек, бұл, мана айтқанымыздай, есіркегеннен, мүсіркегеннен емес, елінің тыныштығын, өзінің абыройын ойлаудан туған әрекет. Шынында, қалмақтың да ірге бекіту жағын қамдайтын кезеңі туған, қақ желкеден аранын ашып, айдаһардай ысқырып, Қытай империясы төніп келген; қазақтармен арада екі жүз жыл бойы үздіксіз созылып келе жатқан қырғын соғыс, кейінгі кезде желі оңынан тұрған қалмақтың өзін қажытқан. Тынымсыз қантөгіс, тоқтаусыз ұрыс ойрат елінің де құтын шайқаған, берекесін кетірген. Оның үстіне, кеше ғана жер болып

жеңілген қазақтар күн озған сайын күш алып бара жатыр. Қалмаққа бітім керек еді. Арыдағы мақсаты мүлде басқаша, яғни жау алған ата қонысты түгелімен босатпай тоқтамауға ниет еткен қазақтарға да дәл осы кезеңде тыныштық қажет еді.

Шынында да Абылайдың Қалдан-Серенмен арадағы, бейбітшілік туралы келісімі тура тоғыз жыл бойы берік сақталады. Соның алдындағы жиырма жыл бойғы үздіксіз соғыстан қажыған жұрт біржола оңалады, малы өсіп, жаны молығып, елі іргелене түседі, қуғын-сүргінді көрмеген, жаудан беті қайтпаған, уызға тойып өскен жаңа ұрпақ ат жалын тартып мінеді.

Қазақ Ордасы құрылған заманнан бері нық қалыптасқан ұлттық демографиялық саясат бар еді. Бұл орайдағы ең өнікті арна – қандас түрік қауымының тұтас ру, тайпаларын қабылдап, қазақ шығару болды. Сонымен қатар, үздіксіз жалғасқан өзгеше бір салт қазақ тұрмысына берік қиюласыпты. Оның мәнісі – жауласқан жұрттың ес білмеген жас балаларын олжалап, бауырға салып асырау, өз ұрқымен тең дәрежеде өсіріп, енші беріп, қатарға қосу. Әлбетте, шабынды кезінде ілікті жастағы ұрғашыны көбірек әкелу, олармен заңды түрде некелесу ер жігіт үшін мақтан болды. Ұрыс-соғыстар кезінде күйеуі өліп, бала-шағасымен жесір қалған келіншектерді әмеңгерлік жолмен екінші, үшінші әйел етіп түсіру де ең алдымен ұрпақ қамынан туындаған. Қалың беріп қыз айттыру – шаңырақ көтерудің бір ғана тармағы болған жаугершілік заманда полигамия жалпы жұртқа ортақ қалыпты сыпат табады. Кісі басынан артық қазына жоқ деп білген қазақ Ақтабан-шұбырынды нәтижесінде ойсыраған ұлыстың кенересін қалпына келтіру мұратын бірінші кезекке қойыпты. Сөйтіп, азғана уақытта халық саны күрт өседі. Әрине, соған орай әскер саны да көбейеді.

Уақыт озған сайын Абылайдың да беделі көтеріліп, билігі арта береді.

Бұл кезде Орталық Азиядағы саяси жағдай да шұғыл өзгеруге бет алады. Қазақ пен қалмақ арасындағы бітім шартынан соң, арада екі жыл өтер-өтпесте атақты Қалдан-Серен қайтыс болған еді. Құдіретті әміршінің өзінің өсиетіне орай, қалмақ нояндары Қалдан-Сереннің екінші ұлы Сыбан-Доржыны қоңтажы сайлайды. Сыбан-Доржының билігі ұзаққа созылмайды, көп ұзамай-ақ оны таққа таласқан ағасы Лама-Доржы өлтіреді, өз кезегінде қоңтажы болып сайланады. Қызметші күңнен туған себепті, заңды мұрагер саналмаған Лама-Доржыға наразы тайшылар мен нояндар қарымта күрес жолына түседі. Бұлардың ішіндегі ең атақтылары – ата тегі жөнінен алғанда жоңғар тағына толық хақысы бар Дабашы мен Әмірсана болады. Саяси күрес ашық майданға ұласады. Әскері жеңіліп, ұлыстары ойрандалған Дабашы мен Әмірсана 1751 жылы күзде Қазақ Ордасына – Абылай ханға қашып келіп, бас сауғалайды.

Қалмақ жұртының болашағын, қазақ халқының тағдырын ғана емес, бүкіл Орталық Азияның болмыс-бітісін айқындаған өзгеше оқиғалар тізгіні, келешек кілті дәл осы сәтте Абылай ханның қолында тұр еді десек, ешбір артығы жоқ.

Бұл екі ноянның Абылайға келуі, қазақтардан араша тілеуі кездейсоқ емес. Тұрмыс-тіршілігі ұқсас екі халық жауласып жүріп, бірін-бірі жақсы таныған. Жаугершілік кезінде ғана емес, бейбіт күндерде де қыз алысу, ауыс-күйіс дәстүрге енген. Екі Орда арасында орнаған еріксіз қатынастың сан қилы жолы бар. Оның үстіне, нақты тарихи деректерге қарағанда, Абылай қалмақ тұтқынында жүргенде, басы босар қарсаңда біраз уақыт Дабашының ордасында болады, құрмет, сый көріп, достасып айырылысады. Жасы кішірек Әмірсанамен де осы кезде танысқан екен, екеуі айырылмас анда болыпты деген дерек бар.

Абылай атақты екі ноянды құрметпен қарсы алады, арнайы ауыл қондырып, соңындағы азғана нөкермен қоса сый-сияпат көрсетеді. Әрине, кіріптар болып келсе де Дабашы мен Әмірсананың артында қаншама жұрт бар, Абылайдың есебі арыда жатқан. Істің аяғы Жоңғар мен арадағы жаңа соғысқа алып келерін, бірақ бұл – бұрынғыдан басқаша соғыс боларын Абылай білмеген жоқ. Біле тұра батыл іске бел буады.

Шынында да көп ұзамай-ақ Қалмақ Ордасынан суыт хабар арқалаған, Дабашы мен Әмірсананы байлап беруді талап еткен қатаң елшілік келеді.

Бұл ретте мәселе жеке бір адамдардың тағдырында емес еді. Абылай мен Қалдан жасасқан келісім бойынша, тоғыз жылға жуық уақыт бойы қазақ, қалмақ арасы тыныш болды. Бұдан арғы бітім қазақ үшін пайдасыз еді. Абылай жоңғар хандығындағы алауыздық жағдайды көптен бақылап отырған, енді қолайлы сәт туды деп есептейді. Сондықтан бейбітшілік жолын емес, соғыс жолын таңдайды. Бірақ жерін алып, елін тықсырып отырған қуатты Қалмақ ордасына қарсы ұлы майдан ашу үшін бүкіл халықтың келісімі керек еді.

Абылай Лама-Доржының елшілерін күткізіп қойып, шұғыл түрде бүкіл қазақ құрылтайын шақырады. Кеңеске жиналған үш жүздің билері мен батырлары бірауыздан Дабашы мен Әмірсананы бермеу керек деген шешімге тоқтайды. Бұл – бітім бұзылды, Қазақ Ордасы мен Қалмақ Ордасы арасында жойқын соғыс басталады деген сөз еді.

Абылай ойрат елшілігіне: "Дабашы мен Әмірсана өз аяқтарымен келді, ата дәстүрімізде пана сұрап келген мейманды жауға бермейді", – деп мәлімдейді.

Бақталастарының көрші елде отыруы – өз билігіне үлкен қатер деп санаған және Қазақ Ордасына тиісуге қара таппай отырған Лама-Доржы 1752 жылы қыркүйек айында Сайын-Белек, Батұр-Үбашы дейтін қолбасылары бастаған жиырма мың әскерін атқа қондырып, ел шетіне келіп тиеді.

Әуелгі соққыны керей, найман рулары көтеріп алады, үлкен шығынға ұшырайды. Бірақ бұл кезде алдын ала сауын айтып, Баян-Аулада қалың қол түзген Абылай да келіп жеткен еді.

Аруағы көтерілген Абылай қазан айының бас кезінде, бетпе-бет қырғын ұрыста қалмақ шерігін тас-талқан қылып жеңеді. Бұл – екі жүз жылдық ойрат-қазақ соғысындағы бетбұрыс оқиға, шешуші жеңіс болды.

Бірақ Жоңғарға қарсы жаңа жорықтар халық басына үлкен ауыртпалық әкелетін, өлшеусіз шығынға түсетін еді. Саяси жағдайды

нақты пайымдаған көреген Абылай Жоңғар мемлекетінің іріп-тозу кезеңіне бет алғанын анық аңдап, уақыт ұтуға тырысады, жауын жеңе тұра бітім туралы ұсыныстармен елшілік аттандырады.

Лама-Доржы бітімге көнбейді, арттағы жұртын қорқыту үшін елшілердің бір-екеуін өлтіріп, қалғанын қапасқа қамайды. Қыс түсіп қалғанына қарамастан, қайтадан дабыл қағып, бар әскерін қазаққа қарсы аттандырады.

Міне, осы кезде Абылай іс түйінін артық шығынсыз, оп-оңай шешеді. Қалың қазақ ортасында мейман-тоқтауда отырған Дабашы мен Әмірсананың сенімді жүз елу нөкері ғана бар екен. Абылай бұларға таңдаулы бес жүз аламанын қосып береді.

Дабашы мен Әмірсана шұғыл аттанып, өздеріне таныс қиғаш жолдармен Жоңғарға өтеді де, бар әскері майданға кеткен, қорғаусыз қалған хан ордасын шабады. Жасауылдарын түгел жайпап, Лама-Доржының өзін тұтқынға алып, қолма-қол басын шабады. Бұл – 1753 жыл, қаңтардың 12 жаңасында болған оқиға.

Ізінше жақтастырын жинап, хан көтерілген Дабашы Абылаймен арадағы келісім бойынша, қазақ жерінде ұрыс қимылдарын жүргізіп жатқан барлық шерігін қайтарып алады.

Осымен тыныштық орнаса керек еді.

Бірақ бұл – бүліктің басы ғана екен. Дабашыны мойындамаған нояндар қайта көтеріледі. Өзара соғыста жеңіліске ұшыраған, ордасынан қуылған Дабашы Абылайға хабар салады. Ежелгі дұшпанға қарсы ұрысты енді Жоңғардың өз ішіне көшіруге бекем буынған Абылай мол әскер аттандырады. Осы әскердің арқасында Дабашы мен Әмірсана өздеріне қарсы нояндарды түбегейлі талқандайды. Абылайдың екпінді жасағы қалмақтың төрт арысының бірі дүрбіт ұлысын ойрандап, мол олжамен елге оралады.

Осыдан соң-ақ Жоңғарға шапқын жасау – әдепкі шаруаға, ол жорықта жеңіске жету – үйреншікті іске айналады. Өйткені бұл кезде кеше ғана одақтас болған Дабашы мен Әмірсана арасында бітіспес күрес басталған еді.

Абылай әуелде, Қалмақ ордасынан қашқан нояндарды қолдағанда, Ойрат ұлысының бөлшектене беруін ғана ойлаған, Дабашы (Лабашы) берік билік орнатып, қазақ үшін кешегі Қалдан-Серендей қатерлі жау болсын демеген. Сондықтан ол ендігі жерде, орталық өкіметке қарсы күрескен Әмірсананы жақтайды.

1753-1754 жылдарда Жанатай, Қабанбай, Бөгембай, Ер Жәнібек, Мүйізді Өтеген батырлар бастаған қазақ қосындары қысы, жазы демей әлденеше рет Жоңғарды шауып қайтады. Ауыр жеңілістерге ұшыраған, жаны қысылған Дабашы, тіпті, орыс өкіметінен көмек әскер сұрайды.

Дабашы бұрынғы қуатынан айырылғанымен, Әмірсана айқын басымдыққа жете алмайды.

Қазақтар да қалмақтың ханы мен ноянының теке тірес тұруын қалаған сияқты.

Ақыры, шешуші бір соғыста ойсырай жеңілген Әмірсана ел-жұртын тастап, Қытайға қашады. Бірақ Абылай тоқтамайды. Дара билікке жетіп, күш жинаған Дабашыны 1754 жылы күзде біржола талқандайды.

Күзгі жеңіс қысқы майданға ұласады.

1755 жылы көктемде жеңісті жорықтар одан әрі жалғасады.

Сөйтіп, ешбір халықтың тарихында болмаған, аяусыз жүргізілген екі жүз жылдық ойрат-қазақ соғысында қазақтар түпкілікті жеңіске жетеді. Жоңғар мемлекеті қатер болудан қалады, жау қолында тұрған Жетісуды біржола босату – өз кезегінде шешілетін іске айналады.

Абылайдың әскери және саяси үлкен ұтысқа жетуі қазақпен көршілес Ресей империясына да, Жоңғармен шектес Мәнжу-Цин империясына да ұнамайды. 1745 жылдан бастап қазақтарды жорық жолынан айнытуға тырысқан, енді олардың біржола күш алуынан қауіптенген Ресей шекараға әскер жияды, Жоңғарды иеленіп қалу жайын ойластыра бастайды. Бірақ Ойрат ұлысына үш жүз жылдан бері көз тігіп отырған Қытай бұрын қимылдапты. Әмірсананы өзінің заңды тағына отырғызамыз деген сылтаумен, 1755 жылы жазғытұрым Жоңғарияға басып кіреді.

Ішкі қайшылықтар мен өзара қырқыстан, Қазақ Ордасының тынымсыз соққысынан әбден әлсіреген, оның үстіне ел билігіне Әмірсана келеді деп алданған Дүрбін-Ойрат елеулі қарсылық көрсете алмайды. Соңғы үш жүз жыл бойы қалың қытай мен бүкіл түрік әлемінің арасындағы берік қорған болып келген, саны басым жауға қарсы қайтпай соғысып, өзінің тәуелсіздігін сақтаған қалмақ жұрты айналасы екі-үш ай ішінде Мәнжу-Цин империясының табанына түседі.

Қытай әскерлері Қалмақ Ордасына келіп кірген кезде жеңісті жорық жолындағы Абылай да қалың қолмен Жоңғарияда тұр еді.

Қытай императоры қазақ ханына арнайы елшілік арқылы мәлімдеме хат жолдайды. "Сіздер бұрын өлүттермен тынымсыз жауласып келдіңіздер, – деп жазады бұл хатта. – Біздің Аспан әулеті әскер аттандырған кезде Дабашымен соғысып жатыр едіңіз. Енді Жоңғар жері тыныштанды. Барлық жұрты біздің қызметшіміз болып табылады. Бұдан былай сіздерге қастандық жасауына жол бермейміз. Егер сіздер де біздің дәргейімізге құлдық ұрсаңыздар, мейлінше жарылқар едік. Ал дербес ел болып отыруды қаласаңыздар, өз шекараларыңызды сақтап, бейбіт тұруға рұқсат. Бұдан былай біздің жаққа басып кіруге тыйым салынады, егер бұрынғыны қоймасаңыздар өзіміздің жеңімпаз әскерімізді аттандырып, жазаға тартамыз", – делінеді бұл ресми мәлімдемеде.

Әрине, Жоңғар онсыз да талқандалған, ал тәуелсіз елге өз туын биік ұстау үшін ешкімнің де рұқсатының керегі жоқ. Бірақ Қазақ мемлекеті мен Қытай мемлекеті алғаш рет шекараласып, түйіскен кезеңде жазылған бұл құжаттан өзін жарым дүниенің әміршісі деп есептейтін Мәнжу-Цин боғдұханы қазақтардың күш-қуатын анық бағамдағаны байқалады. Абылай билігіндегі Қазақ Ордасының дербестігін, тәуелсіздігін танығаны көрінеді.

Кейінірек, өз қолбасыларына арнаған жарлықтарында еженхан Цяньлун (Хун Ли): "Бұл қазақтар бұрын өз алдына ел болып отырған

екен, біз оны мойындауға тиіспіз“, – деп атап жазады. Қазақтар мен өлүттерді айыра қарау қажетін ескертеді. Қазақтардың өздері тыныштық сақтаса шекарадан асып соғыспау керек дейді. Осыған керісінше, жауланған Жоңғарды ендігі жерде уысынан шығармауға бекінген берік шешімін білдіреді.

Шынында да, Әмірсананың қытайларды көмекке шақырған үміті ақталмайды, Дабашыны тұтқынға түсірген соң, Цяньлун бұрынғы біртұтас Жоңғарды төрт ұлысқа бөледі, әр тұстағы қамал, бекіністерге әскер орнатады, бар биліктен айрылған, қатардағы, кіріптар көп ноянның бірі болып қалған Әмірсананы Пекинге шақыртады.

Міне, осы кезде бүкіл қалмақ елі басқыншыларға қарсы ұлт-азаттық күресіне көтеріледі. Көтеріліс басшысы – Әмірсана болады. Бірақ қолдан күш кеткен, тағдыр шешілген. Бір заманда қазақтардың ата-бабасы – көне түріктер мекендеген, XIV ғасырдан бастап, батыс моңғол тайпасы – қалмақтар қоныстанған ежелгі Жоңғар жерін біржола баурына бастым деп отырған еженхан Цяньлун ашуға мініп, адам естімеген қатал жарлық береді, ойрат халқы жер бетінен жойылсын деген үкім шығарып, Дүрбін-Ойратқа қарсы екі жүз мың әскер аттандырады.

Ауыр жеңіліске ұшыраған, әскері талқандалып, халқы тоз-тоз болған Әмірсана азғана нөкерімен қашып келіп, Абылайдан көмек сұрайды.

Абылай Цин елшілерінің Әмірсананы ұстап бер, әйтпесе жеріңе басып кіреміз деген доңайбат талабын орындаудан бас тартады. Бұл шешімнің де екі түрлі мәнісі бар еді. Бірінші, ата дәстүрін былай қойғанда, жау әлсіз санап, аранын аша түсуі мүмкін. Екінші және ең басты себеп – Әмірсананы сақтау арқылы, Қалмақ Ордасын сақтап қалу. Дәл осы сәтте қазақ үшін ғасырлар бойы жауласып келген Жоңғардың аман тұруы, өзінің елдігін, бірлігі мен күш-қуатын қалпына келтіруі – ең басты мәселеге айналады.

Дана әмірші, көреген дипломат Абылай шығыстан шыққан жаңа жұрттың топан суындай қауіпті екенін бірден таниды, оны тоқтату үшін қажыр-қайратпен қоса, ақыл-парасат керегін, әдіс-айла керегін, бірер күндік емес, ұзақ заманға есептелген жүйелі саясат қажетін жақсы біледі. Сондықтан да Жоңғариядағы Цин басқыншылығына қарсы күреске дем береді. Қазақ Ордасының әскери күшін топтап, жанкешті ұрысқа әзірленеді.

Ақыры, 1756 жылы жазда Мәнжу-Цин әскері Хадаха және Дардана дейтін қолбасыларының басшылығымен оңтүстік және терістік тараптан, екі лек болып, қазақ даласына қарай қаптай төгілгенде, Абылай үш алаштан құралған қалың қолды бастап, қарсы шығады.

1756-1757 жылғы қазақ-қытай соғысының тарихы әлі жазылған жоқ. Бұл – біздің қаһарман халқымыздың ерлік шежіресіндегі өзгеше бір тарау.

Соңғы кезде мағлұм болған нақты тарихи құжаттарға қарағанда, жаз бойғы қантөгіс – алма-кезек шабуыл, ит жығыс күрес үстінде өтеді. Қазақтармен бірге Әмірсана бастаған қалмақ шерігі де қайтпай соғысады.

Абылай басшылық еткен алаш әскері әуелі Жетісуда Қалмақ-Толағай тауының етегінде, одан соң Аягөз бойында Цин әскерлеріне ауыр соққылар береді.

Мұндай сәтсіздікті күтпеген император Цяньлун торығып, осының алдында ғана бүкіл Шығыс Түркстанды тізе бүктірген Хадаха мен Дарданаы кері шақырады да, бар атағынан айырып, олардың орнына Фу Дэ және Чжао Хуэй деген қосбасыларын жібереді.

Қытай әскерлерінің саны, әрине, қазақтардан әлденеше есе артық еді. Ауыр ұрыста үлкен шығынға ұшыраған, өзі жараланған Абылай кері шегінуге мәжбүр болады. Бірақ шынайы құжаттардың айтуына қарағанда, бұл – Абылайдың әскери жеңілісі емес, үлкен стратегиялық жеңісі еді. Қазақтар өзінің негізгі күшін сақтап қалады, бірде оңнан, бірде солдан шығып, тынымсыз шайқасады, ордалы ұлысын алғызбайды.

Соғыстың екінші жылына ауғанда Дүрбін-Ойрат біржола талқандалады. Еженхан Цяньлунның жарлығы бойынша, қалмақ жұрты еңбектеген баласынан еңкейген кәрісіне дейін тегіс қылышқа шалынады, сол заман үшін саны өте көп болып есептелетін бір миллондық ойрат халқы жер бетінен мүлде өшеді.

Қалмақты қанға бөктірген Цин әскерлері от-жалын шашып, 1757 жылдың жазында қазақ жерінің шегіне тағы енеді. Абылай әскерін түзіп, қарсы шығады. Бірақ бірнеше шолғын ұрыстан соң жау қосындыларының он есе көп екені, бетпе-бет соғыста тоқтату мүмкін емесі белгілі болады.

Бұл кезде Мәнжу-Цин саясатшылары да қазақтарды тізе бүктіру оңайға түспесін, кең далада тынымсыз әрі ұзақ күрес күтіп тұрғанын ұққан еді.

Абылай 1757 жыл, 15-мамырда қолбасы Фу Дэге келіссөзге азғана жасауылмен Әбілпейіз сұлтанды аттандырады.

Айдын-Су деген жерде шүршіттің маңдай қосынымен беттескен Әбілпейіз сұлтан амалсыз ұрысқа кірісуге мәжбүр болады, алғашқы қақтығыстан соң жаушы шығарып, қытай жағына іс мәнісін ұғындырады. Бұдан кейін қолбасы Фу Дэнің шатырына жол ашылады. Әуелгі мәмле нәтижесінде қазақ пен қытай арасындағы кең көлемді ұрыс қимылдары тоқталады. Атап айтарлық бір жағдаят – қазақ әміршілері мен қытай қолбасылары арасындағы келіссөз қалмақ тілінде жүріпті.

Көп ұзамай бейбіт бітім туралы келісімге қол жетеді. Екі жұрт арасында елшілік алмасу рәсімдері болады.

Бұл арада, империялық өзімшіл ұғымдағы қытай шежірелерінен бастау алып, кейінгі тарихқа көшкен бір қате дерекке назар аудару қажет. Абылай ешқашан өзінің халқын бодандыққа байламаған, қытай императорының билігін мойындаймын, бағыныштымын деп ант бермеген. Абылай атынан жазылған мұндай құжат ешбір тарихта жоқ. Абылай елшілері Пекинде тек тату көршілік, бауырластық туралы ғана сөз қозғаған. Жүздесулер, келіссөздер барысында сарай ұлықтарының бодандық туралы ишаратын қабылдамай, табанды тойтарыс беріп отырған.

Сол кездегі дипломатия тіліне көшірсек, Цин императоры мен қазақ ханының арасында “ағалы-інілі қатынас“ орнайды, ал бұл кезде бодандық жүйе – “әке мен баланың арасындағы қатынас“ деп аталатын.

Бір сөзбен айтқанда, жеңімпаз қолбасы, көреген саясатшы Абылай хан жерін жауға алғызбайды, елін сақтап қалады, тәуелсіздік туын берік ұстайды.

Жоңғар талқандалып, шығыстан шыққан жаңа көршімен бейбіт қатынас орнап, ел етек-жеңін жиған, ұлыстағы саяси ахуал біршама оңалған шақта Абылай ежелгі Қазақ Ордасының төрт бұрышын түгендеуге кіріседі.

1765, 1770 жылдары Қырғыз ұлысына қарсы жорық ашып, Іленің сол жағасын, Шу бойын тазартады, етекке түскен ағайынды Алатаудан асырып, қазақ пен қырғыздың Нарынқолдан Қордайға тартылған, күні бүгінге дейін сақталып отырған шекарасын айқындайды.

1771 жылы Еділ қалмақтарын талқандайды.

Өмірінің соңғы он бес жылында Орта Азия хандықтарына қарсы тынымсыз күрес жүргізіп, Түркстан, Шымкент, Сайрам қалаларын қайтарып алады, Ташкентті бодандыққа түсіреді, бүкіл оңтүстік өңірдегі ата мекенді Қазақ Ордасының дәргейіне келтіреді. Бұл тарапта Абылай хан бекітіп кеткен межеден біз совет өкіметі жылдарында ғана айрылдық.

Абылай заманындағы қазақ жұртының қоныс-мекені қазіргі Қазақстан шегінен әлдеқайда кең еді. Абылай заманындағы қазақ рухы да қазіргіден биік болатын.

Бірақ ”Орнында бар оңалар“ деген. Бір кездегі ордалы ел қаншама заманғы қапастан соң қайтадан ту көтереді. Қандай жұрт болғанын, қандай ұлдар туғызғанын енді ғана естіп, тани бастады. Абылайды туғызған халық ақыр түбінде өзінің оң жолын табары, межелі биігіне жетері күмәнсіз.

“ШАҢДЫ ЖОРЫҚ“

(Екі жүз жылдық соғыстың ақыры)

Ойрат-қазақ арасындағы екі жүз жылдық қырғын соғыстың ең соңғы жаңғырығы – алаш жұртының санасында “Шаңды жорық“ деген атпен белгілі. Шаңды жорық оқиғалары туралы қаншама тарихи әңгіме сақталған, “Шаңды жорық“ деп аталатын күй де болған. Шын мәнісінде бұл – шаң бораған жорық емес, қан судай аққан, қалмақтармен соғыс тарихындағы ең аяусыз, ең қатал және құрбандығы да шектен шыққан, аса зор әрі ең ақырғы майдан болды.

Еңсегей бойлы Есім хан заманында ауыр жеңілістерге ұшыраған ойраттардың бір бөлігі негізгі тобынан ажырап, батысқа қарай ауғаны, басым көпшілігін торғауыт руы құрған бұл жауынгер ұлыстың Ноғай Ордасын талқандап, ата-мекенінен бостырып, Еділ бойына біржола орныққаны туралы бұрын айтқанбыз. Сөйтіп, XVII ғасырдың орта

шенінде Қазақ Ордасының қақ желкесінде жаңа бір қалмақ хандығы құрылған болатын.

Еділдегі қалмақ ұлысы уақыт оза келе Ресей бодандығын қабылдағанымен, біршама ішкі дербестігін сақтайды. Сонымен қатар, жауынгер қалмақ жұртының дәл осы кезеңдегі және осы аймақтағы өмірлік мүдделері көп ретте Ресей империясының жаулаушылық саясатының аясында болғандығы көрінеді.

Қалмақ хандығы бір жарым ғасыр бойы төңірегін қоршаған түрік халықтарымен, тіпті бүкіл Шығыс Еуропадағы мұсылман қауымымен жаулық жолын ұстанады. Ноғайларды біржола тоздырады, башқұрттарды ежелгі қоныстарынан тықсырады, Дағыстан мен Қабардыны шабады, Қырым хандығына, Осман империясына қарсы соғыстарға қатынасады, барлық уақытта да жиһангерлік жолына біржола түскен жыртқыш Ресейдің жазалаушы жасағы қызметін атқарады. Шығыстағы көршісі Қазақ Ордасымен арадағы қатынас та үнемі қыл үстінде тұрады. 1635 жылы Жайық бойында үлкен ұрыста Салқам Жәңгір қирата жеңгеннен соңғы жерде алаш тарабына аяғын аңдып басатын болады, бірақ Жоңғардағы Дүрбін-Ойрат күшейген шақта ата жұртымен жең ұшынан жалғасып, әмәнда өзінің теріс пиғылын танытып отырады.

Ақыры, XVIII ғасырдың орта шенінде Жоңғар біржола талқандалған кезде Еділ қалмақтарының да зәрі қайтады. Қазақтардың бұдан бұрынғы ауыр соққысынан және жалғыз қалғандығынан ғана емес, Ресейдің отарлау саясатының бұрынғыдан әрмен күшейе түсуінен.

Патша өкіметінің бұл тараптағы зымиян саясатын айқындайтын бағдарлама құжаттардың бірінде мынадай тұжырым бар екен. “Егер қалмақтар бізге қарсы әлденендей қарсылық жасаса, оларға қазақтарды айдап салу керек, бұған керісінше, қазақтардың жат пиғылы білінсе, оларға қарсы қалмақтар мен башқұрттарды аттандыру қажет, сөйтіп, бірін-бірі жаныштап тұрса, біз бұларды орыс әскерін жұмсамай-ақ бағындырып аламыз; қалмақ, башқұрт пен қазақты бірімен-бірін жауықтырып, үнемі осылай ұстау қажет“, – дейді.

Бұл – Ресейдің Еуразиядағы сыртқы саясатының бір ғана көрінісі. Ресей өзіне бодан қалмақ жұртын осы жолда аямай пайдаланды. Соған орай, жарылқап тастағаны және жоқ.

Ресейдің барлық соғыстарына қатынасатын, мыңдаған жас жігіттері үнемі жорық жолында, жат жерде жүретін қалмақ ұлысының қайғы-қазасы күн озған сайын молайып бара жатты: 1761 жылы хандық өкімет жойылды, Еділ бойындағы, жұрт бауыр басып қалған қоныстарға Ресейден қара шекпендер көптеп көшіп келе бастады, шөбі шүйгін, суы мол жерлер келімсектерге тартып әперілді, қазақ-орыстар тарабынан қалмақтың малын айдап, адамын байлап әкету, тонау мен зорлық көбейді, діннен айырып, еріксіз шоқындыру етек алды.

Міне, осы кезде жұрт көңіліне шығысқа – ежелгі қоныс Жоңғарға қайтадан көшу туралы арман ұялайды; халық арасына ойраттар қырылғаннан соңғы жерде Жоңғар мүлде босап қалыпты, ата жұрт иен-тегін жатыр екен деген дақпырт жайылады. Ел ұстаған Үбашы мен Серен

тайшылар Еділдегі барлық қалмақ түп көтеріліп, Жоңғарға оралуы керек деген үгіт жүргізе бастайды.

Қазіргі жұртындағы жақсылық өмірден күдер үзген, болашақ, бұлдыр күндер елесіне сенген бүкіл қалмақ елі ата қонысқа түп көтеріле көшуге бел байлайды. Бұл – 1770 жылдың күзі.

Көш қыс ортасына – қаңтар айының алғашқы күндеріне белгіленеді.

Қалмақтардың басым бөлігін құрайтын торғауыттар Еділдің сол жағасын, яғни шығыс бетін қоныстанатын. Дүрбіттер мен хошауыттар оң жағада жатқан. Көш туралы құпия әңгіме көтерілген кезден бастап, қалмақтар Ресей өкілдерін әртүрлі сылтаумен алдарқатып, Еділдің шығыс бетіне өте бастайды, енді бірталайы аттаныс күтіп, арғы жағада бөгеледі. Алайда, бүкіл қалмақ жұрты түп көтеріле көшетін 5-қаңтар қарсаңында қатты аязда шытынап Еділдің мұзы жарылады, мұз үстіне қызыл су жүреді, сөйтіп сол жақ қабақтағы 11 198 шаңырақ Еділден өте алмай, салқар көштен бөлініп, біржола Ресей шегінде қалады.

Еділ дариядан өтіп үлгерген, үйімен, үйелменімен, мыңғырған малымен Жоңғарға бет қойған қалың елдің нақты саны – 30 909 түтін деп саналады. Шамамен 170-180 мың адам. Қарулы әскер де аз емес – 40 мың қол. Кейінгі зерттеушілердің қосымша дерегі бойынша, Жайыққа жеткен кезде Үбашы көшкен жұрттың жалпы есебін шығарыпты – жиыны 70 мың шаңырақ екен, мөлшері 330-380 мың жан; онда 40 мың – тек қана жорық үстіндегі жасауыл әскер болады. Қайткенде де, қуатты, қалың нөпір. Бір ғана кілтипан – қалмақ көші қазақ қоныстары арқылы өтуге тиіс еді. Басқа амал жоқ.

Еділ қалмақтарының ауа көшкені туралы хабарды естісімен, орыс өкіметі оларды қырып-жойып, кері қайтару әрекетін ойласады. Алайда, жолындағы жекелеген жасақтарды жайпап өткен, шұғыл жүрген қалмақтар орыстар әскер топтап қуа шыққанға дейін қазақ жеріне сұғына еніп үлгереді. Жайық өңірінде орныққан қазақ-орыстар қатерлі жорықтан бас тартады, генерал Траубенберг бастаған қалың әскер орта жолдан қайтады.

Бұл екі арада қара нор болып, жылжи көшкен қалмақтар қазақтың біраз ауылын басып, тапап кетеді, Жем өзенінің бойында азғана аялдап, Ырғызды кесіп, Сары-Арқаны көктей, Жетісуды жарып өтіп, Жоңғарға шығуға ниет еткені мәлім болады. Әуелгі хабарды естіген Кіші жүздің ханы Нұралы асығыс әскер жиып, қалмаққа қарсы аттанады.

Алғашқы ұрыс Жем бойында болыпты. Жеңіліске ұшыраған, ығыса соғысқан Үбашы Нұралы ханға бітім туралы хат жолдайды. Біздің дәл қазір қазаққа қысасымыз жоқ, орыстан жан сауғалап, ата жұртқа ауып барамыз, қан төгіспейік, бізге қарсы қару көтерген ісіңіз адамшылыққа жатпайды дейді. Нұралы өзінің жауап хатында қалмақтардың кері қайтуын, қазақ жерін тазартуын талап етеді.

Біздің Совет тұсындағы ресми әдебиетте қазақтар қалмақтардың қиын халін пайдаланды, олжа үшін шапты, ал Нұралы хан патша өкіметінің айтағына ерді деген тәрізді қисық ұғым қалыптасқан. Бұл кезде Ресей патшалығының суық демі айқын сезіліп тұрғанымен, біздің қазақ ұлт

мүддесі тарабында ғана жұмыстайтын ежелгі дағдысынан жаңылмаған еді. Ақтабан-шұбырындыдан бері елу-ақ жыл өткен, кешегі қуғын-сүргін, аяусыз басқыншылықты көзімен көрген адамдардың көбі әлі тірі. Жоңғармен соғыстың тәмамдалғанына бір мүшелден жаңа асқан. Сондықтан, қандай жағдайда болмасын, қалмаққа қарсы шап деген үгіттің керегі жоқ-ты. Қалмақ аттанды, қалмақ қаптап келеді деген дабыл қағылғанда бүкіл қазақ түп көтерілген. Оның үстіне, зиянымыз тимейді деп қаншама сендірсе де, Қазақстанды қақ жарып өтетін суық шеру елге ылаң әкелетіні, жайлау-қыстаулардың үстін басып өтіп, қаншама қақтығысқа себеп болары күмәнсіз еді.

Жайлы болмаса да, үйреншікті мекенін тастап, бір көтеріліп кеткен қалмақтардың да қайта оралуы қиын еді. Үбашы Нұралы ханның талабын жауапсыз қалдырады, қалмақ шеруі Мұғажжардың етегін ала, мүмкін болғанша, қазақтың жиын жерінен аулақтай отырып, әуелгі бағдармен жылжи береді.

Көктемгі тасқында қамыс буып, Ырғыз, одан соң Торғай өзендерінен әрең өтеді; ат арыған, мал жүдеген, адамдар да қажып тоза бастаған. Кешегі қазақтың басындағы ақтабан-шұбырынды нақпа-нақ, бірақ одан әлдеқайда қатал жағдайда енді қалмақтың басына келеді. Шұбырған көшке ілесе алмай жолда қалушылардың саны күн озған сайын көбейе түседі.

Ең бастысы – алға басқан сайын қантөгіс ұрыстар да ұлғая береді. Қалмақ шеруін көзден таса қылмаған қазақтар кейде өкшелей тықсырса, кейде қос қанаттан кезек соғып, жауды үлкен қырғынға ұшыратып отырады, тұтас ауылдарды жырып алып, мыңдаған тұтқын түсіріп, қаншама мал-мүлік, дүние олжалайды.

Шерудегі қалмақты қорғансыз, дәрменсіз қалыпта елестетуге болмайды. Көне түрік заманынан, моңғол заманынан беріде көшпенді жұрттар ауыл-аймақ, бала-шаға, мал жанымен көше, қона жүріп жорық жасаған, ай емес, жылдар бойы ат үстінен түспеген. Еділ қалмақтарының жарақты әскері мол еді, бұл бір жағы Қырым мен Қапқазда, бір жағы батыста, Еуропа тарабында қаншама майданда соғысқан, шыныққан, қаруы жетімді, тәжірибелі әскер болатын: көш жолындағы қалмақ ұлысының ең басты қиындығы – ұзақ жол бойында байсал жүріп, көп ерулей алмайтын, барып тоқтар бағдары да күнілгері кесіліп қойған.

Қалмақтар қазақ шабуылына қарсы наурыздан жаз ортасына дейін, төрт ай бойы қайтпай соғысады, күн сайынғы тегеурінді соққыға төтеп беріп, тынымсыз алға жылжумен болады. Сөйтіп, Сары-Арқаны қиғаштай кесіп өтіп, маусым айының аяқ шенінде Балқашқа жақындайды, Мойынты өзенінің бойына тоқтап, аз-маз еру жасайды.

Міне, осы кезде Абылай хан бастаған қазақтың қалың қолы қалмақтарды тас-түйін қоршауға түсіреді. Жеке қосындарын Нұралы хан, Сұлтанбет, Әбілпейіз сұлтандар, Әділ сұлтан, Орыс сұлтан бастаған қазақ жасағының ұзын саны елу мың екен.

Қазақтар осыған дейін, бірнеше ай бойы қалмақ шеруін қайтқан қазға тиген қаршығадай жұлмалап, тобынан жырып тоздырумен келсе, енді не алға, не артқа жібермей, біржола құртуға бет қойғаны байқалады.

Қалың әскердің берік қоршауына түскенін аңдаған соң қалмақ әміршілері қозы көш жерде шеп құрып тұрған Абылай ханға арнайы елшілік жібереді. Елшілік құрамында қалмақ жұртының ең беделді жеті кісісі бар екен.

Қалмақ елшілері әудем жерде аттан түсіп, ежелгі рәсім бойынша Абылай ханның алдына жаяу келеді. “Алла-жар!“ – деп сәлем береді. “Біз Үбашы мен Сереннің сәлемін әкелдік, – дейді бас елші. – Қазақ пен қалмақ ежелден бауырлас, туыс ел; бұдан ары соғыса берудің жөні жоқ. Бітімге тоқтайық. Ақ үй береміз, айып-албан төлейміз. Дәргейіңе бас ұрамыз. Боданыңа кіреміз. Біздің барар жер, басар тауымыз жоқ, көшіп-қонатын қоныс бер, барлық қалмақ жұрты бір ұлысың ретінде сенің билігіңді таниды. Ежелгі туыстық салтымызды қалпына келтірейік“ дейді.

Қалмақ елшілігінің бодандық сұраған кіріптар ұсынысынан соң Абылай хан әскери кеңес шақырады. Бізге жеткен тым-тұм деректерге қарағанда, жұртшылық пікірі екіге жарылған сияқты. Абылай қалмақ елшілерінің ұсынысын толығымен қабылдау жағында болады. Әскер басылардың үлкен бір тобы ешқандай бітімнің, келіссөздің керегі жоқ, қолда тұрған қалмақты түк қалдырмай шауып алу керек деседі. Кешегі жоңғарға қарсы, қытайға қарсы күрес қаһарманы Баян батыр өз сөзінде: “Үбашы мен Серен ойда орысты, қырда қытайды алдаған, сені де алдайды“, – депті.

Ел аңыздары және кейінгі зерттеушілер Абылай алданды, қалмақтың айып-албанына қызықты деседі. Ал шындығында іс мәнісі, Абылай хан саясаты тереңде жатқан.

Бүкіл өмірін қазақ елінің сырт жауларына қарсы күреспен өткерген жеңімпаз қолбасы, Қазақ Ордасын қалпына келтірген дана саясаткер Абылай хан Дүрбін-Ойратты талқандағаннан соң, 1755 жылы көктемде, Жоңғарға Мәнжу-Цин әскерлері келіп кірген кезден бастап, ежелгі жауының іргесін бекітуге мүдделі болады. Ойрат жұртының біржола құрып кетуіне жол бермеуге тырысады, қарымы қатты, қуаты мол Қытай империясы мен Қазақ Ордасының аралығында тәуелсіз, дербес Жоңғар мемлекетінің сақталып тұруы, болашақ заманда шығыс беттегі табиғи қалқан қызметін атқаруы қажет деп біледі. Бұрын Жоңғарды тоздыруға бар күшін жұмсаса, енді жаңа жағдайда оған барынша көмек береді. 1756 жылы Шығыс Түркстанға екі жүз мыңдық шүршіт әскері басып кіргенде қоңтажы Дабашының жасағында қазақтар да бар еді, олар ақырына дейін қалмақ әміршісімен бірге болады. Әмірсана мәнжу басқыншылығына қарсы ұлт бостандығы күресін бастаған зор майданда қазақтар айрықша қайрат көрсетеді; әкесі тұтқынға кетіп, қалмақ арасында туған, сонда өсіп-жеткен Хазық-Шары (Қазақ-Сары) деген алаш батыры ойраттың ұлт қаһарманына айналады; жекелеген қазақ жасақтары Жоңғарда күзетте қалған мәнжу қосындарын талқандауға белсене қатынасады, бұдан соңғы жерде, Абылай хан Әмірсанамен тізе қоса қимылдайды. Жоңғар біржола

қирағаннан соң, шүршіт әскерлері қазақ жеріне басып кіргенде, Абылайдың атақты соғыстарына өз елінен ығысып келген қалмақ қосындары да қатысады, кеше ғана өліспей бітіспес жау болған екі жұрт қатерлі сәтте кеш те болса табысады. Сөйтіп, Жоңғар қалмақтарының Мәнжу-Цин империясына қарсы ерлік күресі қазақтарға біршама тыныс болады, олардың уақыт ұтуына, жаңаша соғыс тәсілдерін қарастырып, табуына, әскери және саяси тәжірибе жинақтауына септеседі.

Енді, міне, Еділден ауған қалмақпен келіссөзге келіп, олардың қазаққа бодандығы, тым құрыса Жоңғарға еркін өтуі туралы әңгімені кеңеске салған Абылай ежелгі кек жайын ұмытып, бүгінгі олжаға қызықпай, алдағы заман қамын, алаштың ақырғы мұратын байыптаған, тым арыдан ойлаған.

Еділден ауған әуелгі тобының өзі азайған қалмақ бұрынғы жаудың көлеңкесі ғана. Жоңғарға орныкса, қазаққа ешқандай қатері жоқ, керісінше, қытаймен аралықтағы, әлсіз де болса сына қызметін атқармақ. Бодандық туралы әңгіме де негізсіз емес. Абылай түрі ұқсас, туыстас жұртты ел ішіне шашырата қондырып, қазақтың ескі салты бойынша бірте-бірте сіңіріп алу жайын ойлаған болса керек. Хан осы екі жолдың таңдауын ғана талқыға салған сияқты. Қайткенде де қантөгіссіз бітісуге бейіл болады. Тоғыз атадан бергі тынымсыз соғыста қаны қарайған көпшілік қауым бұл жағына бойламайды. Сірә, кеңес аяғы созылыңқырап кетсе керек. Қалмақпен арада үш күндік мұрсат жарияланады. Соңғы күні тұтқын алмасып, іс түйінін біржола шешпек болады.

Үбашы әуел бастан қулық сақтады ма, әлде уақытша тыныстан соң ешқандай бітім болмасын аңдады ма, бұрын қимылдайды. Екі тәулік өтіп, үшінші тәулікке асқанда, түн ортасында бүкіл қалмақ ұлысы түп көтеріліп, тіке шабуылға көшеді. Дүрк аттанған, қызу ұрысқан қалмақтар тас қараңғыда қазақ қоршауын жарып шығады. Үбашы мен Сереннің шұғыл шешімі қалмақ жұртын оң жолға бастады деп айту қиын. Бұдан былайғы жерде бітімге де, бейбіт келіссөзге де ешқандай мүмкіндік қалмаған еді.

Мойынты ұрысынан соң, 1771 жылы шілдеде “Шаңды жорық“ оқиғасының ең соңғы, түйінді кезеңі басталады.

Түнгі опыр-топыр соғыста күтпеген жерден шебі бұзылған қазақтар таң атпай-ақ қайтадан қатарын түзейді. Қазақ пен қалмақ арасындағы бұдан соңғы майдан – табан тіреген ұрыс емес, жорық үстінде жағаласқан ұзақ сүргінге ұласады. Қазақ әскері енді қалмақтарды біржола жүйкелеткен тынымсыз шапқынын күшейте түседі. Қаржыса шайқасып, дүркірей көшкен жауды күн-түн демей қудалап, қырып-жойып тоздыра береді.

Қалмақтар Балқаштың тұщы сулы батыс жиегін жағалай келіп, Ілені өрлеп, Жоңғарға өтпек екен. Қазақтар үнемі олардың су жағын алып отырады, Балқашқа жібермейді, Ілеге жақындатпайды. Шөлден өлген, жарақаттан қансыраған, күн озған сайын жүздеп, мыңдап тұтқынға түсіп, қатары селдіреген, шаң бората шұбырған қалмақтардың қарулы, қайратты

азғана бір бөлігі ғана Қастек, Қаскелеңді басып, Кеген, Нарынқолдан асып, Жоңғарға әрең ілінеді.

Мойынтыдағы түнгі қарбаласта қалмақтардың үлкен бір тобы ұлы шеруден бөлініп, тасада қалған екен. Тәнжі тайшы бастаған бұл көш Балқаштың терістік жағасымен жүреді. Біраз уақыт амандықта болып, естерін жияды. Бірақ көп ұзамай-ақ олар да шабуылға ұшырайды. Аягөз, Лепсі, Қаратал өзендерін кесіп өтіп, Ілеге жеткен Тәнжінің қалмақтары шөлсіз-ақ үлкен қырғынға түседі. Оннан бір бөлігі ғана Ілені өрлеп, Қытай шегіне жетіпті.

Осыншама қанды кешуден өтіп, тірі шыққан жұрттың өзін ежелгі Жоңғар жерінде бостандық емес, бұғау күтіп тұр еді. Цин әкімшілігі қажып-тозып жеткен азғана қалмақты жеке-жеке ауыл етіп қондырып, бәрін де бодан деп жариялайды.

Шаңды жорық халықтар арасындағы өшпенділік атаулының ешкімге де бақыт әкелмейтінін әйгілеген таңбалы оқиға болды. Жайықтан Жоңғарға дейінгі неше мың шақырым жолда алты ай бойы жүргізілген үздіксіз соғыс нәтижесінде ойрат-қалмақ жұртының ең соңғы ұйықты ошағы жойылды. Бұдан бұрын Абылай бастаған Қазақ Ордасының ауыр соққысынан әлсіреп, ішкі қайшылықтар, таққа талас ылаңымен береке-бірлігі кеткен Дүрбін-Ойрат құлаған болатын, қайта көтерілу әрекеті қанға тұншығып, ақыры Мәнжу-Цин басқыншылығы нәтижесінде шығыстағы қалмақ – ұзын саны бір миллионнан астам ержүрек қауым жер бетінен біржола жойылған еді. 1771 жылдың қақаған қысында Еділден Жоңғарға жол тартқан 31 мың (шындығында 70 мың) түтін, яғни 170-180 мың (350 мың) батыс қалмағы және жермен-жексен болды. Бұлардың жұқанасы, – жоңғарға қансырап жеткен 15-20 мың кем-кетік шаңырақ – артық есептің өзінде небәрі 40-50 мың жан төңірегі тыныш тұрған күннің өзінде іргелі ел болып отыра алмайтын еді. Ұлы шерудің алғашқы күні Еділ дария кешу бермеген 11 мың түтін, яғни, 50-60 мың халық қана кездейсоқтан аман қалады. Қазір Ресей құрамында автономиялық республика атымен отырған 140 мың қалмақ – сол, бір кезде төбесі көк тіреген, қуаты мол, айбыны зор ойраттың ең соңғы сарқыты.

Бір кезде Қытай империясымен жағаласқан, бүкіл Шығыс Түркстанды жаулаған, Қазақ Ордасын шайқалтқан ойрат жұртының қатал тағдырына қарап отырып, өткеніңе тәуба, бүгінгіңе шүкір айтасың.

Ойрат-қалмақ әулетімен арадағы, сегіз-тоғыз атаға созылған қанды соғыс қазақ халқына қаншама ауыртпалық әкелгені өз алдына, бастан-аяқ жеңіс шеруіне айналған “Шаңды жорықтың“ өзі өлшеусіз шығынға түсті. Ат жалында мыңдаған аламан қаза тапты. Соның ішінде орны толмас екі өлім болыпты. Шаңды емес, қанды жорықтың ұзақ сүргін шайқастарының бірінде, тосқауыл ұрыста қазақтың XVIII ғасырда жасаған ең ұлы әскер басыларының бірі, Жоңғарға қарсы қаншама жорықта даңқты жеңістерге жеткен, шүршітке қарсы майданда қайтпай соғысқан Жанатай батыр қаза табады. Жанатай батырдың өлімі туралы естігенде Абылай хан: “Қайрау бермеген қара қанжарым-ай!“ – деп еңіреп жылапты дейді. Қашқан

қалмақтың жұқанасын Жоңғарға асырып қайтар жолда көлденең індеттен атақты батыр Баян қайтыс болады. Баян есімі жұртшылыққа Шоқан жазбаларынан және Мағжан дастанынан белгілі. Ал Жанатай батырдың ерлік тұлғасын алаш жұрты әзірше толық таныған жоқ. Абылайдың өзін жаңа біліп, енді ғана бағамдай бастаған кезде мұндай олқылықтың болуы заңды да. Біздің өткен тарихты тану жолындағы ең үлкен дертіміз – ақтаңдақтар емес, қолдан жасалған бояма боз таңдақтар. Біз шын болған, тарихта бар батырларымыздың көбінің есімін ғана білеміз, немесе мүлде білмейміз; керісінше, өмірде болған-болмағаны күмәнді, болса ол кезде жасамаған, жасаса жау шапқан ерлігі де, жұрт ұстаған билігі де шамалы кездейсоқ бейнелерді ұлт батыры деңгейіне шығарамыз деп арамтер болып жатқан жағдайымыз да бар. Бұрынғы жалтақ тарихтың орнына енді жалған тарих келе жатыр. Бұл, әрине, басқа бір тараптағы әңгіме.

Осы орайда, Абылай заманының, деректі құжаттарда нақты аталатын, тарихи әңгіме, жырлар мен ежелгі әдеби мұраларда бой көрсететін, халық жадында берік таңбаланған аруақты батырларын еске ала кету ләзім. XVIII ғасырдың үшінші ширегінде Дүрбін-Ойратты тоздырған, Мәнжу-Цин басқыншылығына қарсы қайтпай күрескен, торғауытты талқандаған, қырғызды Алатаудан асырып, өзбек әміршілерін тәубасына түсірген, сөйтіп, жиырма жыл бойғы танымсыз майданда алаш ұранын жаңғыртып, Абылай ханға үш жүздің тізгінін ұстатқан, Қазақ Ордасын қайта көтерген, ең атақты қолбасылар: Қаракерей Қабанбай, Әбілпейіз сұлтан, Мүйізді Өтеген, Нұралы хан, Қанжығалы Бөгембай, Ералы сұлтан, Әділ сұлтан, Орыс сұлтан, Жанатай, Баян, Малайсары, Олжабай, Керей Жәнібек, Шапырашты Наурызбай, Ақтамберді, Жәпек, Бердіқожа, Тілеуке, Сағымбай, Құлеке, Жауғаш, Дат, Көкжарлы Барақ, Құлашбек, Тұрсынбай, Нарбота, Қожаберген... Бұлардан басқа Жабай, Сырымбет, Байғозы, Елшібек, Сары, Сәңкібай, Мамыт, Молдыбай, Таңсық, Оразымбет, Деріпсәлі, Райымбек, Шыңғожа, Алыбай, Айбас, Жаназар, тағы басқа ондаған батырдың есімін атауға болады.

Осы ерлердің ақыл-парасаты, қажыр-қайраты, төгілген қаны – бүкіл қазақ тарихын ежелгі арнасына қайта түсірді, ұлтының мерейін өсіріп, жұртының болашағын айқындады. XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде біржола тозғындауға бет алған, одан соңғы жиырма жылда жер бетінде қалу-қалмауы безбенге салынған Қазақ елі ғасырдың орта шенінде Абылай ханның жебеуімен қайта өрледі, екі жүз жылдық соғысты түбегейлі жеңіспен тәмамдады, бұдан соң халық басына төнген, бұрынғыдан әлдеқайда қатерлі сындардың бәрін абыроймен, аман өткерді.

Абылай хан дүниеден көшкен кезде Ордалы жұрт алдағы заманның сел-тасқынына да, дүлей дауылына да төтеп берер, жаңа ұрпағын болашақ ғасырлар тезінен өткізер рухани қуатқа жеткен еді.

СОҢҒЫ СӨЗ

Абылай – біртұтас Қазақ-Ордасының ең соңғы ханы болды. Абылай өлген 1781 жылдан соң алаш жұрты қайтадан бөлшектенеді. Әйткенмен, мемлекеттік жоғалды, ұлттық негіздегі ұлыс жойылды деп айтуға болмайды. Қазақ Ордасы әр түрлі сыпаттағы жеке хандықтар ретінде тағы да жетпіс жылға жуық шаңырақ көтеріп тұрды. Бірте-бірте тәуелсіздіктен айрылып, телімге түскен бұл өтпелі заманда Ұлы жүзде Әбілпейіз ханның әулеті, Орта жүзде Абылай ханның әулеті билік құрды.

Абылайдан кейін хан көтерілген Уәли тек Орта жүздің ғана әміршісі саналды. Уәли хан Абылай жорасы бойынша, бір жағы Ресей, бір жағы Цин патшалығымен елші алмасып, жұрт амандығын сақтап, ел іргесін берік ұстауға тырысады. Бірақ шын мәнісінде, Ресей боданына айналады.

Абылайдың көзі тірісінде Ұлы жүзге бекіген, алмағайып заманда Жоңғармен жауласқан, Қытаймен қағысқан, ерлігін де, парасатын да танытқан Әбілпейіз хан 1783 жылы дүние салған соң билік оның ұлы Жанқожаға көшеді. Жанқожа да, оның орнын басқан Қанқожа да Ресеймен алыстан, Қытаймен жақыннан саяси қатынас орнатады, елдің тыныштығынан басқа мұраты болмайды.

Әбілқайырдан соң Кіші жүзде хан көтерілген, бүкіл Қазақ Ордасына қатер төнген зобалаң дәуірде алғы шептен табылып отырған, Абылайдың дәргейіне бас ұрып, ойратты шапқан, мәнжуге қарсы аттанған, торғауытты тоздырған Нұралы хан енді Ресей өкіметімен көбірек есептесуге мәжбүр болады. Мойнына құрық түссе де арыны басылмаған туған жұрты мен күн озған сайын бұғауын тарылта түскен Ресей әкімшілігі арасында делдал, бітімші бола жүріп өмірі өксіген Нұралы ақыры 1786 жылы хандықтан тайдырылып, ішкі Ресейге жер аударылады. Нұралының орнын басқан інісі Ералы ханның тұсында батыстағы алаш ұлының тынысы бұрынғыдан да тарыла түседі. Ресей отаршылдығына қарсы, қолжаулық ханға қарсы халық наразылығы өрістейді.

Қазақ елін ежелгі еркіндігінен айырып, отарлық тәртіп әкелген XIX ғасырдың бас кезіндегі ең елеулі оқиға – Бөкей Ордасының құрылуы болды. Әліқайыр ханның немересі, Нұралы ханның ұлы Бөкей сұлтан 1801 жылы бейбіт келісім жолымен, бұрынғы Алтын Орданың, кейінгі ноғай–қазақтың құт мекені Жайықтың батыс бетіне, Еділге дейінгі кең алқапта қоныстануға мүмкіндік алды. Ата жұртқа ірге аударған жұрт Бөкейді хан сайлады, Ресей дәргейіндегі, бірақ өзіндік басқару жүйесі бар жаңа ұлыс Ішкі немесе Бөкей Ордасы деп аталды. Сөйтіп, қатарынан озып туған, көреген Бөкей хан кіріптар заманның өзінде алаш ұлының өрісін кеңейтті. Еуропаның үлкен бір мемлекеті еркін сыйып кетердей кең-байтақ құйқалы қонысты біржола қайтарып алды.

Бұл кезеңде баяғы Қазақ Ордасы заманында қалыптасқан, сүйекке сіңген жер саясаты өзінің заңды жалғасын тапқанын, Қазақ байдың баласы тек Батыс өңірде ғана емес, бар тарапта епті саясат қолдана отырып, өзінің жағырапиялық өрісін кеңейте түскенін көреміз. Қазақтар орыс бодандығының саясы деген желеумен, терістікте Ресейдің соңғы екі

жүз жыл орайында қалыптасқан соғыс шептерінен ары асып, Сібір хандығы тарабындағы ежелгі мекендерін қайта табады, терістік шығыста Ертістен өтіп, Алтайдың күнгейіне бойлап, қыпшақ-қимақ, көне түрік дәуіріндегі ата қоныстарын алады. Ежелгі ер түріктің бесігі болған, соңғы заманда жарымы ойратқа, жарымы моңғолға қараған, қазақтардың өзі неше барып қайырылған, ақыры Жоңғар иелігіне айналған бүкіл Шығыс атырап сол өңірдің ежелгі иесіне қайтып оралады. Әуелде Керей Ер Жәнібек батырдың, одан соң Қотырақ батырдың туы астында, 1760 жылдардан бастап ерулей қонған, тынымсыз жылжыған алаш ұлы бүкіл Жоңғар жерін қайта толтырады. Қытай иелігі деп саналатын бұл өңірде Мәнжу-Цин өкіметі ұзын арқан, кеңқолтық саясат ұстанады. Қазақ ұлы қай тарапта да жарыққа ұмтылып, жаңа жағдайға сай тіршілік жолын тауыпты.

Уақыт озған сайын тыныс тарыла береді.

Бүкіл Оңтүстік өңір бірте-бірте Қоқан хандығының теліміне түседі. Қандас қауымға, мұсылман жұртына қарадық дегеннен басқа алданыш қалмаған.

Шығыс атырапта әуел бастан-ақ хан сайлауға ықтияр жоқ еді. Жеке тайпаларды рубасы билер басқарады, жалпы жұртқа ортақ мәселелерді Әбілпейіз әулеті төрелер шешіп, таратып отырады.

Ресей ықпалындағы аймақта патша өкіметі қайткенде де хандық билікті әлсіретуге тырысады. Орыс патшалығы өзіне жағымды, иі жұмсақ Уәлидің өзін жарылқамайды, оның көзі тірісінде Орта жүздің бір бөлігіне хан етіп Көкжал Барақтың ұлы Бөкейді бекітеді.

Батыс өңірде де қалаған уақытта тағайындап, орнынан алып отыратын қуыршақ хандар заманы орнайды.

Бірақ Ресей сөз жүзіндегі хандықтың өзін көп көреді. Арнайы пәрмен бойынша, 1822 жылы Орта жүзде, 1824 жылы Кіші жүзде хандық өкімет жойылды деп жариялайды. Қазақ елінің Ресей уысына түскен бөлігі орыс тәртіп-үлгісі негізінде бөлшектеніп, жаңа әкімшілік жүйемен басқаруға кесіледі.

Бірақ Қазақ Ордасының ғұмыры патшаның жоғарыдан түскен жарлығымен белгіленбепті. Ежелгі еркіндігінен айрылған Қазақ елі құлдық қамытқа көндіге алмайды. Жер-жерде үлкенді-кішілі көтерілістер болады. Абылай ханның бір ұлы Қасым сұлтанның балалары Қазақ Ордасының шаңырағын қайта көтеру жолындағы күресін бастайды. Олардың бұл талабын үш алаш түгел қостапты.

Абылай ханның ең алып немересі, 30-40-жылдарда ашық күрес жолына түскен Кенесары сұлтан бүкіл қазақтық ұлт-азаттық көтерілісінің көсеміне айналды. Қазақ Ордасының тәуелсіздігін жариялады, ежелгі ата салты бойынша, ақ киізге көтеріліп, үш алаштың ханы сайланды. Кенесары хан бұрынғы аталары сияқты бүкіл Қазақ Ордасына билік жүргізе алмады, бар өмірі күрес үстінде өтті, ақыры, мұратына жетпей, ақ жолда шәйіт болды. Абылай өлгеннен соң бұтарланған, әлденеше иелікке бөлінген, қансырап, қалжаураған Қазақ елі Кенесары тұсында бой

көтеріп қайта серпілді, бұғауға көнбеген мыңдаған азаматын құрбанға шалып, болашақ ұрпаққа өшпес аманат жүктеді.

Бейуақытта туып, аруақ, құдай алдындағы бар парызын өтеп кеткен Кенесары – Қазақ Ордасының ең соңғы ханы болды.

Кенесары ханның жанары өшкен сағаттан бастап, Қазақ елінің тарихында бұрын-соңды болмаған сұмдық – еркіндіктен айрылған, езгіге түскен отарлық заман басталды. Арада жүз қырық төрт жыл өткенде ғана жарық сәуле көрінді. Алаш ұлының дәмі таусылмапты. Жаңа Қазақ мемлекетінің шаңырағы шалқып, іргесі бекуі үшін әлі талай уақыт керек. Бірақ тұсауымыз кесіліп, өрісіміз кеңігені анық. Соның бір көрінісі – тыйым салынған тарихтың қайта тірілуі. Сол тарихтың бір ғана бүкпесі алдыңызға жетті.

Алланың досы Мұхаммед ғалайһи уәсалламға тағзым! Төрт ғасыр бойы туы желбіреген Қазақ Ордасының таққа отырған ханынан найза ұстаған батырына дейінгі, еңбектеген баласынан еңкейген кәрісіне дейінгі өткен барлық аруағы риза болғай!

Тәмәт тәмәм.

13.І. – 30.ІХ.1993,
Алматы.

ТІРКЕМЕ

ОРЫС ОТАРШЫЛДЫҒЫ

1

XIX және XX ғасырларда әлемнің алтыдан бір бөлігін шеңгеліне түсіріп, бұған да қанағат етпей, жарым дүниеге өктемдік жүргізген, соның өзін аз көріп, бүкіл жер шарын жаулап алуды басты мақсатына айналдырған Ресей империясы әуел баста Москва княздігі дейтін, шағын ғана мемлекет болғаны көпке белгілі. Қолайлы тарихи жағдайлардың есебінен күш алып, төңірегіндегі көршілерін тынымсыз тықсыру нәтижесінде, епті саясат арқылы, көбіне-көп жаулаушы соғыстар, аяусыз қырып, жою, боданға түскен халықтың қу сүйегіне дейін кеміріп, тапау, құтын қашырып, санадан айырып, езіп-жаныштау арқылы ұлан байтақ империя құрылды. Бұл да әмбеге мәлім жағдаят. Ақиқат шындықты өткен ғасырларда жасаған, Ресей мемлекетінің даңқы артуына, патшалық өкіметтің нығаюына қалтқысыз қызмет еткен орыс тарихшыларының өзі мансұқ етпеген. Солай болды және сөйту қажет еді деп ашып айтқан. Өйткені, патша заманындағы өктем ой, шовинистік көзқарастағы тарихшылардың өзі адамдық ұяттан біржола айрылмаған, білімдар кісілер еді.

Советтік, коммунистік Ресей ұят дегенді, түйсік дегенді біржола жиып қойды. Отарлық жаулаудың барлығы қосып алу, көбіне өз еркімен қосылу деп жарияланды. Ресей өзінің түстігі мен шығысындағы жабайы, надан, қанқұйлы халықтарды мәдениетке, игілікке жетелуші болып шықты, қанды істер ақталып, зұлым саясат мадақталды. Бірақ сол, советтік заманның өзінде Ресейдің бірте-бірте ұлғайғанын, кейін империя құрамына енген аймақтардың басқа патшалық, басқа бір халықтардың мекені болғанын ешкім теріске шығармап еді.

Енді, міне, XX ғасырдың соңғы жылдарында жаңа Ресейдегі әріптестеріміз – орыстың жаңа ойшылдары қоғамдық танымның өзгеше бір белесіне көтерілген сияқты. Бұл ерекше танымның негізгі арқауы – “бәрі менікі“ дейтін парықсыз байбалам.

Біздің ежелгі мемлекетіміз он бес бөлікке бөлініп кетті дейді.

Украин деген халық жоқ, бұл – немістердің айтағымен Малороссия, яғни Кіші Ресейдегі буржуазияшыл ұлтшылдардың 1918 жылы ойлап тапқан былшылы, қазір Украина деп жүргеніміз – Ұлы Ресейдің бір бөлшегі дейді.

Балтық жағалауы – ежелгі орыс жері, қанымыз төгілген, қаражатымыз шыққан дейді.

Молдавияны түріктерден босатқан біз едік, Грузияны қатерден құтқарған біз едік, ендеше, олардың бөлінеміз, ел боламыз деп құтыруы – нағыз азғындық дейді.

Ал Қазақстан жөніндегі сөз қысқа әрі нақты. Қазіргі Солтүстік Қазақстан деп жүргеніміз – бір облыс емес, бірнеше облыстан құралған кеңбайтақ өңір – ежелгі Ресей жері, большевиктер қазақтарға кесіп берген дейді.

Ресейдің көп жері қатеден Қазақстанға кетіп қалды деген лақап қазір Мәскеуде шығатын басылымдарда жиі айтылатын, үйреншікті әуенге айналды. Бірақ кей-кейде бүкіл Солтүстік аймақ аз көрініп, орыстың атамекен жерінің қатарына Жетісуды да қосып қоятын болды.

Украин деген халық жоқ, Балтық бойы – ежелгі орыс мекені, Қазақстан Ресейдің қаншама жерін тартып алған – осындай қисынсыз сандыраққа кеңінен жол ашып, жүйелі түрде, үздіксіз әңгіме қозғап отырған "День" газетін, "Молодая гвардия" журналын, "Наш современник" журналын оқығанда редактордың, авторлардың ақыл-есінің түзулігіне күмәнданасыз.

Бұрын империя бұғауында болған халықтарды, енді ғана іргe көтерген көрші мемлекеттерді айтасыз, "Наш современник" журналы жақында ғана (өткен 1992 жылдың 11-санында) Американың өзіне ауыз салды, "Россия Алясканы сатқан жоқ, жалға берген" деп жазды. Содан соң, әйтсе де, біз Америкадан жер дауламаймыз деп қояды. Жомарттығын қараңыз. Мұхиттың ар жағында тұрған Американың бәсіре бір штатын өзімдікі деп жариялайды, содан соң кеңшілікпен қайтып береді. Өйткені ол – Америка, қуатты, құдыретті мемлекет. Ал біз ше? Бізде, яғни, Қазақстанда кетіп қалған "ежелгі орыс жерлерін" қайтпек? Бұл тарапта жаңағыдай кеңшілік жоқ. Мақала авторы мәселені ашық қалдырады.

Бірақ мақсат айқын. Біз бөліп атап отырған "День", "Молодая гвардия", "Наш современник" сияқты басылымдар ғана емес, Мәскеуден таралатын баспасөз бен кітап беттерінде үнемі қайталанып жатқан, бұрынғы одақтас республикаларға кесіліп кеткен Ресей жерлері туралы әңгіме арсыздықтан туғанымен, ақымақтың ісі емес, есердің, есіріктің аузынан шыққанымен, ескерусіз қалар кеп емес.

Әрине, бодан елдер бөлініп шыққаннан соңғы Ресейдің өзі де жер көлемі жағынан болсын, халық саны, қару-жарақ қуаты тұрғысынан болсын, әлі де күшті мемлекет, әлемдік империя. Мықтылардың өзімен терезесі тең. Бірақ теңдіктің өзін қорлық санайтын орыс шовинистері кешегі кенеусіз өктем күндерін қия алмайды. Жатса-тұрса сол заманның қайта оралуын армандайды. Егер бұрынғы Совет Одағын құраған халықтар арасында, енді тәуелсіздігін жариялаған мемлекеттер арасында

қазіргі кезде әр жерде тұтанып жатқан өрт жалындай қаулап, жалпақ дүниеге жайылса, әрине, Ресей ұтысқа ие болады, бұйдасын үзіп кеткендерді бұғаулап, қайтадан құлдыққа жегеміз деп дәмеленеді. Тіпті, олай болмаған күннің өзінде тапшылыққа, таршылыққа ұшырап отырған халқының назарын басқа жаққа аудару қажет. Ең бастысы – ана жер де сенікі, мына жер де сенікі, бүкіл дүние сен үшін деген шовинистік көзқарасты жұртшылық санасына сіңіру. Қазір болмаса кейін, күндердің-күнінде, ғасырдан-ғасыр өткен шақта кез келген көршісін біз үшін піскен ас деп жалмай салуға негіз дайындау.

Бірақ ондай күн келмеске кеткен. Солженицын, Шафаревич, Распутин, Белов, Бондаренко, Казинцев сияқты дүмбілез жазармандар Ресей тарихын байыптамағаны, ал адамзат тарихын мүлде білмейтіні көрінеді. Жылап, қара жамылып отырып мойындау керек: мәңгілік империя жоқ. Вавилон мен Египет те құлаған, Карфаген мен Рим де құлаған. Ұлы Түрік қағандығы мен Алтын Орда да ыдыраған. Австро-Венгрия империясының бөлшектенуі, Британ империясының достас, тәуелсіз мемлекеттер бірлестігіне айналуы күні кеше ғана. Қандай жағдайда болмасын, өзара жауықпай, аман-есен айрылысуға болатынына осы соңғы екі империяның тағдыры айқын мысал. Әсіресе, Британ Ұлттар бірлестігі.

Орыс империясы онсыз да өзіне тарих кесіп берген мерзімнен жетпіс бес жыл артық ғұмыр кешті. 1917 жылғы февраль революциясынан соң, тату-тәтті қалыпта, бейбіт жағдайда, әрбір ұлыс өз туын көтеруге тиіс еді. Бірақ ақтар да, қызылдар да бұған жол бермеді. Өзара қырқыса отырып бір мәселеде ынтымақ танытты – ұлт аймақтарындағы қозғалыс атаулыны тұншықтырды. Ақыры, әлемдік қасапта ешкімді аямаған большевиктер өкімет билігін жеңіп алды. Бостандық, теңдік, бұ дүниедегі ұжмақ деген жалған ұрандарды жамылып, жер бетінде бір-ақ халықтың – орыс халқының билігін орнату жолындағы қанды жорығын бастады.

Өкіметтің өзгергені рас еді. Романовтар кетіп, олардың орнына большевик-коммунистер өкіметі орнады. Бірақ бұл – орыс отаршылдығының жаңа кезеңі, ең жоғарғы сатысы ғана болатын.

Билікке жетер-жетпестен-ақ большевиктер өкіметі ыдырап сөгілген ежелгі империяны қалпына келтіру жолындағы күреске кірісті. Ақтарға қарсы соғыс ұлттар бостандығына қарсы жорыққа ұласты.

Тәуелсіздігін қайта жариялаған Украина талқандалды.

Қазақстандағы Алаш өкіметі заңсыз деп табылды, Қоқан автаномиясы, Бұқар әмірлігі жойылды, бүкіл Түркстан империя ғұзырына келтірілді.

Енді ежелгі мемлекетін қайта көтерген поляктарға қарсы соғыс ашылды, бірақ тізгін үзіп кеткен поляктар Варшава түбінде қызыл армияны қиратып, өздерінің еркіндігін сақтап қалды.

Осыдан соң әлем жұртшылығы алдында бар беделінен айрылған большевиктік өкімет алас-қапас, Азамат соғысы кезінде тәуелсіздік алып, Ресейден іргесін аулақ салған Латвия, Литва, Эстония мен Финляндияға қарсы қимылын ірікті.

Бірақ көп күткен жоқ. Екінші дүниежүзілік соғыс бұлты қоюланған шақта гитлерлік үшінші рәйхпен келісе отырып, Балтық бойын басып

алды, содан соң Польшаны паршалады, келесі кезекте Финляндияға шабуыл жасады. Ержүрек фин халқы Қысқы соғыста өзінің азаттығын қорғап қалды; дүниежүзілік қасап аяқталған шақта Польша да өзінің мемлекеттігін қайта орнатты.

Совет Одағы аталатын Ресей империясы бұл кезде Ұлы Отан соғысы ұранымен жолындағының бәрін жапыра келіп, батыс пен шығыста тағы қаншама жерге ие болды. Қаншама жұртты кіріптар етіп, жарым дүниені бөріктіріп, бүкіл жер шарын тітірентті. Содан Ауғанда тұмсығы тасқа тигенге дейін өңмендеп алға ұмтылуын бір сәт те тоқтатқан жоқ.

Ақыры, жаманшылыққа ғана қызмет еткен кенеусіз күш, талау мен тонаудан басқаны ойламаған ұрда-жық саясат ешкімді де мұратқа жеткізбеді. Империя ыдырады, империялық идея адыра қалды. Бірақ қожайын болған, билік құрған славян әулеті өктем ой, зорлықшыл пиғылдан бас тартпапты.

Шынында да, бұдан жүз қырық жыл бұрын бір орысы болмаған Жетісуды орыстың ата-мекен жері деп жариялап жатса, қарқылдап күлесіз бе, зіркілдеп ашу шақырасыз ба. Алғашқысынан не пайда, соңғысынан не қайыр. “Әлі келген алып та жығады, шалып та жығады“ дейді ғой. Алып та, шалып та жығып жүрген кезде бойға сіңген, күні өткен кемтар ұғымның іріп-шіріген бір көрінісі. Өздерін орыс патриотымыз деп жүрген әріптес ағайындар ең алдымен өз тумаластарының дүние танымын лайлап отыр, өз халқының ақыл-ойын тұсап отыр; бірақ ауыз өздерінікі, басқа ел, басқа жұрт деп үндемей отыра беруге тағы болмас.

“День“ газетінің куәландыруынша, қазіргі азат Украинаның белгілі қоғам қайраткерлерінің бірі ашу-ыза үстінде: “Россия өзінің Москва княздігі кезіндегі шекарасына қайта түскенге дейін, біз өзімізді қауіпсіз деп санай алмаймыз“, – деген екен. Бұл арада Москва княздігінің – яғни орыс жұртының әуелгі, байырғы шекарасы туралы сөз бекерге айтылмаған.

Осы орайда, Ресей мемлекетінің отаршылдық тарихы туралы аз-маз мағлұмат бермей болмас.

2

Түрік тектес тайпалар ортақ ту тігіп, орда көтерген, жер көлемі жағынан алғанда да, халқының саны, әскери күш-қуаты тұрғысынан алғанда да екі жүз жылдан астам уақыт бойы Еуразиядағы ең ұлы мемлекет болып келген Алтын Орда XV ғасырдың алғашқы жартысында көптеген тарихи, қоғамдық себептер нәтижесінде біржола ыдырайды.

Еділ дарияның орта ағысында, ежелгі бұлғар-түрік жерінде Қазан хандығы құрылады.

Қара теңіздің терістік беті, Қиян Дала мен Қырым түбегі Қырым хандығы аталады.

Еділдің төменгі ағысы Хажы-Тархан хандығы болып бөлінеді.

Еділ мен Жайық, Жем арасындағы ел Ноғай Ордасы деген ұлыстың туын көтереді.

Сібірдегі түрік тайпалары Сібір хандығын негіздейді.

Алтын Орда заманының өзінде дербестікке ұмтылған ежелгі Көк Орда жерінде, қазіргі Қазақстан шегінде Қазақ Ордасы құрылады.

Ал Алтын Орданың мәйекті ұйығы – Еділ мен Таң, яғни Дон өзендерінің аралығындағы, түстікте Қапқаз жотасына, терістікте орыс ормандарына дейін созылған кең даланы жайлаған мың сан жұрт Ұлы Орда деп аталады.

Сөйтіп, жарым жалғанға билік құрған Алтын Орда өзара тәуелсіз жеті бөлікке бөлінді.

Бұлардың жерінің көлемі, халқының саны, даму дәрежесі мен күш-қуаты әртүрлі деңгейде болатын. Бірақ қай-қайсысы да өз туының астында, өз бетімен ел болып тұрарлық дәрежеге жеткен. Тек туыстық, бауырластық, өзара көмек керек еді.

Өйткені дәл осы кезде іргеленіп, күш жиып, төңірегіндегі мордва, коми, карел, удмурт халықтарын кіріптарлыққа түсіріп, енді шығысқа қарай аяқ басуға бекінген Москва княздігі әжептәуір қатерге айналған.

Алтын Орданың мұрагерлері әлі де қуатты еді. Қырым хандығы бірме-бір келгеннің өзінде Ресейдің аяғын қия бастырмайтын. Ал Ұлы Орда жалғыз өзі-ақ үш жүз мың әскер шығара алатын.

Амал не, діні бір, тегі бір, әдет-ғұрпы ортақ, тілінде болмашы ғана айырма бар туыстас түрік-қыпшақ тайпаларының бауырмалдығы кем, ауызбірлігі шамалы болды. Керісінше, іргедегі қатерді көрмей, өзара қырқысқа бейім тұрды.

Сырттан емес, іштен жау тауып, сүттей ұйыған ұлыстар бүлінді. Ақыры, Алтын Орданың тікелей мұрагері саналатын Ұлы Орда ыдырады. Ноғай Ордасы тозып, әлсіреді.

Ит ырғылжыңмен арада жүз жыл өтті, кеше ғана әлемді тітіреткен Алтын Орда заманы көрген түске айналды.

Бұл кезде бодандықтан біржола құтылған, енді өзін Мәскеу княздігі емес, Русия деп атай бастаған орыс мемлекетінің күші әбден толысқан болатын. Шығысқа жол ашу үшін, кеше ғана құдыретті мемлекет құрып отырған түрік тектес қауымды бір-бірлеп талқандап, мәңгілік бұғауға түсіріп, баяғы Византия үлгісіндегі әлемдік империя құру үшін ең алдымен іргедегі Қазан хандығын талқандау керек еді.

Ашық соғыстың үлкен шығынға түсетінін аңдаған Ресей әуелде Қазанды саяси тұрғыдан бағындыруға тырысады. Қазан хандығының ел билеушілері арасындағы алауыздықты пайдаланып, неше түрлі айла-шарғы жасап, көрші жұрт тағына өзінің жандайшаптарын отырғызбақ болады, елінен безген сатқындардың көмегімен бір-бірлеп ұлыстың игі-жақсыларының көзін жояды. Бірақ Қазан хандығындағы түрік қауымының ынтымағы күшті, рухы биік еді, жұртының тәуелсіздігін бәрінен де жоғары қойған халық батыстан төнген қатерді кәміл сезінеді.

Алыстан айбынғаннан ештеңе шықпасына көзі жеткен Ресей ашық соғыс жолына түседі. Алайда әуелгі жорықтардың бәрі де сәтсіз

аяқталады. Ақыры, бүкіл орыс патшалығы түп көтеріледі. Иван Төртінші патша 1552 жылы 19-август күні ауыр қолмен Қазан қаласының түбіне келіп жетеді.

Орыс жасағы бір жүз елу мың әскер еді. Жүз елу зеңбірегі болды, мыңдаған мылтығы болды.

Ал Қазан қамалында небәрі отыз мың әскер бар еді. Жау адам саны жөнінен бес есе артық, ал қару-жарақ жөнінен жиырма-отыз есе басым болды.

Құлдық өмірден ақ өлімді артық санаған қасиетті Қазан халқы ақырына дейін күресуге бел байлайды. Иван патшаға қайтарған жауап хатында Жәдігер хан: "Қанды тойға келдіңдер, соғысқа әзірміз, күтіп аламыз!" – деп жауап береді.

Тынымсыз ұрыс үстінде, арада екі-үш күн өткенде Қазан қаласы темір қоршауға алынады, біздің туыстас түрік халықтарының бұрынғы-соңғы тарихындағы ең қанды, ең қайғылы, сонымен қатар, кейінгі ұрпаққа үлгі, даңқты шайқастардың бірі басталады.

Қамалдағы әскердің ту ұстаушы көсемдері Құлшәріп молда, Ноғайлы Изенеш би, түмендік Кебек батыр, Дербіш батыр, Сүйіншәлі батыр және қазақ жырларында ардақталатын, Қазан соғысының қарсаңында, 1549 жылы қайтыс болған атақты Нәрік ұлы Шора батырдың бірге туған інілері Шапқын, Аталық, Ислам, Әлікей батырлар болады. Ескерте кету керек, бұл кезде татар, башқұрт, ноғай, қазақ деген сияқты ұлттық жік әлі айқын емес еді, сондықтан Қазанды қорғаған әскердің ішінде Еуразиядағы түрік руларының барлығының да өкілдері болды десек, қателеспейміз.

Аяусыз соғыс қырық күнге созылады. Қазандықтар оқтын-оқтын қамалдан шығып, орыс әскерлерін ойрандап кетіп отырады. Бірақ бір кісіге бес кісі жабылған қанды шайқаста жаудың қатарын тоздырғанмен, ойсыратып жеңе алмайды.

Алғашқы аптада қамал іргесінде Ислам батыр мен Сүйіншәлі батыр шәйіт болады. Қорғанысшылардың қатары күн озған сайын селдірей түседі.

Әйтсе де Қазанды қорғау – үмітсіздің ісі емес еді. Еділдің ұзына бойында, Жайықтың екі жағында, Сары-Арқа мен Сырда қалың ел жатқан, мың сан қол жатқан. Тек жер шалғай, Қазанды орыстардың қамағаны туралы хабар жеткенше қаншама заман өтпек. Бірақ дәл іргеде, екі апталық аймақта қаймағы бұзылса да қауқары қайтпаған Ұлы Ноғай Ордасы, яғни, Ноғайлы елі тұрған.

Ноғайлының әміршісі ұлыби Жүсіп ары кетсе он күнде екі жүз мың әскер шығара алатын еді. Жүсіптің жаужүрек отыз ұлы бар еді, әрқайсысы екі-үш мыңнан бес-он мыңға дейін әскер ұстайтын; Қазанға қатер төнгені туралы хабар жетісімен-ақ жиылып келіп, әкесінен рұқсат сұрайды, шұғыл аттанайық, Қазан құласа, бәріміз де құримыз дейді. Бірақ Жүсіп дабыл қақпайды, ұлдарының да атқа мінуіне қатаң тыйым салады. Бұл Жүсіптің өз заманында-ақ сұлулығымен аты шыққан, кейінгі тарихта ақыл-парасатымен, өзгеше мінезімен аңызға айналған Сүйінбике деген

қызы бар еді, Қазанда хан бәйбішесі болып тұрған; осы Сүйінбикеден шапқыншы жетеді, жау жақындап қалды, алмай қоймайды, аяушылық болмайды, елім бар десе, балам бар десе, тезінен әскер аттандырсын деген. Жүсіп бұған да қайыспайды.

Мүмкін, ақылынан алжасты, мүмкін, Қазан құласа құласын, Ноғайлының жері кеңиді деп ойлады.

Ал Жүсіптің жауынгер ұлдары рұқсат сұрап, күн сайын дерлік аяғына бас ұрып, табалдырығын тоздырғанымен, әмірші әкенің жарлығынан аттап кете алмайды. Сөйтіп, күш жетіп, мүмкіндік болып тұрған шақта дәл іргедегі Қазанға қалың әскер шықпай қалады.

Алайда, жекелеген ерлерді тоқтату мүмкін емес еді. Кешегі бағы қайтқан Алтын Орда ұлысының әр тарабынан өз бетімен көмекке аттанған аламандар Қазанға қарай жол шегеді.

Бұлардың көпшілігі қажетті мезгілде жетіп үлгермейді, ал жеткендері Жапанша деген бектің басшылығымен небәрі жеті мыңдай ғана қол құрайды. Қазанды темір құрсауға алып жатқан орыс әскерінің ту сыртынан келіп тиеді. Шебін бұзбаса да, тынымсыз шабуыл жасап, жауды көп шығынға ұшыратады, қамалдағы қарындастардың тынысын кеңейтеді.

Бірақ көптің аты көп. Ақыры Жапанша бастаған жасақ қалың қолдың қоршауына түсіп, бірі қалмай түгел шәйіт болады.

Осыдан соң-ақ Қазанның жағдайы қиындайды. Орыс әскерлері от-дәрі қойып, қамал қабырғасын бұзады. Бірақ бірден ала алмайды, кері қуылады. Тағы бұзады, тағы да ішке ене алмайды.

Ақыры, қамалы түгел қаусаған, әскері түгелге жуық қырылған Қазанға ең соңғы жойқын шабуыл басталады. Қырық күн бойы қан кешіп қорғанған қамал құлайды, орыс әскерлері тау-тау өліктен аттап, қамал ішіне басып кіреді.

Бұл кезде Қазанда қару ұстауға жарарлық алты мыңдай ғана ер азамат қалған екен деп жазады орыс шежірелері. Оның өзінің көбі жаралы. Сонда да бас имейді.

“Еліміз бар еді, ойрандалды, қаламыз бар еді, қирады, ендігі тіршіліктің бізге керегі жоқ, – депті Қазанның ең соңғы батырлары орыстарға айқайлап. – Сендерге қан керек болса, кең далаға, ақырғы шайқасқа шығайық!“ – депті.

Қамалға кірген жау қатарын бұзып-жарып, іргедегі кең алаңға өтеді. Осы арада, мың сан жаудың қоршауында ақырына дейін шайқасып, қаншама дұшпанын жер жастандырып, түгел қаза табады.

Орыс әскерлері Қазанды біржола иеленеді. Иван Төртінші патшаның өзі кішкене балалар мен әйелдерді ғана қалдырыңдар, қалған жұртты тегіс қырыңдар деген қатал жарлық береді. Қамалда қалған ес білетін еркек заты жас жеткіннен қаусаған шалға дейін тегіс өлтіріледі.

Бас көтерген еркек атаулыны қасапқа шалған, ұзын етек әйел атаулының арын төккен, содан соң ішін жарып, найзаға отырғызған қанды қырғын, кенеусіз айуандық неше күнге созылады.

Қаланы қорғаушылардың мәйіттерін тау-тау қылып үйіп, отқа өртейді, одан қалғанын жүздеген сал буып, басы кесілген, паршаланған қалыпта осы салға байлап, Еділдің екі жағасын жайлаған қалың Ноғайлы үрейленуі үшін, төмен ағызады.

Мұншама қанды қырғын тек түрік халықтарын ғана шошытпайды, алыста жатқан, көзбен көрмей, ұзынқұлақтан ғана естіген Еуропа жұртшылығын да тітірентеді. Рим папасы орыс патшасына арнайы хат жазып, мұншалық жауыз, қанып езер іс адамшылыққа жатпайтынын, христиан дінімен де сыйыспайтынын мәлімдейді.

Қазанның құлауы бауырлас түрік халықтарының санасында ауыр із, айықпас жара қалдырады. Арада үш-төрт ғасыр өткен соң қағазға түскен қазақ жырларында Қазан соғысы айрықша орын алады. Ноғайлы-қазақ батырлары Қазан қаласын кәпір қамап жатыр деген хабар алысымен жорыққа аттанады, жауды жеңіп, Қазанды азат етеді. Мәселен, "Шора батыр" жырында Нәрік ұлы Шора:

"Қазан атты қаланы
Кәпір алды деген соң,
Қайтіп шыдап тұрайын!", –

дейді.

Ата-анасының, сүйген жарының жылап-сықтағанына қарамастан, қатерден тартынбайды.

"Мен Қазанға барғанша
Қан жаумасын, қар жаусын,
Мен Қазанға барған соң,
Қар жаумасын, қан жаусын!" –

дейді.

Шора батыр да, басқа жырлардағы басқа батырлар да кәпірдің қалың қолын жеңіп, Қазанды жау шеңгелінен құтқарады. Бұл – халқымыздың өз кезінде орындалмай қалған арманы ғана емес, сол замандағы түрік бірлігінің көрінісі, Алтын Орда елесі өшпеген, миллетіміздің кеудесі басылмаған айғағы. Осы арада еске сала кеткен артық емес. Татарстан жұрты төрт жүз қырық жылдық аяусыз езгіден соң, өткен 1992 жылы өздерінің тәуелсіздігін жариялады және Қазанды ерлікпен қорғаушыларды жадына алып, шәйіттердің аруағына арнап дұға жасады. Бұл тек татар халқына ғана емес, қазақтарға да, басқа түрік халықтарына да тікелей қатысты өзгеше оқиға болды.

Қазан – бүкіл Еуразияны, бауырлас түрік ұлыстарын ғана емес, осы құрылықты мекендеген барлық жұртты қорғап тұрған тас қамал, биік асу еді. Қазан құлаған соң Ресей топан суындай қаптай төгіліп, жарым дүниені түнекке көметін кенеусіз күшке ие болды. Шексіз байлыққа жол ашылды, талауға, тонауға жол ашылды, Еуразияны мекендеген барлық

халықты қырып-жоюға, бодандықта ұстауға, біразын жер бетінен мүлде өшіріп жіберуге жол ашылды.

Арада екі-үш жыл өтер-өтпесте Еділдің бойын ен жайлаған он сан ноғайлы ту-талақай болды. Өзара қырқыс етек алған қуатты ұлыс шылпара ыдырады. Заманның түзу кезінің өзінде орыс патшасына сүйеніп билікке жеткісі келген Алшы Смайыл Тобаяқ би өзінің үлкен шешеден туған ағасы, қатерлі күндердегі босаңдығына орай ел ішіндегі бар беделінен айрылған Жүсіпті қапыда өлтіреді. Жүсіптің орыспен соғысудан аяған қалың әскері, тартыншақ әке сөзінен аса алмаған айбарлы ұлдары, бір шеті терістік Қапқазға ауса, енді бір бөлігі ел-жұрты, ордалы руымен Қазақ хандығына өтіп кетеді, яғни, қатерлі өлкеден аулақтап, жаңа көтеріліп келе жатқан, тегі бір, тілі бір, аталас, рулас халықтың құрамына енеді.

Сонымен, Еділ дарияның ұзына бойы бір жағы қырғын мен сүргіннен, бір жағы ел ауған, жұрт тозған бүліншіліктен мүлде дерлік қаңырап қалады. Ұлы дарияның етегі жыртылып сөгіледі. Қазан құлағаннан соң арада толық төрт жыл өтер-өтпесте Ресей Астрахань, яғни Хажы-Тархан хандығын да жаулап алады.

Қазан мен Хажы-Тархан қайта тұрмастай болып құлағаннан соң, Ресей шегінде, шеңбер ішінде қалған башқұрт жұрты біржола қырылып кету қаупінен сескеніп, орыс бодандығын мойындайды. Тағы бір түрік жұрты шыбаштар, олармен жері іргелес черемистер мен удмурттар да ақ патшаны өздерінің бірден бір әміршісі деп таниды. Бір кездегі Алтын Орда, оның ізбасары ұлы Ноғайлының орнында қалған, халқы он есе кеміп, бар қонысынан айрылып, береке-бірлігі қашқан Ноғай Ордасының әміршісі, туған ағасының қанын ішкен Смайыл да өзін ақ патшаның құлымын деп біледі.

Сөйтіп, бүкіл Шығыс Еуропа жаңадан құрылған алып империя Ресейдің табанына түседі.

Жерінің көлемі және байлығы тұрғысынан алғанда, сол 1560 жылдардың өзінде-ақ Ресей әлемдегі аса зор мемлекетке айналады. Жаңа қоныс жаулаушы басқа империялардан бір артықшылығы – Ресейдің отарлары мұхиттың арғы жағында, әлдебір құрылықта, әлдебір аралдарда емес, дәл іргесінде тұрған. Қаптай жайылуға, халқының саны өсе келе жаңа жерлерді біржола иеленуге мүмкіндігі мол. Ең бастысы, бұл – отарлық империяның алғашқы қадамдары ғана болатын. Келесі ғасырларда жарым Азияны жалмап жұтуға бет қоймақ. Және жер ыңғайына қарағанда Жайықтан аттап өтіп, Қазақ Ордасына басып кіруге тиіс.

Бірақ олай болмады. Қазақ халқы ең жақын туысы Қазан хандығы құлағаннан соң екі жүз елу жыл бойы өзінің тәуелсіздігін сақтады. Ресей, әрине, Қазандағы қырғын, Еділдегі ойраннан соң жаңа жер жаулауын да, ондаған халықты отарлауын да тоқтатқан жоқ. Бірақ қаншама заман бойы Қазақстанды табанына түсіре алмады.

Есіркегеннен емес. Орайын таппағаннан.

3

Қазан хандығы құлағаннан соң, Хажы-Тархан алынып, Ноғай Ордасы ыдырағаннан соң мол байлыққа кенелген, араны ашыла түскен Ресей империясы шығысқа қарай тоқтаусыз жылжып, ұзына созылған Орал тауына бір-ақ жетеді. Еділдің басынан аяғына дейін кеме тартып, Каспий теңізі арқылы Иранға, Орта Азияға барыс-келіске жол ашылады. Енді бүкіл Азияның қақпасы болып қалған қазақ даласы арқылы бір жағы Ауған мен Бұқарға, бір жағы Хорасан мен Үндістанға керуен тартуға мүмкіндік туады. Бірақ бейбіт қатынас, сауда-саттық емес, тартып алу, тонап алу арқылы ғана байлыққа жетуді мұрат еткен жұртқыш империя ең оңай, ең тиімді тәсіл ретінде жаулаушылық жолын таңдайды.

Бұл кезде Жайық бойындағы Ноғайлы жұрты рулы елімен, іргелі жерімен қоса Қазақ Ордасының құрамына енген. Еділдегі Ноғайлының қоныстан ауған қаншама халқы, сол заманның тілімен айтқанда, қазақ шыққан, яғни, өздерін қазақ деп жариялап, олар да Қазақ Ордасына құйылған. Ескі қоныста қалған, орыс бодандығын таныған Ноғайлының биі Смайыл өзінің Иван Төртінші патшаға жазған бір хатында: “Менің ағам Жүсіпке қарасты жұрттың көпшілігі қазақтарға ауып кетті, енді менің өзіммен жауласа бастады, жағдайым өте ауыр“, – деп шағынады.

Осыдан жиырма жылдай ғана бұрын шығыста Моғолстанға, түстікте Бұқарға қарсы екідай күресте сәтсіздікке ұшырап, әлсіреген Қазақ Ордасы бұл кезде Хақ-Назар ханның билігімен үлкен күш-қуатқа ие болған еді. Батыстағы қонысы қазіргі Қазақстан шегін түгел қамтыған, бүгінгі Ресейдің Орынбор облысының жерін еркін жайлаған қазақтар Орал тауының оңтүстік жотасына, Мұғажжарға иелік етеді, тіпті, орыс бодандығына мойын ұсынбаған башқұрттардың бір бөлігі Хақ-Назар ханның билігін таниды. Қазақ Ордасы – қуатты мемлекет еді.

Әрине, от қарулы орыс патшалығының құрығы ұзын. Бірақ дәл сол жылдары ауыр әскер түзіп, жойқын жорық ашу оңайға түспес еді. Қару мен қаражат жайы, ырғын қантөгіс өз алдына, жер шалғай, дала кең. Иван Төртінші патша мойнын теріске бұрып, батыс халықтарынан Балтық жағалауын тартып алу ниетімен Ливон соғысын ашады, бар күш, бар әскер сол атырапқа төгіледі.

Алайда, шығыс шепте жауланған жерлерді біржола игеруге кіріскен, күн озған сайын пайданың жаңа көздерін қарай бастаған орыс алпауыттары қолдағыны қанағат тұтпайды. Сондай, байлығы мол, жері кең, қарауында қаншама халқы бар, тіпті, өз әскері бар алпауыттардың ішінде Строганов әулеті айрықша көзге түсетін.

Строгановтар иелігіндегі жерін кеңейте беруге және еркін пайдалануға ақ патшаның өзінен рұқсат алған болатын. Осы ретпен Орал тауының батыс беткейіндегі қаншама жердің бар байлығын пайдаланып отырған Строганов әулеті енді шығысқа, кертпеш таудың арғы бетіндегі Сібір хандығына қол салу жайын ойластырады.

Сібірді жаулау үшін, әрине, біраз әскер керек еді. Ұзамай ол әскер де табылады. Бұл кезде патша дәргейіне қараған Еділ бойында және Дон

бойында жүріс-тұрысқа, сауда-саттыққа, шет жұрттармен қатынас атаулыға кесел келтіретін, орыс демей, басқа демей қырып-жойып, тонайтын қарақшылар көбейіп кетіп еді. Қарақшы болғанда, кәдімгі казактар. Қаншама топ, қаншама жасақ. Әр топ, әр жасақтың өз атаманы бар. Иван Төртінші патша Дон мен Еділ бойын қарақшы казактардан тазарту үшін әлденеше кемемен көп әскер шығарады.

Патша жасағы қарақшы казактарды қырып-жойып, қолға тірідей түскендерін тексеру-тергеусіз дарға тартып, екі-үш жыл ішінде Дон мен Еділді тазартады. Бірақ қарақшыларды түгел қырып біте алмайды. Қолға түспеген біраз адам қашып-пысып жан сауғалап жүреді де, қайтадан топ құрайды, бірақ бұрынғыдай үлкен жолдардан аулақтап, олжаның басқа бір түрлерін ойластыра бастайды. Ақыры, әскер жиып жатқан Строгановтармен табысады.

Строгановтарға қызметке жалданған қарақшылардың ұзын саны бес жүз қырық кісі болыпты, ең үлкен атаманының есімі Ермак екен. Бұл Ермактың шын аты-жөні белгісіз, кейбір зерттеушілер Ермолай дейді, кейбір зерттеушілер Василий дейді, соған орай туған жері де, шыққан тегі де күмәнді. Бірақ сол кездің өзінде-ақ атағы зор екен. Зорлығының белгісі – әрқайсысының өз жасағы болған, қарақшылық даңқы жер жарған, Ресей өкіметі сыртынан өлім жазасына кесіп қойған қандыбалақ атамандардың барлығы да Ермакты ең үлкен басшы деп таниды. Қарақшының қандай екенін осыдан-ақ біліңіз.

Бір суыртпақ жіп болса да олжа табатын жерде мұсылман демей, христиан демей, қан төгуді кәсіпке айналдырған Ермактың батыс пен шығыстағы бұрынғы-соңғы барлық қарақшыдан озған бір ісін айта кету артық емес.

Строгановтардың қол астында пана табар қарсаңда 1581 жылы жазда Ермак бастаған казактар тұтқиылдан Жайықтың сағасындағы Сарайшық қаласын шабады. Бір кезде сәулетті болған, сәнді болған, енді шалғай жатқан, жау күтпеген қалада небәрі екі мыңдай халық қалған екен. Казактар сұлу келіншектерді ғана олжалап, өзге жұртты тегіс қырады, бар байлықты тонап, барлық үйді өртейді. Неше күн бойы тойлап, ары тапталған әйелдерді түгел азаптап өлтіреді.

Мұның бәрі – қарақшы үшін үйреншікті іс. Ең кереметі, енді қирататын, өртейтін, өлтіретін ештеңе қалмаған кезде Ермак бастаған казактар сәулетті күмбездері мол ежелгі зиратты талқандайды, мұнымен де тоқтамай, қабірлерді қазып, қураған сүйектерін жинап, тау қылып үйеді. Тау қылып үйілген, алды неше жүз жылдық қу сүйекті мол ағаш жағып, түгел өртейді...

Бұл – тарихи құжаттарда таңбаланған анық ақиқат іс. Өшпенділіктің, ашу-ызаның нәтижесі емес, ауру жанның, сырқат сананың көрсеткіші.

Қанішер Иван Төртінші патшаның өзі мұндай сұмдықты естігенде жағасын ұстапты. Кейінгі, патшалық заман тарихшылары кінәлай сөйлейді, ұяттан безгендері айтпай, аттап кетеді. Ал совет заманының тарихшылары... коммунист тарихшыларымыз өзгеше бір ерліктің үлгісі

ретінде тамсана отырып баяндайды. Бұл да түсінікті. Ұрыға қарының ісі оң болып көрінбек.

Сонымен, тақсыз патша болып отырған алпауыт Строганов әулеті бес жүз қырық қарақшы казакты қызметке алады. Ұзақ қыс үлкен жорыққа дайындық үстінде, барлау, байқау үстінде өтеді. Көктем шығысымен Строгановтар Ермактың қан ішіп туған, қан кешіп өскен, кісі өлтіруден басқа кәсіп білмейтін, құдайдан да, шайтаннан да қорықпайтын бес жүз қырық қарақшысына өздерінің, олар да қаруға машықты, жергілікті коми, вогул халықтарын жаныштап үйренген үш жүз жасауылын қосып беріп, Орал тауынан асырып, Сібірге аттандырады. Кейбір деректерде Ермактың жасағы бес мың адамнан құралған еді деп көрсетіледі. Кейінгі тарихшылар осы сегіз жүз қырыққа тоқтайды.

Сегіз жүз қырық адам! Аз ба, көп пе? Егер осыдан алпыс жыл ғана бұрын испандық қарақшы Кортестің төрт-ақ жүз адаммен Мексиканы жаулап алғанын, бұдан соң Альваро, Писсарро сияқты конкистадорлар небәрі екі жүз, үш жүз адамдық жасақтармен батыс құрылықтағы қаншама патшалықты талқандағанын ескерсек, Ермактың сегіз жүз қырық қарақшысы – жүз мыңдық қалың қолға татитын.

Мәселе белгілі бір нәсілдің артықшылығында, жергілікті жұрттың нашарлығында емес. XVI ғасырда батыс құрылықты да, шығыс құрылықты да еркін жаулаған еуропалықтар от қарумен жарақтанған еді. От шашып, қорғасын төккен, қандай берік сауытты болмасын қақыратып, бұзып өтетін мылтықтың, басқасын былай қойғанда, құлақ жаратын даусының өзі үрей туғызатын. Осындай ғаламат қару ұстаған, түрі бөтен, рақымсыз адамдар дию-пері болып көрінген.

Ермактың мұздай қаруланған жасағы қанша айбарлы болғанымен, сібірлік түріктер, кейінгі заман тілімен айтсақ, сібір татарлары қаймықпай қарсы шығады. Ермак жолындағының бәрін жайпап, алға жылжыған сайын қарсылық көбейе береді. Кейсі екі-үш күнге созылған әлденеше қанды шайқас болады. Бірақ жебенің суылынан мылтықтың гүрсілі әмәнда басым шығады.

Үш ай бойғы тынымсыз шайқастан соң мың сан адамынан айрылған Көшім хан Сібірдің түкпіріне шегінеді. 1582 жылы 26 октябрь күні Ермак селдіреген, қансыраған қарақшы жасағымен Сібірдің астанасына – халқы кетіп, иен қалған Ескер, немесе Қашлық қаласына келіп кіреді. Бұл күн, бұл оқиға жыртқыш Ресей империясының Сібірді бағындырған, енді жарым Азияны жаулайтын отаршылдық дәуірінің басы деп есептелсе, біздер үшін, яғни, қаны бір түрік халықтары үшін қазыналы, қасиетті Қазан патшалығы құлаған 1552 жылғы 2 октябрьге парапар, неше мың жылдық ұзақ әрі даңқты тарихымыздағы ең азалы күндердің бірі деп есептелуге тиіс.

Сібір жері орыс патшалығының табанына түсті. Ермак тонап алған, тартып алған, жиып алған мол қазынаның бір бөлігінен үлкен керуен түзіп, орыс өкіметінің өзі сыртынан өлімге кескен атақты қарақшыларының бірін бас қылып, Мәскеуге аттандырады.

Мол қазынаны көрген Иван Төртінші патша қарақшылардың бұрынғы, өз мемлекетіне қарсы жасаған қылмыстарының бәрін кешіріп, қаншама тарту-таралғы беріп, оның үстіне Ермаққа арналған алтынды шапан және екі бірдей берен сауыт салып, алыстағы, қылмыскерден қаһарманға айналған кәззап жасақтың оқ-дәрі, қару-жарағын, тағы басқа қажетін түгендеп, салтанатпен кері қайырады.

Қайтар жолда Ермактың кісілеріне, сол заман тарихшысының сөзімен айтқанда "гулящие люди" – яғни, мекен-тұрағы, арнайы кәсібі жоқ қашқындар мен ұры-қарылар, жем іздеген кезбе, орманда бұққан қарақшы – бір сөзбен айтқанда, қаншама қағылған-соғылған қарулы жұрт қосылады. Бұлардың саны туралы нақты дерек жоқ, бірақ сыңайына қарағанда, әлденеше мың болса керек.

Біз жаңа Ермак Сібір жерін басып алды дедік. Бірақ халқын бағындыра алмады, ханын бас игізе алмады. Жауынгер Көшім хан өзінің қарсылығын тоқтатпады. Ақыры арада екі жыл өткенде, Ескер қаласына әбден орныққан, енді кезекті жорығына шыққан Ермактың қарулы жасағын жаңбырлы түнде, Ертіс өзенінің жағасында тарпа басады.

"Жортуылшының басы жолды қалады" дегендей, осы, түнгі ұрыста қарақшы Ермактың жаны жаһаннамға аттанады, қасындағы бар әскері қырылып, хабар айтуға қалғандай, жалғыз-ақ адамы аман құтылады.

Осыдан соң Ермактың бұрынғы-соңғы шерігінен тірі қалған жүз елу кісі түп көтеріліп, кері қашады, қым-қиғаш далбасалап жүріп, әрең бас сауғалайды. Сібір біржола тазарғандай көрінеді.

Бірақ жол ашылған еді. Жер бедері белгілі. Бүкіл Сібір – таусылмас, тегін қазына екеніне көз жеткен. Патша өкіметі жаңа жасақтар аттандырады, айналасы екі-үш жыл ішінде орыс жаулаушылары Сібірге біржола орнығады. Ұлан-байтақ өлке Ресейдің бөлінбес бір бөлігі деп жарияланады.

Сібір хандығын жаулап алғаннан кейін Ресей Қазақ Ордасымен бетпе-бет шектеседі.

Осы арада Ресей Сібірді шауып жатқанда қазақтар не бітірді, қайда жүрді деген сауал тумағы заңды. Қазақ әрине, бауырлас болса да, өз туын көтерген бөтен мемлекет еді. Бұл кезде Алтын Орда заманындағы ортақ мүдде ұмытылған, ортақ ұран көмескіленген. Батыстағы түрік текті қауым ауызбірлігінің кемінен қарап отырып Қазанды жауға берсе, шығыстағы қарындастар өзара соғысып кеткен. Бүкіл Орта Азияны дәргейіне келтірген, Ауғанстанның жарым жерін, Иранның қаншама уәлаятын қосып алған, өзін баяғы Ақсақ Темірдің мұрагерімін деп санайтын бұқарлық Абдолла хан осының алдында ғана қазақ даласына қарай жойқын жорықтар ұйымдастырған. Оңы-солын түгендесе, бес жүз мың әскер құрай алатын Абдолламен қан жалдап соғысып жатқан кезде қазақтардың ту сыртынан, терістік тараптан Көшім хан келіп тиісіпті. Қазақтар Көшім ханды талқандап, кері қуады, Абдолланың бетін әрең қайырып, тура отыз жылға созылған, ақыры 1598 жылы, ұлы жеңіспен аяқталған ұзақ соғысқа кіріседі.

Сібірге қарауға мұрша жоқ еді. Оның үстіне, Көшім ханның кеше ғана етектен алған жаулық ісі ұмытылмаған. Алайда, Қазақ Ордасы Сібір мәселесін мүлде естен шығармайды. Сол замандағы орыс жылнамалары қазақтардың Сібір хандығына барлық уақытта да азды-көпті көмек беріп тұрғанын айғақтайды. Ермактың басы жойылған түнгі ұрысқа қазақтардың да қатынасқаны күмәнсіз. Қазақ аңыздарында, халық жырында Жармақ қарақшының, яғни атаман Ермактың басын шапқан – қазақтың Сәтбек батыры деп көрсетіледі. Бұл – ел әңгімесі дейік. Нақты таңбаланған тарихи дерек – орыстар Сібірге қайта оралып келген 1586 жылы қазақтар Көшім ханның жауы, таққа талас Сейіт-Ахмет (Сейдақ) бекке көмекке көп әскер береді. Бұл әскерді бастаушы – Тәуекел ханның інісі, батыс пен шығыстың барлық тарихи әдебиетінен аты мәшһүр Ораз-Мұхамед сұлтан болады.

1588 жылы, күзде, бейбіт келіссөз кезінде Сейіт-Ахмет пен Ораз-Мұхамед опасыздықпен тұтқынға алынады, бұдан соң, Ескер қаласы қайтадан орыстардың қолына өтеді, ал 1598 жылы Көшім ханның ең соңғы жасағы қазаға ұшырағаннан соң Еуропаның әлденеше мемлекеті еркін сиятын байтақ Сібір біржола бағындырылады. Бірақ олжаға құныққан, қанға тоймаған империя мұнымен тоқтай алмайды. Бұл кезде батыс елдері Америка құрылығын біржола жаулаған, байлығы тұнған шығыс елдеріне, оның ішінде, ертегідей Индияға жол ашқан. Жылы теңіздерге шыға алмай отырған Ресей үшін бүкіл шығыстың кілті Қазақстан болатын. Қазақ жерін баса көктей өтсе, берісі Орта Азия, арысы Ауған мен Үндіге тіке жол ашылмақ. Империя кенеусіз байлыққа, шексіз билікке жетпек.

Тек Қазақ Ордасын жаулап алу керек...

Осындай ниет қана емес, нақты жоспар да болғаны байқалады. Бірақ дәл сол заманда кеудесі биік, қаруы қатты қазақты тізе бүктіру мүмкін емес еді. Орыс воеводалары патша ағзам атына, Посольский приказ деп аталатын сыртқы істер әкімшілігіне жазған мәлімдеме хатында: "Кең даланы саны өте көп, әскери қуаты күшті, жауынгер халық мекендеп отыр, оңтүстік тарапқа қарай жылжу мүмкін емес", – деп жазады.

Сібірдің оңтүстік тарабын, яғни, қазақ даласын жаулап алу мүмкін емес, ал шығыс бет ашық болатын. Ел бар, бірақ халқы тайпалық құрылымнан шықпаған, әрі сирек орналасқан. Орыс жаулаушылары сол, Сібірді басқан екпінімен, лек-лек болып, шығысқа қарай аттанады.

Жазықсыз қаншама жұртты қырып, тірі қалғандарын өз еркімен қосылды деп жариялап, айналасы елу жыл ішінде Тынық мұхиттың жағасынан бір-ақ шығады.

Ресей патшалығы қазіргі Ресей федерациясының жерін түгелдей дерлік алып болған соң, қайтадан оңтүстікке, қазақ даласына көз тігеді. Бірақ от қаруға қолы жетпей отырса да, қазақтың іргесі берік еді.

Қанша қуатты десек те, Сібірді жаулап алғаннан соң тура жүз елу жыл бойы Ресей империясы Қазақстан шегіне кіре алмайды.

Аңдысу, арбасумен, танымсыз жүргізілген ұтымды саясат арқасында, тағы бір елу жыл озды.

Ақыры, 1781 жылы Абылай хан өлгеннен соң ғана Ресей Қазақ Ордасын өзіне қарата бастады.

Ұлы хандығынан айрылған, жан-жақтан түгел талауға түскен қазақ елін біржола бағындыру үшін тағы сексен жыл керек болды. Нәтижесінде Ресей Орта Азияға XIX ғасырдың алпысыншы жылдарында ғана аяқ салды.

Қазақ даласынан үш жүз жылда әрең асса, Орта Азияны үш-ақ жылда жаулап алды.

Бір сөзбен айтқанда, біздің Қазақ Ордасы деп аталатын ұлы мемлекетіміз, біздің қазақ жұрты, алаш ұлы деп аталатын ер халқымыз тура үш ғасыр бойы бүкіл Орта Азия қауымын Ресей басқыншылығынан қорғап тұрды. Қаншама заман бойы өзінің тәуелсіздігінен айрылмады, туы жығылғаннан кейін де қарсылығын тоқтатпады, сөйтіп, үш жүз жыл бойы іргедегі өзбек пен қырғызға, түрікпен мен тәжікке ғана емес, алыстағы ауған мен парсыға, пұштұн мен үндіге қатерлі жаудың қарымын жеткізбеді. Қазақ Ордасының, біздің туған жұртымыздың әлем халықтарының тарихынан лайықты бағасын алуға тиіс ұлы істерінің бірі, міне, осындай.

1993, ақпан.

ТӘУЕКЕЛ ХАН ЗАМАНЫНДА

Әлдебір орайымен қағаз бетіне түскен бұл жазбаларды үстірт әрі мәнсіздеу санап, ілтипатқа алмаған едім. Қайта бір қарағанда тарихты тереңдетпесе де, танымды кеңейтуге септесерін аңдадым. Енді қатарға қосып отырмын.

1. Хан інісі

Тәуекел хан заманында алаш ұлының кеудесі биік, кісілігі зор болғаны, Қазақ Ордасының халықаралық беделі жоғары болғаны – бар ғұмыры тарихи құжаттарда таңбаланған Ораз-Мұхамед ханның тағдырынан айқын көрінеді. Біз өзіміздің 1980-1982 жылдары жазылып, Алматыда жарияланған, кейінірек Мәскеуде, Пекинде басылған, көпшілікке танымал "Аласапыран" атты екі кітаптық романымызға басты кейіпкер етіп осы Ораз-Мұхамедті алғанымыз белгілі. Өткен оқиғалар ізін сақтап, нақты тарихи деректер негізінде жаздық. Бірақ көркем шығарманың өзіндік ерекшеліктері бар, суретті қиял, әсіре болжал араласпай тұрмайды. Біздің бүгінгі әңгімеміз – жазушының шығармашылық тәжірибесі туралы емес, қазақ тарихында да, батыс тарихында да елеулі із қалдырған Ораз-Мұхамед ханның деректі бітіс-болмысы туралы.

Ораз-Мұхамед қазақ әміршілерінің ежелгі әулетінен шығады. 1572 жылы туған. Әкесі – Тәуекел-бахадұр ханның туған ағасы, Шығай ханның

екінші ұлы Ұзын оқты Ондан сұлтан. Анасының есімі – Алтын-ханым. Қазақ тарихшысы Қадырғали Жалайырдың айтуынша, Ораз-Мұхамед он үш жасында әкеден айрылады, он алты жасында ақ патшаның ғұзырына жетеді. Ораз-Мұхамедтің Мәскеуге қалай келгені, тұтқынға қалай түскені туралы орыс тарихнамасында мол деректер сақталған.

1582 жылы Көшім ханды жеңіп, ығыстырғаннан соң бүкіл Сібір жерін жаулауға кіріскен Ресей көп ұзамай Қазақ Ордасымен беттеседі. Оңтүстікте Абдолла ханға қарсы күреске бар күшін жұмсап отырған қазақтар әуелде Сібір соғысына еркін араласа алмайды, бірақ уақыт озған сайын қандас бауырларына әскери көмегін күшейте береді. Шәйбан әулеті Көшім ханды емес, оның ежелгі бақталасы, бұрынғы замандарда осы ұлысты билеген керей хандарының ұрпағы Сейдақ бекті жақтайды. Бұдан бұрын айтылғандай, Сейдақ бек қазақтардың көмегімен Сібір астанасы Ескер қаласын қайтарып алады, бірақ орыс жаулаушыларына қарсы табанды күрес ұйымдастыра алмайды. Мәскеуден мол жасақпен келген Данило Чулков деген воевода Ескер қаласының дәл түбінен, құнан шаптырым жерден Тобольск деп аталатын берік қамалдың іргесін көтереді. Жас Ораз-Мұхамед біраз әскермен Сібір жұртына дәл осы кезде барғанға ұқсайды.

Қадырғали Жалайыр өзінің Борис Годуновқа арнап тартқан атақты тарихында Ораз-Мұхамед Сейдақ бектің қолында кіріптарлықта, яғни тұтқында болды деп жазады. Біздің қазақ тарихшылары бұл қисынсыз деректі шындық ретінде, сол қалпында қабылдайды. Сейдақтың өзі қазақтар отырғызған адам екенін ескермейді, немесе білмейді. Әлбетте, ғұлама Қадырғали мейірбан қамқорлығы үшін ақ патшаға Ораз-Мұхамедтің атынан алғыс айта отырып, хан ием осының алдында ғана Сібірді сақтап қалу үшін Ресейге қарсы күресіп еді деп жазса, бұл нағыз парықсыздық болар еді. Сондықтан да Ораз-Мұхамед Сібір соғысына қатыспады-мыс деген лақапты еппен, саясатпен жеткізген, Сібір әміршісі болғаны талассыз Сейдақпен ара жігін, одан бөлекше тағдырын алға тартқан. Шын мәнісінде, сол заманда орыс тілінде таңбаланған барлық құжаттарда Сейдақтың өзі қазақ даласынан келгені және Қазақ Ордасы тарабынан үлкен әскери көмек алғаны атап көрсетіледі. Осыған жалғас деректерден бұл жасақты басқа емес, Ораз-Мұхамедтің бастап келгені айқын аңдалады. Мұнараларына зеңбірек орнатқан, әскері түгелімен от қару ұстаған бекіністі жеңіп алу қиын еді. Нәтижесіз жанама ұрыстан соң Сейдақ бек орыс өкіметінің бейбіт келіссөз туралы ұсынысын қабыл көреді.

Ресейдің ең үлкен өкілі, жаңа жауланған жұрттың тежеусіз әміршісіне айналған әскербасы Данило Чулковпен бітім туралы келіссөзге Сейдақ бек, Ораз-Мұхамед сұлтан және Сібірдің Қараша бегі барады. Сол замандағы орыс құжаттарында, оның ішінде атақты Есипов, Ремезов жылнамаларында бұл оқиға тәптіштеп, нақты сипатталған. Тарихи деректер осы үш адамды Сібір хандығының ең басты кісілері деп көрсетеді және Ораз-Мұхамедті "царевич Казацкой Орды", яғни, Қазақ Ордасының ханзадасы деп бөліп атайды.

Біздің түрік-қыпшақ жұртының салтында, түрік-моңғол халықтарының, бүкіл шығыс халықтарының ежелгі дәстүрінде елшіге қысас жоқ, мейманға қастандық жасалмайды. Қалыптасқан, ғасырлар бойы бұзылмаған дәстүр. Әйткенмен, "Дұшпанға беліңді шешіп инанба" деген сөз де бар. Сейдақ бектің шалағайлығынан, Ораз-Мұхамедтің жастығының, ең бастысы, өздерін қауіпсіз сезінгендіктен Сібірдің үш басшысы ажалды, әнтек іске аяқ басады. Бітім туралы келіссөзге алданып, орыс бекінісіне алаңсыз кіреді, көп әскер артта қалған, соңдарында жүз қаралы ғана жасауыл болады.

Орыс жылнамаларының айтуынша, воевода Данило Чулков Сібір патшалығының үш көсемі – князь Сейдақты, ақылгөй Қарашаны және Қазақ Ордасының ханзадасы Ораз-Мұхамедті бітім дастарқанына шақырады. Бірақ ешқандай келіссөз басталмайды. Орыс әкімі арақ ішпедіңдер, адал асымыздан жиреніп, тыжырындыңдар деп жанжал шығарып, қолма-қол үшеуін де байлатып алады. Алдын ала әзірленген орыс жасақшылары үй сыртында тұрған жүз қаралы жасауылды түгел қырып салады. Арада екі-үш күн өтер өтпесте, барлық басшысынан айрылған Ескер қаласы да айтарлықтай қарсылық көрсете алмай, жау қолына түседі. Бұрын Ермактан жеңілген, кейін Сейдақтан тепкі көрген Көшім хан бұл кезде Сібірдің терең түкпіріне шегініп, тиіп-қашты ұрыстарға көшкен, енді Ресейдің бүкіл Сібір патшалығын біржола жаулап алуына, одан да ары жылжуына мүмкіндік туады.

Сол кездегі жылнамалар орыс воеводасының Сібір басшыларын бейбіт келіссөзге шақырып, қапыда қолға түсіргенін мақұлдайды, арақ іше алмады, жиренді, түшкірді, сөйтіп, өздерінің ниеті теріс, көңілі қара екенін әйгіледі, сондықтан жасауылдарын қырғанымыз да, өздерін тұтқындауымыз да әділдік болды деп жазды. Кейінгі, Еуропаша білім-тәрбиелі орыс тарихшылары аз-маз қысылады, орыс воеводасы Сібір көсемдерін алдады, қапыда тұтты, қазіргі көзқарас тұрғысынан қарағанда онша сыпайы шықпады деседі, бірақ амал қанша, сөйтпесе болмады деп жуып-шаяды. Ал ар-ұяттың бәрін жиып қойған орыс-совет тарихшылары Тобыл воеводасы тапқырлық көрсетті, ақылы артық шықты деп мадақтайды. Распутин сияқты орыс-совет жазушылары қаражүрек Чулковты ұлттық қаһарман кейпінде бейнелейді, сібірлік жергілікті жұртты жауыз, ақымақ етіп сыпаттайды. Бұл – жеке бір адамдардың ғана ұшқары пікірі емес, коммунистік отаршылдық система қалыптастырған жүйелі ұғым. Адалды ақымақ санайтын, аярлықты ақылға балайтын озбыр жауыздың бет бейнесін танытқан сол бір оқиғадан соң Қазақ Ордасы басқаша қам-қарекет жолын таңдайды. Сөйтіп, Ораз-Мұхамедтің аңғалдықпен қапыда тұтқынға түсуінің өзі халқының болашағына қызмет еткен еді.

Бұл замандарда Қазақ Ордасы мен Сібір хандығының еншісі толық бөлінбеген шектестігі өз алдына, әуел бастан-ақ Сібір жұртындағы ең негізгі түрік рулары – керей, уақ, арғын, қыпшақ, жалайыр және табын болған; Қазақстан тарихын тексерушілер Сібір құлағаннан соң бұл рулардың қоныс-мекенімен, ауыл-аймағымен қайтадан қазақ шыққанын

атап көрсетеді. Жас Ораз-Мұхамедтің осы әлсіреген, ыдырап жатқан Сібір шегінде ел билеуші сұлтан болғаны айқын аңдалады. Орыс өкіметімен келіссөзге Сейдақ бекпен тең дәрежеде баруы кездейсоқ емес. Салт ат, жалаң қылышты әскербасы, немесе жай ғана өкіл, елші ретінде жүрмегеніне тағы бір дәлел – Тобыл қамалындағы қапыл істен соң Ораз-Мұхамедтің үй-ішінің тұтқынға алынуы. Тарихи құжаттарда Ораз-Мұхамед шаңырағының қолға тірі түскен барлық мүшелері жіктеп аталады. Бұлар: Ораз-Мұхамедтің әжесі Әз-ханым, анасы Алтын-ханым, әкесінің қарындасы Алтын-ханым, әкесінің ағасы Сейітқұл сұлтанның Бақты-ханша, Күн-ханша деген екі қызы, яғни, Шығай ханның бәйбішесі бастаған бес әйел. Бұл – Сібір жұртын шабу – Қазақ Ордасының шегін шабуға ұласты деген сөз.

Мәртебелі тұтқындар түгел Мәскеуге жөнелтіледі. Сейдақ бектің, Қараша бектің бұдан соңғы тағдырлары туралы дерек сақталмаған. Ал Ораз-Мұхамед сұлтанның шын үлкен өмірі осы, 1588 жылдың күзінен басталады. Федор патшаның сарайында тәуелсіз ел, қуатты мемлекет – Қазақ Ордасының өкілі, бұрынғы ханның немересі, қазіргі ханның ағадан туған інісі, текті ханзада ретінде қабылданған Ораз-Мұхамед арада бірер жыл өтер-өтпесте Ресейдегі ең белгілі адамдардың қатарына шығады.

Ол кезде Орыс елінде кейінгі Романовтар заманындағыдай нәсілдік шектеушілік етек ала қоймаған. Ресейдің Алтын Орда құрамынан бөлінгеніне екі-ақ жүз жыл, басқару жүйесі, салт-дәстүр, дүние танымда ортақ сыпаттар көп, оның үстіне Қазан мен Хажы-Тархан кеше ғана құлады, Ресейге қараған башқұрт, ноғай ұлыстары әлі асау, империя шегіне енген түрік қауымының саны қомақты, бодан болып отырса да есептеспеу мүмкін емес. Ең бастысы – Ресей соңғы жүз жыл бойы Қазақ Ордасы туралы біршама мағлұмат жинаған. “Қазақтар – өте қуатты халық“, – деп хабарлайды ноғайға барып қайтқан елшілер. “Қазақтар – саны көп, жауынгер жұрт, бұл тарапты жаулауға мүмкіндік жоқ“, – деп мәлімдейді Сібірді алған воеводалар.

Ораз-Мұхамедке көрсетілген құрмет – оның туған еліне құрмет еді, жері кең, халқы мол, қуатты Қазақ Ордасымен санасудың бір көрінісі еді. Әрине, Ораз-Мұхамед сұлтанның өзі де қатарынан озып туған ерекше тұлға болатын.

Федор патша Ораз-Мұхамедке Мәскеу түбінен бай иелік кесіп береді, сонымен қатар Ресейдің басқа дуандарынан да пайдасы, түсімі мол қоныстар бөледі, таза күміспен қомақты жалақы тағайындайды. Царевич Казацкой Орды – Қазақ Ордасының ханзадасы деген мәртебелі атағы бар Ораз-Мұхамед әлденеше рет әскер ойындарында болады, ақыры, 1591 жылғы орыс-швед соғысында Ресейдің түрік- татар текті қосынын бастайды; Балтық жағалауына аттанған қысқы жорықта ерлігін, қолбасылық қабілетін танытып, үлкен құрметке жетеді, сый-сияпат көреді.

Патша сарайына қатысты құжаттарға қарағанда, Ораз-Мұхамед швед жорығынан соңғы кезеңде де талай рет ілтипатпен әскер жиынына шақырылады, шекаралық күзет, бой көрсету шерулеріне қатынасады.

Патша сарайындағы салтанатты қонақасыларда және шет елдік меймандар мен елшілерді қабылдау рәсімдерінде үнемі төрдің төбесінде, Ресейдің ең құрметті бояр, княздерінің қатарында отырады. Алыстағы жұртының жайсаң жанын, ақыл-парасатын, ерлігі мен мәрттігін бүкіл Ресейге танытқан Ораз-Мұхамед сұлтанның ең асыл арманы – туған еліне оралу екен. Алайда, тағдыр оған өзгеше сыбаға әзірлеген еді.

2. Қазақ елшілігі

Тәуекел-бахадүр хан заманы туралы сақталған нақты тарихи құжаттардың бір парасы Қазақ Ордасы мен Ресей арасындағы дипломатиялық қатынастарға байланысты. Екі ел арасындағы елшілік материалдарынан сол кезеңдегі Қазақстанның ішкі, сыртқы ахуалы, мемлекеттік саясаты және халықаралық жағдайы айқын көрінеді.

Қазақ Ордасының елшілері Мәскеуге 1594 жылдың аяқ шенінде келіп жеткен сияқты. Елшілік туралы алғашқы жазба дерек – 1595 жылдың 20 январында таңбаланған. Қазақ Ордасының елшілерін бастап келген – Құл-Мұхамед бек. Елшілік құрамында қанша адам болғаны туралы мағлұмат жоқ. Елшілікке қатысты іс қағаздары толық сақталмаған. Бірақ соның өзінде Тәуекел ханның Мәскеуге мәртебелі елшілік аттандырудағы мақсат-мұраты, екі ел дипломаттары арасында жүргізілген келіссөздердің мән-мағынасы айқын танылады.

Елшіліктің негізінен ең басты екі мәселе төңірегінде келіссөз жүргізгені көрінеді. Мұның біріншісі – Бұқар ханы Абдоллаға қарсы одақ жасасу турасында, екіншісі – Тәуекел ханның інісі Ораз-Мұхамедті орыс тұтқынынан босатып алу жөнінде. Біз бұдан бұрынғы әңгімелерімізде айтқандай, XVI ғасырдың соңғы ширегінде бүкіл Орта Азияны, Ауғанстанды және Иранның бір бөлігін дәргейіне қаратып, қуатты да жыртқыш мемлекет құрған Абдолла хан Қазақ Ордасы үшін аса қатерлі дұшпанға айналған еді. Алаш жұрты өзінің бар күш-қуатын осы қауіпті көршінің басқыншылық саясатына қарсы жұмсады, 1583 жылы ел билігіне Тәуекел хан келгеннен соңғы жерде күрес тепе-тең жағдайға көшті, бірақ жау қолында жатқан бүкіл Оңтүстік өңірді қайтарып алуға мүмкіндік табылмаған. Әскер ісін жаңа жүйеге көшіріп, соғыс тәсілдерін өзгерткен, ішкі және сыртқы саясатты жаңаша құрған Тәуекел ханның сенімді өкілі Құл-Мұхамед бек Ресейдің Елшілік дуанындағы келіссөздер кезінде Бұқар хандығының бүкіл Мәуреннахрды алып, енді Ресей иелігіндегі Хажы-Тарханға қол созбағын араға тартады. Ресей пәленің алдын орап, Бұқар хандығына қарсы Қазақ Ордасымен әскери одақ құруы керек дейді. Тәуекел хан өзінің Абдоллаға қарсы күресінде орыстың от қарулы жасағын алғысы келеді. Сонда Ресей шегіне қауіп төндіруі мүмкін Бұқар хандығының қарымы кесіледі дейді және өзіне жасалған көмектің қарымтасына Сібір соғысында бейтараптық сақтайтынын білдіреді.

Әуелгі келіссөздер нақты нәтиже бермейді, ерте көктемде Ресей өкіметі Қазақ Ордасына жауап елшілік жібереді. Вельямин Степанов

деген мәмлегер бастаған орыс елшілігі жаз шыға Тәуекел ханның Алатау етегінде тұрған орда байтағына жетеді. Қазақ елінде екі ай болып, сый-сияпат көреді, қадарынша ұлыс ахуалымен танысады, ақыры, нақты бір келісімдер жасаудан бой тартып, сол жылы күзде, Мәскеуге екінші мәрте аттанған Құл-Мұхамед бекпен бірге кері қайтады. Бұл елшілік жыл басында басталған келіссөзді одан ары жалғастырып, біржола тиянақтауға тиіс еді.

Екінші елшілікке қатысты құжаттар сақталмаған. Алайда, іс мәнісі, оның ақырғы нәтижесі әуелгі елшілік қағаздарынан айқын танылады. Қазақ Ордасының от қару алып, біржола күшейіп кетуінен сескенген Ресей сөз аяғын құрдымға жіберген: әуелі Ресейдің бодандығын қабылдаңдар, Көшім ханды ұстап әкеліңдер, сонда от қарулы жасақ береміз, Бұқарды талқандауға көмектесеміз деген. Қисынсыз сылтау, орындалмайтын талап. Сөйтіп, Қазақ Ордасының сол заманда Еуропа жұрты тетігін ұстап отырған от қаруды игеру тарабындағы мақсаты жүзеге аспайды.

Бірақ елшілік мүлде нәтижесіз аяқталды деуге болмас еді. Теуекел хан және оған тірек болып отырған Шах-Мұхамед сұлтан, Көшек сұлтан, Есім сұлтан, Сүтемген би сияқты Қазақ Ордасының қайраткерлері Ресейдің сыртқы саясатын біржола таниды, алдағы қатынастарға қажетті тәжірибе жинақтайды. Бұқарға қарсы күресте тек өз күшіне ғана сену керегін аңдайды.

Сонымен қатар, елшіліктің тікелей бір шарапаты – Мәскеуге барған алғашқы сапарында Құл-Мұхамед бек осында жатқан Иран елшісі Ғади-бекпен кездесіп, ортақ жау – Бұқар хандығына қарсы күрес туралы келіссөздер жүргізеді. Аббас шахпен нақты келісім шарт жасау үшін өзінің бір адамын Иран елшілеріне қосып жібереді, соған орай Ғади-бек те өзінің Дәруіш-Мұхамед деген кісісін қазақ елшілерімен бірге Тәуекел ханға аттандырады. Бұл заманда Иран мен Қазақ арасында тікелей қатынасқа мүмкіндік жоқ еді, сөйтіп, екі елдің алыстағы Мәскеуде кездескен өкілдері ортақ жау Абдоллаға қарсы күрес шартының негізін салады. Ресей патшалығының рәсімі бойынша, Мәскеуге келген елшілер өз беттерімен қия баспауға, бейсауат ешкіммен кездеспеуге тиіс еді. Құл-Мұхамед пен Ғади-бектің еркін жүздесуі бас уәзір және ақтажы алпауыт Борис Годуновтың арнайы рұқсаты нәтижесінде ғана мүмкін болған. Бұл рұқсатты алып берген – патша сарайында айрықша құрметке жеткен Ораз-Мұхамед сұлтан еді.

Құл-Мұхамед бек бастаған қазақ елшілігі Мәскеуге келген кезде Ораз-Мұхамед патша сарайындағы құрметті мейман ғана емес, Ресейдің белгілі әскербасы воеводасы болатын. Қазақ елшілігінің Ресеймен әскери одақ құру туралы келіссөзден соңғы ең басты шаруасы – осы Ораз-Мұхамедті елге қайтару қарекеті еді. Орыс өкіметі бұл тарапта да кесімді пікірін бірден айтпайды.

Қазақ елшілері Ораз-Мұхамедпен бірнеше мәрте жүздесіп, әңгімелеседі, тек оңаша емес, үнемі бақылау астында. Бас уәзір Борис Годунов қазақ елшілерінің Ораз-Мұхамедтің Мәскеу түбіндегі сән-

салтанатты иелігіне барып, оның үй-ішімен кездесуіне де жағдай жасайды, тіпті, алыстан келген мәртебелі меймандарды тиісінше қабылдап, жақсылап қонақ етуі үшін арнайы қаражат бөледі. Ораз-Мұхамедтің туған еліне – ағасы Тәуекел ханға, інісі Көшек сұлтанға және Орданың басқа да игі жақсыларына сәлем-хат жолдауына да рұқсат береді. Сұлтанның туған еліне қайтуына ешқандай бөгесін жоқ дейді. Орнына аманатқа Тәуекел ханның туған ұлы келсе болғаны.

Шынында да, келесі елшілікпен бірге Ораз-Мұхамедке айырбас үшін Тәуекел ханның ұлы сегіз жасар Мұрат сұлтан келеді. Бірақ патша өкіметі, от қару бермегені сияқты, Ораз-Мұхамедті де босатпайды. Ресейдің соғыс өнерін ғана емес, ішкі-сыртқы саясатын да жақсы білетін Ораз-Мұхамед сияқты адам кері қайтуға тиіс емес еді.

Ресей Іс қағаздарының орталық архивінде Ораз-Мұхамед сұлтанның елге жазған ең соңғы хаты, ағайын-туғандарына жолдаған тәбәрік сәлем-сауқатының тізімі сақталыпты. Аллам аузымда, дейді Ораз-Мұхамед. Ұлылардың ұлығы, мәртебесі биік, ақылы кеніш, асқан мейірбан, сайыпқыран ер, айтқаны орнына келген асыл текті Тәуекел-бахадұр хан ағамыздың бақытты дәргейіне құлдық ұрдым; жолында жаны пида мүскінің Ораз-Мұхамед сұлтанды назарында болмаса да көңілінде сақтағайсың дейді. Өзімен бірге мейман-тоқтау, яғни, құрметті тұтқында отырған әжесі Әз-ханым, анасы Алтын-ханым, әпкесі Алтын-ханым, қарындасы Бақты-ханша мен Күн-ханшаның аттарынан дұғай сәлем айтады. Ораз-Мұхамед өз тарабынан сияпат-таралғы ретінде Тәуекел ханға алтынды қызыл қамқа тон жіберіпті, әкесінің інісі Есім сұлтанға алтын оқалы етік, туған інісі Көшек сұлтанға садақ, басқа туыс бауырларына да әрқилы тәбәрік жолдаған екен. Ораз-Мұхамедтің әжесі мен анасының елдегі балалары мен қайындарына, ағайын-тумаларға жіберген сәлемдемелерінің де толық тізімі сақталған. Сый-сияпат жағына келгенде Ресей өкіметі де үлкен жомарттық танытады. Федор патша Тәуекел ханға өз атынан бес кіреуке сауыт һәм Ордадағы ең күшті сұлтандар Есім мен Көшекке және бір-бір сауыт жібереді, қымбат мата, үлкенді-кішілі басқа да қаншама таралғы жолдайды. Ол заманның салтында орыс патшалары шет жұрттың ең сыйлы әміршілеріне сұңқар құс тартатын болған, Федор патша Тәуекел ханға: мезгіл қыс болған себепті лашын жіберудің реті келмеді, құдай қаласа, алдағы уақытта бара жатар, деп, кешу өтінгендей болады.

Зады, елшіліктің негізгі мақсаты орындалмауы – мемлекеттік саясатқа байланысты, бірақ тұтастай алғанда, Қазақ Ордасының өкілдері аса үлкен құрметпен қарсыланады, сол замандағы ең мәртебелі елшілерге тиесілі сый-сияпатқа бөленгені байқалады. Әлбетте, бұл – Тәуекел хан бастаған Қазақ Ордасының халықаралық беделінің көрінісі. Арада бес жыл өткенде қазақ сұлтаны Ораз-Мұхамедтің Ресей құрамындағы автономиялық құрылым – Хан-Кермен, яғни Касимов патшалығының ханы болып сайлануы да, ең алдымен, алыста жатқан қазақ елінің абырой, мәртебесінің арқасы болатын.

Тәуекел-бахадүр ханның 1594-1595 жылдары Мәскеуге жіберген елшіліктеріне қатысты қолда бар тарихи құжаттардан сол замандағы Қазақ Ордасының ішкі-сыртқы жағдайы, әлеуметтік және саяси ахуалы туралы нақты дерек аламыз. Елшілік қағаздарында Тәуекел Қазақ Ордасының және Қалмақ жұртының ханы деп аталады. Ораз-Мұхамедпен арадағы әңгімесінде елші Құл-Мұхамед: "Ағаң Тәуекел хан қалмақтарды бағындырып, оларға әмірші етіп өзінің інісі Шах-Мұхамед сұлтанды отырғызды", – дейді. Қазіргі кезеңде Ноғай Ордасымен татулық сақтап тұрғанын, бірақ Бұқар хандығымен бітіспейтінін айтады. Елшілік құжаттарынан, екі аралықтағы Вельямин Степанов жазбаларынан сол замандағы Қазақ Ордасының жағырапиялық өрісі, құрамындағы ұлыстар, ел билеген сұлтандардың бірлігі, ханның ақыл-парасаты, қазақ дипломатиясының биік деңгейі туралы мол мағлұмат аламыз.

Елшіліктің ең негізгі мұраты – Орыс мемлекеті, бүкіл Еуропа жарақтанып отырған, отпен атылатын жойқын қаруларды игеру мүмкіндігін іздестіру болатын. Осының өзі-ақ Тәуекел хан заманындағы Қазақ Ордасының елдік, ұлттық санасы қаншалық биік дәрежеде болғанын айғақтайды.

3. Хан-Кермен хикаяты

Тәуекел-бахадүр ханның көреген саясаты, қажыр-қайраты мен ерлік күресі арқасында 1598 жылы құдыретті Бұқар хандығын талқандап, өрісін кеңейткен, халқының саны молайып, қуаты артқан Қазақ Ордасы үлкен халықаралық беделге ие болғанда, осыған орай, алыста, Ресейдің астанасы Мәскеуде отырған қазақ сұлтаны Ораз-Мұхамедтің де бағы көтеріледі. Дәл сол жылы Федор патша өліп, оның орнына ақтажы бояр, яғни бас уәзір дәрежесінде бұрын да елді толық билеп отырған, шет жұрттықтарға қамқоршы атанған, арғы атасы Алтын Ордадан шыққан, ноғай текті Борис Годунов таққа мінеді. Патша сарайының ресми құжаттарынан Қазақ Ордасының ханзадасы деген мәртебелі атағы бар Ораз-Мұхамедтің Борис билік құрған алғашқы күндерден бастап-ақ, Ресейдегі ең таңдаулы шонжарлардың қатарында әскер жиынына шақырылып, құрметті шеруде болғанын көреміз. Арада екі жыл өткенде, 1600 жылы көктемде қазақ жұртының асыл ұрығынан шыққан Ораз-Мұхамед сұлтан Ресей құрамындағы Хан-Кермен ұлысының ханы болып сайланады.

Хан-Кермен – XV ғасырдың орта тұсында Ока өзенінің бойында, Рязань княздігінің шегінде құрылған, бас билігі Ресей патшасына қарайтын, бірақ өзінше біршама тәуелсіз басқару жүйесі бар түрік-қыпшақ хандығы болатын. Алғашқы әміршісінің есіміне сәйкестіріп, орыстар Касимовское царство – Қасым патшалығы деп атайды. Хан-Кермен ұлысының екі ғасырлық тарихы толайымен хатқа түскен. Қазақ Ордасымен бұрынғы-соңғы байланысы турасында да мол деректер сақталған. Хан-Кермен тарихын түбегейлі тексерген орыстың ұлы

ғалымы Владимир Владимирович Вельяминов-Зернов сол екпінімен өткен ғасырдың өзінде Қазақ Ордасының ең алғашқы тарихтарының бірін және бұрынғы-соңғы, үлкен-кішілі тарихтың ішіндегі ең тәуір тарихты жазып шыққан еді. Ал Ораз-Мұхамедтің Хан-Керменге келіп, ұзақ он жыл бойы хандық құрған өзгеше тағдыры арнайы сөз болады.

Ресей шегіндегі түрік қауымына еркіндік елесін жасайтын, сонымен қатар, оның әскерінің маңдай бөлігін жасақтайтын Хан-Кермен алман мен липқаға, полон мен шведке қарсы соғыстарға белсене араласады, сондай-ақ Ресейдің әуелі Алтын Ордаға, кейін Ноғайлыға, Қырым мен Қазанға қарсы күресіне де кіріседі. Ханы да, халқы да көбіне қолшоқпар қызметін атқарған, бірақ елдің ежелгі дәстүрін сақтап, ата салтын ұстанып, өзінше тіршілік жасап жатқан ерекше ұлыс болатын. Ораз-Мұхамед билікке келген кезде Қазан да, Хажы-Тархан да құлаған, соған орай Хан-Керменнің саяси-қоғамдық болмыс-бітісі де, әскери қызмет-құрылымы да әуелгіден басқаша сыпат алған. Бұл кезде жүз елу жылдық ұзақ тарихы бар Хан-Кермен жұрты – Ресей шегіндегі түрік қауымының – ана тілін, ата дәстүрін сақтап отырған бір бөлшегі, сонымен қатар, империя құрамындағы барлық қандастар үшін игілікті қызмет атқарып жатқан өзгеше ұлыс еді.

Ораз-Мұхамед сияқты ірі тұлғаның ақ патша тағайындағанымен, ата салты бойынша ақ киізге салынып хан көтерілуі – Ресей шегіндегі бүкіл түрік-мұсылман қауымын қуанышқа бөлейді. Артында іргелі жұрты бар, патша сарайында айрықша сыйлы Ораз-Мұхамед билік құрған кезең – шын мәнісінде Хан-Керменнің ең соңғы жылдары болды. Ораз-Мұхамедтің ел басқару жүйесін ата дәстүрімен мүмкіндігінше жаңартып, Хан-Керменнің Еуропа мен Азия аралығындағы кеме және керуен жолдары өтетін ұтымды жағдайын ел игілігіне пайдаланғаны көрінеді. Соғыс өнерінде де ерекше үлгі танытқаны, Хан-Кермен әскерінің қуат-күшін молайтып, жауынгерлік қабілетін арттырғаны, ал өзінің атақты қолбасы дәрежесіне жеткені тарихи құжаттарда айқын таңбаланған.

Таққа отырғанына бір жыл толар-толмаста Ораз-Мұхамед Мәскеуге, тас Кремльге шақырылады. Үлкен сый-сияпат, лайықты тарту-таралғыдан соң, сол заманның тілімен айтқанда, хан Касимовский Ураз-Магмет Анданович бүкіл Ресей жасағының бас қолбасысы ретінде жағалық әскер қызметіне аттанады. Бұл жылы соғыс болмайды, алпыс мың шерікті бастап, Ресейдің оңтүстігіндегі Дикое поле – Қиян далада жаз бойы ат үстінде болған Ораз-Мұхамед хан күзгі қарасуықта Мәскеуге оралады, патша сарайындағы бірнеше күнгі салтанатты отырыс, думан-мерекеден соң Хан-Керменге қайтып келеді.

Жұртын ғаділдікпен билеген Ораз-Мұхамед хан Ресей шегіндегі түрік текті, мұсылман дінді ер-азаматтардың барлығына да мүмкін қадарынша мархамат, қамқорлық жасағанын көреміз. Қырым хандарының ақылшысы, асыл әулет ағасы, тағдыр талғауымен Ресейге ауған Сүлеш бек ұлы Жаһанша мырза Ораз-Мұхамедтен пана табады, оның жақын досы болады. Сібір соғысы кезінде тұтқынға түскен қазақ ғұламасы Қадырғали бек Ораз-Мұхамедтің қамқорлығы арқасында жаңа жұртта ел

билеушілердің қатарына қосылады, өзінің Дәшті-Қыпшақ тарихы туралы атақты еңбегін жазады. Ораз-Мұхамед Көшім ханның Ресейге тұтқындап келтірілген барлық жақындарын – әйелдері, қыздары, жас балалары бар, қаншама бейбақты патша сарайына барып, арнайы рұқсат алып көшіріп әкеледі, барлығын да тиісінше орналастырып, жәбір-жападан арашалап, бағып-қағып жеткізеді.

Отаршылдық қыспағы тарыла түскен заманда шектеулі ғана құқығы бар Хан-Кермен жұртының ар-ожданын қорғау, тілін, дінін сақтау қаншама қиын болғаны сол кезеңдегі әр түрлі сипаттағы тарихи құжаттардан айқын танылады. Ораз-Мұхамедтің өзінің өмір кешуі – қапыда тұтқынға түсу, зорлықпен жұртынан айрылу, еркімен ел билей алмау, күнделікті тіршіліктегі мұң мен нала, ыза мен өкініш өз алдына. Сондықтан да Смутное время – Бұлғақ кезеңі деп аталатын қиямпұрыс заман басталғанда Ораз-Мұхамедтің Ресейдегі ішкі және сыртқы соғыстарға белсене араласуы кездейсоқ емес еді.

Жаппай бүліншіліктің алғашқы күндерінен бастап-ақ Ораз-Мұхамед хан Мәскеу патшалығына қарсы көтеріліс көсемдерінің біріне айналады. Тақта отырған патша Шуйский де, өзін баяғы Иван Грозныйдың баласы Дмитриймін деп жариялаған, ол кезде анық ақиқаты көпшілікке беймәлім болған Жалған Дмитрий Екінші де Ораз-Мұхамедті өз жағына тартуға тырысады, Шуйский, тіпті, хан Касимовскийге Ресейдің бүлік жайлаған Рязань, Юрьев-Польский, Владимир сияқты ежелгі дуандарын еркін шауып, халқын құлданып, малын олжалауға рұқсат береді. Бірақ орталық өкіметке ежелден қарсы Ораз-Мұхамед хан, өзі жақсы білген және хош көрген, енді міне, лақап бойынша, тірі қалған, Мәскеуге қарсы соғыс жариялаған Әуелгі Дмитрий патшаның хақ таңбалы мөрі басылып жеткен арнайы жарлықты қабыл алады. Сол кездегі тарихи құжаттардың айтуынша, Касимовский хан бізге көмекке келеді деп қуанып отырған Мәскеу жұрты Ораз-Мұхамед бетін теріске бұрғанда үрейленіп, қатты дүрлігеді.

Осының алдында ғана бүкіл Орыс әскерінің бас қолбасысы болған, беделді әрі танымал Ораз-Мұхамед хан Понизовье деп аталатын әлденеше дуандық байтақ өңірден мол әскер жинайды, Хан-Кермен қосындарымен бірге орыс, мордва, татар, мешер жасақтарынан құрылған қалың қолмен Дмитрий патшаның бас воеводасы, көтеріліс көсемі Болотниковқа келіп қосылады, Мәскеу түбіндегі қырғын ұрыстарға қатысады. Бұл – 1606 жылдың аяғы, октябрь, ноябрь айлары.

Сатқындық пен сойқан нәтижесінде көтерілісшілер жеңіліп, кері шегінгенде Ораз-Мұхамед өз ұлысына қайтып оралады. Бұл кездегі құжаттардың сыңайына қарағанда, Ораз-Мұхамед Хан-Кермен жұртын тәуелсіз хандық деп жариялайды. Ешкімге бас ұрмай, елінің тыныштық-берекесін ғана ойлайды. Бірақ төңіректің бәрі жалын, амалсыз арпалысуға тура келеді.

1609 жылы көктемде Хан-Керменді біржола тапамақ болып, зеңбіректерін сүйретіп, ауыр қолмен аттанған Мәскеу воеводасы Алябьевті Ораз-Мұхамед хан бар әскерімен, астана байтағынан аулақта,

Муром орманының шегінде тосып алып, қиратып жеңеді. Орыс әскерлері сүйреткен зеңбіректерін, арбаға артқан барлық мүкәмалы мен азық-түлігін тастай қашады. Бірақ сайыпқыран Ораз-Мұхамед хан азғана жұртымен бүкіл Ресейге қарсы жалғыз өзі тұра алмайтын еді. Арада екі ай өтер-өтпесте, Хажы-Тархан тарабынан мол әскер жинап, Мәскеудегі Шуйский патшаға көмекке аттанған воевода Шереметев асығыс жорық жолынан әдейі бұрылып, Хан-Керменге шабады. Ораз-Мұхамед ілкідегі ұрыста көп шығынға ұшыраған, қансыраған әскерін қайта топтап, жау алдынан шығады. Хан-Кермен қаласынан құнан шаптырым жерде өткен ауыр шайқаста мұсылман әскері өзінен әлденеше есе көп патша атармандарын тоқтата алмайды, қисапсыз қырғынға ұшырап, кері шегінеді, қалаға келіп бекінеді. Бірақ қарағай қамал жауға берік тосқауыл бола алмайды. Шереметев хандықтың орталық қаласын басып алады, соғыстан тірі қалған жұртты бала-шаға, қатын-қалашқа дейін аяусыз өлімге тапсырады.

Ораз-Мұхамед бұл қырғыннан да аман шығыпты. Қоршауды бұзып өткен азғана әскермен Мәскеу іргесінде, Тушино қыстағында тұрған Дмитрий (Екінші, Жалған) патшаның жасағына келіп қосылады. Бүкіл Орыс елі екіге жарылған Тушино түбіндегі тұрыс кезінде Ораз-Мұхамедтің күнделікті шайқасқа кіріспегені байқалады. Дмитрий патша төңірегіндегі орыс алпауыттарының арасында айрықша беделді болған хан Касимовский Батыс Русиядан келген воеводалар мен Реч Посполита әскербасылары тарабынан үлкен құрмет көреді. Бұлғақ кезіндегі оқиғаларға тікелей куә болған, кейінгі ұрпаққа құнды жазбалар қалдырған капитан Маржерет, Исаак Масса, Конрад Буссоф сияқты француз, шотланд, алман тарихшылары мен жиһанкездері Ораз-Мұхамед ханның өзгеше бейнесін таң қала отырып, ризашылықпен сыпаттайды. Оның ерлік кейпін, өр тұлғасын, кісілік қасиетін, кірпияз тәкаппарлығын, жомарт кеңдігін айтып тауыса алмайды. Әсіресе, Реч Посполита мемлекетінің үлкен қайраткері, Орта ғасырдағы Еуропа тарихынан атақты, өз заманының әскери өнеріне көптеген жаңалықтар енгізген бас гетман Станислав Жолкевский Ораз-Мұхамедті айрықша жақсы көреді, ол туралы құнды деректер қалдырады. Хан Касимовскийдің мәрттігіне, ақыл-парасатына тәнті болған ірі тұлғалардың бірі – Польша тарихынан белгілі гетман Ян-Петр Сапега. Ораз-Мұхамед, сондай-ақ Шуйский патшаның воеводаларын әлденеше рет талқандап, ақыры Мәскеуге қуып тыққан көтерілісші әскердің бас қолбасысы князь Роман Рожинский, полон шонжары полковник Зборовский, бүлікшіл казак атаманы Иван Заруцкий сияқты, бұлғақ заманның барлық оқиғасын көтерген белгілі тұлғалармен сыйлас, дос-жар қатынаста болады. Бұлардың барлығы да Ораз-Мұхамедті ертегілік алыс ел Орталық Азияда әлденеше ғасыр билік құрған алтын хандардың әулеті, асау, еркін, жауынгер халықтың тума перзенті ретінде қабылдайды.

Бұл куәліктерді күні бүгінге дейін архив қоймаларында жатқан, Ораз-Мұхамедтің өз қолымен жазылған хаттар айғақтай, айқындай түседі. Әртүрлі жағдайға байланысты қағазға түскен бұл хаттардан біз Ораз-

Мұхамедтің білімдарлығы мен ақыл-парасатын, ерлік кейпін ғана емес, оның сезімтал көңілін, нәзік жүрегін де танимыз. Толқымай оқу мүмкін емес.

Ораз-Мұхамедтің гетман Сапегаға жолдаған, сол замандағы орыс тілінде жазылған хаттарының бірінде: "А я здеся иноземец, рода и племяни у меня нет, во всем надежен на Бога!.." – деген сөз бар. "Мен жат елден келген жалғызбын, мұнда ата жұртым да, ағайын туысым да жоқ, бар үмітім Құдайда ғана!"..." – дейді. Жырақтан келсе де, жалғыз болса да тәңірі алқап, биікке көтерген Ораз-Мұхамед өзінің мойнындағы аманат-парызды ақырына дейін адал атқарды.

Мәскеу түбіндегі ұзақ уақыт – бір жарым жылғы қидалас майдан ешқандай нәтиже бермей, көтерілісшілердің өзі екіге жарылып, жұрт Тушинодағы тұрақты біржола тастап шыққан кезде, Ораз-Мұхамед осының алдында ғана Ресейге қарсы ашық соғыс бастаған, енді Смоленск қамалының түбінде тұрған Реч Посполита королі Сигизмунд Үшіншіге сәлемдесе барады. Еуразиядағы түрік-татар хандарының әулеті, Ресейдегі бүкіл мұсылман қауымының өкілі ретінде қабылданған Хан-Кермен әміршісіне лайықты құрмет жасалады.

Бірер ай тыныстан соң Ораз-Мұхамед Реч Посполитаның бас гетманы Станислав Жолкевский бастаған қалың әскермен бірге тарихтан белгілі атақты Мәскеу жорығына аттанады. 1610 жылы 4 июльде бүкіл Шығыс Европаның жүз жылдық тағдырын айқындаған Клушино шайқасына қатынасады.

Ораз-Мұхамед ханның король Сигизмундпен келіссөздері қай тарапта жүрді, Жолкевскиймен арада қандай шарттар жасалды – бұл турасында тек тұспалдауға ғана болады. Әуелгі Дмитрий патшадан Хан-Кермен ұлысының тұтастығы, тыныштығы мен шектеулі егемендігі туралы жарлық-нама алған Ораз-Мұхамед хан Екінші Дмитрий тұсында да елдің өзіндік кейіп-бітісін сақтап қалған. Енді, Ресей қирап, күш липқа-полон корольдігіне ауған кезде де Ораз-Мұхамедтің бар тіршілігі осы Хан-Керменнің аутономиялық құрылымын арашалап алу тұрғысында болған сияқты. Ораз-Мұхамедтің қай уақытта да жеке басына жетерлік бақ-дәулеті бар еді. Күрестен тайқу оңай. Бірақ жартылай тәуелді болса да, өзінше орда тігіп отырған ұлыстың ақ киізге көтерілген ханы сол жұрттың болашағы жолында ғана күрескені көрінеді. Әзірше Хан-Кермен Мәскеуде отырған боярлардың билігіне түскен. Қайтарып алар күн жақын сияқты. Сондықтан Ораз-Мұхамед бас гетман Жолкевскийдің ризашылығымен, қалың қосыннан бөлініп, өзінің шағын жасағымен Калуга қаласына беттейді.

Бұл кезде, яғни 1610 жылдың күзінде Калугада жаңадан әскер жинаған Дмитрий Екінші отырған. Ораз-Мұхамед күші қайтқан жалған патшаның дәргейіне емес, соның қолында аманатта қалған отбасын құтқарып алуға Калугаға барады, бірақ қайта шығуға тағдыр жазбаған екен. Хан Касимовскийді құрметпен қарсылаған жалған патша аяр зұлымдығын ішіне сақтапты. Бірнеше күннен соң, аңшылық кезінде,

ілкіден ойластырған жасырын қастандық нәтижесінде Ораз-Мұхамед хан қапыда қаза табады.

Ораз-Мұхамедтің туған елі алыста, билік құрған елі кіріптар халде, бірақ артында аз да болса, жауынгер жасағы қалған, сенімді нөкерлері, қимас достары бар. Соның бірі – баяғы ел қамын жеген Едіге бидің әулеті, Ноғай ұлыстары ыдыраған кезде, жас шағында Ресейге тұтқындалып келген, бұл да ата даңқымен, жеке басының қасиетімен топтан озған Орақ мырза Орыс би немересі болатын. Шоқындырылғаннан соңғы есімі – князь Петр Урусов. Патша сарайында айрықша сыйлы болған, танымал әскербасы дәрежесіне жеткен, Шуйский патшаның жесір келініне үйленіп, мәртебесі одан ары көтерілген. Бірақ бұлғақ кезеңі басталғанда бәрін тастап, көтеріліске қосылған, орыс емес әскердің бас қолбасысы ретінде талай соғысқа қатынасқан, Сигизмунд корольдің алқауын көріп, Клушино ұрысына кірген. Ораз-Мұхамедпен бір шамада Калугаға келген. Батыр, мәрт, тентек жан. Осы Петр Урусов Ораз-Мұхамедтің қандай жағдайда қазаға ұшырағанын анықтайды, кегін алуға ант етеді. Ақыры, арада үш апта өткенде, қаншама қосшымен кезекті аңшылыққа шыққан жалған патша Дмитрий Екіншіні небәрі жиырма шақты аламанымен тал түсте, кең далада қуып жетеді. Ораз-Мұхамед ханды опасыздықпен өлтірген қылмысын атап айтып, сол арада басын шабады. Жалған патшаның көмекке ұмтылған жасауылдары мен қосшыларын ту-талақай етіп, аман-есен, тасада күтіп тұрған өз әскеріне барып қосылады. Сол беті Ресейден біржола аулақтап, Қырымға өтіп кетеді. Орыс тарихында елеулі із қалдырған Петр Урусов бұдан соңғы заманда Орақ мырза деген әуелгі есімімен Шығыс Еуропадағы талай тарихи оқиғалардың бел ортасында жүреді; Речь Посполитаның ауыр қолы талқандалған Цецора шайқасында Қырым-Түрік әскерлерінің алғы легін бастайды, орыс-түрік соғыстарына қатынасады; бұл Орақ-Петрдің ғұмырбаяны да екі-үш романға жүк болардай қызғылықты хикаяға толы.

Жалған Дмитрий Екінші патшаның өлімі, яғни, Ораз-Мұхамедтің қазасы және соның нәтижесінде туындаған оқиғалар Ресей тарихындағы бетбұрыс кезең деп есептеледі. Осыдан соң бұлғақ оқиғалары басқа бір арнаға түседі. Бұл әрине, біздің тақырыбымыздан тысқары әңгіме.

Қапия қазасының өзі Еуразия тарихындағы елеулі оқиғаларға себеп болған Ораз-Мұхамедтің сүйегі Хан-Керменге жеткізіліп, қала түбіндегі Ұлан-тау ауылының іргесіне, Ескі бәсте зиратына жерленеді. Өткен ғасырдың орта шенінде Касимовқа барған шығыстанушы ұлы ғалым Вельяминов-Зернов Ораз-Мұхамедтің көне зираттың қақ ортасында, құлап, екіге бөлініп жатқан құлпытасын өз көзімен көріп, таңбаға түсіріп алады. Ораз-Мұхамед жүрген жерлерді аралаған жол-сапарларымыздың бір кезегінде, 1981 жылы қазіргі Рязань облысының Касимов ауданында біз де болған едік. Ескі бәсте зираты тегістеліп кетіпті, совет өкіметінің алғашқы жылдарында ортағасырлық көне зираттағы жүздеген құлпытастар, жай ғана тас емес, құран аяттары, ескі өлең-жырлар жазылған, әр түрлі өрнек, таңбалар бедерленген мәдени мұра болып

табылатын қымбат ескерткіштерді түгел қиратып, қопарып алып, құрылысқа пайдаланыпты...

Ораз-Мұхамедтен соң, бұлғақ аяқталып, өкімет басына Романовтар әулеті орнаған кезде Хан-Керменге Көшім ханның ұлы Арслан хан болып сайланады. Ұлыс барлық жағынан бірдей тарылған, хандық деген аты ғана. Арада көп ұзамай, алдамшы атаудың өзі біржола жойылады. Касимов Ресей шегіндегі қатардағы қалалардың біріне айналады. Ежелгі хандық жеріндегі орыстардың үлес салмағы күн озған сайын көбейе береді. Бірақ ата жұртында отырған ел ежелгі дәстүрін, тілі мен дінін сақтайды. Касимов татарлары атанған қауым өкілдері Мәскеу әміршілерінің Ресейдің өз ішіндегі түрік текті жұртпен арадағы іс-шаруаларында, сырттағы мұсылман елдерімен дипломатиялық қатынастарында дәнекерші, елші, тілмаш қызметін атқарады, патшалық саясат тегершігі міндетімен шектелмей, өз тарабында дін, ағартушылық, миллетшілдік бағдарындағы көптеген игілікті істерге ұйтқы болады, ежелгі рухани, мәдени мұраларды қастерлеп сақтайды.

Хан-Кермендегі мұсылман қауымының Ресей шегіндегі барлық түрік жұрты үшін жасаған қызметі біздің миллетіміздің тарихындағы лайықты бағасын әлі алған жоқ.

4. Ғұлама

Тәуекел-бахадұр хан заманындағы қазақ рухының айқын бір көрінісі, халқымыздың дүние танымының, ғылым-білімі мен тарихи санасының куәгері – Қадырғали Жалайырдың “Тарихи шежіре“ атты еңбегі. Бұл еңбек 1602 жылы Ресей шегінде, Хан-Кермен қаласында тәмамдалған. Осыдан екі жыл бұрын ғана қазақ хандарының әулетінен шыққан Ораз-Мұхамед сұлтан осы Хан-Кермен, орысша айтқанда Касимов патшалығына хан болып сайланған еді. Қадырғали өзінің кітабын осы оқиғаның құрметіне жазады, және, ескі замандағы әдеби дәстүр бойынша ең үлкен әміршіге – Ресей патшасы Борис Годуновқа арнайды.

Кітаптың патша сарайына тартылған алғашқы данасының тағдыры белгісіз; 1626 жылы Мәскеудегі алапат өрт кезінде мемлекеттік дуандардың іс қағаздары, Алтын Орда заманынан бері сақталып келе жатқан тарихи құжаттар мен жәдігерлердің басым көпшілігі жанып кетіпті; орыс тарихнамасы 1626 жылғы өртке дейінгі және өрттен кейінгі деп жіктеледі; Қазақ тарихын зерттеген орыс ғалымдары Қасым хан, Хақ-Назар хан заманындағы орыс-қазақ қатынасына байланысты құжаттардың бәрі осы өртке кетті деп есептейді. Қадырғали еңбегі де сол кепке ұшыраған сияқты. Алайда, біржола жойылып кетпеген. Өз заманында әркилы көшірмелер түрінде кеңінен тараған шежіренің бір данасын 1819 жылы атақты татар ғалымы Ибрагим Хальфин Қазан университетінің кітапханасына тапсырады. Бұл нұсқаны қашан және қайдан алғаны туралы дерек жоқ. Ибрагим Хальфиннің әкесі Исхақ та, атасы Сағит те XVIII ғасырда жасаған, түрік-татар қауымынан шыққан Еуропаша білімді

зиялылар, Ресейдегі алғашқы түркологтар, соған орай, Қадырғали шежіресі Хальфиндердің шаңырағында сақталып келді деп шамалауға болады. Әрине, көшірменің түп төркіні Хан-Кермендe. Осы, Ибрагим Хальфин тапсырған, Қазан университетінде тұрған нұсқаны атақты шығыстанушы орыс ғалымы Илья Николаевич Березин, өзі жүйелеп, жариялап жүрген "Шығыс тарихшыларының кітапханасы" аталатын сабақтас басылымдардың кезекті кітабы ретінде 1854 жылы Қазанда бастырып шығарады.

Түпнұсқа қолжазбаның алғашқы парағы сақталмаған екен, Березин ежелгі тарихи шежірелердің бір тармағы деп есептеп, жариялаған кезінде "Жамиғ-ат-тауарих" – орысша "Сборник литописей", яғни, жылнамалар жинағы, немесе тарихи шежіре деген атау береді. Бұл басылымды кезінде Қазақстан тарихын жазған Вельяминов-Зернов, өзіміздің ұлы ойшылымыз Шоқан Уәлиханов кеңінен пайдаланған. Үстіміздегі ғасырдың бас кезінде татар әдебиетшісі Ғали Рахым Қазандағы Шығыс кітапханасынан "Тарихи шежіренің" толығырақ жаңа бір нұсқасын табады, содан соң ел арасынан тағы бір үзігінің көшірмесін ұшыратады. Кейінгі татар ғалымдары осы үш нұсқа негізінде Шежіренің жаңа басылымдарын жүзеге асырды, тиянақты зерттеулер жасады.

Шежіренің Ресей шегінде және татар көшірмешілерінің еңбегі нәтижесінде сақталуы, күні кешеге дейін оны зерттеушілердің негізінен татар текті оқымыстылар болуы, бұл – татар тарихы мен мәдениетінің ескерткіші деген байлам жасалуына себеп болды. Сонымен бірге, татар атауының орыс арасында қалыптасқан жаңсақ жағдайы да еңбектің төркінін теріске бұрды: соңғы заманға дейін Ресейде татар этнонимі түрік текті барлық жұрттың ортақ атауы ретінде қолданылған (бұл термин әлемдік дәрежеде қабылданса, біз қазір түрік халықтары емес, татар халықтары деп аталатын едік). Түптеп келгенде, Хан-Кермен түрігі (татары) мен Сібір түрігі (татары) – Қазан татары (түрігі) мен қазақ түрігіне бірдей туыстық дәрежеде, керек десеңіз, рулық тұрғысы, ұлыстық бейнесі жағынан алғанда, арғы тарихта Қазан хандығынан гөрі Қазақ Ордасына бейімдірек. Қайткенде де, Хан-Кермен мен Сібір қазақтан гөрі татарға жақынырақ деп есептеуге ешқандай негіз жоқ. Ал Қадырғалиға қатысты сөз болғанда, бұл тепе-теңдік қазаққа қарай ауатынын көреміз. "Жамиғ-ат-тауарих" алғаш жарыққа шыққан кезеңде біздің ұлы ғалымымыз Шоқан аттың алды болып зерттеу жасап, бұл – қазақтың қолынан шыққан және қазаққа тиесілі ескерткіш деп жазған еді. Кейін, елден де, жерден де айрылып, ес кеткен заманда бәрі де ұмытылды, жаңа дәуірдегі қазақ ғылымы "Тарихи шежірені" 1960 жылдардан беріде ғана қайтадан біле бастады.

Қадырғалидың жеке басы, ғұмырбаяны туралы нақты деректер сақталмаған. Ғұлама ғалымның сой аты – Жалайыр, бұл оның қай рудан шыққанын көрсетеді. Осы жерде ескерте кету керек, біздің шалағай білгіштер ЖалайырИ деп жазады. Бұл – араб, фарсы дәстүрі. Біздің түрік қауымында, түрік-шағатай тіліндегі жазба дәстүрде, ауызекі тілде де кісінің қайдан тарап, кімнен шыққанын білдіретін "И" жұрнағы жоқ, ру

атауы, баба есімі атау септікте қолданылады, Қадырғалидың өзі де қалыптасқан жолды бұзбайды, яғни, ғұлама бабамыздың орысша айтқанда фамилиясы, қазақша сойы, немесе, сой аты – Жалайыр, Қадырғали Жалайыр. Осылай деп аталып, осылайша таңбалануы керек. Жетілдік, жеттік деп отырған заманда тым құрса, бұрынғылардың есімін, "мудрить етпей" яғни бұлдыратпай, түпнұсқада таңбалануы бойынша оқиық.

Қадырғали өз еңбегінің соңғы бетінде арғы тегін, ата бабаларын таратады. Шыңғыс хан заманында Сартақ ноян болды деп жазады. Оның ұлы – Жалайыр Сыба, оның нәсілі Жалайыр Тебре бек, оның нәсілі Шейх-Софы бек, оның нәсілі Айтөле бек еді. Айтөле бек өз заманында атақты болды, абыройлы болды, Орыс ханның тұсында бас әскербасы, әмір болды дейді. Айтөле бектен Қамбар мырза. Одан Құбай, Одан Қараш бек пен Адам-Шейх мырза, Адам-Шейх мырзадан Еренші бахадұр, одан Темежек бахадұр, одан Қосым бек – Қадырғалидың туған әкесі. Тарихшы өзі туралы: "Ораз-Мұхамед хан хазіретінің ата-аналарына қызмет қылып келдім", – деп атап көрсетеді. Кейінгі татар оқымыстылары қалай айтса да, Қадырғалидың бергі аталары Көк Орда хандарының ғұзырында жүргені, ал өзі қазақтың жиын ортасынан шыққаны және Ораз-Мұхамед ханмен әуел бастан-ақ тағдырлас болғаны күмәнсіз шындық.

Қадырғали Жалайыр Хан-Керменге қашан және қандай жағдайда келіп түсті – бұл жағын тұспалмен болса да нақты айтуға болады: әрине, Ораз-Мұхамедпен бір шамада. Осы орайда тағы бір кілтипан бар. Татар зерттеушілері Қадырғали дегеніміз – Сібір тарабында Сейдақ бекпен, Ораз-Мұхамед сұлтанмен бірге орыс тұтқынына түскен Қараша бек дегенді айтады. Сібірдің Қараша, немесе Қарашы, Қараш бегі туралы тарихи құжаттарда өте көп жазылған, Думной Карача, яғни, кеңесші, ақылгөй Қараша бек аталады. Әлбетте, "қарашы" сөзінің хан қасындағы кеңесші, ақылгөй деген, нөкер деген мағынасы да бар. Бірақ орыстармен қайтпай соғысқан данагөй бектің тым құрса бір рет аты аталса керек қой, қарашы Пәленбай бек деп. Олай емес. Кеңесші (қарашы) бектің шын аты да Қарашы (Қараша, Қараш). Тарихта өз орны, өз есімі бар үлкен тұлға, Қадырғали екеуі екі адам. Жоғарыда айтқанымыздай, Қадырғалидың орыс деректеріндегі Думной Карача болып, Сібірден шығуы оны қазақтан алыстатып, татарға жақындатпайды. Біз өзімізге тартып отырғанымыз жоқ, ақиқатына жүгініп отырмыз. Ал біздің кісіміз Хан-Керменнен қалай шықты десек, Ораз-Мұхамед сұлтан бүкіл үйелмені, ордасымен қолға түскенде Қадырғали – оның қасындағы кеңесші, бәлкім, оны тәрбиелеп, тағылым беріп өсірген аталық болса керек. Қадырғалидың өзінің Ораз-Мұхамедке ата-аналарынан бері құлдық қылып келемін деп мақтануы тегін емес. Ораз-Мұхамед хан ақ киізге көтерілгенде Қадырғали оның оң тізесіне отырады, бүкіл Хан-Кермен жұртын ұстаған төрт бектің бірі болып тағайындалады. Қадырғали бектің бұдан соңғы өмірі мен қызметі, қай жылы қайтыс болғаны туралы деректер сақталмаған. Өткен ғасырдың орта шенінде Хан-Керменде болған, Ескі бәсте зиратынан Ораз-Мұхамед ханның басына қойылған құлпытасты тауып, таңбалаған, Ораз-

Мұхамедтің досы Қырымлы Жаһанша бектің құлпытасын көрген Вельяминов-Зернов Қадырғали бекке қатысты ешқандай қосымша мағлұмат ұшырата алмайды. Ғұлама тарихшымыз туралы бар білеріміз оның өз еңбегіндегі деректермен ғана шектеледі.

Енді қазақ тарихындағы бірегей кітап туралы сөз. Қолжазбаның алғашқы парағы жоғалған дедік. Мұсылман әлемінде қалыптасқан дәстүр бойынша, кез келген жазба еңбек әуелі Алла атына, содан соң пайғамбар атына мадақ, құрметтен басталады. Бұдан кейін қаламгердің мақсат-ниеті айтылады. Қадырғалидың өз еңбегін жазудағы мұраты туралы сөздерінің соңғы үзігі сақталған. Бұл кітабым "естушіге хош келіп, оқушы ғақылына файдасы болғай" дейді, өткенді білмек әр пендеге уәжіп есепті дейді. Бұдан соң, тағы да қалыпты дәстүр жөнімен, өз тұсындағы ұлұғ әміршіге – яғни, ақ патша Борис Годунов атына мадақ сөздер айтылады. Қадырғали өзінің тарихи шежіресін түрік қауымының арғы тегін таратудан бастайды. Оғыз хан туралы аңызды баяндайды. Содан соң барып Шыңғыс ханға түседі. Шыңғыстың аталарын хикаялай келіп, оның хандық құрған заманына, жиһангерлік жорықтарына тоқталады. Шыңғыс ұлдары Жошы ханның, Өкетай ханның, Шағатай ханның тарихтары айтылады, Жошы әулетінен тараған Алтын Орда хандарының тарихы баяндалады. Қадырғалидың өзі негізгі тарихи деректерді Рәшид-әд-Диннің атақты шежіресінен алғанын атап көрсетеді. Осыған орай, кейбір зерттеушілер Қадырғали кітабының көпшілік бөлігі – төлтума емес, тәржіма деген жаңсақ пікір ұстанады. Өзінен бұрынғыға сүйенбейтін тарихи еңбек бола ма екен. Бар тарихты өз ойынан шығарып жазған кім бар. Тарихшы, шежіреші өзі куә болған оқиғаларды нақты баяндайды да, өткен заманды талғам, түсінігіне қарай, бұрынғы тауарихтарға сүйеніп байыптайды. Яғни, қазіргі қазақ зерттеушілерінің Қадырғали еңбегінің алғашқы жартысы – аударма, соңғы тарауларын ғана өзі жазған деп ұғынуы – бұрынғы-соңғы тарихи-кітаби дәстүрден бейхабарлық, керек десеңіз, нағыз парықсыздық болып табылады.

Қадырғали еңбегінің Шыңғыс хан және оның таяу ұрпақтары туралы бөлігі орта ғасырлардағы тарихи әдебиет деңгейінде, белгілі деректер негізінде жазылса, Орыс хан, оның заманы және әулеті баяндалатын соңғы бөлігі – түгелімен тың, соны деректерге құрылған. Бұл тарауларда қазақ тарихына тікелей қатысты аса құнды мағлұматтар жинақталған. Орыс, Тоқтамыс, Әбілқайыр хандар, Едіге би туралы, Ноғай Ордасы туралы бірегей деректер келтіріледі. Еңбектің ең соңғы тарауы "Дастан Ораз-Мұхамед хан" деп аталады. Мұнда Әз-Жәнібек ханнан бастап, барлық қазақ хандарының әулеті таратылады, Хан-Кермен жұрты, оның саяси құрылымы туралы ақпар беріледі.

Шоқан Қадырғали шежіресін қазақ тарихы үшін теңдесі жоқ еңбек деп бағалаған еді. Қадырғали шежіресі тек тарихи тұрғыдан ғана емес, рухани мәдениет нұсқасы, әдеби үлгі ретінде де айрықша құнды. Еңбек сол замандағы кітаби дәстүр бойынша, шағатай-түрік тілінде жазылған. Бірақ өзі тұрғылас басқадай жазба еңбектерден айырмасы – қазақы сыпаты айқын. Кітапта таза қазақша қолданыс, қазақтың шешендік сөз үлгісі

көптеп ұшырасады. Мәселен, Қадырғалидың Борис патшаға арнаған мадақ сөздері былай келеді: "Айналасы алты хан, төгірегі төрт хан, дүнияның төрт бұрышын билеген хан. Халайықын ғаділдік бірлән сұраған хан. Жетімлерге рахым қылып, шығайларды тойдырған хан... Тахтың сенің тауға ұхсар, халқың сенің сайа дәулетке ұхсар, фиғылың сенің шафағатқа ұхсар, хайырың сенің теңізге ұхсар. Жыл асасын, жүз жасасын аты жақсы Барыс хан..." Бұл жай ғана құрмет емес, Ораз-Мұхамедтің хан көтерілуіне орай, шын көңілден шыққан алғыс. Мұсылман әдеби дәстүріндегі мадақ, ежелгі түрік үлгісіндегі алқау, кейінгі қазақ билерінің шешендік толғауы. Сөз өнерінің ұлттық сыпаттағы әдемі бір көрінісі.

Қадырғали Жалайырды қазақша тану өткен ғасырда ұлы Шоқаннан бастау алған. Сол игі іс қаншама заманғы үзілістен соң, жаңа ғана жалғасын тауып жатыр.

5. Қатарлас қазақ елдері...

Алтын Орданың бүкіл XV ғасыр бойғы тарихында қазақ атауы өте жиі ұшырасады, ұлыстың ішкі, сыртқы соғыстары, әр қилы елеулі оқиғалар сөз болғанда тарихи құжаттар қазақ атауын бөліп атайды, қазақтар сөйтті, қазақ әскерлері аттанды, шапты деген сияқты тіркестер көптеп кездеседі. Қазақтың өз есімін өзіне қимай, киргиз деп, кайсак деп жүрген заманда көне деректердегі қазақ сөзін кәдімгі, орыстың казагымен шендестіріп айтылған, салт әскер, арнайы жасақ мағынасындағы атау деп ұғындырды, кейін сол ескі түсінікті аттап кете алмадық.

Алтын Орда құрамындағы түрік руларының үлкен бір тобы қазақ атанып жіктенуі – Қазақ Ордасы құрылардан әлдеқайда бұрын болған; тек әуелде дербес шекара, мекендік бөлініс жоқ, туыстас басқа жұрттармен аралас күн кешкен. Ал Ұлұғ ұлыс, яғни Алтын Орда ыдыраған кезде оның ежелгі территориясында қазақ атымен аталатын үш бірдей хандық ту көтереді. Мұның біріншісі – Қазақ Ордасы, қазіргі Қазақстан. Екіншісі – Қазақ хандығы; Қапқазда, қазіргі Әзірбайжан республикасының Қазақ ауданы және онымен шектес аймақта құрылған. Үшіншісі – Ресей шекарасында, қазіргі Рязань облысының шегінде бой көтерген Хан-Кермен қазақ ұлысы.

Қапқаздағы Қазақ хандығының тарихы – біздің қазақ тарихшыларына – жетпіс жыл бойы социалистік қоғамды, колхоз құрылысын мадақтап, доктор, академик атанған, енді, тәуелсіздік кезеңінен бергі бірер жылда коммунистік іждағат, балшабектік екпінмен қазақтың төл тарихына жаппай бет қойып, айқай-сүреңмен есе толтыра бастаған өзіміздің ағайындарға ғана беймәлім жағдаят.

Орыс тарихынан белгілі Атырақ хан бастаған қыпшақ-түріктердің үлкен бір тобы X ғасырдың өзінде Қапқаздың қақ ортасына – Әрменстан мен Гүржістан аралығына, Кура өзенінің басқы бөлігіндегі кең алқапқа берік ірге тепкен болатын. Атырақ хан гүржі (грузия) тарихынан атақты Давид Ағмашенебели (Қалыптаушы) патшамен құдалық, андалық

қатынас орнатып, әскери одақ жасасады, іштегі өркеуде алпауыт атаулыны жуасытып, сыртта селжүк-араб шапқыншылығының бетін қайтарады. Бұдан соңғы заманда шығыстағы көршілері оғыз- түріктермен татулық сақтай отырып, Дәшті-Қышпақпен байланысын үзбеген Қапқаз қыпшақтары Алтын Орда құрамында болады да, 1550 жылдар шамасында Қазақ хандығы аталатын дербес ұлыс құрады. Бұл – Ұлұғ ұлыс біржола ыдыраған бұлғақ, бүліншілік кезеңінде Қапқазға түрік-қыпшақтарының жаңа бір легі келіп, бұрынғы жұртпен қосылып, елдің іргеленуі нәтижесінде жүзеге асқан сияқты. Өз елдерінің тарихын жақсы білетін гүржі оқымыстылары мен қаламгерлері, тіпті, осы кезеңге назар аударған орыс жазушыларының өзі Қапқаз Қазақ хандығын үлкен қазақ ұлысының бір бөлшегі деп қарайды, ондағы қазақ пен Қазақ Ордасының қазағын аралары ажырап кеткен біртұтас халық деп біледі.

Қапқаздағы Қазақ хандығы қалың жаудың ортасында жүз елу жыл бойы өзінің тәуелсіздігін сақтады. Әсіресе гүржілермен, яғни грузиндермен тынымсыз соғыстар жүргізді. Саны кем болса да, бетпе-бет ұрыстарда үнемі басым түсіп отырған қазақтар грузин-картли патшалығын талай рет ойсырата жеңеді. Ақыры, бүкіл Қапқаз жотасын жаулап алған Иранның алдында тізе бүгеді. Тәуелсіздігінен айрылғаннан соң тегі бір, діні бір, тілі жақын оғыз түріктерімен араласа бастайды. Ақыры, саны мол ағайындардың арасына біржола сіңісіп кетеді.

Қазір бұл өлке Әзірбайжанның Қазақ ауданы деп аталады, халқы өздерін әзірбайжан санайды, бұрынғы тарихты біле бермейді. Түр-тұлғасы да өзгерген. Бірақ бізге жақын ерекшелігі аңдалып тұрады. Бір ғана мысал – мен 1983 жылы Абхазияда, Пицунда шығармашылық жайында үй-ішіммен демалыста жүргенде, ол да бала-шағасымен келген бір қапқаздық жазушыға: “Сіз Әзірбайжанның Қазақ ауданында туғансыз“ – деп едім, қайран қалды, шынында да әзірбайжан, Қазақ ауданында туған Исмайыл Шихлы деген атақты ақын екен, кейінірек Жазушылар одағының бірінші хатшысы болды. Сол Қазақ ауданынан әзірбайжанның Сәмед Вургун, аталы-балалы Мағомаевтар сияқты әдебиет пен өнер қайраткерлері шыққан. Әзірбайжанның қазақ үлгісіндегі әлемге әйгілі кілемі біздің қазақ ою-өрнектерін нақпа-нақ қайталайды.

Қапқаз қазақтарының ерлік тарихы, мұңды тағдыры біздің хатқа түспеген; өнер мұраларын, ежелгі әдебиет нұсқаларын тексеріп жатқан ешкім жоқ. Әрине, ол қазақ келмеске кетті, бірақ бұл да біздің ұлы халқымыздың мың жарым жылдық тарихи шежіресіндегі өзгеше бір көрініс. Толық танып білетін күн алда...

Ресей шегіндегі Хан-Кермен, немесе Касимов патшалығы туралы ілкіде біршама баяндадық. Бұл тақырыпта роман жазғанымызды да ескерттік. Енді соған қосымша азғана кеңес.

Хан-Кермен құрамындағы халықты, түрік текті жұрттың бәрін татар санайтын сол замандағы орыс әдетінше, касимовские татары – қасым татарлары деп атайды. Тарихи құжаттарға, орыстың өткендегі тарихшыларының зерттеулеріне қарағанда, Хан-Кермен халқы өздерін қазақ деп атаған. Алтын Орданың ыдырау дәуіріндегі қазақ атауының

бәрін этникалық ұғым емес, әскери тап мағынасында қабылдаған орыс оқымыстылары Касимов қазағын да үйреншікті казак ұғымымен шендестіреді. Бұл арадағы қайшылық – орыстың казак атауының өзі біздің түріктің қазақ деген сөзінен шығуында ғана емес. XV ғасырдың орта тұсында, Қазақ Ордасымен бір шамада ежелгі түрік қоныстарының қиыр шегі солтүстік-батыста Хан-Кермен ұлысын негіздеген Қасым ханның өзі де, соңынан ерген әскері де Алтын Ордадан ығысқан, сол заман тілімен айтқанда, қазақ шыққан қауым еді. Өздерін қазақ атауы содан. Ал орыс үшін бүкіл Алтын Орда татар болып тұрғанда, оның кішкене бір сынығы да татар аталуы түсінікті. Алайда, ресми құжаттарда бұл жұрттың қазақ атауы, тіпті, кейінгі, Ораз-Мұхамед хан заманында да үнемі ұшырасып отырады.

Хан-Кермен қазақтарының рулық құрамы туралы нақты деректер сақталған. Бұлар – арғын, қыпшақ, жалайыр, маңғыт. Басқа рулар есімі қағазға түспеген, тек осы, саны мол, басты төрт ру бөліп аталады. Қалған түрік рулары кімдер болған жағдайда да, сол замандағы Қазақ Ордасына енген аталы төрт ру да Хан-Керменде бар екен және ең негізгі қауым екен. Ал Қырым хандығындағы ең басты төрт ру – арғын, қыпшақ, барын мен шырын болатын. Бұл да туыс жұрт, бірақ өзгешелігі бар, арғы қазақ тарихында барын мен шырын аталмайды. Яғни, әуелде Хан-Кермен мен Қазақ Ордасы құрамындағы халықтың этникалық айырымы шамалы ғана болған. Бірақ алған қонысы басқа, араласатын көршілері де басқа. Тарихи деректерге қарағанда, батыс жұрттарымен соғыста, Ресейдің өз ішіндегі ұрыс-қағыстарда Хан-Кермен аламандары артынып-тартынатын мол олжаның ең негізгі бір тармағы – әйел заты, немістің, орыстың, шведтің қыз-келіншектері екен. Шабынды нәтижесіндегі мұндай аралас неке әдепкі құбылысқа айналған. Уақыт оза келе халықтың антропологиялық түр-тұлғасы өзгермей тұрмайды. Замана таңбасы, қоршаған орта мен табиғат әсері өз алдына. Келе-келе, билеуші халық ыңғайымен, әрі заманның салт-ұғымына орай, өздері де татармыз дескен. Қазіргі қалыптасқан ұғымда қасым татарлары үлкен татар жұртының этнографиялық бір тобы деп есептеледі. Дәл сондай жағдайдағы мешер де, сібір жұрты да татар саналады. Тек қырым татары ғана дербес ұлт есебінде.

Әлбетте, мұның бәрі – сыртқы атау, ішінара жік. Шын мәнісінде, татар есіміндегі қауым ғана емес, қазақ пен башқұрт, қарақалпақ пен ноғай, құмық пен малқар – күні кеше ғана Алтын Орда құрамында болған барлық жұрт – бір халық, қыпшақ-түрік халқы. Оның өзі ұлы түрік миллетінің бір бөлігі. Тамыры тұтас, тарихы ортақ, тілі бір, әдет-ғұрпы жақын суперэтнос. Осы ұлы жұрттың Ресей шегіндегі бөлігі соңғы төрт ғасырда талайсыз тағдырға жолықты десек, бұл сөз ең алдымен Хан-Кермен қауымына қатысты.

Ресейдегі бұлғақ тұсында ауыр шығынға ұшыраған Хан-Кермен қайтып оңалмайды. Ораз-Мұхамедтен соң аутономиялық билігі біржола шектелген ұлыста орыстандыру саясаты ашық жүргізіле бастайды. Арада жарты ғасыр өткенде сөз жүзіндегі дербестіктің өзі жойылады. Халықтың

ар-өжданы тапталады, рухани езгі қалыпты дәстүрге айналады. Қысым шектен шығады, зорлық-зомбылық үстіне, ерікті-еріксіз шоқындыру етек алады. Бірақ дін өшпейді, тіл ұмытылмайды, түтін үзілмейді, жұрт атауы сақталады.

Хан-Кермен – Касимовтың біржола орыстануы – коммунистік билік заманында. Бұрынғы мектеп, медреселердің барлығы жабылады, мешіттер қиратылады. Мен 1981 жылы арнайы сапармен барғанда, Ораз-Мұхамед ханның ежелгі жұртында ұлт тілінде сауат ашу атымен жоқ екен. Кейінгі жастар ана тілін сөйлеу дәрежесінде ғана біледі, онда да барлығы бірдей емес. Бір кезде, Ресей құрамында болса да, дербестік белгісімен хандық құрған, ата жұртында отырған халықтың байырғы өкілдері өмірдің барлық саласында қағажу көреді екен, аудан көлеміндегі әкімшілік билікке араласа алмайды, қит етсе, орыстар тарабынан қудалауға ұшырайды, сондықтан көп жұрт тегін жасыруға тырысады. Талаптанып, оқуға қолы жеткен, Мәскеу, Ленинград, Қазан қалаларында жоғарғы мектеп бітірген жастар басқа тарапта орнығады, көбіне бақыт іздеп Татарстанға, Өзбекстанға, Қазақстанға қоныс аударатын көрінеді. Бірақ туған жермен байланысын үзбеген, жаз бойы орманды далалы, көкмайса ата мекенде демалыста болады.

Әлбетте, Касимовтағы қазіргі қауым арғы тарихты біле бермейді, баяғыда хандық болыпты-мыс дейді, өздерін татар халқының бір бұтағы деп қана қарайды, бірақ Қазан татарларымен арада көңіл жаттығы бар, оның басты себебі – баяғы Қазан мен Касимов арасындағы шабысқа байланысты деседі. Қайткенде де өздерін жалғыз, жетім сезінеді. Орыс болып жазылып кеткендер де біршама сияқты. Рулық бөлініс ұмытылған, ата салты да көмескіленген. Үлкендер, иә, бұрынғы заманда, біздің бала кезімізде бие сауып, қымыз пісетін кісілер болушы еді, ішіп те көрдік, қышқыл болатын дейді. Жылқы союшы еді, күнгі кешеге дейін көрдік, қазы айналдыратын, шұжық жасайтын дейді. Бір кезде Ораз-Мұхамед бабамыз билік құрған Хан-Керменнің қазіргі ахуалы осындай.

Халықта кінә жоқ. Топан астында қалған, алты жүз жыл бойы Ресейдің табанында болған, соңғы үш жарым ғасыр бойы түнекке батып, тепкіде шіріген ат төбеліндей бауырларымызға қандай өкпе артуға болады. Мына біз, ордалы жұрт, неше миллион халық, алты жүз жыл емес, алпыс жылда азып-тозып, жарымжан халге жеткен жоқпыз ба. Енді бір отыз-қырық жылда неміз қалатын еді. Қол артар сүйеніші жоқ, жан-жағы қаптаған орыс, жұрты тұйық, саны шектеулі Хан-Кермен халқының жанының сірілігіне таң қаласыз. Қатары селдіресе де қайыспаған, иманын сатпаған, ата-тегін ұмытпаған, ана тілінен жерімеген. Ордасы бұзылса да орны бар. Ойлап тұрсаңыз, ескі жұрттың жұқанасын бүгінгі күнге жеткізген – азғана халықтың тас-беріш жүрегі, құрыш-болат ар-өжданы екен.

Бір кезде Ораз-Мұхамед хан ақ киізге көтерілген, жұма сайын ғибадат еткен, ұзақ қанды жорықтар алдында аруақтарға сыйынған, қазір ежелгі қазыналар қоймасы – өлкетану музейіне айналған ақ тасты көне мешіттің биік мұнарасына көтеріліп, бұдан төрт ғасыр бұрын да дәл осы үнсіз,

тілсіз, бейтарап кейпінде болған көк орман, жасыл дала, тұнжыр өзен – мұнарға батқан алыс көкжиекке қарап тұрып, өткен күн мен болашақ заман берік жалғасып жатқанына, игілікті істердің ешқашан өлмейтініне, азаттығы үшін күресе білген халықтың мәңгі жасайтынына біржола көз жеткіздім. Бірақ Қазанды қиратуға қатысқан, халқын сатқан Шах-Әли ханның бейіті де құламастан, сол қалпында тұр. Зұлымдық тозбайды деген де рас.

Мамыр, 1993.

ҚАЗАҚ ОРДАСЫНДАҒЫ ХАН САЙЛАУ ДӘСТҮРІ

Көне түрік заманынан басталып, Алтын Ордаға ұласқан, одан Қазақ Ордасына жалғасқан мың жарым жылдық ұлы тарихымызда әлем халықтарының қадым замандардан бергі ұлағатты істерінің қатарынан орын алуға лайық, өткенді тану ғана емес, бүгінгі барымызды бағалау үшін де аса мәнді қоғами және саяси үлгілер мол. Соның бірі – қазақ еліндегі далалық демократияның көріністері. Біз бұл жолы Қазақ Ордасындағы хан сайлау рәсімі және оның мән-мағынасы туралы айтпақпыз.

Жер жүзі халықтарының бұрынғы-соңғы тарихына қарасақ, ордалы жұрттардың барлығында дерлік ел билігі әкеден балаға көшетін дәстүр берік ұсталған. Мұндай ұрпақ жалғастығы тек билеуші әулет біржола алмасқан жағдайда ғана бұзылған. Әдетте шах, халифа немесе патша иә король дүние салғаннан соң оның үлкен ұлы таққа көтерілген. Әміршінің артында қалған ұлдың билік басына шығуына оның ақыл, қабілет дәрежесі, жасының кәмелетке толу-толмауы ешқандай бөгесін болмаған. Тарихтағы үлкен империялардың өзінің шежіресін байыптасақ, айбарлы патшадан соң оның есалаң баласы, білікті корольден соң оның бесіктегі баласы тақ иесі деп жарияланған мысалдар көп. Мұндай, әмір жүргізуге мүмкіндігі жоқ әміршілердің тұсында ханым-ана, немесе оған жақын ірі феодалдар билік құратын, орталық өкіметтің босаңсуы нәтижесінде жұрт тозған, халық күйзелген, шапқынға түскен, тіпті ел ішін өзара қырқыс жайлаған жағдайлар да ұшырасыпты.

Біздің Қазақ Ордасы деп аталған ежелгі мемлекетімізде билік алмасудың бұдан мүлде өзгеше бір түрі қалыптасты. Қазақ дәстүрінде әрбір жаңа хан өзінің тумысымен емес, болмысымен билікке жеткен, яғни, ханның ұлы емес, халықтың ұлы ретінде танылған ел ағаларының бірі көпшіліктің қалауы бойынша хан сайланған.

Қазақ Ордасының мемлекеттік құрылымындағы мұндай ерекшелікті өткен замандағы орыс дипломаттары мен оқымыстылары бірден байқапты. XVIII ғасырдың 30-40 жылдарында Ресей мен Қазақстан арасында елшілікте жүрген атақты Мәмет мырза Тевкелев: "Қырғыз-

қайсақта... мұрагерлік жолымен хан болмайды, сайлау арқылы ғана хан болады“, – деп атап көрсетеді.

Қазақтың ханы сайланады. Бұл жақсы ма, жаман ба?

Коммунистік отаршылдық заманында біздің бабаларымыздың бұрынғы ісінің бәрі жаман деп жарияланды. Қазақ-совет ғалымы, доктор, академик, профессор Серғали Толыбеков: “Кочевое общество казахов“ деп аталатын, қалыңдығы төрт елі үлкен кітабында қазақ халқында мемлекет те болған жоқ, тарих та, мәдениет те болған жоқ деп, сыпыра балағаттай келе, екпінін баса алмай, өзі құдайдай табынатын марксистік теорияның шегінен де шығып кетеді. Бұл қазақта феодализмнің өзі болған жоқ, жартылай ғана феодалдық бірдеңелер көрініс берді, соның айқын мысалы – қазақтар ханның өзін қолдан сайлады дейді. Яғни, советтік сайлаудың үлгісіне келмеген сайлаудың бәрі жаман. Бұл – қазақ-совет ғалымының пікірі.

Ал, сонау – XVIII ғасырда жасаған, Ресей патшалығының Қазақстанды біржола отарлау саясатын тікелей жүзеге асырушы, Орынбор губернаторы И.Неплюев 1748 жылы 26-тамызда Ресей Сыртқы істер коллегиясына жасаған ресми хабарламасында мүлде басқаша байыптайды: “Бұл қырғыз-қайсақта қалыптасқан салт бойынша ежелгі хан-сұлтан әулетінің өкілдері мұрагерлік жолымен емес, халықтың сайлауы бойынша ғана хандыққа жете алады. Ел ағалары және халық қай сұлтанды қаласа, сол хан болып сайланды, ал ханның өкімі мен беделі оның хандық дәрежесіне емес, халықтың қамын жеген ой-парасаты мен өнімді іс-әрекетіне байланысты“, – дейді губернатор, жандарал һәм сенатор И.Неплюев. Яғни, ханның мұрагерлік жолымен таққа отырмай, халықтың қалауымен сайлануы – басқасын былай қойғанда, әміршіге айрықша міндет жүктейді екен, ханның көктен түсе қалмай, көптің ортасынан көтерілуі оның бұра тартпауына себеп екен, ел-жұртының мүддесін жоғары ұстауына негіз екен. М.Тевкелев пен И.Неплюев келтірген деректерден осындай қорытынды шығады. Советтік империализмге дейін отаршылдың өзі ақиқаттан аттап келе алмапты.

Біртұтас Қазақ Ордасының тарихында Керей ханнан Абылай ханға дейінгі аралықта бізге аты мағлұм жиырма хан өтіпті. Солардың барлығы да ашық сайлау жолымен, халықтың қалауы бойынша хан көтерілді. Қазақ Ордасының ең соңғы ханы Кенесары да туған жұртының ежелгі озық дәстүрі негізінде билікке жеткен болатын.

Қазақтағы хан сайлау дәстүрінің түп тамыры біздің эрамыздың IV-V ғасырларына – көне Ғұн дәуіріне барып тіреледі. Ежелгі Түрік Ордасы заманынан, VI ғасырдан жеткен нақты деректерге қарағанда, қағанат тарихындағы төртінші әмір Мұған хан тақ билігі ағадан ініге, одан соң ағаның баласынан інінің баласына көшетін дәстүрді заң жүзінде негіздепті.

Билік алмасудың мұндай өзгеше үлгісі еркіндігі мол әскери феодалдық ортада айрықша ұтымды болып шығады, ағайынның татулығын, елдің бірлігін қамтамасыз етеді; өлген қағанның артында қалған балалардың немесе көлденең үміткерлердің өзара қырқысына жол

бермейді. Ең бастысы – ұлыс билігі барлық уақытта да кәмелеттен озған, біршама тәжірибе жинақтаған, беделді, жауынгер адамның қолында болады.

Әйткенмен, тақ билігінің ағаданініге белгілі бір тәртіп бойынша ғана алмасуының да кемістік жағдайы көрініс береді. Қағандық ауысқан кезде әлі кезегі жетпеген, бірақ заңды мұрагерден атақ-абыройы артығырақ інілер наразылық білдірмей тұрмайды. Наразылық арты ашық жаулыққа ұласқан жағдайлар да бар. Осының бәрі ұлы мемлекеттің әлсіреуіне, ақыры, бөлшектене келе мүлде ыдырауына себеп болды. Бұл турасында біздің асыл мұрамыз, VIII ғасырдан жеткен Күлтеген бітігінде ашық айтылған. Түрік жұртының өткендегі ұлы қағандарын мадақтай келе: "Одан соң інілері қаған болды, ұлдары да қаған болды, бірақ інілері ағасындай бола алмады, ұлдары әкесіндей бола алмады", – дейді ежелгі ескерткіш.

Ұлы Түрік қағандығының мұрагері, одан соңғы Батыс Түрік қағандығының тарихи жалғасы болып есептелетін Алтын Орда заманында бұл кілтипанның да емі табылады. Алтын Орда ұлысында да ежелгі түрік дәстүріне сай, тақ билігі ағадан ініге көшетін заң берік сақталады, алайда, билік міндетті түрде келесі ініге ауатын салт қабылданбайды, келесі іні – ол туған іні емес, немере, шөбере іні болуы да мүмкін, әйтеуір билеуші әулеттен шыққан үміткер тек сайлау жөнімен ғана таққа жетеді. Сөйтіп, осыған дейін жалпы жұртқа білігімен, ерлігімен танылған, тұрғылыстар арасында зор бедел алған, бүкіл әулет мойындаған адам хан көтерілуге тиіс болады. Әрине, жаңа хан сайлауда белгілі бір саяси күштер мен топтар, ірі шонжарлар, кейде үлкен билікке жеткен әскербасы бектер шешуші қызмет атқарған. Қайткенде де ел тұтқасын ұстап отырған игі жақсылардың басым көпшілігінің ырқынан тыс, кездейсоқ адамның таққа көтерілуі мүмкін емес еді.

Алтын Орда мемлекетінің дәуірлеу кезеңіндегі тақ алмасу ретіне қарасақ, әлемдегі ешбір халықтың тарихынан ұшыраспайтын, тек біздің жұртқа ғана тән өзгешелік анық байқалады. Ұлұғ ұлыстың негізін салған – Бату хан екені белгілі. Бату өлген соң оның ұлы Сартақ хан аталады. Бұл – ежелгі түрік дәстүріне қайшы келетін, әрі көпшіліктің қалауынан тыс шешілген іс болатын. Сартақ ел тізгінін алар-алмастан-ақ биліктен тайдырылады. Алтын Орданың астанасы Сарай қаласында Батудың туған інісі Берке хан көтерілді. Беркеден соң Батудың екінші баласы Тоқанның ұлы Мөңке-Темір хан болады. Мөңке-Темірден соң хандық оның туған інісі Тұда-Мөңкеге көшеді. Бұдан кейін осы екеуінің туған ағасы Тарбудың ұлы Төле-Бұқа хан болады. Одан соңғы ұлыс иесі – Мөңке-Темір ханның ұлы, яғни, Төле-Бұқаның немере інісі Тоқты. Келесі кезекте осы Тоқты ханның інісі Тоғрылшаның ұлы Өзбек хан көтерілген.

Яғни, Ұлұғ ұлыста бұдан жеті-сегіз ғасыр бұрынғы, Көне түрік дәуіріндегі, ел билігі ағадан ініге, одан ағаның баласынан інінің баласына көшетін өзгеше дәстүр қайта жаңғырғанын көреміз. Бірақ Түрік қағандығындағы реттік тәртіп енді аттамалы жолмен, дәлірек айтсақ,

іріктеу арқылы жүзеге асады, жасы кіші інінің келесісі емес, үлкен-кішісіне қарамай, ең беделді, айбарлысы хан көтеріледі.

Бұл озық салт Қазақ Ордасы заманында одан ары жалғасып, жетіле түседі. Алтын Орда тұсында қалыптасқан жүйе берік сақталумен қатар, болашақ хан ашық сайлау арқылы ғана таққа жететін, қазіргі ұғымдағыдай болмаса да, біршама демократиялық дәстүр біржола бекиді. Қазақ Ордасының әуелгі ханы – Керей, Керейден соң оның шөбере інісі Жәнібек, Жәнібектен соң Керейдің ұлы Бұрындық, Бұрындықтан соң Жәнібектің ұлы Әдік, Әдіктен соң оның інісі Қасым... Осылай жалғаса береді.

Қазақ Ордасының төрт ғасырға жуық ұзақ тарихында ұлыс билігі ағадан ініге көшетін ежелгі дәстүр екі-ақ рет бұзылыпты. Мұның соңғысы – 1781 жылы дүние салған Абылайдан кейін оның ұлы Уәлидің хан көтерілуі. Бұл сәйкессіздікті Ресей өкіметінің жол-жорасымен ғана емес, Уәлидің Абылай билеген үлкен ұлыстың бір бөлігінде – Орта жүзде ғана хан аталуымен ақтауға болар еді. Бірақ нақты тарихи құжаттарды таразылағанда, бұл жолы да қазақтың хан сайлау дәстүрі бұзылмағандығы көрінеді.

Ел ағалары әуелде Абылай ханның шөпшек інісі Әбілпейіз сұлтанды хандыққа шақырады. Әз-Тәуке ханның шөбересі, ойратпен, шүршітпен, қырғызбен қантөгіс соғыстар заманында зор даңққа жеткен, парасаты мол Әбілпейіз бүкіл қазақ елін қайта құрай алмасын біледі, Ресей бодандығына біржола ілінген Орта жүзде хан болуды қаламайды. Бұдан соң ел ағаларының таңдауы – ол да Салқам Жәңгір әулеті Сұлтанмәметке түседі. Жасы жетіп отырған Сұлтанмәмет хандыққа келіспейді. Көкжал Барақ сұлтанның ұлы Дайыр сұлтан да хандықтан бас тартады. Және осы үшеуі де Уәлидің хан көтерілуін қалайды. Сұлтанмәмет пен Дайыр Уәлиді хан сайлауға өздері қатысады, жері шалғай Әбілпейіз сайлауға балаларын жібереді.

Ресей патшасының Уфа мен Симбирдегі наместнигі И.Якоби өзінің Сыртқы істер коллегиясына 1781 жылы 31 желтоқсанда жолдаған құпия мағлұмдамасында хан сайлауы қазақ рәсімі бойынша, ежелгі жарғы негізінде жалпы жұрттың, оның ішінде Ордадағы барлық игі жақсының қалауымен жүзеге асқанын мәлімдей келіп, Уәлидің заңды әмірші екенін айғақтайды. Шынында да, Уәлиді хан көтеру кезінде қазақ жұртының ежелгі саяси рәсімі берік сақталғаны күмән туғызбайды.

Жұрт іргесі берік, ұлыс айбарлы заманда, біртұтас Қазақ Ордасы тарихында хан ұлының хан сайлауына жалғыз-ақ мысал бар. Еңсегей бойлы Ер Есім ханнан соң, 1644 жылы Қазақ Ордасының тізгіні Салқам Жәңгірге көшеді. Мұндай жағдай, бірер рет десек те, Алтын Орда тарихында да болыпты. Өзбек ханнан соң оның ұлы Жәнібек таққа мінген. Бажайлап қарасақ, бұл екі орайда да хандық дәреже мұрагерлік жолымен емес, таңдау, сайлау жөнімен жүзеге асқанын көреміз.

1640 жылдарда бүкіл Қазақ Ордасында Жәңгір сұлтаннан басы озық ешкім жоқ еді. Біріккен Ойрат-Халханы талқандаған ұлы қолбасы Салқам Жәңгір, әкесі хан болған себепті неге биліктен шеттетілуі керек. Ақылға

сыймайды. Дәстүр-салттың өзі іс орайынан туындамақ. Алтын Орданың Әз-Жәнібек ханының билікке жетуі де осы іспеттес. Жәнібек әкесі Өзбек ханның көзі тірісінде үлкен бедел алған, Алтын Орданың ішкі-сыртқы барлық істерінде айрықша қызмет атқара бастаған. Яғни, Ұлұғ ұлыстың Жәнібегі де, Қазақ ұлысының Жәңгірі де тумысымен емес, тұлғасымен мұрагерлікке жеткен, ағайын-жегжат үміткерлер арасынан озып шығып хан болған.

Бұл ретте хан ұлы бола тұра зомбылық, тақты тұтқиылдан басып алу ешқандай нәтиже бермесіне, мұндай зорлықшылдың өз басын өзі жоярына Жәнібектен соң төңкеріс жолымен хан болған Бердібектің тағдыры айқын мысал. Бергі қазақ тарихындағы Қатаған Тұрсын ханның қайғылы қазасы да ата салтын бұзудың арты бұлғаққа, қантөгіске ұласатынын айғақтайды.

Енді Қазақ Ордасында қалыптасқан хан сайлаудың жөн-жорасы туралы айтайық.

Әлбетте, хандықтан үміткер адам – біреу, екеу емес, әлденешеу болады. Қазіргі тілмен айтқанда, хандыққа кандидат ретінде тіркеудің, яғни санатқа енудің ең басты шарты – үміткердің Шыңғыс хан әулетінен болуы.

Ежелгі түріктің қият руынан шыққан Шыңғыс хан ұрпағы Қазақ Ордасында ақсүйек, яғни айрықша текті әулет деп саналған. Бұл әулеттің қазақы тілдегі атауы – төре. Қазақ Ордасының туын көтерген Керей хан мен Жәнібек ханнан тараған ұрпақ уақыт оза келе өсіп-өніп, көбейіп, тұтас бір руға айналған. Және қазақтың үш жүзіне ортақ саналған. Бұл – ел бірлігі үшін аса мәнді рәсім болды. Осының нәтижесінде хан сайлау – ру таласынан тысқары, барлық ұлыс үшін тең дағуадағы, ортақ игілікке айналды.

Жаңа ханды сайлау ашық түрде, жария жағдайда өткізілген. Әуелі бүкіл ұлысқа сауын айтылады. Жұртшылық белгілі бір жерге, көбіне-көп Түркстанға, Әзірет-Сұлтан дүрбесінің саясына жиналды.

Хан сайлау рәсімін көруге, белгілі бір мөлшерде сырттай болса да атсалысуға ұлыстағы кәрі-жастың бәрінің де хақысы бар. Әйелдер мен бала-шаға ең жақсы, сәнді киімдерін кисе, кемел жастағы еркек атаулы жарақтанып, қаруланып келуге міндетті болған. Бақыр басты әрбір кісінің кеңесші дауысы бар. Бұлар белгілі бір үміткерді қостап, мақұлдап, немесе әлдебіреуіне наразылық білдіріп, хан сайлаудың өзі қалаған бағытта өтуіне ықпал жасауға тырысқан. Яғни, Қазақ Ордасындағы халықтың, қарулы әскердің ой-пікірі жауапты кезеңде үлкен күшке айналған.

Әйткенмен, шешуші дауыс – ел ағаларына тиесілі. Бұлар: жұрт ұстаған сұлтандар, рубасы билер, әскербасы батырлар және ерлігімен иә білігімен топтан озған игі жақсылар.

Әлбетте, ел ағалары алдынала ақылдасып, кеңесе келе белгілі бір шешімге тоқтайды. Содан соң ғана жалпы жұрттың мақұлдауымен хан көтеру рәсімі өткізілмек.

Ел ағалары бітісе алмай, хан сайлау кеңесінің аяғы көпшілік талқысына түскен, дау-дамайға ұласқан жағдайлар да болған. Бұл –

біртұтас ұлыстың тозып, ыдырау кезеңіне, дағдарыс заманға тән құбылыс екен. Мәселен, Қайып хан өлгеннен соңғы, 1719 жылғы хан сайлауда, Болат ханнан кейінгі, 1729 жыл шамасындағы хан сайлауда ел ағалары әр қайсысы әр жаққа тартып, ешқандай мәмлеге келмейді.

Хан тағынан үміткер қашанда әлденешеу, ел ағаларының бәрінің қалауы бір жерден шыға бермейді. Бірақ бұрын, ұлыстың оң күнінде болашақ ханның жеке басының қасиеті бағаланатын, хан сайлау – белгілі бір сұлтанның билігін арттыру емес, бүкіл Орданың болашағын айқындайтын, мемлекеттік мәнді іс саналатын. Қайткенде де хан сайлау кеңесіндегі көпшілік шешімі қалған жұрт үшін жарғы есепті болған.

Аталмыш екі сайлаудың алғашқысында ел ағасы билер мен шонжарлар Әз-Тәуке ханның бел баласы, бірақ ақыл-парасатымен де, ерлік-әскербасылығымен де топтан озбаған, көзге түспеген боркемік Болатты хан көтереді. Қазақ Ордасының хандығына Әбілқайырды ұсынған, енді әлгіндей теріс таңдауға күйінген, Кеңес шешіміне тоқтамаған қаншама жұрт – Кіші жүздің жарым көпшілігі және Орта жүздің бір бөлігі үлкен Ордадан суынады. Осыған дейін-ақ ұлыстың бір тарабында жеке билік жүргізе бастаған Әбілқайыр енді өзін дербес хан деп жариялайды.

Бұл ретте қазақтың ежелгі хан сайлау дәстүрі ғана емес, одан соңғы жол-жора да аяқасты болғанын көреміз. Адалына жүгінсек, хандыққа Әбілқайыр өтуге тиіс еді. Алайда, Әз-Тәуке заманында орталық өкіметтің босаңсуы нәтижесінде зор билікке жеткен рубасы билер мен шонжарлар Ордаға қарымды, қуатты әміршінің келуін хош көрмейді, айтқанға көніп, айдауға жүретін Болатты таңдайды. Сонымен қатар, хан сайлауының шешімін мойындамау – Әбілқайыр мен оның жақтастарының да үлкен кінәсі деп білуге тиіспіз. Осы екі бірдей жорасыздық нәтижесінде, Қазақ елі мүлде дерлік иесіз, басшысыз қалды, арада үш-төрт жыл өтпей Ақтабан-шұбырындыға ұшырады.

Қазақ Ордасы қираған, халықтың тең жарымына жуығы қырғын тапқан, ата қоныстан ауған қиыншылық жылдары өткізілген келесі екі сайлауда да, әрине, Әбілқайырдың үлкен хандыққа өтуі неғайбыл еді. Шынында да солай болады. Мұның әуелгісінде Әз-Тәукенің кенже ұлы Сәмеке, соңғысында Әз-Тәукенің немересі, Болаттың ұлы Әбілмәмбет хан көтеріледі.

Енді Әбілқайыр ат басын мүлде теріске бұрады. Бұл реткі барлық кінә, ақыры, қиғаш жолда жүріп өзінің басын жойған Әбілқайырда. Бірақ трагедияның бастауы 1719 жылғы парықсыз сайлауда жатқанын атап көрсетуге тиіспіз. Рубасы билер мен шонжарлар Әбілқайыр сұлтан қазақ хандарының кіші бұтағынан шығады деген сылтау айтады. Соңғы жүз елу жыл орайында Қазақ Ордасында Әз-Жәнібек хан немересі Шығай ханның ұрпақтары билік құрғаны рас, бірақ хандық атаның үлкен-кішілігіне қарап берілсе, бұл әулеттің өз ішінде Болатқа кезек тимес еді, Шығайдың үлкен ұлының ұрпағы Көкжал Барақ сұлтан хан көтерілер еді. Ал Әбілқайыр атасыз әлдекім емес, ол да Қазақ Ордасының негізін салған Әз-Жәнібек ханның тікелей (жетінші) ұрпағы болатын. Бабасының бар қасиеті бірдей

дарымаса да, Ақтабан-шұбырынды қарсаңында хан тағына бірден-бір лайық адам сол еді.

Біздің заманға қазақтағы хан көтеру рәсімі турасында нақты суреттеме деректер жеткен.

Хан көтеру рәсімі жұма күні, ашық аспан астында өткізіледі. Жиналған жұрт кең майданда аттылы-жаяулы, алқақотан тұрады. Ортаға қымбат кілемдер, түрлі-түсті текемет, сырмақтар төселген, жібек көрпелер жайылған. Бұл – ең сыйлы жер, төр деп есептеледі. Төрде хан сайлауға тікелей қатынасқан ел ағалары мансап-дәрежесі, атақ- беделіне қарай, үш қатар, төрт қатар болып дөңгелене отырады. Қақ ортада, яғни төрдің төбесінде осы салтанатқа орай арнайы басылған, алтын әдіпті жұқа ақ киіз.

Жұрт орнығып, дабыра басылған соң бүкіл Ордаға танымал, атақ-абыройы зор ақсақалдардың бірі орнынан көтеріліп, жиналған жұртқа Ұлыстың ұлы Кеңесінің шешімін жариялайды, хандыққа кімнің сайланбағын айтады. Бұдан соң елге танымал екі адам екі жағынан қолтықтап әкеп, болашақ тақ иесін төрдің төбесіне – ақ киіздің үстіне шығарады. Әлі хан емес, үміткер жалпы жұртқа бой көрсеткен соң, ақ киіздің қақ ортасына, құбылаға бет беріп, қол қусырып, малдасын құрып отырады. Енді хан сайлаудың екінші, көпшілік қауымға арналған және ең шешуші бөлігі басталады.

Ел ағалары – шешен билер, әскербасы батырлар, өздері де тақтан үміткер болған кейбір сұлтандар кезекпе-кезек тұрып, жамиғатқа қарата сөз сөйлейді. Барлық сөз болашақ ханның абзал қасиеттеріне арналады. Оның нұрдан жаралған хан Шыңғыстан бастау алатын ата-тегінің асылдығы айтылады, оның берідегі аталарының ұлт мерейі жолында атқарған ұлы істері еске алынады; болашақ ханның өзінің жеке басының қасиетіне айрықша назар аударылады: ақыл-парасаты, әділдігі, мәрттігі мадақталады, қол бастаған көсемдігі, жұртқа мәлім ерлік істері атап көрсетіледі. Міне, осындай асылзада хан болса, алаш ұлының көсегесі көгереді, сондай да сондай жақсылықтар, игіліктер болады деп насихат айтылады.

Әдетте, әрбір шешеннің сөзін жұртшылық қостайды, мақұлдап айқайлайды, ризашылығын, қуанышын білдіреді. Ризашылығы болмаса, оны да ашық айтады. Мұндайда, болашақ ханның бетіне басар, ер ұялар іс болса, оның да сыртқа шығып қалуы ғажап емес. Тілеулестікпен қатар өкпе-наз, реніш білдіруі де мүмкін. Сыртта тұрған қандай дәрежедегі болмасын адамның өз пікірін айтуына шек жоқ. Өйткені хан сайлау – барша халыққа ортақ іс. Әлбетте, алдын ала ойластырған, көпшілік болып келіскен істен кінәрат шыға қоймайды. Жұртшылық оң тілегін айтады, мұндай ірі тұлғаның хан сайлануын мақұлдайтынын білдіреді.

Осыдан соң ұлыстағы дінбасы ғұлама кәләм-шарифтен дұға оқиды, шар тараптан жиналған жұртты пәтуаға келтіріп, хандыққа көтерілмек пендесіне аруақ пен құдай атынан, бүкіл ұлыс жұртының атынан бата жасайды. Бұдан кейін ұлыстағы айрықша беделді, алдын ала белгіленген төрт кісі ортада малдас құрып отырған үміткерді ақ киіздің төрт

бұрышынан алып, жеті қайтара жоғары көтереді де, қайтадан жерге түсіреді. Хан сайлану рәсімінің ең түйінді шешімі – осы. Билікке жетті, таққа мінді деген мағынада айтылатын ақ киізге көтерілді, хан көтерілді деген сөздердің түп төркіні осы рәсімде жатыр.

Әуелгі төрт адам ақ киізге көтерген сәттен бастап хан болып есептелетін әміршіні жаппай құттықтау басталады. Енді биік сайлауға тікелей қатысқан, басқа емес, дәл осы адамның таққа жетуіне үлес қосқан игі жақсылар кезектесе келіп, топ-тобымен келіп, ақ киізде отырған ханды қайта-қайта көкке көтереді. Ханның үстіне, хан сайлау салтанатына жиналған жәмиғат үстіне алтын-күміс теңгелерден шашу шашылады.

Осыдан соң сайлаушы ел ағалары ханның жейде-дамбалдан басқа сырт киімін түгел шешіндіреді, белдіктен жоғары киімдерді ханды алғаш көтерген төрт кісі алады, одан басқасын хан сайлау кеңесінің қалған мүшелері тәбәрік ретінде бір жапырақ, жарым жапырақтан пышақ үстінде бөлісіп алады.

Енді ханға арнап тігілген алтын қалпақ, қамқа тон, зерлі шалбар, оқалы етік келеді. Құрметті ақсақалдар өз қолымен киіндіріп, бойына бар жарағын асып, қолтықтап әкеп, алтын ер-тұрманды арғымақ атқа мінгізеді. Қазақ Ордасының ханы толық билік алды деген сөз.

Қазақ рәсімінде ханға маңдайын жерге тигізіп бас ұру болмаған. Үй ішінде болмаса, түзде тізе бүгу де жоқ. Ең үлкен құрмет – аттан түсу, түрегеп тұрып қол қусыру. Хан ерге қонғанда жаппай аттан түскен жұрт дауыстап қошамет танытады, ұлыстың оң болуына тілек айтады. Жолы үлкен, кезегі келген екі кісі хан мінген арғымақты сулығынан жетелеп, тағы қаншама жан ханның үзеңгісінен ұстап, ұлы мереке салтанатына арнап тігілген алтынды ордаға бастайды.

Қазақтағы отыз күн ойын, қырық күн той деген сөз осындай орайда айтылса керек. Уәлидің хан көтерілуі турасындағы орыс деректерінде хан тойы жеті күнге созылғаны нақты атап көрсетілген. Бұл, әрине, берідегі, жұрт тозған, халық қажыған кездегі жағдай. Хан тойында ет төбе болып үйіліп, қымыз өзен болып ағады. Неше күн бойы ақын-жыраулар жыр толғайды, домбырашы, қобызшылар күй толғайды. Аламан бәйге, балуан күрес, жамбы ату, қыз қуу, теңге алу, көкпар және басқа да ұлттық ойындар өткізіледі. Біреу келіп, біреу кетіп, ұлан асыр тойға байтақ ұлыстың шар тарабындағы ел-жұрттың бәрінің де өкілдері қатынасады. Ұлыстың мерейін көтеретін, жұртты ерлікке, кісілікке баулитын, жаңа ұрпаққа үлгі тастайтын салт-дәстүрлердің бәрі де хан тойынан көрініс табады.

Осы орайдағы, басқа жұртта жоқ тағы бір рәсім – хан атқа мініп, ордаға түскен кезде әр тайпадан, әр тараптан арнайы іріктелген қаншама адам ханның өрістегі малын, қозы-лақ, құлын-тайына дейін түк қалдырмай бөліске салады. Бұл рәсім “Хан сарқыты“ деп аталады. Ханға малдың керегі жоқ. Хан – ел иесі, жұрт тұлғасы, елде бар болса, ханда да бар, ханның халықтан бөтен тілегі болмауға тиіс деген сөз. Сонымен қатар, жақсы ырым. Сайлауға келе алмаған жұрт тойдан дәм татады, хан

малының тұқымы қалған елге құт әкеледі. Ырым, наным ғана емес, мақтан. Өзінің ұлттық мемлекетінің басында отырған, халық қалауымен көтерілген ханға деген биік құрмет белгісі (Арада апта өтпей, бұл мал он есе көбейіп, кері қайтады: бірақ бұл – ханның емес, қазынаның малы.)

Айта кетейік, “Хан сарқытына“ мүлде қарама-қарсы, “Хан талау“ деген салт та болған. Бұл – ел сенімін ақтамаған, дарынсыздығымен емес, қорқаулығымен жексұрын болған, ақылсыздығын ғана емес, арамдығын, аярлығын танытқан, түзелмейтін әміршінің мал-мүлкін тігерге тұяқ қалдырмай бөлісіп алу. Зорлық емес, барымта емес, жәмиғат шешімімен жүзеге асатын жаза; дәстүрге сыйымды, заңды іс саналған.

“Хан талау“ салты – таққа мінген хан ғана емес, ел билеген кез келген әкімнің адамшылықтан аттамауының кепілі болды. “Хан талау“ аяқ астынан, оқыстан жасалмаған, әуелі әміршінің, бек пен төренің оғаш қылықтары, мұның алаш жұртының жөн-жоралғысымен сыйыспайтыны турасында арнайы ескертулер жасалған; осыдан соң ғана ел ағалары болып, жалпы жұрт болып жаппай баталасып, қатал үкімді жүзеге асырған. Мәселен, XVIII ғасырдың аяқ кезінде, Жобалай Керейді билеп отырған ең соңғы төре осындай жазаға ұшырапты. Мейманасы тасыған, жұртта жүйрік ат қоймаған төре ең ақырында мұнымен де тоқтамай, игі жақсылардың намысына тиіп, қорлай бастаған кезде “Хан талауға“ түседі.

Атап айту керек, “Хан талау“ – жанға емес, малға ғана қатысты рәсім. Жан – сауға, бірақ талауға түскен төре бар биліктен айрылады, енді қайда барса да абырой таппайды; қарауындағы халқымен санаспаған әміршінің оңбайтынын әйгілеген тірі өлік кебінде жүре береді. Бұл аяусыз, бірақ әділетті жора ел ішіндегі екінші, үшінші мәртебелі әміршілерге қатысты болса керек. Бірақ халыққа жақпаса, ханның басына да қатер үйірілген. Бұл орайда ханды талақ ету рәсімі іске қосылған. Мәнісі – бүкіл ел-жұрт болып ханнан безу, оны ордасында отырған қалпында тастап кету. Мәселен, 1530 жыл шамасында бүкіл алаш қауымы ымырасыз қаталдығымен жұрттың титығына жеткен, парақсыз билігі, дарынсыз қолбасылығымен ұлысты ауыр халге түсірген Тайыр ханнан жеріп шығады. Төңірегіндегі халқы түгел көшіп кеткен Тайыр ай далада қалады, ақыры қазақтармен бір Орда құрамындағы қырғызға барып паналайды. Әйтсе де бұл – біздің тарихымыздағы шетін мысал.

Қазақ Ордасының хандары өздерін көкке көтерген, ауыр міндет арқалатып, сенім білдірген халқына қаяусыз қызмет етті. Қажыр-қайратын аямады, жаннан кешті, қанын төкті, туған елінің мерейінен бөтен мұраты болған жоқ. Мұның ең басты сыры – қазақ әміршілерінің іріктеу жолымен, сайлау негізінде хан көтерілуіне байланысты. “Қырық кісінің ақылы бар“ деп, халық таңдап сайлаған хан өз жұртының алдындағы жауапкершілігін сезінумен қатар, қылдан тайса, сол жұрт алдында есеп беретінін де кәміл түйсінген.

Көне түрік дәуірінен бастау алып, Алтын Орда заманында сыннан өткен, Қазақ Ордасында біржола қалыптасқан хан сайлау дәстүрі әскери-феодалдық демократияның айқын көрінісі ғана емес, мал шаруашылығына негізделген көшпенді тіршілік кебіндегі жұрт үшін ең

ұтымды жол екен. Алтын Орданың ұйықты орталығында, шалқар Еділдің бойында қалған Ноғай Ордасы бай еді, қуатты еді. Бірақ жауынгер ұлыста ел билігі ханнан өтіп, биге көшті, орталық әміршінің алмасуы қалыпты дәстүр, белгілі жүйеден шығып кетті. Нәтижесінде, уақыт озған сайын Ноғай Ордасы бытырап, тоза берді, ақыры біржола жойылды. Дүрбін-Ойраттағы тақ алмасу жүйесі де қалыпқа түсіп үлгермеді. Билік басындағы қоңтажы өлген сайын жаңа әміршінің орнығуы ашық бақастық, кейде қантөгіс арқылы жүзеге асып отырды. Бүкіл ұлыс қабылдаған мұрагерлік заңы болмаған себепті әскер күші басым үміткердің тақты тартып алуы әдепкі құбылысқа айналды. Ақыры, құдыретті Дүрбін-Ойрат тәуелсіздігінен ғана айрылған жоқ, ұлт ретінде де мүлде құрып бітті.

Орталық Азиядағы, Алтын Ордадан соңғы ең байтақ ұлыс Қазақ Ордасының өткен тарихын нақты байыптасақ, ежелгі ғұн-түрік заманынан бастау алатын асыл қазыналарымызды қастерлеп сақтау және одан әрі өрістеу арқасында біздің ұлы халқымыз өзінің берік мемлекеттік жүйесін қалыптастырды, бұлыңғыр заман, тайғақ кешулердің бәрінен аман-есен өтіп, бүгінгі күнге жетті.

20-22.II.1994.

ҚАЗАҚ ОРДАСЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ТАҢБАЛЫ ОҚИҒАЛАР Ж Ы Л Н А М А С Ы

1456. Қазақ Ордасы құрылды. Ел бастаған Керей хан мен Жәнібек хан Шу, Талас алқабына ірге тепті.

1456-1470 шамасы. Керей хан билік құрды. Орда орнықты.

1460. Керей мен Жәнібек Моғолстан ханы Есен-Бұғамен одақтаса отырып, қалмақ (ойрат) шабуылының бетін қайырды.

1465. Керей ханның туы астындағы жұрттың саны екі жүз мыңға жетті.

1470. Керей мен Жәнібек Сыр бойына қайтып оралды. Түркстан өңірінің біраз аймағы Қазақ Ордасының құрамына қосылды.

1471-1480 шамасы. Жәнібек хан билік құрды. Орда іргеленді. Сыр бойындағы кенттер үшін күрес басталды.

1480-1510. Бұрындық хан билік құрды. Орда нығайды. Сыр-Дария алқабы, Түркстан өңірі үшін қантөгіс майдан ашылды.

1486. Қазақтар Шәйбани ханды ауыр жеңіліске ұшыратып, Хорезмге тықсырды.

1491. Қазақтар екі үлкен ұрыста моғолдарды жеңді.

1510. Қасым сұлтан қысқы соғыста Шәйбани ханды біржола талқандап, ұлыс шегінен асыра қуды. Түркстан уәлаятына қарасты қалалардың көпшілігі Қазақ Ордасының құрамына енді.

1511-1520. Қасым хан билік құрды. Ежелгі Көк Орда жерінің басым бөлігі және Жетісу Қазақ Ордасының иелігіне айналды, халықтың саны бір жарым миллионнан асып, әскер саны үш жүз мыңға жетті.

1511 шамасы. Қасым хан Қазақ Ордасының “Қасқа жол“ аталатын ең алғашқы заң жүйесін қабылдады.

1512. Қасым хан Сайрам қамалын алды, Ташкентке жорық жасады.

1521-1522. Момыш хан билік құрды.

1523-1533. Тайыр хан билік құрды.

1525 шамасы. Екі жүз елу жылдық ойрат-қазақ соғысы басталды.

1533-1537. Тоғым хан билік құрды.

1537, 27-шілде. Сан-Таштағы төрт халықтың соғысында қазақ-қырғыз әскері түгелімен қырылды, Тоғым хан тоғыз ұлы және әскербасы отыз жеті сұлтанмен бірге шәйіт болды.

1537-1559. Бұйдаш хан билік құрды. Орда оңалды. Ойратпен арадағы соғыс созылмалы, қатаң сыпат алды.

1556. Бұйдаш хан Ноғай Ордасының шығыс бөлігін Қазақ Ордасына қосып алды.

1558. Қазақ Ордасы Бұқар хандығын тықсыра бастады.

1559. Бұйдаш хан шәйіт болды.

1560-1580. Хақ-Назар хан билік құрды. Қазақ Ордасы ежелгі қуатын қалпына келтірді.

1569. Хақ-Назар хан Ноғай Ордасын қиратып жеңді.

1570. Қазақ Ордасы ойраттардың бір бөлігін бодандыққа түсірді.

1579. Хақ-Назар хан Түркстан мен Сауранды, Оңтүстік өңірдегі тағы біраз қонысты қайтарып алды.

1580, 23-көкек. Хақ-Назар хан шәйіт болды.

1580-1582. Шығай хан билік құрды.

1582, маусым. Тәуекел сұлтан Түркстан түбінде Ташкент уәлаятының әміршісі Баба-сұлтанды талқандады.

1583-1598. Тәуекел хан билік құрды. Қазақ Ордасы өзінің әскери, саяси қуатының шарықтау шегіне жетті.

1586. Тәуекел ханның Мәуреннахрға қарсы алғашқы шапқыны.

1594-1595. Тәуекел хан Русияға елші аттандырды; жауап елшілік.

1598, ақпан. Тәуекел хан Ташкент түбінде Абдолла ханның негізгі күштерін талқандады.

1598, көктем, жаз. Тәуекел ханның Орта Азияға жеңісті жорығы.

1598, күз. Тәуекел хан шәйіт болды.

1598-1643. Еңсегей бойлы Ер Есім хан билік құрды. Қазақ тарихының қаһармандық кезеңі.

1598, күз. Бұқар-Қазақ бітімі нәтижесінде бүкіл Оңтүстік Қазақстан және Ташкент уәлаяты Қазақ Ордасының құрамына қайта қосылды.

1599 шамасы. Есім хан "Ескі жол" аталатын жаңа заң жүйесін орнықтырды. Қазақ Ордасының астанасын Түркстанға көшірді.

1603. Екінші қазақ-бұқар соғысы басталды. Айғыр-жар ұрысында қазақтар жеңіске жетті.

1604. Есім хан ойраттарды күйретіп жеңді.

1613. Есім хан Самарқан түбінде бұқар-ауған әскерін талқандады.

1619-1624. Есім хан Шығыс Түркстан үшін күрес жүргізді.

1620. Есім хан ойраттарды кезекті жеңіліске ұшыратты.

1624. Есім хан Ферғанадағы майданда жеңіске жетіп, Екінші қазақ-бұқар соғысын аяқтады.

1627. Есім хан бүкіл алаш жұрты түп көтерілген ұлы жорықта Ойрат Одағын қиратып, босқынға ұшыратты.

1627. Ташкент уәлаятының әміршісі опасыз Тұрсын хан Қазақ Ордасындағы азамат соғысына жол ашты, Түркстанды шапты.

1627. Сайрам түбінде Тұрсын хан бастаған екі сан қатаған қазақтар мен Есім хан бастаған үш сан алаш қазақтар арасында қантөгіс ұрыс болды, Есім хан басым түсті, Тұрсын хан әскерінен айрылып, Ташкентке келіп тығылды.

1627. Есім хан Ташкентті алды, Тұрсын ханның басын шапты, қатаған руы жазаға тартылып, қырылғаннан қалғаны басқа рулар ішіне таратылды. Есім хан жазылмас дертке ұшырады.

1635, жаз. Жәңгір сұлтан торғауыт Хо-Өрлік тайшының ұлысын шапты, Жемнен өткеріп, батысқа қарай тықсырды.

1643. Есім хан дүние салды.

1643-1652. Салқам Жәңгір хан билік құрды.

1643, желтоқсан. Қоңтажы Батұр ойрат, халха, торғауыт – бүкіл моңғол жұртынан құралған қалың әскермен Қазақ Ордасы құрамындағы қырғыз жеріне басып кірді.

1644, қаңтар – мамыр. Кең көлемді қазақ-моңғол соғысы.

1644, маусым, шілде. Салқам Жәңгір хан екі үлкен ұрыста біріккен ойрат-халха әскерін қиратып жеңді, соңғы шайқаста қазақ әскеріндегі жаңа шерік – мылтықпен қаруланған алты жүз мерген айрықша көзге түсті.

1644, күз. Салқам Жәңгір хан Ұлы Моғол империясы мен Бұқар хандығы арасындағы соғысқа араласты, Ауғанстандағы майданға жүз мың әскер жіберді; қазақ аламандары Балх қаласының түбіндегі елу күн бойғы қырғын шайқастан соң соғысты өзбек-бұқар хандығының пайдасына шешіп берді.

1652, қаңтар, ақпан. Хошауыттар қырғыз жеріне тұтқиыл шабуыл жасады. Салқам Жәңгір хан шәйіт болды.

1676-1680. Қазақтар Бұқар хандығындағы тақ таласына араласты.

1680-1715. Әз-Тәуке хан билік құрды.

1681-1684. Сайрам соғысы; Дүрбін-Ойрат Қазақ Ордасын ауыр жеңіліске ұшыратты.

1690 жыл шамасы. Әз-Тәуке хан Қасым ханның “Қасқа жол“, Есім ханның “Ескі жол“ заң үлгілерін жаңғыртып, “Жеті жарғы“ аталатын жаңа заң жүйесін енгізді. Төрелерді іркіп, ел басқару ісін билерге жүктеді.

1698. Дүрбін-Ойрат Шу, Талас бойына басып кіріп, Қазақ Ордасын шайқалтып кетті.

1710-1711. Ойраттардың жаңа жорығы.

1712. Қазақтардың ойрат шапқыншылығын тоқтату әрекеті.

1713. Абылай хан туды.

1714. Қазақ Ордасының Дүрбін-Ойраттан кезекті ауыр жеңілісі.

1715. Әз-Тәуке хан дүние салды.

1715-1718. Қайып хан билік құрды.

1717 жаз. Қайып хан мен Әбілқайыр сұлтан бастаған қазақ әскері Аягөз ұрысында ойраттардан қирап жеңілді.

1718. Ойраттар қазақ жасақтарын Арыс, Бөген, Шаян өзендерінің бойында бет қаратпай жеңіп, бүкіл Оңтүстікті шапқындап кетті.

1718-1729. Болат хан билік құрды.

1723-1725. Ойраттардан түбегейлі жеңіліс, Түркстан, Сауран, Ташкенттен, бүкіл Оңтүстіктен айрылу, Ақтабан-шұбырынды.

1728. Бұлантты ұрысы, ойраттар Сары-Арқадан кері қайрылды.

1730. Аңырақай ұрысы, ойрат шабуылы тойтарылды, қазақтар ес жинай бастады.

1730. Қазақ Ордасы дербес ұлыстарға бөлінді; ру, жүз ішінде билердің өкімі күшейді.

1731. Кіші жүздің бір бөлігі мен Орта жүздің біраз руларын билеп отырған Әбілқайыр хан Ресей өкіметімен бодандық негізіндегі әскери және саяси қамқорлық туралы келіссөзге жол ашты.

1733. Әбілмәмбет хан бастаған қазақ әскері ойраттарды ауыр жеңіліске ұшыратты; жиырма жасар Абылай сұлтан атаққа шықты.

1740, қыркүйек-желтоқсан. Ойраттардың Сары-Арқаға жорығы.

1741, қаңтар-наурыз. Ойраттардың кезекті жорығы қысқы соғысқа ұласып, одан ары жазға жетті.

1741, көктем, жаз. Абылай хан ойрат шабуылын тойтарды, өрісін ұзартып, Жоңғардың ішкі аймақтарына жортуылдар ұйымдастырды.

1752, қазан. Екі жүз жылдық ойрат-қазақ соғысындағы бетбұрыс кезең; Абылай хан Аягөз-Нарын ұрысында ойраттардың негізгі күшін талқандады.

1753. Қабанбай, Жанатай, Мүйізді Өтеген, Ер Жәнібек, Бөгембай батырлар бастаған қазақ қосындарының Жоңғарға қарсы түйдек-түйдек жеңісті жорықтары.

1754, күз. Абылай хан Дүрбін-Ойратты біржола талқандап, Екі жүз жылдық соғыста түпкілікті жеңіске жетті.

1755, көктем. Абылай ханның Жоңғарды жуасыту жорығы.

1756-1757. Шүршіт-қазақ соғысы.

1756. Абылай хан Қалмақ-Толағай, Аягөз ұрыстарында Шүршіт-Цин әскерлеріне ауыр соққылар беріп, жазғы майданда тактикалық және стратегиялық үлкен жеңіске жетті.

1757. Цин патшалығының Қазақ Ордасына қарсы жаңа жорығы; ауыр шығынға ұшыраған Абылай хан әскерінің негізгі күштерін сақтай отырып, кері шегінді.

1757, 15-мамыр. Абылай ханның сенімді өкілі Әбілпейіз сұлтан мен Мәнжу-Цин қолбасысы Фу Дэ арасындағы уақытша бітім туралы Айдын-Су мәмлесі.

1757, 7-маусым. Цин патшалығы өкілдері мен Абылай хан арасындағы Аягөз бітімі.

1757, қыркүйек, қазан. Абылай хан Бежінге елшілік аттандырды. Тәуелсіз сыйластық туралы келісім.

1760 ж.-дан соң. Қазақтар бейбіт жолмен ата жұрт Шығыс Түркстанға қайтадан қоныстана бастады.

1765, қазан-қараша. Абылай ханның қырғызға қарсы жеңісті жорығы.

1766-1768. Абылай хан Қоқан хандығына қарсы соғыс ашты. Ташкентті бағындырды.

1770. Абылай хан Қырғыз ұлысын талқандап, қазақ-қырғыз шекарасын біржола айқындады.

1771. Абылай хан "Шаңды жорық" соғысында торғауыт қалмақтарды біржола тоздырды.

1771. Абылай хан Түркстанда бүкіл Қазақ Ордасының ханы ретінде ақ киізге көтерілді.

1781, мамырдың басы. Абылай хан дүниеден көшті.

1781 ж.-дан соң. Батыс және Орталық Қазақстанда Ресей ықпалы күшейе түсті, біртұтас Қазақ Ордасы жеке ұлыстарға бөлшектенді. Ресей патшалығы Орталық және Батыс Қазақстанды біржола отарлау ісін жүзеге асыра бастады.

1801. Бөкей хан Ресей патшалығымен бейбіт келіссөздер жүргізу арқылы Еділ мен Жайық арасындағы ата жұртты қайтарып алды, бұл өңірде Бөкей Ордасы құрылды.

1801-1822. Оңтүстік Қазақстан Қоқан хандығының теліміне түсті.

1822. Ресей патшасының жарлығымен Орта жүзде хандық билік жойылды деп жарияланды.

1835. Абылай ханның шөбересі, болашақ ұлы ғалым Шоқан туды (1865 ж. өл.).

1838-1847. Абылай ханның немересі Кенесары ханның Қазақ Ордасын сақтап қалу жолындағы күресі.

1841. Кенесары үш алаштың ханы ретінде ақ киізге көтерілді.

1845. Қазақ халқының ұлы ақыны Абай туды (1904 ж. өл.).

1847. Кенесары хан шәйіт болды. Қазақ Ордасы құлады. Қазақ тарихындағы жүз қырық төрт жылға созылған отарлық заман басталды.